

# ІНЖІЛ НЕГІЗДЕРІ



# ІНЖІЛ НЕГІЗДЕРІ

Баспасы  
Иса Мәсіхтің Соңғы Замандағы Әулиелер Шіркеуі  
Солт Лейк Сити, Юта

© 1992, 1999, 2001, 2006 by Intellectual Reserve, Inc.

Барлық құқықтары қорғалған

Америка Құрама Штатында басылып шығарылды

Ағылшын мәтіні бекітілген: 2/06

Аудармасы бекітілген: 2/06

Ағылшын тіліндегі түпнұсқа: *Gospel Fundamentals*

Kazakh

31129 145

# МАЗМҰНЫ

---

Алғы сөз .....vii

## **Құдайдың қасындағы көктегі өміріміз** *Бірінші бөлім*

1 тарау Құдай бар..... 2

2 тарау Біздің көктегі өмір<sup>†</sup> ..... 5

3 тарау Біздің Құтқарушымыз<sup>†</sup> ..... 9

4 тарау Таңдау өз еркімізде ..... 14

## **Құдайдан ажырау** *Екінші бөлім*

5 тарау

Жерді Иса жаратты ..... 21

6 тарау

Адам мен Хауа..... 24

## **Құдаймен байланыс орнату** *Үшінші бөлім*

7 тарау Киелі Рух ..... 30

8 тарау Көктегі Әкемізбен байланыс орнату ..... 33

9 тарау Пайғамбарлар ..... 38

10 тарау Киелі жазбалар<sup>†</sup> ..... 43

## **Иса Мәсіх біздің Құтқарушымыз** *Төртінші бөлім*

11 тарау Иса Мәсіхтің өмірі<sup>†</sup> ..... 51

12 тарау Иса Мәсіхтің өтелуі ..... 57

## **Иса Мәсіхтің інжілі** *Бесінші бөлім*

13 тарау Иса Мәсіхке сену<sup>†</sup> ..... 65

14 тарау Тәубеге келу ..... 70

15 тарау Су рәсімін өту ..... 75

16 тарау Киелі Рухтың тартуы<sup>†</sup> ..... 80

## **Иса Мәсіхтің Шіркеуі** *Алтыншы бөлім*

17 тарау Иса Мәсіхтің ізбасарлары ..... 93

18 тарау Исаның шіркеуі құрылды ..... 101

19 тарау Иса Мәсіхтің шіркеуі бүгін<sup>†</sup> ..... 106

20 тарау Әулиеліктің құрылуы<sup>†</sup> ..... 113

21 тарау Арнау рәсімдері<sup>†</sup> ..... 123

† Бұл тарауларды талқылау үшін, мұғалімдер бір сағаттан артық уақыт еркін өткізе алады.

---

<b>Иса Мәсіхтің жолымен жүру</b>	<i>Жетінші бөлім</i>	
22 тарау	Мойынсұну	133
23 тарау	Құрбандық	139
24 тарау	Құдайға сыйынатын күн	146
25 тарау	Пәктік заңы	151
26 тарау	Адалдық	156
27 тарау	Даналық сөз	159
28 тарау	Ондық пен қайырымдылық	163
<b>Отбасын құтқару</b>	<i>Сегізінші бөлім</i>	
29 тарау	Отбасының маңыздылығы	171
30 тарау	Біздің міндет, отбасы мүшелеріне көмектесу <sup>†</sup>	175
31 тарау	Біздің міндет, інжілді тарату	183
32 тарау	Отбасы мәңгі бірге өмір сүреді <sup>†</sup>	188
<b>Иса Мәсіхтің Екінші Келуі</b>	<i>Тоғызыншы бөлім</i>	
33 тарау	Иса Мәсіхтің екінші келуі	197
34 тарау	Мың жылдық	202
<b>Өлімнен кейінгі өмір</b>	<i>Оныншы тарау</i>	
35 тарау	Өлімнен кейінгі өмір	207
36 тарау	Мәңгілік өмір <sup>‡</sup>	213
<b>Дін Рәміздері<sup>‡</sup></b>		218
<b>Сөздік</b>		220
<b>Суреттердің тізімі</b>		227
<b>Көрнекі құралдар</b>		229

† Бұл тарауларды талқылау үшін, мұғалімдер бір сағаттан артық уақыт еркін өткізе алады.

‡ Мұғалімдер Дін Рәміздерін сабақтарда қолдана алады.

# АЛҒЫ СӨЗ

---

Бұл кітап сізді оқытады және Иса Мәсіхтің інжілдерінің негізгі ұстанымдарын үйретуге көмектеседі. Бұл ұстанымдар сізге өмірдің мағынасын түсінуге және шынайы бақытты болуға көмектеседі. Бұл кітапта келтірілген ұстанымдар шынайы. Сіз осы ұстанымдарды оқып, ол туралы мінажат етіп ойлансаңыз, Киелі Рух сізге куәгерлік етеді, сонда олардың шынайы екенін сіз білетін боласыз.

Бұл кітапты сіз әр түрлі мақсатта пайдалана аласыз. Сіз оны оқыту үшін және өзіңіз оқу үшін пайдалана аласыз. Оны сіз сөз сөйлеуге дайындалған кезде немесе інжілді басқаларға түсіндірген кезде пайдалануыңызға болады.

Бұл кітапты сіз отбасыңызға оқып және отбасы үй кешінде пайдалануыңызға болады. Әр сабақтың өз сұрақтары бар, ал сіз ата-ана немесе мұғалім ретінде олардың түсінгенін білуіңіз үшін, жас балаларға сұрақ қоя аласыз.

Осы кітаптағы сабақтарды оқытқан кезде, сіз бір тараудың бір сабағын ғана пайдалана аласыз. Басқа тақырыпқа көшер алдында, оқушылар ұстанымды жақсы түсінгенін тексеріп, сенімді болыңыз. Егер аударылған жазбалар болса, жазбалардың сілтемесін тауып, оны оқушылармен бірге талқылаңыз.

Есіңізде сақтаңыз, мұғалім ретінде оқушыларды оқыту үшін, сізге бір жылда шамамен 46 – 50 сағат керек болады. Сабақтарды жылдың соңына дейін жоспарлаңыз. Ол бір аптаның сабағына қарағанда, 10 немесе одан да, көбірек сабақ өткізу дегенді білдіреді. Қаласаңыз оны 2, 3, 10, 11, 13, 16, 19, 20, 21, 30, 32, және 36 арнайы тарауларымен істеуіңізге болады. Оқушылар үшін дұрысын таңдап, бір шешімге келіңіз.

Жылдың аяқталуына аз қалған уақытта осы кітапта кездесетін Дін Рәміздері тақырыбына арнап, бір немесе екі сабақты өткізуге болады. Дін Рәміздерін де сабақта қарастырып, пайдалануыңызға болады.

Ата-аналар мен мұғалімдер сабақтарға дайындалып, оны оқытар алдында жетекшілік алу үшін, мінажат етіңіздер. Киелі Рух сіздің оқытуыңыз бен ұғымыңызды бағыттап, қолдайтын болады. Сабақта тарауды

оқи алатын әр оқушы талқылауда қатысып, басқалармен өз ойын айтып, бөлісуге дайын болуы керек.

Кітаптағы суреттер оқытуда кейбір ұстанымдар мен ілімдерді түсіруге көмектеседі.


Осы кітаптағы әнұранды сіз үйіңізде, шіркеу жиналысында немесе басқа да, ыңғайы келген жерде орындай аласыз. Құдайдың айтқаны, әнұрандардың орындалуы, ол мынажаттың бір жолы және сол мінажатымыздың жауабына Ол батасын береді.

Белгіленген сөзді көрген кезде \*, оның мағынасын сіз кітаптың соңындағы «Сөздік» бөлімінен таба аласыз. Басқа сөзбен айтқанда, олардың мағынасын түсіну үшін, сізге көмек ретінде берілген.

Осы кітаптың ақиқатын оқып, мінажат етсеңіз Құдай сізге батасын береді.

# ҚҰДАЙДЫҢ ҚАСЫНДАҒЫ КӨКТЕГІ ӨМІРІМІЗ

*Бірінші бөлім*





# ҚҰДАЙ БАР

1 тарау

---

*Құдай бар ма деп, адамдар кейде өздеріне сұрақ қояды. Егер Құдай бар болса, Ол нені ұнатады? Ол туралы мен қалай білсем болады?*

## **Көптеген заттар бізге Құдайдың барын білдіреді**

Осы жердің көптеген ғажайып заттарын көрген кезде, біреу оны даналықпен және жақсы жоспар құрып, жасағанын түсінеміз. Түнде ажарымызды қаптаған жұлдыздарға аударсақ, ғаламшар әрдайым қозғалыста екенін байқаймыз және соның барлығын қадағалайтын біреу, керемет күшке ие екенін білеміз. Осы заттың барлығын жасаған тек қана Құдайдың өзі.

Құдайды көріп, Онымен сөйлескен бірталай ізгі адамдар бар. Олар бізге Құдайдың қандай екенін және Оның бізден нені қалайтынын айттып, жеткізді. Бізге олар, Ол біздің Көктегі Әкеміз деді. Біз Ол туралы білсін деп, киелі кітаптарды жазып қалдырды.

Әрқайсысымыз Құдай бар екенін және Ол біздің Көктегі Әкеміз екенін білеміз. Ол шынайы болып келетінін және Оны танып білуіміз үшін, Ол бізге көмектеседі.

## **Талқылау**

- Айналамыздағы заттардың қайсысы Құдайдың бар екенін көрсетеді?

## **Біздің Көктегі Әкеміз мінсіз қасиетті**

Көктегі Әкемізді көрген мейірімді адамдар Оның шынайы екенін айтқан. Ол тірі. Ол адамға ұқсайды.

Көктегі Әкеміз пұт немесе хайуан емес. Оның денесі тән мен сүйектен жаратылған. Оның денесі адамға ұқсас, бірақ ол өзгеше.

Оның денесі ешқашан өлмейді. Оның денесі ауруды сезбейді және ауырмайды.

Оның сезімдері бар. Ол бақыт пен қайғыны да, сезіне алады. Ол адамдарды жақсы көреді және олардың бақытты болғанын қалайды. Ол ақ ниетті және әділетті. Ол тек қана ізгі істер жасайды және Ол шындықты ғана айтады. Ол барлығын біледі. Ол барлығын істей алады. Оның барлық айналасы жарқын. Оның жарқындығы мен әдемілігі біздің қандай да бір көргенімізден де, керемет.

Көктегі Әкеміз біз табынатын жалғыз жан. Ол көк деп, аталатын жерде өмір сүреді. Ол жерден де, әдемі.

### *Талқылау*

- Құдай қандай жан?
- Құдайдың бізден қандай айырмашылығы бар?

### **Көктегі Әкеміз бізге Өз сүйіспеншілігін көптеген жолдар арқылы көрсетеді**

Көктегі Әкеміз өз күшін пайдаланып, бізге көмектеседі. Ол өзінің Баласы Иса арқылы аспан мен жерді жаратты. Ол Иса арқылы күн мен ай және жұлдыздарды жаратты. Ол Исаға нұсқау беріп, жерді өсімдіктер мен жануарлармен толықтырды. Көктегі Әкеміз осының барлығын біз үшін жасады, өйткені Ол бізді жақсы көреді. Бақытты да, мейірімді болуымыз үшін, Ол бізге көмектескісі келеді.

Көктегі Әкеміз бізге көмектесу үшін, Өз білімін пайдаланады. Өткен оқиғаның барлығын Ол біледі. Қазір болып жатқанның барлығын да, Ол біледі. Және болашақта не болатынын да, Ол біледі. Ол әр адамның да, ойын біледі. Өйткені, Ол барлық нәрсені біледі және Ол бізді бақытты қылу үшін, бізге не керектігін біледі. Біздің шынайы бақытты өмір сүруіміз үшін, біз мейірімді болуымыз керек екенін Ол біледі. Біздің мейірімді болуымыз үшін, Ол көмектескісі келеді, өйткені Ол бізді жақсы көреді.

### *Талқылау*

- Көктегі Әкеміз бізге деген сүйіспеншілігін қалай көрсетеді?

### **Көктегі Әкеміз бізден Оны танып білгенімізді күтеді**

Өйткені Көктегі Әкеміз бізді жақсы көреді, Ол бізге өмір мен өмір сүрегін керемет жер сыйлады. Біз істеуге міндетті істерді Ол білгенімізді қалайды. Ол бізге Оны танып, біле алатынымызды уәде етті.

Осы нәрселер біздің Көктегі Әкемізді танып, білуге көмектеседі:

1. Біз Оның жаратқан әлеміне қарап, риза болуымыз керек.
2. Көктегі Әкеміз шынайы және Ол бізді жақсы көретініне біз сенеміз.

3. Мейірімді кісінің Көктегі Әкеміз туралы жазғанын оқи аламыз.
4. Ол бізді оқытып, үйреткісі келген секілді оқытуымыз керек.
5. Біз Көктегі Әкемізге мінажат ете аламыз және Оны танып білу үшін, Оның көмегін сұрай аламыз.

Көктегі Әкемізді танып білсек, біздің өмірде тиетін көмегі зор. Ол туралы білім, бізге бақыт пен қауіпсіздікті сезінуге көмектеседі. Ол мейірімді және кесірін тигізетін нәрсені бізге істемейді. Ол бізден нені күтетінін білеміз. Одан көмекті қалай сұрау керектігін біз білеміз. Біз бақытты және мейірімді адам бола аламыз.

### *Талқылау*

- Біздің Көктегі Әкемізді танып, түсіну үшін біз не істей аламыз?
- Көктегі Әкеміз бізге көмектесу керектігін қалай біледі?

### *Сілтемелер*

*Көптеген заттар бізге Құдайдың барын білдіреді*

- Істер 7:55–56 (Киелі адам Құдайды көрген.)

*Біздің Көктегі Әкеміз мінсіз қасиетті*

- Матай 5:48 (Иса бізді, Көктегі Әкеміз мінсіз қасиетті деп, оқытқан.)

*Көктегі Әкеміз бізге Өз сүйіспеншілігін көптеген жолдар арқылы көрсетеді*

- Жаратылыс 1:1–25 (Құдай аспан мен жерді және сондағы барлық нәрсені жаратты.)
- Лұқа 12:6–7 (Құдай өзі жаратқанның барлығына қамқорлық көрсетті.)

*Көктегі Әкеміз бізден Оны танып білгенімізді күтеді*

- Екінші заң 4:29 (Оны білгісі келгенді Құдай біледі.)
- Жохан 17:3 (Құдайды біз танып, білеміз.)
- 1 Жохан 2:3 (Егер біз Құдайға бойсұнатын болсақ, біз Оны танып білеміз.)
- Мосия 4:9 (Құдайға сенуіміз керек.)

# БІЗДІҢ КӨКТЕГІ ӨМІР

2 т а р а у

---

*Жер бетіндегі дүниеге келер алдында, біз қай жерде өмір сүрдік? Біз онда не істедік?*

## **Әр адам Көктегі Әкеміздің баласы**

Жер бетіне келер алдында, біз көкте өмір сүрдік. Біздің Көктегі үйіміз жер бетіндегі біз білетін барлық заттардан да, өте тамаша да, ғажайып болатын. Онда біз бір отбасы болып өмір сүрдік. Біз бір-бірімізге сүйіспеншілікпен қарап, бақытты өмір кештік. Көктегі Әкеміз рухани әкеміз болғандықтан, біз Оны жиі Көктегі Әкеміз деп, атаймыз. Өйткені, Ол біздің Әкеміз және Ол бізге қамқор болып, жақсы көреді.


Осы жер бетінде өмір сүретін әр адам көкте біздің ағамыз, не әпкеміз болып келеді. Көктегі отбасымыздың ең үлкен рухани баласы Иса Мәсіх.\* Ол біздің ең үлкен рухани бауырымыз.

Біз көкте өмір сүргенімізде, денеміздің тәні мен сүйегі болған жоқ. Біз рухтар болғанбыз. Рухтың, тұлғаға ұқсас бейнесі бар. Рухани түрде біз бір-бірімізбен сөйлесе біліп, іс істеп, таңдау жасап, жақсы мен жамандықты ажырата білдік.

Көктегі өмірде бір-бірімізге деген ұқсастығымыз болған емес. Қазіргі бейнеміз секілді біз әр түрлі болғанбыз. Біздің әр түрлі қабілеттігіміз бен қалауымыз болған. Сол қабілеттігімізді біз әр түрлі жолда пайдалануды үйрендік.

## **Талқылау**

- Көктегі өміріміз қандай болды?
- Біздің Әкеміз кім?
- Біздің ең үлкен рухани бауырымыз кім?



*Жердің қандай да, бір орнына қарап салыстырғанда, Көктегі  
Әкеміз бізге көктегі ғажайыт, жарқын үйді берді.*

### **Көктегі Әкеміз Оған ұқсас бола алатынымызды білген**

Көктегі Әкеміз біздің рухани Әкеміз болғандықтан, Ол бізді жақсы білетін. Ол бізді жақсы көреді. Біз Оның оқыту қабілетін қабыл алғанымызды Ол білді сондықтан Оның білгенін біз танып, Оған деген ұқсастығымыз жақындай түседі. Ол әрдайым біздің Оған ұқсас болғанымызды күтеді. Біз Оған ұқсас болуымыз үшін, мүмкіндігімізді Ол жетілдіргісі келеді.

#### ***Талқылау***

- Көктегі Әкеміз бізді ойына ала ма және Ол бізден нені күтеді?
- Көктегі Әкеміз бар екенін білген сезім, сіз үшін қандай?

### **Көктегі Әкеміз бізге көмектесу үшін, жоспар құрды**

Көктегі өмірімізде біз көп нәрсені біліп, шамамыз келгенше өзімізді жетілдірдік, бірақ кейбір заттарды біз ол жерде істеп, үйрене алмадық. Көктегі Әкеміз біліктілігімізді кеңейту үшін, жоспар құрды.

Ол бізді көктегі жиналысқа шақырды. Біз барлығымыз сонда қатыстық. Ол өзінің жоспарын бізге оқып, үйренуге көмектеседі деп, түсіндірді және біз Оның жоспары бойынша өмір сүретін болсақ, біз Оған ұқсас бола аламыз деді.

Көктегі Әкеміз біз уақытша өмір сүретін жерді жаратамын, деді. Жер бетінде Оның қасында өткізген көктегі өміріміз есімізде сақталмайды. Біз не жақсыны, не жамандықты таңдайтын боламыз. Біз Көктегі Әкеміздің қасында болмаған кезімізде, біз қалай бойсұнып өмір сүретінімізді көру үшін, болатын сынақ.

Көктегі Әкеміздің жоспары бойынша, біз тән мен сүйектен тұратын денеге ие боламыз. Ол білетін және Ол істейтін заттарды біліп істеу үшін, бізге дене бітімі керек болды. Кейін біз дүниеден кеткен соң, біздің рухымыз тән мен сүйегімізді қалдырып, ажырап кетеді. Бірақ біздің рухымыз денемізбен қайтадан қосылатын болады және біз ешқашан қайта өлмейміз. Көктегі Әкеміздің айтқанын орындаған адамдар Оның ұдайы қасында өмір сүру үшін оралады.

Әркім жер бетінде түрлі дерт, ауру, қайғы мен өлім секілді қиындықтармен кездесетінін білді. Бірақ, біз сол қиындықтар арқылы үйренетінімізді түсіндік. Сол қиындықтар бізді бір-бірімізге сүйіспеншілікпен қарап, бір-бірімізге сүйеніш болуға үйретеді.

Жер бетінде дүниеге келуіміз үшін, Көктегі Әкеміз әрқайсысымызға уақыт пен орынды белгілеп, дайындады. Ол әрқайсысымыз білуге

тиіс заттарды үйренуіміз үшін, жердің қай жағына жіберу керектігін білген болатын. Біз барлық әр түрлі көптеген нәрселерді істеуге мүмкіндік алдық. Көктегі Әкеміз біздің мейірімді болуымызды және Оған қайтып оралғанымызды күтеді. Бірақ, Ол бізді қандай да, бір нәрсені істеуге ешқашан мәжбүр етпейді.

Кейбіреуіміз Оған мойынсұнуды таңдадық. Егер де, біз Оған мойынсұнуды таңдасақ, біздің Оған деген ұқсастығымыз жақындай отырып, Оның қасында ұдайы өмір сүруге ораламыз. Кейбіреуіміз Оған мойынсұнбауды таңдар едік. Егер біз Оған мойынсұнбасақ, біздің Оған деген ұқсастығымыз алыстай түседі, сонда біз Оның қасында өмір сүру үшін, қайтып орала алмаймыз.

Көктегі Әкеміздің біз үшін арнаған жоспарын естіген кезде, біз өте бақытты болдық. Біз үйренудің және жетілудің мүмкіндігін алғымыз келді. Жер бетінде өмір сүретін әр адам, Соның жоспарымен өмір сүруге өз келісімін берген болатын.

### ***Талқылау***

- Көктегі Әкеміздің бізге арнаған жоспары қандай?
- Неге біз көктегі үйімізден кетуіміз керек?
- Көктегі Әкеміз біз жер бетінде нені орындағанымызды күтеді?

### ***Сілтемелер***

*Әрқайсысымыз Көктегі Әкеміздің баласымыз*

- Лұқа 24:39 (Рухтың тәні мен сүйегі жоқ.)
- Еврейлерге 12:9 (Құдай біздің рухани Әкеміз.)

*Көктегі Әкеміз Оған ұқсас бола алатынымызды білген*

- Матай 5:48 (Иса бізге Көктегі Әкеміз секілді болындар деді.)
- 3 Нефий 12:48 (Иса бізге: мына Мен, Құдай және Әкеміз секілді кіршіксіз болындар деді.)
- 3 Нефий 27:27 (Біз Иса Мәсіхтің үлгісін алып, Оған ұқсас болуымыз керек.)

*Көктегі Әкеміз бізге көмектесу үшін, жоспар құрды*

- Жохан 14:2–3 (Иса бізге: Көктегі Әкемізге қайта оралуға мүмкіндігіміз бар деді.)
- Істер 17:26 (Көктегі Әкеміз Өзінің жоспары бойынша орын мен уақытты белгілеп, бізді жер бетіне жіберді.)
- 1 Нефий 17:36 (Көктегі Әкеміз жерді Өз балаларына арнап жаратты.)
- 2 Нефий 9:13; Алма 42 (Құдайдың бізге арнаған жоспары бар.)

# БІЗДІҢ ҚҰТҚАРУШЫМЫЗ

3 т а р а у

---

*Бізге жетекшілік ететін кім және Көктегі Әкемізге қайтуға көмектесетін тұлға кім? Біз неге Оның соңынан жүруіміз керек?*

## **Бізге жетекші керек**

Жер бетіндегі өмірге келген кезде, біз Көктегі Әкемізбен бірге өмір сүрген кезімізді ұмытамыз. Оны Көктегі Әкеміз білген болатын. Қайтадан Оған оралу үшін, не істеу керектігін біз білмейміз. Біз күнәға бататынымызды да, Ол білді. Өйткені, біз күнәміз үшін жазаланып, Одан мәңгіге алыстаймыз. Және біз дүниеден кеткен соң, біздің денеміз бұдан былай тән мен сүйектен болмас еді.

Осы қиындықтарды шешетін бізге біреу керек болды. Ол адам бізге не істеу керектігін үйретіп, Көктегі Әкемізге қайта оралуға көмектеседі. Ол біз істеген әділетсіздіктерді түзеуге көмектеседі. Тағы Ол, біз дүниеден кеткен соң, тән мен сүйектен тұратын өз денемізбен қайтадан қосылуға жол ашты. Ол тұлға біздің Құтқарушымыз болып аталады. Біздің істеген әділетсіздіктеріміз үшін, тартылатын жазадан тек қана Ол құтқара алады. Тек қана Ол бізді Көктегі Әкемізге бойсұнуды үйретеді. Тек Сол арқылы ғана біз өлімнен соң, өз денемізбен қайта қосыламыз.


## **Талқылау**

- Көктегі Әкеміз жер бетінде қандай қиындықтарды кездестіретінімізді білді?
- Құтқарушының көмегі неге бізге қажет?

## **Көктегі Әкеміз біздің Құтқарушымыз ретінде Исаны таңдады**

Біздің Көктегі Әкеміз бізді жақсы көреді және бізге Оның көмегі қажет екенін де, білді. Егер біз өз денемізге қайта оралып, Оның қасында ұдайы өмір сүре алмайтын болсақ, біз оған қатты қайғыратынымызды Ол білді. Бізге көмектесетін біреу керек болды. Көктегі Әкеміз біздің





*Көктің астында, Көктегі Әкеміздің жетекшілігімен Иса Мәсіх жерді жаратты.*

Құтқарушымыз болғанын қалады. Бауырларымыздың екеуі де, бізге Құтқарушы болғысы келді.

Біздің ең үлкен бауырымыз Иса Көктегі Әкемізден Өзін жіберуін сұрады. Ол Көктегі Әкеміздің жоспарын орындаймын деді. Көктегі Әкемізге оралуымыз үшін, Ол жер бетіне келіп, біз істеуге тиісті нәрселерді үйретті. Ол біздің орнымызды басып, күнәнің жазасын өз мойнына алып, жанын қиды. Тағы Ол бізге дүниеден кеткен соң, қайта тіріліп қайтадан өмір сүруге мүмкіндік берді. Ол бізге Көктегі Әкемізге бағыну, не бағынбау жолын таңдауға еркіндік берді.

Біз үшін, ең маңыздысы таңдау жасау болатынын Иса білген. Егер де, бізді біреу бағынуға мәжбүр етсе, бізде білім болмай, Көктегі Әкеміз секілді бола алмайтын едік. Иса Көктегі Әкеміздің даңқысы мен абыройы болғанын қалады.

Люцефер атты Ібіліс те, Көктегі Әкемізден өзін біздің Құтқарушымыз қылып, таңдау жаса деп сұрады. Ол жерге келіп, біз істеуге міндетті істерді жасауға мәжбүр етемін деді. Ол ешкім жоғалмайды деді. Ол өзімізге таңдау жасауға жол бермес еді. Ол өзінің жеңісі ретінде Көктегі Әкеміздің даңқысы мен абыройын алғысы келді.

Көктегі Әкеміз бізді жақсы көргендіктен Исаны біздің Құтқарушымыз қылып таңдады. Осы себептен Исаны жиі Иса Мәсіх деп, атайды. *Мәсіх* деген, ол Көктегі Әкеміз Оны Құтқарушы қылып таңдағанын білдіреді. Көктегі Әкеміз Ібілісті емес Исаны таңдады. Өйткені, Көктегі Әкеміз біз өзіміз таңдау жасауға құқылы болғанымызды қалады. Бізді біреу мәжбүр етіп істетпей, біз өз еркімізбен ізгі істерді атқаруымыз керектігін де, Ол білді.

#### *Талқылау*

- Иса біз үшін нені жасағысы келді?
- Ібіліс нені істегісі келді?
- Неге Көктегі Әкеміз Құтқарушы қылып, Исаны таңдады?

#### **Иса біздің Құтқарушымыз бен Жетекшіміз**

Көктегі Әкеміз Исаны таңдаған кезде, Ібіліс қатты ашуланды. Ол көктегі кейбір рухтарды өзіне көндіріп, ертіп әкетті. Олар бірігіп, Исамен және Оның ізбасарларымен тартысты. Олар Көктегі Әкемізге Ібілістің жоспарын қабыл алуға мәжбүр еткісі келді. Көктегі Әкеміз Ібіліс пен оның ізбасарларын көктен алыстатты.

Ібіліс пен оның жақтастары тән денеге ие бола алмайды. Олар қайта оралып, Көктегі Әкемізбен бірге өмір сүруге мүмкіндік алмайды. Тек Исаны Құтқарушы ретінде қабылдағандар ғана тән денеге ие бола алады.

Біздің денеміз тән мен сүйек бітімінен тұратынын біз білеміз, өйткені біз Исаны Құтқарушы ретінде қабыл алдық. Көкте біз дұрысты таңдадық. Біз дұрыс таңдау жасауды осы жер бетінде де, жалғастыруымыз керек. Біз Исаның ізбасары болуымыз керек. Тек Ол ғана Көктегі Әкемізге қайту жолын бізге үйретеді. Ол бізге қиындықтардан өтуге көмектеседі және біз Көктегі Әкемізге ұқсас болуымыз үшін, бізге мейірімді болуды үйретіп, көмектесетін болады.

Көктегі Әкеміз Исаның ізін басып, мойынсұнуымызды қалады. Біздің рухани Әкеміз істеген секілді Иса бізді әрдайым үйретіп, оқытатынын Ол білді. Сондықтан, біз Оған мойынсұнатын болсақ, ол Көктегі Әкемізге бағынғанымызды білдіреді. Исаның айтқан өсиеті немесе хабары, ол Көктегі Әкеміздің де, өсиеті мен хабары болып табылады.

#### *Талқылау*

- Исаны Құтқарушымыз қылып, таңдағанымызды қалай білеміз?
- Бізге Көктегі Әкеміздің қасына қайтып оралатын жолды көрсететін жалғыз тұлға кім?
- Неге біз Исаның жолымен өмір сүруге тиістіміз?

#### *Сілтемелер*

*Бізге Жетекші керек*

- Жохан 14:6 (Көктегі Әкемізге қайтадан оралу үшін, біз Исаға мойынсұнуымыз керек.)
- 1 Петір 2:21 (Біз Иса Мәсіхтің жолымен өмір сүруге тиістіміз.)
- 2 Нефий 31:13, 16 (Егер де, біз Құтқарушының үлгісін алып өмір сүрсек, біз құтқарыламыз.)

*Көктегі Әкеміз біздің Құтқарушымыз ретінде Исаны таңдады*

- 1 Жохан 4:14 (Көктегі Әкеміз Исаны әлемнің Құтқарушысы етіп таңдады.)
- 2 Нефий 9:6–26 (Иса біз үшін өз өмірін қиды.)
- 3 Нефий 27:13–14 (Иса Мәсіх жер бетіне Құтқарушымыз болу үшін келді.)

*Иса біздің Құтқарушымыз және Жетекшіміз*

- Матай 1:21 (Иса бізді күнәларымыздан құтқару үшін келді.)
- 3 Нефий 11:10–11 (Иса Мәсіх күнәқар адамзат үшін, жазаға тартылды.)
- 3 Нефий 18:16 (Иса бізге үлгі көрсетті.)
- 3 Нефий 27:21 (Иса бізге не істеу керектігін көрсетті.)

# ТАҢДАУ ӨЗ ЕРКІМІЗДЕ

4 т а р а у

---

*Баршамыз күнделікті таңдауымызды жасаймыз. Көктегі Әкеміз бізге өз таңдауымызды жасауға еркіндік берді. Біз неге дұрыс таңдау жасауға ұмытылуымыз керек?*

## **Көктегі Әкеміз бізге таңдау еркіндігін берді**

Көкте таңдауымыз өз еркімізде болған. Исаның жолын таңдауға немесе Ібілістің жолымен жүруге бізге ерікіндік берілді. Көктегі Әкеміздің балаларының көпшілігі Исаның жолын таңдады. Басқалары Ібілістің жолын таңдады. Көктегі Әкеміз Өзінің барлық балаларына өз таңдауын жасауға еркіндік берді.

Көктегі Әкеміз бізге осы жер бетінде де, өзімізге таңдау жасауға еркіндік берді. Біз жер бетіне келісімен, біздің Онымен бірге өмір сүрген кезімізді Ол ұмыттырды. Онымен бірге болмаған жағдайда, біз өз таңдауымызды жасап үйренуіміз керек болды.

## ***Талқылау***

- Қандай да бір нәрсені істеуге мәжбүр болған кезде, сіз өзіңізді қандай күйде сезінесіз?
- Сіз жасағыңыз келген нәрсеге біреу таңдау жасауға рұқсатын берсе, өзіңізді қандай күйде сезінесіз?

## **Егер біздің таңдауымыз еркін болса Көктегі Әкеміздің жоспары орындалады**

Көктегі Әкеміздің жоспарының жарты бөлігінің бірі, ол жақсылық пен жамандығы бар жерге бізді жіберу болды. Ол біздің дұрыс таңдау жасағанымызды қалады. Ібіліс бізді сендіріп, теріс таңдауды жасауға бұрғылайды. Жақсылық пен жамандықтың арасында таңдау жасауға еркінбіз.

Біздің таңдауымыз дұрыс болса, Көктегі Әкеміздің қалауын орындауға қабілеттілігіміз өсіп, соны істейміз. Бізден күткен қалауын қалай істесек, Оған деген ұқсастығымыз жақындай түседі. Біз өзіміз үшін дұрыс таңдау жасау керектігін анықтадық. Бізді, не бақытты қылатынын және не қайғы-қасіретке ұшырататынын жақсы таныдық.

Біз өзіміз үшін таңдау жасай алмаған жағдайда, Көктегі Әкемізге сәл де болса, ұқсас бола алмайтын едік. Біз өзіміз үшін дұрыс таңдау жасауды біле алмас едік. Біз Көктегі Әкемізге өзіміздің Оған деген сүйіспеншілігімізді және шынайы Оның жолымен өмір сүргіміз келетінін көрсете алмас едік.

### *Талқылау*

- Біз неге таңдау жасауға құқылымыз?

**Дұрысты таңдап, Көктегі Әкемізге мойынсұнып бақытқа бөленеміз**  
Дұрыс таңдау бізді оң нәтижеге әкеледі, ал бұрыс таңдау жамандыққа жолықтырады. Егер біз Көктегі Әкемізге мойынсұнуды таңдасақ, біз бақытты да, мейірімді адам боламыз. Егер біз Көктегі Әкемізге мойынсұнбасақ, біз қайғы жұтып жақсармаймыз.

Біз дұрыс таңдауды жасаған кезде бақытқа бөленгенімізді көреміз. Көптеген ізгі істерді жасау керектігін біз түсіне бастадық. Дұрыс таңдау бізді бақытты қығанын көргенде, біз одан да, дұрыс таңдау жасағымыз келеді. Біз мейірімді болғымыз келеді. Дұрыс таңдауды жеңіл жасайтын боламыз, өйткені оның нәтижесі бізді жақсылыққа әкелетінін жақсы білеміз. Көктегі Әкемізге сәл болса да, ұқсас болуымыз үшін, нені біліп істеуге тиісті екенімізді біз танып, білеміз.

Таңдауды дұрыс жасамаған кезде қайғырып, ұятқа қалғанымызды сезінеміз. Егер де, біз теріс жолдағы істерді жалғастыратын болсақ, Ібіліс бізге өз билігін орнатады. Дұрыс жолды таңдау бізді қиындыққа әкеп тірейді. Көктегі Әкеміздің жоспарына сай біздің өмірде кедергілер болады.

### *Талқылау*

- Өзің таңдап жасаған істерің жайлы ойлан. Әр таңдаудың нәтижесі қандай болды?
- Көктегі Әкеміздің қасына қайта оралып, бақытты болу үшін, таңдауды қалай жасайсыз?
- Қандай таңдаудың дұрысы сізге одан да, дұрысын таңдауға көмектеседі?
- Қандай теріс таңдаған нәрселер сізді болашақ дұрыс жолынан тайдырады?

### **Көктегі Әкеміз бізге дұрысты таңдауға көмектеседі**

Көктегі Әкеміз дұрысты таңдағанымызды қалайды, сондықтан біз Оның білгенін үйреніп, Оның істегенін істейміз, Ода бар нәрсе бізде де, болады. Егер біз дұрысты таңдасақ, біз Оның қасына қайта оралуға қуанышты болатынымызды Ол біледі.

Көктегі Әкеміз бізге дұрыс таңдау жасауға көмектескісі келеді. Оның көмегімен біз таңдау жасап, Ол айтқан нәрсенің барлығын біз істей аламыз. Егер біз Одан көмек сұрасақ, Ол Ібілістің арбауына төтеп беруге көмектеседі. Ол бізге күш беріп, дұрысын таңдауға көмектеседі. Ол бізге Оның жоспары бойынша өмір сүріп, Оған ұқсас болуға көмектеседі.

#### ***Талқылау***

- Неге Көктегі Әкеміз біздің дұрыс таңдау жасағанымызды күтеді?
- Бір күндері Ол бізді дұрысты таңдауға мәжбүр ете ме? Неге?

#### ***Сілтемелер***

*Көктегі Әкеміз бізге таңдау еркіндігін берді*

- Жохан 14:15 (Егер біз Исаны жақсы көрсек, біз Оның өсиеттеріне бағынамыз.)
- 2 Нефий 2:27–29 (Иса Мәсіхтің жолын таңдауға, бізге еркіндік берілген.)
- Геламан 14:30–31(Көктегі Әкеміз бізге жақсылықты немесе жамандықты таңдауға еркіндік берді.)

*Егер біздің таңдауымыз еркін болса Көктегі Әкеміздің жоспары орындалады*

- 2 Нефий 2:11 (Әр жақсылыққа қарсылас жамандық бар.)
- Алма 41:3–5 (Егер біз дұрысты таңдасақ, біз Көктегі Әкеміздің қасына ораламыз. Егер теріс жолды таңдасақ, біз мәңгілік қайғыға душар боламыз.)
- 3 Нефий 27:14–15 (Біз таңдап, істеген ісімізге сәйкес қаһарлы соттан өтеміз.)

*Дұрысты таңдап, Көктегі Әкемізге мойынсұнып бақытқа бөленеміз.*

- 2 Нефий 9:18 (Исаға сенгендер үлкен қуанышқа толады.)
- Мосия 2:41 (Көктегі Әкеміздің өсиетіне бағынған адам бақытты болады, өйткені ол Оның батасын алды.)

*Көктегі Әкеміз бізге дұрысты таңдауға көмектеседі.*

- Забур 5:12 (Көктегі Әкеміз мейірімді адамға батасын береді.)
- Забур 25:9 (Көктегі Әкеміз тек дұрыс жолды таңдаған адамға көмегін береді.)

- Римдіктер 12:9 (Біз ізгі ниетті нәрселерді істеуіміз керек.)
- 1 Қорынтықтар 10:13 (Көктегі Әкеміз біз қорғана алатындай, бізге қатты әсер ететін арбаудан сақтайды.)
- Мороний 7:28 (Исаға сенген адам мейірімді болуға ұмтылады.)






# ҚҰДАЙДАН АЖЫРАУ

*Екінші бөлім*





*Иса біз үшін ғажайып жер жаратты.*

# ЖЕРДІ ИСА ЖАРАТТЫ

5 т а р а у

---

*Жерді кім жаратты? Ол неге оны істеді?*

## **Бізге жер керек**

Біз көкте болған уақытымызда, Көктегі Әкеміз бізге өз жоспарының бір бөлігін түсіндіріп, көктегі үйден біраз уақытқа кететінімізді айтты. Одан ажырап, тән мен сүйектен тұратын денеге ие болып, сынақтан өтіп, дұрыс таңдау жасай алатынымызды көрсету үшін, бізге тұратын орын қажет болды. Ол орынды бізге жасап беретін біреу керек болды. Соны істеу үшін Ол Исаны таңдады.

## *Талқылау*

- Құдай неге жерді біз үшін жаратуды жоспарлады?

## **Жерді Иса жаратты**

Жерді Иса жаратты. Ол күн мен түнді жаратты. Ол күн мен айды және жұлдыздарды жаратты. Ол құрлықтан суды ажыратып, теңіздер мен өзендерді және көлдерді жаратты. Ол жерге көк шөпті, талдарды, гүлдерді және өсімдіктердің тағы басқа түрлерін отырғызды. Содан соң, ол жануарларды, балықты, құстарды және жәндіктерді жаратты. Осының барлығын Иса жаратып бітірген кезде, жер адамзат барып тұру үшін дайын болды.

Сонда Көктегі Әкеміз еркек пен әйелді жаратты. Еркектің атын Адам, ал әйелдің атын Хауа деп қойды. Көктегі Әкеміздің денесі секілді олардың да, денесі тән мен сүйектен жаралды. Жерде жасаған барлық жұмыс пен тіршілік орнатылған соң, Жаратылыс деп аталды. Көктегі Әкеміз жерге риза болды және онда орналастыр деп, Исаға тапсырған барлық нәрсеге де, риза болды.

### ***Талқылау***

- Құдайдың жаратқан нәрселерінен Адам мен Хауаның қандай айырмашылығы болды?

### **Көктегі Әкеміз Өз сүйіспеншілігін көрсету үшін жаратты**

Қазір біз Көктегі Әкеміздің Исаға тапсырып, істеткен ғажайып дүниеде өмір сүреміз. Күн бізге жарық пен жыруды береді. Жаңбыр өсімдіктерді өсіріп, бізге суды ішуге мүмкіндік береді. Жер бетіндегі өсімдіктер мен жануарлар бізге азық пен киім береді.

Иса бұның барлығын Көктегі Әкеміздің бағыт нұсқауымен жаратты. Осының барлығын Ол бізге арнап істегенін көрген кезде, Көктегі Әкеміз бізді қаншалықты жақсы көретінін және бізге деген қамқорлығын түсінеміз.

### ***Талқылау***

- Көктегі Әкеміздің бізге жасаған кейбір заттары туралы ойланыңыз.
- Көктегі Әкеміз бізді жақсы көріп, бізге деген қамқорлығын қалай білеміз?

### **Жерді бізге арнап жаратқаны үшін ризашылығымызды білдіре аламыз**

Көктегі Әкеміз жердегінің барлығын бізге арнап жасағанын әрдайым есте сақтауымыз керек. Біз соны ұмытқан сәтте Ол өзін бақытсыз сезінеді. Жердегі заттарды ақылмен пайдаланатын болсақ, біз Көктегі Әкемізге деген ризашылығымызды білдіретін боламыз. Жерді біз шығынға ұшыратпауымыз қажет. Жерге біз қамқор болып, оны тазалықта сақтауға тиістіміз. Біз Оған мінажат еткен кезімізде, осы ғажайып әлем үшін, біз Көктегі Әкемізге ризашылығымызды білдіруіміз керек. Біз тағы Жер үшін Оның қалауын осында істей отырып, Оған деген ризашылығымызды білдіреміз.

### ***Талқылау***

- Біз жер үшін ризашылығымызды Көктегі Әкемізге қалай білдіреміз?

### ***Сілтемелер***

*Бізге жер керек*

- Ишая 45:18 (Құдай жерді адамзат сонда өмір сүруі үшін жаратты.)
- 2 Нефий 2:15 (Құдай Өз жоспарының бір бөлігі ретінде жерді бізге арнап жаратты.)

*Жерді Иса жаратты*

- Ишая 45:12; Еврейлерге 1:1–3 (Иса Көктегі Әкеміздің бағыт нұсқауымен жерді жаратты.)

*Көктегі Әкеміз Өз сүйіспеншілігін көрсету үшін жаратты*

- Жаратылыс 1 (Құдай жердегінің барлығын біз үшін жаратты.)
- Римдіктер 8:38–39 (Құдайдың сүйіспеншілігінен бізді ешнәрсе ажырата алмайды.)

*Жерді бізге арнап жаратқаны үшін ризашылығымызды білдіре аламыз*

- Ефестіктер 5:20 (Барлығы үшін, Құдайға ризашылығымызды білдіруіміз керек.)
- Мосия 2:20–25 (Бізді жаратқан Құдайға ризашылығымызды білдіруіміз керек.)

# АДАМ МЕН ХАУА

6 т а р а у

---

*Адам мен Хауа кім болды? Бізге көмектесу үшін олар не істеді?*

## **Адам мен Хауа жер бетіне келген бірінші адамдар**

Көктегі Әкеміз жер бетіндегі бірінші адамдарды Адам мен Хауа деп атады. Олар Көктегі Әкеміздің ең мейірімді екі баласы. Олар біз жер бетіне келіп, өмір сүруіміз үшін, мүмкіндік жасады.

Көктегі үйде Адамды Михаил деп атаған. Ол біздің көсемдеріміздің бірі болды. Ол бізді Ібіліске қарсы тұруға шақырды. Михаил мейірімді адам болды. Ол Көктегі Әкеміздің қалауын орындады. Жер бетінде болу үшін, ең бірінші келген адам.

Хауа Көктегі Әкеміздің ең мейірімді қызы. Көктегі Әкеміз Адаммен бірге Хауаны әйелі ретінде көмекшісі болсын деп, жер бетіне жіберді. Көктегі Әкеміз Адамның жалғыз болғанын қаламады. Адам жалғыз өзі, бізге жер бетіне келуге мүмкіндік бере алмас еді. Хауа да, Адам секілді жоспардың маңызды бөлігінің бірі болды.

## ***Талқылау***

- Адам жер бетіне келер алдында аты кім болып, қандай іс атқарды?
- Неге Көктегі Әкеміз Хауаны Адаммен бірге болуға жіберді?

## **Еден Бағы Адам мен Хауаның бірінші үйі**

Көктегі Әкеміз Адам мен Хауа өмір сүретін жердегі ең ғажайып орынды жаратты. Ол Еден Бағы болып аталды. Адам мен Хауа Еден Бағында тұрған кезде, оларды Құдай өзіне рухани жағынан ұқсас қылып, тән мен сүйектен тұратын ажал алмас дене берді. Олардың баласы болған жоқ. Олар өсімдік отырғызған жоқ және астық жинаған жоқ немесе жұмыс істедудің қажеттілігі туындаған емес. Олар өздерінің көктегі өмірін ұмытты. Олар жақсылық пен жамандықты танымаған болатын.



*Адам мен Хауа құрбандық үстел алдында тізерлеп, Құдайға сыйынуы.*



Еден Бағында Адам мен Хауаның Көктегі Әкемізбен қарым-қатынас орнататын мүмкіндігі болған. Ол оларға не істеу керектігін айтқан болатын. Оларға Ол бақты күтіп-бағындар және оны әдемі күйде сақтандар деген. Ол оларға балалы болындар деді. Тағы Ол оларға бақтағы күллі ағаштардың жемістерін жеуге болады, бірақ біреуінен болмайды деді. Көктегі Әкеміз оларға жақсылық пен жамандықты танытатын ағаштың жемісін жеуге болмайтынын айтты. Егер сол ағаштың жемісін жесендер, өлесіндер деп, Ол оларға ескерту жасады.

### *Талқылау*

- Еден Бағындағы Адам мен Хауаның өмірін қазіргі өмірмен салыстырғандағы, айырмашылығы қандай?
- Көктегі Әкеміз Адам мен Хауаға не істесін деді?

### **Адам мен Хауа Көктегі Әкемізбен байланыстарын үзді**

Көктегі Әкеміздің жоспарын Ібіліс жоя аламын деп, ойлады. Ол Еден Бағына келіп, Хауаға жақсылық пен жамандықты танытатын ағаштың жемісін жегізгісі келіп, азғырды. Оған ол, жемісті жесең өлмейсің деді. Ол оған сенің көзің ашылып, жақсылық пен жамандықтың айырмашылығын танып, Көктегі Әкеміз сияқты боласың деді. Хауа Ібілікке сеніп, жемісті жейді. Хауа бірнеше жемісті жегенін Адамға айтқан сәтте, ол бақтан кететінін білді. Екеуі бірге болуы үшін, ол да жемістің бірнешеуін жеді.

Көктегі Әкеміздің жеуге тыйым салған ағаштың жемісін жеген сәттен бастап, Адам мен Хауаның өмірі өзгеріске ұшырады. Көктегі Әкеміз оларды Еден Бағынан қуып шықты. Олар Онымен қарым-қатынас орнататын мүмкіндігінен айырылды. Содан бері адамзат Көктегі Әкеміздің ұдайы қасында болудан аластатылады. Көктегі Әкеміздің қасында болу мүмкіндігінен айырылуды рухани өлім дейді.\*Адам мен Хауа ғажайып бақтан аластатылып, шет әлемінде өмір сүруге мәжбүр болды. Олар өздеріне қажеттіні маңдай терін төгіп, табуға мәжбүр болды.

Олардың денесі де, өзгерді. Енді оларға балалы болуға мүмкіндік туды. Оларға ауру, азап пен қайғы-қасірет еніп, бір кездері ажал алады. Адам және Хауамен болған өзгерістерден соң, Адам Құдайдың қасынан алыстатылды.

Бұл өзгерістер Адам мен Хауаның ұрпағына да, әсер қалдырады. Олар секілді, біздің де, балалы болуға, ауруға, азапқа, қайғы-қасіретке және өлімге құқылымыз.

### *Талқылау*

- Көктегі Әкеміздің жоспарын құрту үшін Ібіліс не істеді?
- Адам мен Хауаның өмірі тыйым салынған жақсылық пен жамандықты танытатын ағаштың жемісін жеген соң, қандай өзгерістерге ұшырады?
- Рухани өлім дегеніміз не?
- Адамның істеген күнәсі нені білдіреді?

### **Адамның істеген күнәсі, Көктегі Әкеміздің жоспарының бір бөлігі болып табылады.**

Көктегі Әкеміз өзінің балалары жер бетіне келіп, тән мен сүйектен тұратын денеге ие болғанын қалап, жоспар құрды. Адам мен Хауа Еден Бағынан қуылған соң, олар балалы болды. Кейіннен, олардың да балалары үйленіп, балалы болды. Сөйтіп, Көктегі Әкеміздің қасындағы рухани балалары Оның жоспары бойынша, жер бетіне келе бастады. Сондықтан, Адам мен Хауа арқылы, әрқайсысымыз жер бетіне келіп, тән мен сүйектен тұратын денеге ие бола аламыз.

Тағы Көктегі Әкеміздің жоспары бойынша, Оның балалары қалағанын және керегін алулары үшін, тер төгіп еңбек етулері керек болды. Сол Адам мен Хауа Еден Бағынан кеткелі, жер бетіндегі Көктегі Әкеміздің балалары өздері қалағанын және қажеттісін алу үшін, маңдай терін төгіп, еңбек етулері керек болды.

Адам мен Хауа Көктегі Әкеміздің оларға жемендер деп, тыйым салған жемісті жеген соң, олар жақсылық пен жамандықтың айырмашылығын танып қойды. Енді, әрқайсысымыз жақсылық пен жамандықтың арасындағы айырмашылықты түсініп, өзіміз жақсылық пен жамандықты айырып, таңдауымызды жасай аламыз.

Көктегі Әкеміз Адам мен Хауаны Еден Бағынан қуылған кезден, Оның қалауы бойынша, олар нені істеулері керектігін білгісі келді. Олар Оны мойындап, өз балаларын Оны құрмет тұтуға үйретті. Әрқайсысымыз Көктегі Әкеміздің еркін үйреніп, не істеуіміз керектігін білуіміз қажет және біз Оған мойынсұнып, өз балаларымызды Оған бағынуды үйретуіміз керек.

### *Талқылау*

- Көктегі Әкеміздің жоспарын Ібіліс жоя алды ма?
- Неге біз Адам мен Хауаның істегені үшін ризашылығымызды білдіруіміз керек?

### *Сілтемелер*

*Адам мен Хауа жер бетіне келген бірінші адамдар*

- Жаратылыс 1:26–27 (Құдай еркек пен әйелді жаратты.)
- Аян 12:7–9 (Адамның аты Михаил болған кезде Ібіліске қарсы періштелерді басқарды.)
- 1 Нефий 5:11; 2 Нефий 2:19–20 (Адам мен Хауа біздің бірінші ата-анамыз.)

*Еден Бағы Адам мен Хауаның бірінші үйі*

- Жаратылыс 2:15 (Көктегі Әкеміз Адам мен Хауаға Еден Бағын күтіп-бақсын деді.)
- Жаратылыс 2:16–17 (Көктегі Әкеміз Адам мен Хауаға жақсылық пен жамандықты танытатын ағаштың жемісін жеуге тыйым салды.)

*Адам мен Хауаның Көктегі Әкемізден ажырауы*

- Жаратылыс 3:1–5 (Ібілістің Хауаны азғыруы.)
- Жаратылыс 3:23–24 (Құдай Адам мен Хауаны Еден Бағынан қуды.)
- Геламан 14:16 (Адам мен Хауа Құдайдың қасынан қуылды.)

*Көктегі Әкеміздің құрған жоспарының бір бөлігі, ол Адамның күнәға батуы болып табылады.*

- 2 Нефий 2:22–25 (Егер де, Адам күнәға батпаса, жер бетіне біз келе алмас едік.)
- Алма 12:23–35 (Құдайдың құрған жоспарының бір бөлігі, ол Адамның күнәға батуы болып табылады.)

# ҚҰДАЙМЕН БАЙЛАНЫС ОРНАТУ

*Үшінші бөлім*



# КИЕЛІ РУХ

7 тарау

---

*Көктегі Әкеміз біз Оны танып, білуіміз үшін бір адамды хабаршы қылып таңдады. Ол адам кім және біз Көктегі Әкеміздің хабарын түсінуді қалай үйренеміз?*

**Бізге көмектесу үшін, Киелі Рух біздің Көктегі Әкемізбен және Исамен бірге жұмыс істейді.**

Киелі Рух, Көктегі Әке мен Иса біртұтас үш тұлға болып жұмыс істейді. Олар тірі және бізді жақсы көреді, ол соны күәгерлік етеді. Олар біз біліп, істеуге қажет нәрсені үйретіп және бізге өсиеттерді ұстануға көмектеседі. Көктегі Әкеміз бен Иса секілді Оның тән мен сүйектен тұратын денесі жоқ. Ол рух. Ол адамға ұқсас.

Көктегі Әкеміз, Иса Мәсіх және Киелі Рух үш қасиетті тұлға. Олар жұмысын біртұтас атқарады, біз біліп және біз істейтін нәрсені білу үшін, көмектеседі. Біз Көктегі Әкемізден немесе Исадан алатын хабарды, әдетте оны Киелі рух жеткізеді. Ол тағы бізге Олардың өсиеттерін ұстануға көмектеседі.

## *Талқылау*

- Киелі Рух кіммен бірге жұмыс істейді?
- Киелі Рухтың Көктегі Әкеміз бен Исадан қандай айырмашылығы бар?

## **Киелі Рухтың рөлі**

Киелі Рух бізді Көктегі Әкеміз бен Иса туралы оқытады. Ол бізге Олар тірі және Олар бізді жақсы көретінін айтып жеткізеді. Ол бізге Көктегі Әкеміз біздің рухтардың Әкесі болып табылатынын айтады. Ол бізге Иса біздің Құтқарушымыз деді.

Киелі Рух бізге Көктегі Әкемізді, Исаны және біз көктегі үйге қайтып оралуымыз үшін, қалай өмір сүруіміз керектігін түсінуге көмектеседі. Ол тағы бізге барлық шындықты біліп, түсінуге көмектеседі.

Киелі Рух бізге Көктегі Әкеміз бен Исаның өсиеттеріне бағынуға күш береді. Біз екі істің арасынан таңдау жасаған кезімізде, Ол бізге дұрыс шешім қабылдауға көмектеседі. Біздің басымызға қиындық түскен кезде, бізді сабырлыққа шақырады.

#### *Талқылау*

- Киелі Рухтың рөлі неде?
- Киелі Рух бізге нені тануға көмектеседі?
- Киелі Рух бізге нені істеуге көмектеседі?

#### **Киелі Рух бізді өтімді әдістермен оқытады**

Киелі Рух бізді не дұрыс және не бұрыс екенін үйретеді. Бұл ілім соншалықты мықты болғандықтан, біз оны ешқашан ұмытпаймыз. Әдетте, Киелі Рух Оны біздің құлақ еститіндей байланыс орнатпайды. Оның орнына, Ол бізге ойланып немесе біз оқып, естігеніміз ақиқат екенін білуге шақырады. Ол сезімдер өте мықты.

Киелі Рухтың күшін көптеген адамдар қатарынан сезеді. Оны түсіну үшін күн туралы ойланыз. Күн біреу ғана, бірақ оның жарығын және жылуын жердің әр түпкіріндегі адамдар қатарынан сезеді. Киелі Рухты осы секілді қарастыруға болады. Ол әрдайым тек бір жерде ғана бола тұрып, Оның күшін көптеген жердегі адамдар сезе алады.

#### *Талқылау*

- Біз не істеуіміз керектігін Киелі Рух бізге қалай жеткізеді?
- Киелі Рух бір уақытта көптеген адамдарға қалай көмектеседі?

#### **Киелі Рух әркімге көмектеседі**

Көктегі Әкеміз Адам мен Хауа Еден Бағынан қуылған соң, олар мінажат етіп, Оның еркін сұрады. Көктегі Әкеміз оларға Әкесі мен Баласы туралы оқытып, үйрететін Киелі Рухты жіберді және тағы басқа да, Адам мен Хауа істеуге міндетті нәрселерге. Киелі Рух оларға Көктегі Әкеміздің ілімдері шынайы екенін жеткізді. Көктегі Әкеміздің қалауын істеу үшін Киелі Рух арқылы оларға күш берілді.

Ол тағы оларға Көктегі Әкеміздің істегені үшін Оған бойсұнып, ризашылығын білдіруге көмектесті.

Киелі Рухтың жетекшілігімен Адам мен Хауа Исаның жолымен жүріп, Оның өсиеттерін ұстанатын болса, бір күндері қайтадан Көктегі Әкеміздің ұдайы қасында өмір сүретінін білді. Киелі Рухтың жетекшілігі оларды өте бақытты қылды.

Көктегі Әкеміз әрқайсысымызды жақсы көреді. Ол Киелі Рухты бізге жетекшілік ету үшін және шындыққа үйрету үшін жіберді. Егер де, Киелі Рухтың Көктегі Әкеміз бен Исадан жеткізген өсиеттер мен нұсқауларын біз шын ниетпен орындасақ, Ол бізге көмектеседі. Егер де, біз Олардың өсиеттерін қабыл алмай, не болмаса, Киелі Рухтың оқытуын қаламасақ, Ол бізге ештеңені айтпайды. Ал егер, біз Киелі Рухтың ілімдерін қабыл алатын болсақ, өміріміз жақсарады.

### *Талқылау*

- Адам мен Хауаға Киелі Рух қалай көмектесті?
- Киелі Рухтың көмегін алу үшін, біз не істеуіміз керек?

### *Сілтемелер*

*Бізге көмектесу үшін, Киелі Рух біздің Көктегі Әкемізбен және Исамен жұмыс істейді.*

- Жохан 14:26; 2 Нефий 33:1 (Біз білгенді Киелі Рух есте сақтауға көмектеседі.)
- Жохан 15:26 (Киелі Рух бізге Исаның шынайы екендігін көрсетеді.)
- 1 Жохан 5:7 (Киелі Рух, Көктегі Әкеміз және Иса Мәсіх үш тұлғалы біртұтас болып жұмыс істейді.)
- 3 Нефий 28:11 (Киелі Рух Көктегі Әкеміз бен Иса туралы бізге жеткізіп танығады.)

### *Киелі Рухтың рөлі*

- 1 Жаратылыс 12:3; Еврейлерге 10:15 (Киелі Рух бізді, біздің Құтқарушымыз Иса екенін білсін деп, үйретеді.)
- 2 Нефий 32:5 (Бізге не істеу керектігін білу үшін, Киелі Рух бізге көмектеседі.)

### *Киелі Рух бізді өтімді әдістермен оқытады*

- Мороний 10:5–7 (Киелі Рух бізге қай заттың шынайы болып табылатынын, ал қандай заттың шындыққа жатпайтынын айтады.)

### *Киелі Рух әркімге көмектеседі*

- Жохан 16:13 (Киелі Рух бізді барлық шындыққа бағыттады.)
- Римдіктер 8:16–17 (Киелі Рух біз Көктегі Әкеміздің балалары екенімізді танып, білу үшін бізге көмектеседі.)

# КӨКТЕГІ ӘКЕМІЗБЕН БАЙЛАНЫС ОРНАТУ

8 т а р а у

---

*Көктегі Әкеміз бізді жақсы көреді. Әрдайым біздің қалаған уақытымызда, Оған мінажат етіп байланыс орнату үшін, Ол бізге жол ашты. Біз Көктегі Әкемізбен байланысты қалай орната аламыз?*

## **Біз Көктегі Әкемізге мінажат ете аламыз**

Көктегі Әкемізбен байланыс орнатуды мінажат деп атайды. Көктегі Әкеміз көкте өмір сүрсе де, біз Онымен байланыс орната аламыз, Ол бізді әрдайым естиді. Ол бізге көмектескісі келеді. Біз Оған мінажат еткенімізді күтеді. Оған мінажат еткен кезімізде, ол біз үшін жақсылық болатын нәрсені істеуге көмектеседі.

Біз Көктегі Әкемізге өз ойымызды айта аламыз. Біз Оны жақсы көретінімізді айта аламыз. Оның бізге бергені үшін, Оған ризашылығымызды білдіре аламыз. Біз Оның көмегін сұрай аламыз.

Әрдайым Онымен байланыс орнату қажет болған кезде, біз Көктегі Әкемізге мінажат ете аламыз. Оңаша қалған кезімізде де, Оған мінажат етуіміз керек. Және оңаша қалған уақытта Оған жеке өз сезімдерімізбен көріп жатқан қиындықтарымызды ашық білдіріп, мінажат ете аламыз. Біз әрдайым Оған күнделікті таңертең және күнделікті кешке мінажат етуіміз керек.

Бүкіл отбасымызбен де, мінажат етуіміз қажет. Біз осыны күнделікті, таңғы не кешкі уақытта істей аламыз. Біз оны әрдайым асты дәм тартар алдында да, Оған азық үшін ризашылығымызды білдірген кезде де, істей аламыз.

Көктегі Әкеміз біздің мінажатымызды тыңдағаннан жалыққан емес. Ол әрқашанда, бізге сүйіспеншілікпен қарап көмектескісі келеді. Әділетсіздікке ұшырағанымыздың өзінде де, Ол бізді жақсы көреді. Ол бізді жақсылап тыңдап алып көмектеседі.





*Біз оңаша қалған кезімізде, отбасымызбен таң мен  
кешкі уақытта, мінажат етуіміз керек.*

### *Талқылау*

- Біз неге Көктегі Әкемізге мінажат етуіміз керек?
- Біз қай уақытта Оған мінажат етуіміз керек?

### **Көктегі Әкеміз Онымен қалай сөйлесуіміз керектігін айтты**

Мінажат еткенімізде, Көктегі Әкемізге өзіміздің шынайы сезімімізбен қажет нәрсемізді айтып, жеткізуіміз керек. Онымен сөйлескен кезде, сол бірнеше сөзді әрдайым, қайталаудың керегі жоқ. Бізге ән айтып не болмаса, қатты дауыстап айтудың қажеті жоқ.

Ол бізге Онымен байланыс орнататын жолды көрсетті. Біз Онымен тікелей байланысуымыз керек, айтып: «Көктегі Әкеміз,» немесе соған ұқсас сөздерді. Біз Оған құрмет көрсетіп, сүйіспеншілікпен сөйлескеніміз жөн.

Содан соң, Оның бізге істеген нәрселері үшін ризашылығымызды білдіруіміз керек.

Оған ризашылығымызды білдіретін кейбір заттар:

1. Біз Оған осы әдемі жер, азық, киім және тағы басқа дүние мүлік үшін ризашылығымызды білдіруіміз керек.
2. Біз Оның Ілімі үшін және Ол туралы көптеген білім алатынымыз үшін, ризашылығымызды білдіруіміз керек.
3. Біз Оған отбасымыз, достарымыз және жақсы денсаулығымызбен, біздің жұмысымыз үшін, ризашылығымызды білдіруіміз керек.

Содан соң, Одан біз өзімізге қажеттіні сұраймыз. Мына кейбір заттарды біз Одан сұрай аламыз:

1. Біз Одан қай заттың дұрыс, ал қай заттың шындыққа сай келмейтінін тану үшін, көмегін сұрай аламыз.
2. Біз Одан өзімізге, отбасымызға және көршілерімізге қамқор болуын сұрай аламыз.
3. Оның еркін орындауға Одан көмек сұрай аламыз.
4. Одан біз дұрысты таңдауға көмегін сұрай аламыз.
5. Біз Одан күнәміздан арылып, тәубеге келуімізге көмектесуін сұрай аламыз.
6. Біз Одан біздің азығымыз күні бойы жеткілікті болуы үшін, көмегін сұрай аламыз.
7. Біз Одан қиындықтарымыздың шешімін табуға көмегін сұрай аламыз.
8. Біз Одан отбасымызда немесе достарымызда пайда болған барша қиындықтарды шешуге көмектесуін сұрай аламыз.

Біз мінажатымызды былай айтып: «Иса Мәсіхтің атынан, әмин.» деп аяқтаймыз. Бұл біздің Құтқарушымыз Иса екенін есте сақтауға көмектеседі. Біздің барлық қажет нәрсемізге көмектесу үшін, Иса Көктегі Әкеміздің жетекшілігімен жұмыс істейді. Исаның атын біз қастерлеп айтқанымыз жөн.

### *Талқылау*

- Көктегі Әкемізбен байланыс орнатқанда, біз қалай бастаймыз?
- Қандай заттар үшін, біз Оған алғысымызды білдіре аламыз?
- Қандай нәрселерді біз Одан сұрай аламыз?
- Көктегі Әкемізге мінажат етуді аяқтаған кезде, не деп айтамыз?

### **Көктегі Әкеміз бізге жауабын арқашан береді**

Көктегі Әкеміз бізді естіп, білетініне сенімді бола аламыз. Біз үшін ненің дұрыс екенін ол жақсы біледі. Ол әрдайым бізге көмектесуге даяр.

Көктегі Әкеміз жауабын Киелі Рух арқылы жиі жеткізеді. Киелі рух бізге нені біліп, нені істеуіміз керектігін түсінуге көмектеседі. Кейде, Киелі Рух бізге көмектесу үшін, басқа адам арқылы да, жеткізеді.

Көктегі Әкеміздің берген жауабын қабыл алуға дайын болуымыз керек. Ол біз сұраған нәрселерді бермеуі де, мүмкін. Ол біз күткендей, жауабын бермеуі де, мүмкін. Бірақ, ол біз үшін ненің дұрыс екенін жақсы біледі.

### *Талқылау*

- Көктегі Әкеміз бізге берген жауабын қалай жеткізеді?
- Неге Ол біз сұраған заттарды кей уақытта бере алмайды?

### **Мінажат еткен сайын біз жақсарамыз**

Біз ненің дұрыс екенін білмеуіміз мүмкін. Біз қорқуымыз мүмкін. Біз қиындықтардың шешімін таппауымыз да, мүмкін. Біз ненің дұрыс, ал ненің шындыққа сай келмейтінін білмеуіміз мүмкін. Біз дұрысты танып істей аламыз, бірақ соны істеуге күш-қуатымыз жеткіліксіз болуы мүмкін.

Көктегі Әкемізге жиі мінажат ететін болсақ, Ол біздің қиындықтарымыздың шешімінде көмектеседі. Ол дұрысты танып істеуге көмектеседі. Біз дұрысты танып, соны істеген сәттен, біз ізгі-ниетті адам болуға бейімделеміз. Сонда, Көктегі Әкемізге деген ұқсастығымыз жақындай түседі.

### *Талқылау*

- Көктегі Әкемізге мінажат етіп, біз қалай ізгі-ниетті бола аламыз?

### *Сілтемелер*

*Біз Көктегі Әкемізге мінажат ете аламыз*

- Забур 55:16–17; 2 Нефий 32:9 (Көктегі Әкемізге әрдайым мінажат етуіміз керек.)
- Лұқа 18:1 (Біз әрдайым мінажат етуіміз керек.)
- Алма 37:37 (Барлық істеген ісіміз туралы Көктегі Әкемізге мінажат етуіміз керек.)

*Көктегі Әкеміз Онымен қалай сөйлесуіміз керектігін айтты*

- Матай 6:6–13 (Бізге қалай мінажат ету керектігін айтты.)
- Жақып 1:5 (Біз Көктегі Әкемізге көп нәрсе туралы мінажат ете аламыз.)
- Алма 34:17–27 (Мына кейбір заттар туралы Көктегі Әкемізге біз мінажат ете аламыз.)
- 3 Нефий 19:6, 24 (Иса бізді Көктегі Әкемізге қалай мінажат ету керектігін үйретеді.)

*Көктегі Әкеміз бізге жауабын әрқашан береді*

- Аңыздар 15:29 (Көктегі Әкеміз біздің мінажатымызды естиді.)
- Матай 7:7 (Сұрағаныңды аласың.)
- Мороний 7:26; 3 Нефий 18:20 (Барлық сұрағанымыз ізгі-ниетті болса аламыз.)

*Мінажат еткен сайын біз жақсарамыз*

- Лұқа 22:40 (Арбаудың алдауына түсіп қалмау үшін, күш-қуат бере гөр деп, мінажат етіңіз.)
- Жақып 5:15–16 (Тура жолға түскен адамдардың мінажаты көптеген жақсылыққа апарады.)

# ПАЙҒАМБАРЛАР

9 тарау

---

*Қазір жер бетінде, Көктегі Әкеміздің еркін бізге хабарлайтын кім?*

**Пайғамбар Көктегі Әкеміздің хабарын адамдарға жеткізетін кісі**  
Көктегі Әкеміз Оның хабарын жеткізетін кісіні тағайындайды. Ол кісіні пайғамбар деп атайды. Пайғамбар Көктегі Әкемізді жақсы көреді және Оның еркін мүлтіксіз орындайды. Көктегі Әкеміз пайғамбар арқылы біз нені біліп істейтінімізді жеткізеді. Пайғамбар бізге хабарды жеткізеді. Пайғамбар Көктегі Әкеміз үшін хабардар еткенде, ол Көктегі Әкеміздің Өзі болып сөйлесе, осыны айтар еді деп, бізге жеткізеді.

Пайғамбар бізге осы бірқатар нәрселерді айтты:

- Ол бізге Иса Көктегі Әкеміздің Баласы, Ол біздің Құтқарушымыз және Исаның ілімдері ақиқат деп, үйретті.
- Біз істеуге тиісті заттарды ол Құдайдың айтқанымен жеткізіп, оқытады.
- Ол бізді теріс жолдан қайтуға шақырды.
- Ол бізге болашақта болатын жайттар туралы айтты.

Көктегі Әкеміздің Өзі ғана пайғамбарды таңдайды. Адамдар пайғамбарды таңдай алмайды. Адам өзін пайғамбар етіп тағайындай алмайды. Көктегі Әкеміз пайғамбарға Өзі туралы жеткізіп, Оның жұмысын істеу үшін, оған билік кілтін ұстатты. Егер ол адамның ондай билігі болмаса, ол Көктегі Әкеміздің атынан сөйлеуге құқы жоқ.

*Талқылау*

- Пайғамбар кімнің атынан хабарды жеткізеді?
- Пайғамбар бізге не туралы айтты?

**Көктегі Әкеміз әрдайым бізге көмек көрсету үшін, пайғамбарларды жіберетін**

Көктегі Әкеміз әрдайым өз балаларына қамқорлық танытатын. Адам заманынан бастап, Ол өз балаларына көмек көрсету үшін, пайғамбарларды

жіберіп тұрды. Адамдарды қауіптен сақтау үшін, пайғамбарларды жіберді. Ол оларға адамдарды қайғы-қасіреттен қорғау үшін жіберді. Ол пайғамбарларды адамдар ұлы күнге дайын болулары үшін көмекке жіберді. Көктегі Әкеміздің жіберген кейбір пайғамбарлары:

1. Нұх: Егер адамдар қиқарлық танытып, теріс жолдан қайтпайтын болса, Көктегі Әкеміз оларды жоятын топан су жіберем деп, ескертті.
2. Ыбырайым: Ол Көктегі Әкемізді мойындап, өз балаларын Оған мойынсұнуға үйретті. Көктегі Әкеміз Ыбырайымның балалары мен оның ұрпағына көпті берем деп, уәде етті.
3. Мұса: Ол Көктегі Әкеміз даяр еткен жерге, Исраил адамдарын азат етіп Мысырдан көшірді.

Осы заманда да, Көктегі Әкеміз пайғамбарларын жіберді. Жақын арада өмір сүрген пайғамбарлардың бірі Жозеф Смит атты кісі болған. Ол Америка Құрама Штатында өмір сүрген. 1820 жылы Жозеф Смит 14 жаста болатын. Ол кезде көптеген халық шынайы Шіркеуді іздеп, әр түрлі шіркеулерге қосыла бастады. Жозеф ізгі адам болғысы келіп, Көктегі Әкеміздің шынайы Шіркеуін іздеді.

Бір күні Жозеф Киелі кітап деп, аталатын қасиетті кітапты алып оқыды. Ол, егер сіз бір нәрсені білгіңіз келсе, Көктегі Әкемізден сұраңыз, сонда Ол сізге жауабын береді, дегенді оқыды. Ол Көктегі Әкеміз оған не істеу керектігін айтады деп, кәміл сенді. Ол Көктегі Әкемізге ерекше мінажат етемін деп шешті.

Бір күні, таңда, Жозеф шағын орманға барып мінажат етті. Ол мінажат еткен кезде, күннен де жарқын жарық аспаннан төмендей түсті. Сол жарықтың ішінде, ол Көктегі Әкеміз бен Иса Мәсіхті көрді. Көктегі Әкеміз Иса жаққа көрсетіп, «*Бұл Менің Сүйікті Балам. Тыңда Оны!*» деді.


Жозеф Исаның барлық айтқанын мұқият тындап, Оның берген нұсқауларына бағынды.

Жозеф есейе бастаған соң, Көктегі Әкеміз оны пайғамбар ретінде таңдады. Ол ұлы пайғамбар болды. Ол Көктегі Әкеміздің еркін адамдарға оқытып, үйретті.


Жозеф Смит 1844 жылы өлді. Ол дүниеден кеткен соң, Көктегі Әкеміз басқа кісіні пайғамбар етіп тағайындады. Бүгін де, әрдайым пайғамбар о дүниеге аттанған бетте, Көктегі Әкеміз жер бетінде, Оның хабарын жеткізетін басқа кісіні тағайындайды.




Жозеф Смит




Бригам Янг




Джон Тейлор




Уилфорд Вудрафф




Лорензо Сноу



Джозеф Ф. Смит



Хибер Дж. Грант



Джордж Алберт Смит



Дэвид О. Маккей



Джозеф Филдинг Смит




Гарольд Б. Ли



Спенсер В. Кимбалл



Эзра Тафт Бенсон



Говард У. Хантер



Гордон Б. Хинкли

*Көктегі Әкеміз пайғамбарларды осы күндерде де, жібереді.*

### *Талқылау*

- Көктегі Әкеміз таңдаған пайғамбарлар кім?
- Жозеф Смит нені істеді?

### **Бүгін де, жер бетінде пайғамбар бар**

Көктегі Әкеміз жер бетіндегі балаларын жақсы көреді. Ол біздің барлық қиындықтарымызды жақсы біледі. Бізге көмектесу үшін, Ол пайғамбарды жіберді. Көне заманның пайғамбарларымен байланыс орнатқандай, бүгін де, Ол пайғамбармен хабарласады. Көктегі Әкеміз күллі адамдарға арнап, пайғамбарға нұсқау береді. Пайғамбар Көктегі Әкемізден күллі адамдар үшін, нұсқау алатын жалғыз тұлға.

Бүгін өмір сүретін пайғамбар ұлы адамның өзі. Ол Көктегі Әкемізді жақсы көреді, сондықтан Оған мойынсұнуды қалады. Көктегі Әкеміз пайғамбарға біз танып, істеуге тиістіні айтады.

### *Талқылау*

- Неге Көктегі Әкеміз бүгін де, пайғамбарды жібереді?
- Нұсқауды пайғамбар кім үшін алады?
- Неге біз пайғамбардың барлық айтқанына наным сенеміз?

### **Пайғамбар арқылы Оның бізге берген нұсқауларына мойынсұнсақ, Көктегі Әкеміз бізге көмегін береді.**

Көктегі Әкеміздің тағайындаған пайғамбары бізге Оның атынан сөйлеген кезде, оған мойынсұнғанымызды өсиет етті. Көктегі Әкеміз бізге пайғамбар арқылы берген нұсқауларына мойынсұнатын болсақ, Оған қалай ұқсас бола алатынымызды үйренеміз. Біз істеуге міндетті заттарды оқып-үйренеміз. Бізде қиындықтар пайда болған кезде, оның шешімін табуды үйренеміз. Көктегі Әкеміз бізге көмектеседі және біздің жүрегімізде тыныштық орнайды.

### *Талқылау*

- Біз неге пайғамбардың істе деп, айтқанына құлақ салып, тыңдағанымыз жөн?
- Бізге Көктегі Әкеміз пайғамбар арқылы істе деп, айтқан нұсқауларына мойынсұнсақ, Ол бізге Өз көмегін қайтып береді?

### *Сілтемелер*

*Пайғамбар, Көктегі Әкеміздің хабарын адамдарға жеткізетін кісі*

- Сандар 12:6; Лұқа 1:70 (Көктегі Әкеміз пайғамбар арқылы хабарласады.)
- Еремия 1:5, 7 (Көктегі Әкеміз Оның пайғамбарлары не деп сөйлейтінін оларға айтады.)



*Көктегі Әкеміз әрдайым бізге көмек көрсету үшін пайғамбарларды жібереді*

- Амос 3:7 (Көктегі Әкеміз әрқашан пайғамбарлар арқылы жеткізеді.)
- Еврейлерге 1:1 (Өткен заманда, Көктегі Әкеміз пайғамбарлар арқылы жеткізген.)

*Бүгін де, жер бетінде пайғамбар бар*

- 2 Нефий 3:7–24(Көктегі Әкеміз соңғы күндері пайғамбарларды тағайындаймын деп, уәде берген.)

*Пайғамбар арқылы Оның бізге берген нұсқауларына мойынсұнсақ, Көктегі Әкеміз бізге көмегін береді.*

- Екінші заң 18:18–19 (Менің атымнан сол пайғамбарлардың айтқанына кімде-кім құлақ аспаса, пайғамбарлар айтқандай, жазаланып болады.)
- 3 Нефий 28:34 (Кімде-кім қиқарлық танытып, пайғамбарлардың айтқанына құлақ аспаса, Көктегі Әкеміз Оның ұдайы қасында болуға тиым салады.)

# КИЕЛІ ЖАЗБАЛАР

10 тарау

---

*Көктегі Әкеміз бізге көмекші етіп, төрт киелі кітапты берді. Ол төрт кітаптың атын білесіз бе?*

## **Көктегі Әкеміз бізге киелі жазбаларды беріп, бізге Өз сүйіспеншілігін білдірді**

Көктегі Әкеміз Оның еркі бойынша, біз білуге тиістіні пайғамбарларға жазып қалдырсын деп айтты. Оларды киелі жазбалар деп атайды. Олар өте қасиетті, өйткені ол Көктегі Әкеміздің бергені. Адамның Көктегі Әкеміздің көмегіне сүйенбей жазғанына қарағанда, ол кітаптар ұлы да, өте маңызды.

Ол жазбаларды Көктегі Әкеміз бізге көмектесу үшін берді. Оларды оқып біз Көктегі Әкемізді танып, Оның бізге қатысты керемет жоспары туралы білеміз. Осы дүниеге келер алдындағы Оның қасында өткізген өміріміз туралы оқып білеміз. Біз Иса Мәсіх туралы оқып біле аламыз. Біз істеуге тиісті нәрселерді оқып, орындасақ, Көктегі Әкеміз секілді бақытты өмір сүруге мүмкіндік аламыз.

Бұл жазбалар Көктегі Әкеміздің бізге деген сүйіспеншілігі зор екенін білдіреді және де, ол бізді таза жолмен өмір сүруге шақырады. Олар, бізге Көктегі Әкемізді танып-білген басқа адамдар туралы айтады. Олар бізге Көктегі Әкеміз барлық адамдарды жақсы көретінін жеткізеді. Біз осы киелі жазбаларда, адамдар Көктегі Әкемізге бағынатын болса, олар бақытқа кенеліп, Оның көмегін алатыны туралы оқимыз. Ал олар қи-қарлық танытып, теріс жолды таңдайтын болса, олар бақытсыздыққа ұшырап, Оның көмегіне зәру болады.

### ***Талқылау***

- Киелі жазбалар туралы не білесіз?
- Киелі жазбаларды біз қалай танып біле аламыз?

## **Бізде төрт киелі жазба кітабы бар**

Төрт киелі жазба кітаптары: Киелі кітап, Мормон кітабы, Ілім мен Өсиеттер және Інжу Қазынасы. Ол кітаптың барлығында Көктегі Әкеміз және Иса Мәсіхтің сөздері нақты көрсетілген. Олардың барлығы Көктегі Әкеміз және Иса Мәсіхтің ақиқат ілімдеріне үйретеді.

### *Киелі кітап*

Киелі кітапта анау Адам заманынан бастап, Исаның Апостолдары \* өмір сүрген кезге дейін, Көктегі Әкеміздің адамзатқа берген сөздерін толық қамтиды. Ол сөздерді біз біліп, осы заманда Оның жолымен жүру үшін берілген. Киелі кітап екі бөлімнен тұрады. Ол Көне Өсиет пен Жаңа Өсиет.

Көне Өсиет Көктегі Әкеміз жерді жаратып, оған бірінші еркек пен әйелді жіберген оқиғадан басталады. Көне Өсиетіне көптеген пайғамбарлардың тарихы кірген: Нұх, Ыбырайым, Исраил, Мұса, Ишая және Лияс. Тарихта, Көктегі Әкеміз ізгі-ниет іс істеген адамдарға көмектескені туралы айтылған. Тағы бұл Көктегі Әкеміздің ілімдерін қабыл алмай, пайғамбарлардың сөзіне құлақ аспаған адамдар Оның көмегіне мұқтаж болады дегенді түсіндірді.

Жаңа Өсиет Киелі кітаптың екінші бөлімі. Бұнда, Исаның дүниеге келіп, жер бетіндегі өмірі туралы оқиға айтылған. Онда Исаның керемет ілімдері мен Оның адамдарға деген сүйіспеншілігі мен Оның оларға берген көмегі туралы сандаған оқиғалар келтірілген. Жаңа Өсиет Өз шәкірттерінің арасынан Апостолдарды қалай тағайындап, оларды оқытып, оларға Оның жұмысын атқаратын билік күшін бергенін түсіндіреді. Оның ізбасарлары Оны Иеміз деп таныды. Кейінгі жазбада, Оны Иеміз Иса Мәсіх деп атаған.

Жаңа Өсиетте Иса адамзатқа шығарылған әділ үкімді өз мойнына алып, қаһарлы жазаға тартылады деп айтылған. Жаңа Өсиет жазбалары, Апостолдар өзгелерді Исаның ақырғы заманда, Патша ретінде салтанатпен қайтып оралуы туралы және басқа жайттар жөнінде үйреткен оқиғасымен аяқталады.

Дүниедегі адамдар Апостолдардың айтқанын қабыл алмады. Оларды мазақ қылып, қудалап өлтірді. Апостолдар мен пайғамбарлар өлген соң, Көктегі Әкеміздің сөзін жазып қалдыратын ешкім болмады.

Киелі кітапта Көктегі Әкеміздің сөзі шамамен дұрыс аударылған.

*Мормон кітабы*

Мормон кітабында Көктегі Әкеміздің көне заманда, Америка континентінде өмір сүрген адамдарға арналған ілімдер кіреді. Бұл жазбаның бір бөлігі Иса Мәсіх туғанға дейін 2,000 жыл бұрын жазылған. Өзге бөлігі шамамен 600 жыл бұрын Иса Мәсіхке дейін басталып, Оның дүниеге келгеннен кейін 400 жыл өте аяқталады. Бұл кітапта Көктегі Әкеміздің маңызды ілімдері жазылған. Иса бүкіл дүние жүзінің Құтқарушысы болып келетінін, сол көне заман мен осы заман адамдарына жеткізу үшін Мормон кітабы жазылған.

Мормон кітабының басым бөлігіне бір топ адамның Иерусалимнен Америка континентіне саяхаттап шыққандары туралы айтылған. Олар 600 жыл бұрын Иса Мәсіх бұл дүниеге келерге дейін саяхаттаған. Ол топты пайғамбар Нефий мен оның ұлы Легий басқарған болатын. Нефийдің екі бауыры ашуға басып, әкесіне бағынғысы келмеді. Олардың аты Ламан мен Лемуил болған.

Легий дүниеден кеткен соң, оның отбасы екі топқа бөлініп, ажырап кетті. Нефийдің соңынан кеткендерді Нефийлықтар деп атады. Ал Ламанның соңынан кеткендерді Ламандықтар деп атады. Сол екі топ ұлы ұлтқа айналды. Нефийлықтар мен Ламандықтар өз ара сансыз соғыс жүргізді. Көктегі Әкеміз Оның өсиеттеріне мойынсұнған адамдарға, батасын беріп қамқорлығын танытты.

Көктегі Әкеміз Өзінің хабарын адамдарға жеткізіп, Америкаға алып келуі үшін, көптеген пайғамбарларды тағайындап жіберді. Олардың өмірі мен адамдарға Құдайдың сөзін айтып, жеткізген оқиғасы Мормон кітабында табылған. Бұл кітапта кейбір аса құрметті Нефий, Жақып, Бунямин, Алма, Мормон мен Мороний секілді пайғамбарлар туралы айтылған. Осы кісілердің барлығы Көктегі Әкеміздің Америкадағы адамдарының тарихын жазып қалдырды. Мормон сол пайғамбарлар жазған жазбалардың барлығын бір кітап қылып біріктірді.

Пайғамбарлар адамдарға Иса Иерусалимдегі жұмысын аяқтап, көктен қайтып келеді деп, хабардар еткен. Иса расында да, Америкадағы ізгі адамдармен байланыс орнатқан. Ол оларды Өз інжіліне\*оқытты және олар дүниеден кеткен соң, Көктегі Әкеміздің ұдайы қасына оралу үшін, істейтін басқа да, нәрселерге де үйретті.

Адамдар Исаны мойындап, Оған сандаған жылдар бойы мойынсұнып келді. Олар мейірімді болып тыныштыққа кеңеле өмір сүрді. Содан,

олар Исаны ұмыта бастады. Олар пайғамбарларына құлақ аспайтын болды. Олар теріс жолына түсіп, мейірімсіздік танытты.

Кітапта, Мормон өзінің халқы Нефийлықтар мен оның ұлы Моронийдің тарихын жазып қалдырған ең соңғы пайғамбар. Ламандықтармен болған ұлы қақтығыстан оның барлық адамдары өлген соң, пайғамбарлардың жазған тарихын Мороний төбешікте жерледі.

Бұл төбешіктегі жерленген тарих жүз жылдар бойы сақталды. 1820 жылы Көктегі Әкеміз Жозеф Смитті Оның пайғамбары етіп тағайындап, Оған тарих жерленген жерді көрсету үшін, қайта тірілген\* Моронийді жіберді. Жозеф ол тарихты ағылшын тіліне аударып шықты. Бүгін оны Мормон кітабы деп білеміз.

Көктегі Әкеміз жер бетіндегі күллі адамдарға деген сүйіспеншілігі шексіз екенін білдіру үшін, Мормон кітабы жазылған. Мормон кітабы Иса жер бетіндегі күллі адамдардың Құтқарушысы екенін білдіреді және Ол Көктегі Әкеміздің Рухани Ұлы екендігін оқытып, үйретеді.

#### *Ілім мен Өсиеттер*

Ілім мен Өсиеттер кітабына, Көктегі Әкеміздің осы заманның адамдарына арнаған сөздері кіреді. Онда Иса Мәсіхтің Шіркеуін ұйымдастыратын нұсқаулар келтірілген. Ол шіркеу мүшелері мен жетекшілердің міндеттерін түсіндіреді. Оның ішіне ұзақ уақыт беймәлім болған барша әлем адамдарына арналған ілімдер де, кіреді. Ол Киелі кітаптағы кей ілімдерді ұғындырады.

Ілім мен Өсиеттер осы заманда өмір сүріп жатқан біздерге арналған хабар. Ол Көктегі Әкемізге мойынсұнбай, қиқарлық танытқан кезімізде, болатын жайттар туралы ескертулер жасайды. Ал, Оған мойынсұнсақ, Көктегі Әкеміз бізге ғажайып нәрселерді даярлағаны туралы айтылған.

#### *Инжу Қазынасы*

Инжу Қазынасы Мұса, Ыбырайым кітабы мен Жозеф Смиттің бірқатар киелі жазбаларын толық қамтиды.

Мұса кітабында Көктегі Әкеміздің Мұсаға берген көрістері жазылған. Ол жердің жаратылысын түсіндіреді. Онда Киелі кітаптан беймәлім болған ілімдер жазылған.

Ыбырайымның кітабында, жердің Жаратылысы мен Көктегі Әкеміз бен Оның билігі туралы айтылған.

Жозеф Смиттің жазбалары Көктегі Әкеміздің оны қалай пайғамбар етіп тағайындағаны туралы келтірген. Оған тағы Киелі кітаптың кейбір аудармасы мен Иса Мәсіхтің Соңғы Замандағы Әулиелер Шіркеуінің бірнеше тәлім сөздері түсіндірілген. Ол тәлім сөздерін Дін Рәміздері деп атайды.

Көктегі Әкеміздің бүгінгі күні өмір сүріп жатқан пайғамбары да, Көктегі Әкеміздің оған айтқанын қағаз бетіне түсіріп жазады. Көктегі Әкеміз бұрынғы пайғамбарларға көптеген ұлы да, маңызды нәрселерді хабардар етті. Ол осы күні де, Өз пайғамбарларына ұлы да, маңызды хабарды жеткізіп тұрады.

### ***Талқылау***

- Бүгінгі күні бізде қандай төрт киелі жазба кітабы бар?
- Неге біз үшін ол кітаптардың маңызы зор?

### **Біз киелі жазбаларды оқысақ Көктегі Әкеміз бізге көмектеседі**

Киелі жазбаларда, Көктегі Әкеміз бізді Өзіне қайтару үшін Өз жоспарына оқытып, үйретеді. Киелі жазбаларды біз оқыған кезде, Оның бізге білдірген еркін танып, үйрене істей аламыз. Киелі жазбаларды оқымаған күнімізде, оларды біз танып, біле алмаймыз. Көктегі Әкеміздің бізге деген қалауын білмейтін боламыз.

Бізге күнделікті киелі жазбаларды оқып, үйрену қажет. Біздің отбасымыз Киелі жазбаларды оқып білуі керек. Біз отбасындағыларға киелі жазбаларды ұғып, түсінуге көмектескеніміз жөн. Көктегі Әкемізден келген киелі жазбаларды балаларымызға жеткізіп үйрету біздің міндет. Біз ол кітаптың мазмұнын балаларға үйретіп, киелі жазбалар үшін, ризашылығымызды білдіруіміз керек.

### ***Талқылау***

- Біз киелі жазбаларды таныған мезеттен Көктегі Әкеміз бізге қалай көмектеседі?

### ***Сілтемелер***

*Көктегі Әкеміз бізге киелі жазбаларды беріп, бізге Өз сүйіспеншілігін білдіреді*

- 2 Тимотеге 3:16–17 (Көктегі Әкеміз киелі жазбаларды бізге көмектесу үшін берді.)
- 2 Нефий 29:3–13 (Көктегі Әкеміз Оған мойынсұнған барлық адамдарға киелі жазбаларды берді.)

- 2 Нефий 33:10 (Киелі жазбалар бізге Иса Мәсіхтің сөздерін жеткізеді.)

*Бізде төрт киелі жазба кітабы бар*


- 2 Нефий 3:12; 29 (Көктегі Әкеміз көптеген пайғамбарларға киелі жазбаларды жазып, қалдырыңдар деп, бұйырды.)
- Ілімдер мен Өсиеттер 20:9 (Мормон кітабы Исаның оқытқан інжілінен тұрады.)

*Біз киелі жазбаларды оқысақ Көктегі Әкеміз бізге көмектеседі*


- Жохан 5:39 (Киелі жазбаларды оқып білу.) Олар Көктегі Әкеміздің қасына қайта оралуға бізге көмектеседі.
- Мормон 7 (Киелі жазбалар біз білуге тиістіні оқытып, үйретеді.)
- Мороний 10:3–5 (Киелі Рухтың жетелеуімен біз Киелі жазбалар ақиқат жолы болып табылатынын білеміз.)

# ИСА МӘСІХ БІЗДІҢ ҚҰТҚАРУШЫМЫЗ

*Төртінші бөлім*







*Құтқарушымыз, Иса Мәсіх қарапайым қорада дүниеге келді.*

# ИСА МӘСІХТІҢ ӨМІРІ

11 тарау

---

*Иса Мәсіх бізді Көктегі Әкемізге әкелетін жалғыз тұлға. Ол туралы не білесіз?*

## **Көптеген адамдар Иса Мәсіхтің келуін аңсап күтті**


Иса біздің Құтқарушымыз болуын ұсынды. Ол жер бетіне келіп, бізге Көктегі Әкеміздің қасына қайта оралу жолын көрсетем деді. Исаның дүниеге келмей тұрып, өмір сүрген көпшілік қауым Құтқарушысының қасында болу үшін, Оның келетініне сенді. Олар Оның келетініне сенді. Мәсіх келіп, оларды күнә құрсауындағы жазадан мәңгілік азат ететінін білді.

Иса дүниеге келмей тұрып, өмір сүрген барша пайғамбарлар Оның келетінін хабарлаған болатын. Көктегі Әкеміз періштені Адамға жіберіп, Исаның жер бетіне келетінін жеткізді.

Көп жылдар бұрын, Иса дүниеге келмей тұрып, Ишая атты пайғамбар Иса біздің күнәларымызды өз мойнына алып, өтейтінін көрді. Ишая, адамдар Исаны мойындамай, Одан бас тартады, ал Иса үлкен қайғыға батады деді.

Нефий пайғамбар туралы Мормон кітабынан оқыдық, ол Исаның істейтін істері туралы айтқан болатын. Нефий көптеген жылдар бұрын Иса дүниеге келмей тұрып, бұл хабарды жеткізген. Ол сәби Исаны, Оның анасының қолында көргенін айтты. Періште Нефийге келіп, ол сәби Көктегі Әкеміздің Ұлы деп, жеткізеді.

Біз Мормон кітабынан Бунямин пайғамбар туралы оқыдық. Ол адамдарға, Исаның жер бетіне келгенін көресіндер деп, айтты. Бунямин оларға, Иса ауырған адамдарды сауықтырады, мүгедекті аяғына тұрғызады, соқырдың көзін ашады, саңырауды еститін қылады, деді. Ол тағы зұлым рухтарды қуып, өлген адамдарды тірілтеді. Бунямин,



*Иса бала кезінен ғұламаларды гибадатханада оқытты.*

адамдарды Иса Көктегі Әкемізге сүйіспеншілікпен қарап, бір-біріне мейрімді болуға шақырады деп, хабарлады.

Иса дүниеге келгеннен кейін, өмір сүрген барша пайғамбар, Оның келгенін хабарлады. Иса Мәсіхсіз Көктегі Әкеміздің жоспары орындалмайтын еді.

### *Талқылау*

- Неге Иса жер бетіне келуін ұсынды?
- Оның жер бетіне келетінін куәгерлік еткен пайғамбарлар кім?

### **Иса дүниеге келіп, әлемге қуаныш сыйлады**

Иса Бетлехем деген шағын қалашықта дүниеге келді. Ол дүниеге келген кезде, періштелер бақыт сезіміне оралып, ән айтты. Аспанда жаңа жұлдыз жанып жарқырады. Малшылар мен ғұлама адамдар Оған ізет білдіріп, көру үшін келді. Дүние жүзіндегі көптеген ел әлі де, Оның туған күнін тойлайды.

Дүниеге келген басқа балалардан Иса ерекше болатын. Исаның әкесі біздің Көктегі Әкеміз. Иса Көктегі Әкеміздің рухани Ұлы бола тұра, Оның тән мен сүйектен жаратылған денесінің де, әкесі. Иса Өз Әкесінен өзге адамдарда жоқ билік кілтін алды. Ол рұқсатын берсе де, адамдар Оның өмірін иелене алмады. Ол өлген соң, Оның денесі қайта тіріліп келуі үшін, Оған билік күші берілген болатын.

Исаның анасы Мариям болған. Ол қіршіксіз таза жанды жас әйел болатын, шамамен ол 2,000 жыл бұрын Назарет атты қалада өмір сүрген. Ол пәк таза, тұрмыс құрмаған жас қыз болған кезде, Оған Көктегі Әкеміздің періштесі келді. Періште оған Иса Мәсіхтің анасы болатынын айтты. Періште оған, біздің Көктегі Әкеміз Исаның Әкесі болады деп айтты. Жер бетіндегі бірде-бір адам Оның Әкесі бола алмайды.

Періште Мариямның болашақ күйеуіне келіп, түсінде аян береді. Ол адамның аты Жүсіп болатын. Періште оған, дүниеге келетін сәби Көктегі Әкеміздің Ұлы және жер бетіндегі өзге кісінің ұлы емес деп, жеткізеді. Періште Жүсіпке, қалыңдығың Мариямды қабыл ал дейді. Жүсіппен Мариям қосылып, тұрмыс құрады. Иса дүниеге келген соң, Жүсіп Исаны өз қамқорлығына алып, өз баласындай көрді.

Оның анасы пенде болғандықтан, Иса аштықты, ауырғанды, шөлді және өлімді сезінетін болды.

### *Талқылау*

- Біз Исаның өмірге келген оқиғасының маңыздылығын қалай білеміз?
- Иса Өз Әкесінен қандай билікке ие болды?

- Иса жер бетіндегі анадан туылған соң, Ода қандай сезімдер пайда болды?

### **Иса бізді Өз інжіліне үйрету үшін келді**

*Иса кіршіксіз пәк болды*

Иса кіршіксіз пәк болды. Ол Көктегі Әкеміздің еркін толық орындады. Иса өзге балалар өскен секілді өсті. Өсе келе Ол даналыққа кенелді. Оған Көктегі Әкеміздің күш-қуаты қонды.

Иса 12 жасқа толысымен, Ол Көктегі Әкеміздің еркін білдіру үшін, келгенін білді. Ол жер бетіне арнайы жұмыс атқару үшін, келгенін білген болатын.

Бір күні Ол Мариям мен Жүсіпке еріп, Иерусалимге барды. Мариям мен Жүсіп үйлеріне қайтып оралған кезде, Исаны қастарынан ташпай қалды. Оны іздеп, олар Иерусалимге қайта барады. Үш күн өтісімен, Исаны ғибадатханада ғұламалы адамдардың ортасында айтқандарын тыңдап, сұрақтар қойып отырған жерінен тапты. Тыңдап отырғандардың бәрі Исаның ұғымталдығына және берген жауаптарына қайран қалысты. Жүсіп пен Мариям Оны тапқандарына қатты қуанды, бірақ Ол олардың қасында қалмағанына өздерін бақытсыз сезінді. Иса оларға, Менің Көктегі Әкемнің ісімен шұғылданғаным жөн деді.

*Исаның су рәсімінен өтуі\**

Иса 30 жасқа толғанда, Ол Жақияға су рәсімінен өту үшін Галилеядан Иордан өзеніне келді. Жақия Иса кіршіксіз пәк болғандықтан, Оны су рәсімінен өткізудің қажеті жоқ деп, ойлады. Бірақ Иса Жақияға Мені су рәсімінен өткіз деді. Иса Көктегі Әкеміздің барлық өсиеттерін толық орындағысы келді. Жақия Исаны су рәсімінен өткізді. Оның денесін толық суға батырып, қайта көтерді. Иса су рәсімінен өткен соң, Көктегі Әкеміздің көктен: «Бұл Менің Рухани Ұлым, Мен Оған толықтай ризамын!» –деген даусы естілді. Иса су рәсімінен өткен кезде, Киелі Рух та, қонды.

*Иса сынақтан өтіп, Ібілісті жеңеді*

Иса су рәсімінен өткен соң, Ол ауыз бекітіп, мінажат ету үшін шөл далаға кетеді. Сол жерде Исаның ауыз бекіткеніне 40 күн өтісімен, Ібіліс азғырушы Оған келеді. Егер Исаны бір күнә жасауға итермелеп істетсе, Иса жер бетіне келгендегі Өз ісін орындай алмайтынын Ібіліс жақсы білетін. Сонда Көктегі Әкеміздің жоспары орындалмас еді.

Иса Ібілістің барлық алдауына қарсы тұрды. Ол Ібілісті қасынан қуды. Оның қасынан Ібіліс кеткен соң періштелер келіп, Исаға қызмет көрсетті.

*Иса бізге Көктегі Әкемізге бет бұрып, сүйіспеншілікпен қарауға және бір-біріңді жақсы көріңдер деп, бізді үйретті.*

Ол Ібілісті жеңіп шыққан соң, Иса өз қызметіне кірісті. Оның жер бетіне келген себебінің бірі, бізді дұрыс өмір жолына үйрету болды.

Иса бізді Көктегі Әкемізді барша жан-жүрегімізбен, ақыл-ойымызбен, күшімізбен сүйгеніміз жөн деп, оқытты. Ол біз, өзімізді қаншалықты жақсы көрсек, соншалықты өзге адамдарға да, сүйіспеншілікпен қарауымыз керек деп, үйреткен. Біз өзгелерге кешірім жасап, оларға қызмет көрсетуіміз керек. Иса бізге оны қалай істеу керектігін көрсетті. Ол Өзінің Көктегі Әкесіне деген сүйіспеншілігін көрсетіп, Көктегі Әкеміздің еркін толық орындады.

*Иса адамдардың барлығын жақсы көреді*

Иса әркімді жақсы көрді. Ол ауырған адамдарды сауықтырды. Ол соқырдың көзін ашып, мүгедекті аяғына тұрғызды. Иса Мәсіх жас балаларды қолына алып, оларға батасын берді.

Иса күнәға батқан адамдарға Өз сүйіспеншілігін білдірді. Ол оларды күнәлары үшін өкініп, енді күнә жасамауға шақырды. Иса Өзін өлтіргендерді де, жақсы көрді. Ол солар үшін Көктегі Әкемізге мінажат етті. Иса бізді Өзі жақсы көргендей, бізге де бір-біріңді солай жақсы көріңдер деп, үйретті.

**Талқылау**

- Көктегі Әкемізге деген өз сүйіспеншілігімізді көрсететін қандай істерді атқара аламыз?
- Біз өзге адамдарға өз сүйіспеншілігімізді білдіретін нәрселер қандай?

*Иса шіркеуін құрды*

Иса барша адамдардың Көктегі Әкеміздің ұдайы қасына қайта оралу жолын білгендері жөн деп, санады. Оның жолы Інжіл деп аталады. Барша адамдар інжілді танып білулері үшін, Иса шіркеуін құрды.

Шіркеуді басқару үшін, Иса он екі адамнан құралған Апостолдарды тағайындады. Иса көкке көтерілген соң, олар адамдарды інжілге оқытты. Иса он екі Апостолға Оның атынан іс жүргізетін билік берді. Олар барлық адамдарды інжілге үйретіп, оларды су рәсімінен өткізе алды. Олар інжілді үйрететін өзге адамдарды көмекке шақырып, тағайындады және Оның ісін жалғастыра орындады.

**Талқылау**

- Иса неге он екі Апостолды тағайындады?

## **Біз Исаны танығалы Оны Ұлы Тұлға деп, білеміз**

Иса біздің әрқайсысымызға қалай өмір сүру керектігін көрсетті. Біз Оған деген ұқсастығымызды жақындата оқып, үйренетін болсақ, бізді бақытты қылатын істер жасап, үйренеміз. Біз тағы, Көктегі Әкеміздің ұдайы қасына оралуымыз үшін, бізге не нәрсе көмектесетінін білетін боламыз.

Исаның бізге деген сүйіспеншілігін білген кезде, біз тыныштық орнағанын сеземіз. Біз өзімізді қауіпсіздікте сезініп, қорқуды ұмытамыз. Ол бізге жетекшілік ету үшін, біз Оған сенім арта алатынымызды білеміз. Біз білеміз, Ол біздің қиындықтарымызды түсінеді. Оның ілімдері бізге қиындықтарымыздың шешімін табуға көмектеседі. Исаның біз үшін істеген істерін түсінген кезде, Оған деген сүйіспеншілігіміз ұлғаяды. Біздің Оны жақсы көргеніміз, Оған мойынсұнуға ерік білдіргеніміз. Біз Онымен бірге болатын күнді аңсап күтудеміз.

### *Талқылау*

- Исаның берген көмегін біз қалай түсінеміз?
- Исаны танып білген кезде, өзіңізді қалай сезінесіз?

### *Сілтемелер*

*Көптеген адамдар Иса Мәсіхтің келуін аңсап күтті*

- Ишая 53:3–7 (Ишаяның Иса туралы айтқаны.)
- Мосия 3:5–7 (Бунямин Исаның істейтін істері туралы айтты.)

*Иса дүниеге келіп әлемге қуаныш сыйлады*

- Лұқа 2; 3 Нефий 1 (Исаның дүниеге келуі.)

*Иса бізді Өз Інжіліне үйрету үшін келді*

- Матай 3:13–17 (Исаның су рәсімінен өтуі.)
- Матай 4:1–11 (Иса сынақтан өтіп, Ібілісті жеңді.)
- Матай 25:35–46; Жохан 15:12 (Иса өзгелерге көмектескісі келді.)
- Марқа 1:34; Матай 14:14 (Иса науқас адамдарды сауықтырды.)
- Лұқа 2:40 (Иса өсіп, күш жинап, даналыққа кенеле берді.)
- Лұқа 2:46–47 (Бала Исаның ғибадатханада ғұламалы адамдарды оқытуы.)
- Жохан 8:28–29 (Исаның Көктегі Әкесінің еркін орындауы.)

*Біз Исаны танығалы Оны Ұлы Тұлға деп, білеміз*

- Матай, Марқа, Лұқа, Жохан (Исаның ілімдері мен өмірі.)

# ИСА МӘСІХТІҢ ӨТЕЛУІ

12 тарау

---

*Иса біздің күнәларымыз үшін қаһарлы жазаға тартылды. Неге Ол біздің орнымызды басып, өлім жазасын таңдады?*

**Көктегі Әкеміз Иса Мәсіхті жерге біздің Құтқарушы болу үшін жіберді**

Көктегі Әкемізге ұқсас болуымыз үшін, біз тән мен сүйектен тұратын денеге ие болуымыз керек, бірақ біз өлген соң, ол денеден айрылатынымызды Көктегі Әкеміз біледі, өйткені Адам мен Хауа Көктегі Әкеміздің айтқан нұсқауын орындамады. Олар Көктегі Әкеміздің тиым салған жемісін жеп, соңында өледі. Сөйтіп, олардың артынан тағы адамдар дүниеге келеді. Әмбе, Көктегі Әкеміз жер бетінде біз күнәқар екенінімізді білді, сондықтан біз өз күнәміздің құрсауынан шығып, Оның ұдайы қасына оралып өмір сүре алмас едік. Біздің орнымызды басып, күнәларымызды мойнына алып, қаһарлы жазаны тартып, бізді бағындыра алатын біреудің көмегі керек болды, сонда біз Көктегі Әкеміздің ұдайы қасына оралар едік. Біз өлген соң тән мен сүйектен тұратын денемізді қалпына келтіруге көмектесуіміз керек. Иса бізге көмектесемін деді. Ол біздің Құтқарушымыз болады.

Біздің күнәларымызды өтейтін күнәсіз, пәк адам керек болды. Оны істей алатын тек қана Иса болды. Ол пәк таза. Ол өлімге билігін жүргізді, сондықтан біз өлген соң, денемізді қайтаруға Ол көмектесе алады. Ол барлығымызды жақсы көреді. Біз күнәларымыздан тазаруымыз үшін, Ол біздің орнымызды басып, күнәларымыздың құнын Өзінің қасиетті өмірімен өтеуге даяр болды. Біз дүниеден өткен соң, өмірге қайта оралуымыз үшін, Ол біздің орнымызды басып, өлуге ерік білдірді. Исаның біз үшін істеген құрбандығын Өтелу деп атайды.

**Талқылау**

- Неге Көктегі Әкеміз Исаны жер бетіне жіберді?





*Гетсимани бағында, Иса бүкіл адамзаттың күнәларын өз мойнына алды.*

---

**Исаның көрген азабы Оның және Көктегі Әкеміздің бізге деген шексіз сүйіспеншілігін көрсетеді.**

Көктегі Әкеміздің бізге деген сүйіспеншілігі шексіз болғандықтан, Ол Өзінің Баласы Исаны жер бетіне жіберіп, біздің орнымызды басып, азаптан өтіп, өлуіне жол берді. Исаның бізге деген сүйіспеншілігі шексіз болғандықтан, біз үшін күнәнің жазасын өз мойнына алып, жанын қиды. Азаптың жолы ауыр болатынын Иса білді. Ол өзі көтере алатыннан да, ауырлау болды. Бірақ, Ол бізді Көктегі Әкемізге ұқсас болғанымызды қалады.

Иса Гетсимани бағы деп, аталатын жерге барды. Онда Ол тізерлеп, Көктегі Әкеміздің көмегін сұрап мінажат етті. Ол Көктегі Әкемізден, мүмкін болса қаһарына толы азаптан алыстата гөр, деп сұрады. Бірақ, Ол Көктегі Әкемізге «Менің емес, Сенің еркін болсын», деді. Иса азап шегуге міндетті емес еді. Бірақ, Ол бізді күнәларымыздан азат ету үшін, азап жолын таңдады, өйткені ол Көктегі Әкеміздің құрған жоспарының бір бөлігі болатын.


Гетсиманиде, Иса бүкіл адамзаттың күнәлары үшін азап шекті. Оның басынан өткерген барлық күнәлардың азабын, қайсысымыз болса да, ойлаған түсініктен де қиын болды. Азаптың соншалықты қатты болғанынан, ол қалшылдады. Оның денесінің әр қуысы қанталады.

Содан соң күнәқар адамдар келіп, Оны тұтқынға алып, Иерусалим патшасына апарды. Олар Оның бетіне түкіріп, Оны ұрып-соқты. Олар оның басына тікенді бұтақшалардан жасалған тәж кигізді. Олар Оны мазақтап, келекет етті.

Патшалар жасақшыларға Исаны ағашқа керіп, өлтірсін деп, бұйырды. Олар Оған айқыш ағашты Өзі өлетін жерге арқалап жүруге мәжбүрледі. Олар Оны айқыш ағашқа керіп, аяғы мен қолын шегелеп, іліп тастады. Сол айқыш ағашта, Адам мен Хауаның жасаған күнәсі мен біздің күнәларымыз үшін, Оның қаһарлы жазасының азабы аяқталды.

Ол сол айқыш ағашта, көп уақыт бойы ілінген күйде қалды. Ол азаптан өтіп, кейбір адамдар Оны мазаққа салса да, Ол шыдамдылық танытып, сабырлық сақтады. Соңында, Ол Көктегі Әкемізге дауыспен айқалап: «Әке, Сенің қолыңа рухымды тапсырамын!» - деді. Мұны айтқаннан кейін жан тәсілім етті.

Исаның Өзінде Өзін өлімнен құтқаратын билік күші болды. Ол өмірін жалғастыра өмір сүре берер еді, бірақ біз Көктегі Әкеміздің ұдайы қасында өмір сүруіміз үшін, Ол өлімді таңдады.



*Иса айқыш ағашта, барлық адамдардың күнәларының құнын өтеу үшін, қаһарлы жазаға тартылып, өлді.*

Иса өлген кезде, Оның рухы Оның денесін қалдырды. Ол өлгелі үш күн өткен соң, Оның рухы Өз денесіне қайта оралып, Ол қайта тірілді. Рухтың денеге қайта оралуы, қайта тірілу деп аталады.

Иса қайта тірілген соң, Өзінің Апостолдары мен өзге адамдарға көрінді. Ол Өзінің Апостолдарына қол-аяғындағы шегеден қалған іздерді көрсетті. Олар қолдарын денесіне тигізіп, өздерінің шынайы жетекшісі екеніне көздерін жеткізді, Иса қайта тірілді. Ол олармен сөйлесіп, бірге тамақтанды.

#### *Талқылау*

- Көктегі Әкеміз бізге Өз сүйіспеншілігін қалай білдірді?
- Иса бізге Өз сүйіспеншілігін қалай көрсетті?

#### **Иса бізге күнәміздан тазаруға мүмкіндік жасады**

Тек қана Иса біздің орнымызды басып, күнәларымыздың құнын Өзінің қасиетті өмірімен өтей алады. Оның өтелуінен біз барлық мүмкіндікті алдық. Оның тірі екеніне біз сеніп, Оның өсиеттерін ұстанамыз. Біз күнәларымыз үшін кешірім сұрауымыз керек. Біз оларды қайтып істемегеніміз жөн. Біз Иса Мәсіхтің ілімдерін орындауымыз керек. Сонда Көктегі Әкеміз біздің күнәларымызды кешіреді.

#### *Талқылау*

- Неге Иса біз күнәнің құрсауынан азат болуымыз үшін бізге керек?
- Сендердің күнәларыңды Исаның өтелуі өтеп шығуы үшін, не істеулерің керек?

#### **Иса барлығымызға біздің денемізді қалпына келтіруге мүмкіндік жасады**

Иса өз еркімен өліп, қайта тірілген ең бірінші тұлға. Ол өзін қайта тірілтетін билік күші болған жалғыз тұлға. Ол бізге де, қайта тірілу мүмкіндігін жасады.

Біз өлсек те, қайта тірілеміз. Біз өлген соң, біздің рухымыз денемізге қайта оралып қонады. Иса өлімді жеңіп шықты, сондықтан біздің рухымыз бен денеміз қайтадан қауышып, мәңгі бірге болады. Біз ешқашан қайтып өлмейміз. Бұл сыйлықты Иса жер бетіне келген әр адамға берді.

#### *Талқылау*

- Біз денемізді қайтарып алуымыз үшін, Иса бізге қандай мүмкіндікті жасады?
- Қайта тірілетін кім?

### *Сілтемелер*

*Көктегі Әкеміз Иса Мәсіхті жерге біздің Құтқарушы болу үшін жіберді*

- Матай 16:21 (Иса өзінің Апостолдарына Ол өліп қайта тірілетінін айтты.)
- Алма 34:9–16 (Тек қана жалғыз Иса біздің орнымызды басып, жазаға тартыла алады.)

*Исаның көрген азабы Оның және Көктегі Әкеміздің бізге деген шексіз сүйіспеншілігін көрсетеді.*

- Лұқа 22:39–46 (Исаның Гетсимани бағында ғибадат етуі.)
- Жохан 3:16 (Көктегі Әкеміздің бізге деген сүйіспеншілігі шексіз, сондықтан Ол бізді құтқару үшін Исаны жіберді.)

*Иса бізге күнәміздан тазаруға мүмкіндік жасады*


- Римдіктер 5:12–17 (Біз Иса арқылы өлім мен күнәні жеңеміз.)
- 1 Петір 1:18–20 (Біз Исаның құрбандығы арқылы ғана құтқарыламыз.)
- 1 Жохан 1:7 (Иса барлық күнәміздан арылуға бізге мүмкіндік жасады.)
- 2 Нефий 9:21–22 (Исаның көрген азабы бізді тек қана Оның өсиеттерін орындайтын болсақ, құтқаратын болады.)
- Геламан 14:15–18 (Иса біз қайта тірілуіміз үшін өлді.)

*Иса барлығымызға біздің денемізді қалпына келтіруге мүмкіндік жасады*

- Жохан 5:28–29 (Әр адам қайта тіріледі.)
- 1 Қорынтықтар 15:21–22 (Адам арқылы өлгендер, Иса арқылы қайта тірілді.)
- Алма 11:40–45 (Дене мінсіз қалпына келтіріледі.)
- Мормон 9:12–14 (Қайта тірілу өлімді жеңіп шығуға мүмкіндік берді.)

# ИСА МӘСІХТІҢ ІНЖІЛІ

*Бесінші бөлім*





*Көктегі Әкеміздің ұдайы қасына оралу үшін, біз Иса Мәсіхке берік сенуіміз керек.*

# ИСА МӘСІХКЕ СЕНУ

13 тарау

---

*Иса Мәсіхті біз көрмеген болсақ та, Оған біз қалай сене аламыз?*

## **Біз Иса Мәсіхке сеніп Оған сенімді бола аламыз**

Сенім, ол біреуге немесе көзге көрінбейтін нәрсеге сену және сол сенімге сәйкес біздің жасаған іс-әрекетіміз. Мысалы, Шаруа қожасы тұқым сеуіп, оған күтім жасаса, ол өсімдік өсіп, өніп шығады деп сенеді. Сонымен, ол тұқым себеді, суғарады және оған күтім жасайды. Ол оны істеген кезде, өсімдік өсіп, азыққа айналады.

Исаға сену деген, Оны көрмесек те, Оның тірі екеніне сеніп мойынсұну. Біз оған сенген кезде, мына кейбір нәрселер біздің Исаға деген сенімімізді білдіреді:

1. Көктегі Әкеміздің Өз жоспарын орындау үшін, Исаны таңдағанына біз сенеміз.
2. Иса біздің Құтқарушымыз, біз соған сенеміз.
3. Ол осы дүниеге Көктегі Әкеміздің Баласы ретінде келгеніне, біз сенеміз.
4. Ол жер бетіне бізді оқытып, Көктегі Әкеміздің ұдайы қасына қайта оралуымыз үшін келгеніне, біз сенеміз.
5. Бізді Ол жақсы көретініне, біз сенеміз.
6. Біз күнәларымыз үшін өкініп тәубеге келіп, жазаға тартылмауымыз үшін, Ол біздің орнымызды басып, азаптан өтті, біз соған сенеміз.
7. Ол өліп, қайта тірілгеніне, біз сенеміз.
8. Оның ілімдерінің ақиқаттығына, біз сенеміз.
9. Егер де, біз Оған мойынсұнсақ, біз Көктегі Әкеміздің ұдайы қасына орала алатынымызға, біз сенеміз.

Иса Мәсіхке сенім білдіріп, біздің Көктегі Әкемізге қайтып оралуымыздың ең маңызды мағынасы. Біз Оған сенген кезде, Оған біз сенім артып,



Ол туралы білгіміз келеді. Тек қана, жалғыз Иса бізді Көктегі Әкемізге қайтара алады. Тек қана Оған сенетін және Оған мойынсұнатын адамдар ғана, Көктегі Әкеміздің ұдайы қасында өмір сүруге қайтып орала алады.

### *Талқылау*

- Сенім дегеніміз не?
- Исаға сену деген не?
- Исаға сенім білдірудің кейбір нәрселері қандай?
- Неге біз Иса Мәсіхке сенуіміз керек?

### **Иса бізге Оған деген сенімнің жетілдіру жолын берді**

Иса бізге қалай Оны танып, Оған сенім білдіре алатынымыз туралы айтқан. Ол бізге киелі жазбаларда пайғамбарлар Ол туралы жазғанды оқып және білсін деді. Ол бізден осы замандағы тірі пайғамбарды тыңдауымызды өтінді. Біз осы нәрселерді істеген кезде, Иса туралы көбірек білетін боламыз.

Біз Иса туралы білуіміз үшін, мінажат етуіміз керек. Біз Иса туралы нені оқып, естуіміз керектігін түсіну үшін, біз оны Көктегі Әкемізден сұрап білуіміз керек. Біздің Көктегі Әкеміз бізге нені білу керектігін түсіну үшін, көмекке Киелі Рухты жібереді. Киелі Рух бізге Иса Көктегі Әкеміздің Ұлы, Ол біздің Құтқарушымыз және Оның ілімдері ақиқат болып табылатынын айтады.

Алма атты пайғамбар, егер біз бір нәрсені шынайы білгіміз келсе, біз оны тексеруіміз керек деді. Ол оны тұқымды отырғызғанмен салыстырды. Егер біз жақсы тұқымды отырғызып оған қамқор болсақ, ол өскен кезде, біз оның жақсы тұқым болатынын білетін боламыз. Егер тұқым өспей қалса, біз оның жаман тұқым болғанын білетін боламыз. Исаның ілімдері ақиқат екеніндігін білгіміз келсе, біз оларды оқып, оларға мойынсұнуымыз керек.

Исаға деген сенім, біздің жай ғана Оған сенеміз деп айтқан сөзден көре, көпті білдіреді. Бұл біздің Оған деген сенімімізді арттырып, Ол бізге әрекет етуге бұйрық беріп, біз Оған бағынышты болып келетінімізді білдіреді. Исаға мойынсұнған адамның ғана Оған деген шынайы сенімі бар. Және де, біз Оған қаншалықты мойынсұнсақ, біздің Оған деген сеніміміз арта түседі. Оның ілімдері адамдардан емес, Көктегі Әкемізден келетінін біз білеміз.

Егер біз Исаға мойынсұнбасақ, біздің сенім әлсіздене түседі. Біз Оның бұйырғанын орындаған кезде, біздің сенім күшейіп ұлғайады. Егер біз

Оны көрген болып, Оның тірі екендігіне біздің білім жеткілікті болса, біздің сенім арта түседі.

### *Талқылау*

- Біз Исаны көрмеген болсақ та, Оған қалай сене аламыз?
- Неге біздің Оған деген сеніміміз болуы үшін, біз Исаға мойынсұнуымыз керек?

### **Біз Исаға сенген кезімізде, ұлы білім мен қайрат күшке ие бола аламыз.**

Киелі жазбаларда пайғамбарлардың Исаға деген сенімі мықты болғанын оқыдық. Бұл сенім олардың жұртына көмектесу үшін, оларға күш берді. Өйткені олар Исаға сенім артты, сондықтан олар өз бетімен істей алмайтын істерді жасауға билік күші болды.

Иса дүниеге келер алдында, біздің Көктегі Әкеміз үн қатып, Нұх деген пайғамбарға кеме тұрғызуды тапсырды, өйткені Көктегі Әкеміз Нұхтың заманындағы күнәқар адамдар тәубеге келмесе, жер бетіне топан су қаптатамын деді. Адамдар тәубеге келмеді. Нұх Исаға сенетін сондықтан ол кемені жасап тұрғызды. Топан су келген кезде, тәубеге келмеген адамдардың барлығы қырылып қалды, ал Нұх пен оның отбасы қауіпсіз кемеңнің ішінде болды, өйткені олар Исаға сенгендіктен Оның айтқанын орындады.

Мұса өз халқын құлдықтан азат еткен пайғамбар. Біздің Көктегі Әкеміз Мұсаға көмектесу үшін Исаны жіберді, өйткені Мұса Исаға сенетін, сондықтан Исаның істе деп, айтқан нәрселерін орындады.

Иса жер бетінде өмір сүрген кезде, әйел Оған үлкен сенім артты. Ол ұзақ уақыт бойы ауырған болатын, сонда ол Исаның киіміне қолымды тигізсем болды сауығып кетем деп ойлады. Иса тобырдың ортасында кетіп бара жатты. Ол қалың тобырдың арасынан Исаның арт жағынан жақындап, киімінің шетіне қолын тигізді. Ол әйел сол сәтте-ақ сауығып кетті. Иса оған, сенің сенімің арқылы жақсылық жасалды деді.

Пайғамбар Жозеф Смит Иса Мәсікке сенді. Ол Киелі кітапта, егер біз Оған сенетін болсақ, біздің Көктегі Әкеміз біздің мінажатымызға жауап береді, дегенді оқыды. Жозеф біздің Көктегі Әкемізге мінажат етті. Көктегі Әкеміз бен Иса Жозефке көрінді. Көктегі Әкеміз Жозефке Исаның айтқанына құлақ салып, Оның айтқанына мойынсұн деді. Жозеф Исаға мойынсұнды және ол Мормон кітабын алып, Иса Мәсіхтің Шіркеуін қалпына келтіруге көмектесті.

Егер біз Оған сенетін болсақ, Иса бізге де, көмектеседі. Ол бізге біздің қиындықтарымызда көмектеседі. Ол бізге біз қиналған кезде көмектеседі. Ол бізге күнәні жеңіп шығуға көмектеседі. Біз өз отбасымыз бен өзге адамдарға көмектесе алатын боламыз.

Біздің Исаға деген сеніміміз болған кезде, біз Көктегі Әкеміздің жоспары бойынша өмір сүре бастаймыз. Бізді Көктегі Әкеміздің қасына қайтарып әкелетін нәрселерді жасап, біз өмір сүре бастаймыз. Егер біз жалғастыратын болсақ, бір күндері Оның ұдайы қасында мәңгілік өмір сүре алатын боламыз.

### **Талқылау**

- Біздің Исаға деген сеніміміз болған кезде, қандай білім мен күшке ие болуымыз мүмкін?

### **Сілтемелер**

*Біз Иса Мәсіхке сеніп Оған сенімді бола аламыз*

- Жохан 14:6 (Тек қана Исаның өзі ғана Көктегі Әкемізге қайтып оралудың жолын бізге көрсете алады.)
- Істер 4:12; 2 Нефий 2:9; 2 Нефий 9:23; Мосия 3:12 (Исаға ғана сенген адамдар өз күнәларынан құтқарыла алатын болады.)
- Еврейлерге 11:1; Алма 32:21 (Бізге көрінбей тұрған нәрсеге сеніп, сенім білдіру.)
- Еврейлерге 11:6 (Сенім артпаған адам Көктегі Әкемізге қызмет ете алмайды.)
- Мосия 4:10–11 (Біз Исаға сенім артуымыз керек.)

*Иса бізге Оған деген сенімнің жетілдіру жолын берді*

- Жохан 5:39 (Киелі жазбалар Иса туралы куәгерлік етеді, сондықтан да біз оларды оқып, тануымыз керек.)
- Жохан 7:16–17 (Егер де, біз Исаның істе деп айтқанын орындайтын болсақ, Оның ілімдері ақиқат екенін білетін боламыз.)
- 1 Қорынтықтар 12:3 (Киелі рух біздің Исаға деген сенімімізді арттыруға көмектеседі.)
- Жақып 2:17 (Біз Исаның айтқан игі істерін жасап, оған деген сенімімізді дәлелдейміз.)
- Алма 32:27–39 (Егер біз Исаға мойынсұнып тырысатын болсақ, біз Оның ілімдерін жақсы танитын боламыз.)

*Біз Исаға сенген кезімізде, ұлы білім мен қайрат күшке ие бола аламыз.*

- Лұқа 8:43–48 (Иса науқас әйелді емдеді, өйткені ол Оған сенді.)
- Еврейлерге 11 (Иса көптеген адамдарға көмектесті, өйткені олар Оған сенді.)

# ТӘУБЕГЕ КЕЛУ

14 тарау

---

*Істеген әділетсіздіктер бізді өкінішке әкеп тірейді. Біз қандай да, бір әділетсіздік істеген соң, қалайша қайтадан бақытты бола аламыз?*

## **Көктегі Әкеміз күнәмізді жеңіп шығатын жоспарды біз үшін құрды**

Біздің Көктегі Әкеміз баршамыздың жер бетінде күнәға бататын істерді жасайтынымызды білген болатын. Дұрыс емес нәрселер біздің күнәларымыздың ісі. Біз Құдайдың айтқан істерін жасамасақ, күнәға батамыз. Біз Құдайдың айтқанын орындамаған кезде, күнәға батамыз.

Біздің Көктегі Әкеміз кіршіксіз пәк болғандықтан, ол күнәқар адамға ұдайы қасында өмір сүруге рұқсат етпейді. Оның ұдайы қасында өмір сүруіміз үшін, біз өз күнәларымыз үшін өкініп, тәубеге келуіміз керек. Күнәларымыз үшін өкініп, кешірім сұрап, оларды істегенді тоқтатайық.

Көктегі Әкеміз бізді жақсы көреді. Біздің күнәларымыз Оның ұдайы қасына оралуымыз үшін, кедергі болғанын Ол қаламайды. Сөйтп, Ол бізге көмектесу үшін жоспар жолын құрды.

Біз өз күнәларымыздан арылып, тәубеге келуіміз үшін Көктегі Әкеміз Исаны көмекке жіберді. Күнәқар болмау үшін, Иса бізге не істеу керектігін үйретті. Ол тағы бізге сол заттарды орындау үшін, күш берді. Біз Оған сенім артып Соның жолын ұстанған кезімізде, Ол біздің жүректерімізді өзгертеді, сонда біз күнә жасағанды қаламай тек мейірімді істер жасауды қалаймыз. Егер біз күнәміз үшін жапа шеккіміз келмесе, біз Исаға сенім артуымыз керек. Исаға шынайы сенген адамдар өз күнәларынан арылып, тәубесіне келеді.

Біз Исаға сеніп тәубеге келетін кезімізде, Исаның қаһарлы азабы біздің күнәларымыздың құнын төлегендіктен біз тазарамыз. Біз Көктегі Әкеміздің қасына оралып бірге өмір сүре аламыз, өйткені біз тазардық.

### *Талқылау*

- Тәубеге келу дегеніміз не?
- Неге Көктегі Әкеміз, біз өз күнәларымыздан арылып, тәубеге келгенімізді күтеді?
- Неге Исаға шынайы сенген адамдар күнәлары үшін өкініп, тәубеге келеді?

### **Көктегі Әкеміз біз өкініп тәубеге келуіміз үшін, не істеуіміз керектігін айтты**

Өкініп тәубеге келуіміз үшін, біз Исаға және Оның үйреткен нәрселеріне сенуіміз керек. Ол біздің орнымызды басып, күнәларымыздың құнын Өзінің қасиетті өмірімен өтегеніне біз сенуіміз керек. Біздің күнәларымызды тек қана Сол өтей алатынына біз сенуіміз керек. Ол бізге біз өзіміздің күнәларымызды жеңіп шығуымызға көмектескісі келетініне біз сенуіміз керек. Оның бізге бұйырған істерін орындауымыз үшін, біз бар күшімізді салып еңбек етуіміз керек.

Біз тәубеге келген кезімізде, Исаға бізді Оның қалаған жолына өзгертуге ерік береміз. Біз жаман істерді тоқтатып жақсы істерді жасай бастаймыз. Егер біз шындыққа сай емес нәрселерді айтқан болсақ, біз оны тоқтатып ақиқатқа жататын нәрселерді ғана айтамыз. Егер біз ұрлық жасаған болсақ, ол затты өз қожайынына қайтарып, бұдан былай ешқашан оны қайтып істемегеніміз жөн. Егер біз өзге адамға жамандық істесек, біз оны доғарып басқаларға мейірімді болайық.

Біз тәубеге келген кезімізде, келесіні орындаймыз:

*Біз өз күнәларымызды мойындауымыз керек. Көктегі Әкемізге мойынсұнбасақ, күнәға бататынымызды білеміз. Біз тәубеге келген кезімізде, өз істеген қателігіміз үшін ақталмаймыз. Біз қателігімізді мойындап, өзгереміз.*

*Біз істеген әділетсіздігіміз үшін өкінеміз. Біз тәубеге келген кезімізде, істеген әділетсіздігіміз үшін шын жүректен өкінеміз. Біз өз күнәларымыз үшін сұраған кешіріміміз жай айтылған сөз емес. Біз оларды істегеніміз үшін шынайы өкінеміз және оларды қайтып істемейміз. Біз Көктегі Әкеміздің істендер деп, бұйырған нәрселерін орындауға ерік білдіреміз.*

*Біз жамандыққа апаратын нәрселерді істеуді доғарамыз. Егер біз күнәқар болғанымызды мойындамасақ, егер біз тек қана сөзбен айтып қана қойған болсақ, онда біз шын жүректен өкініп, тәубеге келмегеніміз хақ. Шынайы өкініп тәубеге келу үшін, біз жамандықтың көзін тоқтатуымыз*

керек. Кейде оны істеу оңайға соқпайды, бірақ Иса бізге керек көмекті беру үшін жер бетіне келді. Біздің Көктегі Әкеміз Исаның бізге көмектескенін қалады, өйткені ол біз мінсіз болып Құдай Әкемізге қайту жолының жалғыз мүмкіндігі.

*Біз өз күнәларымызды мойындаймыз.* Иса Мәсіхтің Соңғы Замандағы Әулиелер Шіркеуінде, біздің Көктегі Әкеміз бен Шіркеу жетекшілеріне істеген әділетсіздіктерді мойындап айту. Біз өзіміз істеген көптеген күнәларымыз өзімізге кері әсер етеді. Біз Көктегі Әкемізге мінажат етіп, істеген күнәларымызды оған айтып, Одан кешірім сұрап оларды жеңіп шығуға көмегін сұрауымыз керек. Егер біздің күнәміз өзге адамға кері әсерін берген болса, онда оны сол адамға және Құдайға айтып мойындауымыз керек. Біз ауыр күнәмізді мойындауымыз керек, егер де, Шіркеудің жетекшілері, біздің епископ болатын адам немесе тармақ президенті ойнасқорлық секілді күнә жасаған болса.

*Біз өз істеген әділетсіздіктерімізді түзетуіміз үшін, барлық мүмкіндікті жасаймыз.* Біз тәубеге келген кезде, өз жасаған әділетсіздіктерімізді түзейміз. Мысалы, егер біз көршіден ұрлаған болсақ, біз алған затымызды қайтарып береміз. Егер біздің алған затымыз бізде жоқ болса, біз оның орнына басқасын береміз немесе ақшалай төлейміз.

*Біз өзгелердің күнәларын кешіреміз.* Біздің Көктегі Әкеміз өзгелерге кешірімді болуды өсиет етті. Егер Ол бізді кешірім етсін десек, біз өзгелерді кешіруге тиістіміз. Егер біз өзге адамдарды олардың істеген әділетсіздіктері үшін оларды жақсы көрмей кешірмейтін болсақ, Көктегі Әкеміз біздің күнәларымызды кешірмейді.

*Біз шын ниетте Исаның берген барлық өсиеттерін өмір бойы ұстанып тырысудамыз.* Біз дұрыс жолдағы істерді жасай отырып, істеген әділетсіздіктеріміздің түзету жолын жалғастырудамыз. Біз күнделікті мүмкіндігіміз жеткенше, істеген әділетсіздіктерімізді түзеуге тырысамыз.

Біз бір нәрсені дұрыс жасамасақ, өкініп тәубеге келуіміз керек. Біз тап қазір тәубе етудің қиындығы бар деп, ойлауымыз мүмкін. Біз тәубе етуді кейінге қалдырсақ, жеңілдеу болады деп ойлауымыз мүмкін, бірақ олай болмайды. Өкініп, тәубеге келуді кейінге қалдырған сайын оны істеу қиын болады. Өкініп, тәубе етуді кешіктірсек, біздің рухымыз төмендейді, сондықтан да, біз өкініп істеген қателігіміз үшін кешірім сұрамасақ, Иса біздің Көктегі Әкеміз туралы көбірек танып, білуге және Оның ұдайы қасында өмір сүру дайындығында көмектеспейді. Біз әрдайым ондай істерді жасаған кезімізде, тәубе етіп сол сәтте-ақ кешірім сұрауымыз керек.

**Талқылау**

- Өкініп, тәубеге келу үшін біз не істеуіміз керек?

**Әрқайсысымыз өкініп, тәубеге келе аламыз.**

Әрқайсысымыз өкініп, тәубеге келе аламыз. Кейде тәубеге келіп, өкініш білдіру сіз үшін қиын болып көрінуі мүмкін. Біз өз дәрменсіздігімізді ешқашан жеңіп шыға алмайтын секілді сезім пайда болуы мүмкін. Ібіліс, біз сол әділетсіздіктерді сенім артып жасағанымызды қалайды. Біз тәубеге келе алатынымызды есте сақтайық. Біз оны өзіміз істей алмаймыз. Бізге көмек керек. Біздің әрқайсысымыз Көктегі Әкеміздің ұрпағы болып келеміз, сондықтан Ол Исаны бізге көмектесу үшін жіберді. Исаның көмегімен біз Көктегі Әкеміздің бізге берген барлық өсиеттерін орындай аламыз.

Егер біз Исаның атына біздің Көктегі Әкемізге мінажат ететін болсақ, Исаның бізге өкініп, тәубеге келуімізге көмектесетін болады. Ол және Көктегі Әкеміз біздің тура жолға түскенімізді күтеді. Олар біздің істеген әділетсіздіктерімізді ұнатпайды. Бірақ, біз сол әділетсіздіктерді жасаған күнәмізде де, Олардың бізге деген сүйіспеншілігі шексіз. Олар біз тәубеге келіп, өкініш білдіргенімізді күтеді, сондықтан біздің Көктегі Әкеміз бізді кешірім етіп, біз бақытты бола аламыз.

**Талқылау**

- Неге бізге тәубеге келу қиын болып көрінсе де, біз тәубеге келуіміз керек?
- Біздің тәубеге келуіміз үшін, бізге кім көмектеседі?

**Біз өкінген кезде Көктегі Әкеміз бізді марапатқа бөлейді**

Біз Исаға деген сенімімізді білдіріп тәубеге келген кезімізде, Көктегі Әкеміз бізді толығымен кешіреді. Бізді олар үшін жазаға тартады деп, алаңдамасақ болады. Ол бізді кешіріп қана қоймай, Ол бізге көмегін беріп, әрдайым бізді жақсылық істерді істеуге бағыттайды, сонда біз жамандық істерден бас тартатын боламыз. Иса бізге сол көмегін берді.

Біз барлығымыз бірден Көктегі Әкеміз секілді бола алмайтынымызды ескергеніміз жөн. Бірақ, біз Исаға деген сенімімізді арттырып, өз күнәларымыз үшін өкініп тәубеге келіп, Исаға деген бағынышымызды білдіргендіктен, Көктегі Әкеміз біздің күнәларымызды кешіреді. Иса бізге әлі де, көмектесіп келе жатыр. Біздің Көктегі Әкемізге деген ұқсастығымыз жақындай түсті. Соңында, біз Көктегі Әкемізге оралып, ұдайы қасында өмір сүре аламыз.



Біз тәубеге келген кезде, өзімізді бақытты сезінеміз. Біз істеген әділетсіздіктеріміз үшін қайғырмаймыз, бірақ біз Исаның көмегімен өз дәрменсіздігімізді жеңіп шықтық, сондықтан өзімізді бақытты сезінеміз. Біз арбауларға төтеп беріп, жақсылық істерді жасайтын күш қуатымыз бар екенін білеміз.

### *Талқылау*

- Біз тәубеге келген кезде, қандай марапатқа ие боламыз?

### *Сілтемелер*

*Көктегі Әкеміз күнәмізді жеңіп шығатын жоспарды біз үшін құрды*

- Жақып 4:17 (Жақсылықты біле тұра жасамаса, сол күнәлі.)
- 1 Жохан 1:8 (Егер күнәміз жоқ десек, онда өзімізді алдап, бізде шындықтың болмағаны.)
- 1 Жохан 5:17 (Әділетсіздіктің бәрі күнә.)

*Көктегі Әкеміз біз өкініп тәубеге келуіміз үшін, не істеуіміз керектігін айтты*

- Матай 6:14–15; 3 Нефий 13:14–15 (Біз өзгелерге кешірімді болуымыз керек.)
- Алма 32:13–16 (Біз үшін өзімізді мәжбүрлеп тәубеге келтіргенше, оданда өз еркімізбен тәубеге келгеніміз жөн.)
- Алма 34:32–36 (Қазір өкініп, тәубеге келетін уақыт.)

*Әрқайсысымыз өкініп, тәубеге келе аламыз.*

- 1 Нефий 3:7 (Көктегі Әкеміз ешқашан біздің шамамыз келмейтін нәрсені істеуге мәжбүрлемейді.)
- Алма 42:29–30 (Біз өзіміздің күнәларымызды кешірім етпеуіміз керек.)

*Біз өкінген кезде Көктегі Әкеміз бізді марапатқа бөлейді*

- Мосия 5:5-9 (Тәубеге келіп, Оған мойынсұнғандарға Иса көмектеседі.)
- Мороний 8:24–26 (Тәубеге келгендер су рәсімінен өтуге мүмкіндік алады.)

# СУ РӘСІМІН ӨТУ

15 тарау

---

*Су рәсімінен өту, бұл жердегі сіз орындай алатын ең маңызды істің бірі болып табылады. Неге су рәсімінен өтудің маңызы зор? Су рәсімінен қалай дұрыс өту керек?*


## **Көктегі Әкеміз бізге су рәсімін өсиет етіп қалдырды**

Су рәсімін өткізу дегеніміз, ол су рәсімінен өткізуге билік күші бар адам, кісіні су астына бір сәтке толығымен батырып, қайта көтеріп алғанды білдіреді. Су рәсімін өту, ол Көктегі Әкеміздің бізге арнаған жоспарының бір бөлігі болып табылады. Ол біздің Иса Мәсіхке деген сеніміміз бен Оған деген сүйіспеншілігімізді және біз өзіміздің күнәларымыз үшін өкіне тәубеге келіп, Оған мойынсұнғымыз келетінімізді көрсету үшін, бізге су рәсімін өтіндер деп, бұйырды.

Біздің Көктегі Әкеміз барша Өзінің балаларына су рәсімін өтіндер деп, бұйырғанын Иса білген болатын. Иса жер бетінде болған кезде, су рәсімін өтті. Ол оны істеді, өйткені Ол Көктегі Әкемізге мойынсұнып, Оның өсиеттеріне бағынатынын көрсеткісі келді. Ол тағы, бізге Көктегі Әкемізге мойынсұнғанымыз керектігін көрсетіп, су рәсімін өткенімізді қалады.

Сегіз жасқа толып, дұрыс пен бұрысты айыра білетін және Исаға сенім артып, тәубеге келген әр адам су рәсімін өтуі тиіс. Сегіз жастан кіші балаларға су рәсімі керек емес. Біздің Көктегі Әкеміз олардың істеген ісін кінәламайды. Әмбе, ненің дұрыс, ал ненің бұрыс екенін әлі ажырата алмайтын адамдарды су рәсімінен өткізудің қажеті жоқ. Ал басқа адамдардың барлығы Көктегі Әкемізге оралып, ұдайы қасында өмір сүргілері келсе, су рәсімін өтулері керек.

Иса бізге біз қай уақытта су рәсімін өтуіміз керектігін айтқан болатын. Ол Өзінің ізбасарларына айтқаны: адамдар Оны танып, Оған сенім



*Алма су рәсімін Мормон суларында өтті.*

артып, өкініп тәубеге келген кезде ғана су рәсімінен өткізіндер деді. Ол Өз Шіркеуінде, су рәсімін өткізетін билік күшін тек санаулы адамдарға ғана берді.

### *Талқылау*

- Неге Көктегі Әкеміз біздің су рәсімінен өткенімізді қалайды?
- Неге Иса су рәсімін өтті?
- Неге су рәсімін өту керек?

### **Су рәсімін өтіп, біз ең маңызды нәрсені орындаймыз**

Су рәсімін өтіп, біз Көктегі Әкеміз бізге арнаған Оның жоспарын орындағанымызды білдіреміз. Біз Исаны біздің жетекшіміз ретінде қабылдап, Оның бізге істе деп, айтқанын орындауға уәде береміз. Біз Исаны және Оның бізге істеген нәрселерін әрдайым есте сақтаймыз.

Біз Иса Мәсікке сеніп, күнәларымыз үшін өкіне тәубеге келіп, су рәсімін өткен кезімізде, Көктегі Әкеміз біздің күнәларымызды кешіреді. Ол бізге Оның қасына біз қайта оралып, өмір сүре алатынымызды уәде етті. Ол бізді Исаның Шіркеуінің мүшесі ретінде қабыл алады. Біз Оны жақсырақ танып, дұрыс істерді жасауымыз үшін, Ол бізге Киелі Рухты көмекке жіберді. Біз су рәсімін өткен кезде, берген уәдемізді орындайтын болсақ, біз осы баталардың барлығына ие боламыз.

Егер біз су рәсімін өтсек қана сол баталарды алатын боламыз. Бұл Көктегі Әкемізге оралып, ұдайы қасында өмір сүрудің жалғыз мүмкіндігі. Бұл біз үшін, Иса Мәсіхтің Шіркеуінің мүшесі болудың жалғыз жолы. Бұл Киелі Рухтың тартуын алатын жалғыз жол, ол біздің өмірімізде көмектесетін Киелі Рухқа ие болудың ерекше құқығы. Бұл дарын бізге тек су рәсімін өткен соң ғана беріледі. Бұның барлығы бізге біздің Көктегі Әкемізге оралып, қасында өмір сүру үшін керек.

### *Талқылау*

- Біз су рәсімін өткен кезде, Көктегі Әкемізге қандай уәде береміз?
- Біз су рәсімін өткен кезде, Көктегі Әкеміз бізге қандай уәде береді?
- Неге су рәсімі өте маңызды болып келеді?

### **Су рәсімін өту үшін, біз дайын болуымыз керек**

Су рәсімін өтер алдында, біз нақты нәрселерді жасап дайындалуымыз керек. Біз Иса Мәсіхті танып, Оған сенім артып, өзіміздің күнәларымыз үшін өкіне тәубеге келіп, Исаның бізге істе деп, бұйырғанын істеуге тиістіміз.



*Біз күнәларымыз үшін кешірім алу үшін су рәсімін өтуіміз керек.*

### **Талқылау**

- Су рәсімін өтуге дайындалу үшін, біз не істеуіміз керек?

### **Су рәсімі бізге жаңа бастама береді**

Су рәсімін өтсек біз күнәларымыздан тазарып, бізге жаңа өмір бастауға мүмкіндік беріледі. Иса бір күні, ол біз биіктен қайта дүниеге келгенімізге ұқсас деп, айтқан болатын. Ол бізге, егер біз рухани биіктен туылмасақ, біз Көктегі Әкемізге қайтып оралып, ұдайы қасында өмір сүре алмаймыз деді.

Исаның ізбасарларының бірі Пауыл, біз су рәсімін өткен соң жаңа өмір бастауымыз керек деді. Ол бізге, біз су рәсімін өткен кезімізде, біз өз күнәларымызды сол судың астында қалдырамыз деді. Біз судан шыққан кезде, тазарып жаңа адам болып, жаңа өмір бастауға дайынбыз. Су рәсімін өту біз үшін, Көктегі Әкемізге қайтып оралудың бастама жолы.

### **Сілтемелер**

*Көктегі Әкеміз бізге су рәсімін өсиет етіп қалдырды*

- 2 Нефий 31:4–11 (Иса бізге біз су рәсімін қалай өтуіміз керектігін көрсетті.)
- 3 Нефий 11:21–27 (Иса адам қалай су рәсімін өтуі керектігін үйретті.)
- Мороний 8:9–22 (Кішкене балаларға су рәсімін өтудің қажеті жоқ.)

*Су рәсімін өтіп, біз ең маңызды нәрсені орындаймыз*

- Мосия 18:7–11 (Су рәсімін өтіп, біз Құдайға мойынсұнып, Оның өсиеттерін орындауға даяр екенімізді білдіреміз.)
- 3 Нефий 27:16 (Біздің Көктегі Әкеміз су рәсімін өткендерге батасын береді.)

*Су рәсімін өту үшін, біз дайын болуымыз керек*

- Ілім мен Өсиеттер 20:37 (Су рәсімін өтуге дайын болу үшін, біз күнәларымыз үшін өкініп, Исаның жолымен жүруге дайын болуымыз керек.)

*Су рәсімі бізге жаңа бастама береді*

- Жохан 3:3–5 (Иса бізге, біз Көктегі Әкеміздің қасына оралуымыз үшін, дүниеге қайта туылып келуіміз керек деді.)
- Римдіктер 6:3–7 (Су рәсімін өткен соң біз тазарамыз.)

# КИЕЛІ РУХТЫҢ ТАРТУУЫ

16 тарау

---

*Киелі Рух бізге ақиқат болып табылатын нәрселерді тануға көмектеседі. Киелі Рухтың тартуын біз қалай аламыз?*

## **Киелі Рух бізді ақиқатқа алып келеді**

Киелі рух адамдар су рәсімін өтер алдында, оларға көмектесе алады. Ол адамға Исаның ілімдері ақиқат деп, айта алады. Кейде Ол бізге Иса Мәсіхтің шынайы Шіркеуін қайдан іздеп табу керектігін білдіреді. Бірақ біз су рәсімін өтіп, Киелі Рухтың тартуын алмасақ, Киелі Рух бізбен бірге болмайды.

Жаңа Өсиетте біз Корнелиус деген кісі туралы оқыдық. Ол су рәсімінен өтпеген адам болатын. Киелі Рух оған Исаның ілімдері ақиқат деп жеткізді. Корнелиус кейіннен су рәсімінен өтіп Киелі Рухтың тартуына ие болды.

## **Көктегі Әкеміз бізге Киелі Рухтың тартуын алу мүмкіндігін берді.**

Біз Көктегі Әкеміздің бізге арнаған жоспары туралы білісімен, біз күнәларымыз үшін өкініп, Исаның барлық айтқанына мойынсұнуды қалаймыз. Бірақ біз оны көмексіз істей алмаймыз. Киелі Рухтың тартуы әрқашан Киелі Рухтан келетін көмекке құқылы. Біз бұл тартуды су рәсімін өтісімен қабыл аламыз.

Біз Киелі Рухтың тартуын қабыл алу үшін, дайын болуымыз керек. Біз Исаға сенім артып, Оның өсиеттерін орындауға тырысуымыз керек. Біз күнәларымыз үшін өкініп, су рәсімін өтуіміз керек.

Біз су рәсімін өтісімен, Көктегі Әкемізден билік күшін алған адамдар өз қолдарын біздің басымызға қойып, Киелі Рухты тарту етіп, бізді ресми түрде Иса Мәсіхтің Соңғы Замандағы Әулиелер Шіркеуінің мүшесі ретінде қабылдайды. Олар бізге батасын береді.



*Біз Киелі Рухтың тартуын колды басқа қою арқылы алуымыз керек.*



### *Талқылау*

- Біз Киелі Рухтың тартуын қалай аламыз?

Бізге Киелі Рухтың тартуы көмектесе алатын көптеген жолдар бар. Ол бізге Исаның хабарын жеткізе алады. Ол бізді Көктегі Әкеміз бен Иса туралы айтып оқыта алады.

Ол бізге біздің қиындықтарымыздың шешімін табуға көмектеседі. Ол бізді тыныштықпен қамтамасыз ете алады. Ол бізге күнәларымызды жеңіп шығуға көмектеседі. Ол бізді жақсылық істерге баулайды.

Киелі Рух бізді өзгелерге сүйіспеншілікпен қарауды үйретеді. Ол бізге оларға қалай көмектесу керектігін білдіреді. Ол бізге Исаның ілімдерін танып білуге көмектеседі. Ол бізге басқаларды Көктегі Әкеміз бен Иса туралы нені айтып оқыту керектігін үйретеді.

### *Талқылау*

- Қай кейбір Киелі Рухтың тартуы біздің өмірімізде өз ықпалын тигізе алады?

**Осы қабілетке ие болу үшін біз күнәларымыз үшін өкінуіміз керек**  
Киелі Рух тартуының көмегімен біз жақсы адам болып, жақсы істерді істейміз. Біздің Көктегі Әкемізге деген ұқсастығымыз ұлғайады. Бірақ Киелі Рух бізбен бірге болуы үшін, біз әрдайым жақсылықтың істерін істеуіміз керек. Біз ойымызды тек жақсыға бағыттап, тырысуымыз керек. Біз Исаның берген ілімдерін орындауымыз керек. Біз бір нәрсені дұрыс істемесек, біз күнәларымыз үшін өкініп тәубеге келуіміз керек. Біз сол істерді жасап тырысатын болсақ, Киелі Рух бізге көмектесетін болады.

Кейде Киелі Рух бізді жетелей жүрегімізді жұмсартып, мейірімділікке баулайды. Біз кейде жамандық істей бастасақ, бақытты сезім бізден алыстай түседі. Кейде біз өз сана сезімімізде, нені істеп, нені істемеу керектігін ести аламыз. Біз Киелі Рухтың бізге айтқанын тыңдап мойынсұнуымыз керек, өйткені Киелі Рух әрдайым Исаның бізге деген еркін білдіреді және біз тек қана Исаға бағынып, Көктегі Әкеміздің қасына оралатын боламыз.

Егер біз жамандықты істей бастаған болсақ, Киелі Рух бізден алыстай түседі. Егер біз дұрыс істерді істемеген болсақ, Ол бізден алыстап көмегін бермейді. Егер біз Оның жетекшілігіне құлақ асқан болсақ, Киелі Рух әрдайым біздің қасымыздан табылады. Ол бізге біз жақсы болып, Көктегі Әкеміздің қасында өмір сүруіміз үшін, дайын болуға көмектеседі.

### **Талқылау**

- Киелі Рухтың көмегін алу үшін біз не істеуіміз керек?

### **Біз Киелі Рух арқылы өзге ерекше баталарды қабыл аламыз**

Рухани баталар деп аталатын кейбір арнайы баталарды, біз Киелі Рух арқылы қабыл аламыз. Иса жер бетіндегі Өзінің әр Шіркеуінде, ол қабілеттіктерді Өзінің шынайы Шіркеуіндегі шіркеу мүшелеріне береді. Ол бізге ол қабілеттіктерді Киелі Рухтың күші арқылы береді. Біз ол берілген қабілеттіктерді түсініп, оны ақылмен дұрыс пайдалануымыз керек.

#### *Тілдерді тани білу қабілеті*

Бір қабілет адамдарға өзге тілде сөйлеуге көмектеседі. Оның бір себебі, Иса бұл қабілет адамдарға көмек ретінде, өзге тілде сөйлейтін кісілерге Інжілді уағыздау үшін береді.

#### *Өзге тілді түсіну қабілеті*

Бұл інжілді уағыздап тарататын адамға берілген тағы бір қабілеттік. Өзге тілдерді түсінетін қабілеттік олар білмейтін тілді ұғып, Исаның берген хабарын сол тілде жеткізуге көмектеседі.

#### *Иса біздің Көктегі Әкеміздің Ұлы болып табылатынын білу қабілеті*

Өзге қабілет адамдарға Исаның Көктегі Әкеміздің Ұлы екенін тануға көмектеседі. Адамдар киелі жазбаларда Иса біздің Құтқарушымыз деп айтылғанды танып біле алады, егер Киелі Рух оларға оны түсінуге көмектесетін болса ғана. Бұл қабілет Иса шынайы біздің Көктегі Әкеміздің Ұлы және Ол әлемнің Құтқарушысы болып келетіні Киелі Рухтың берген куәгерлігі.

#### *Өзгелердің куәгерлігімен сенім қабілеті*

Сенім куәгерлік қабілеті өзге адамдарға Иса туралы ақиқатты айтқанда, білуге көмектеседі. Киелі Рух бізге шынайы куәгерлікті танып оған сенім артуға көмектеседі.

#### *Сенім қабілеті*

Сенім қабілеті бізге Исаның өсиеттерін ұстануға көмектеседі. Сенім артпай біз басқа рухани қабілеттіктерге қол жеткізе алмаймыз. Сенімсіз біз Көктегі Әкеміздің қасына орала алмаймыз. Көптеген адам Исаға қатты сенім артады. Мормон кітабында пайғамбардың біреуі Исаға деген қатты сенімі болғандықтан Иса оған келіп көрінді. Пайғамбар Жозеф Смиттің Иса Мәсіхке берік сенгендіктен Иса мен Көктегі Әкеміз оған көрінді.

*Аударма қабілеті*

Аударма қабілеті адамдарға Көктегі Әкеміздің, Исаның және Оның ізбасарларының жазып қалдырған сөздерін бір тілден басқа тілге аударуға көмектеседі. Пайғамбар Жозеф Смит Мормон кітабын аударған кезде, оған сол қабілет қонған болатын. Бұл қабілет аудармашыға хабардың мағынасын түсініп, дұрыс аударма жасауға көмектеседі.

*Білім қабілеті*

Білім қабілеті адамдарға біздің Көктегі Әкеміздің және Исаның жұмысын түсінуге көмектеседі. Көктегі Әкеміздің бізге айтқаны, егер біз Оның еркін танып білмей немесе ұқпаған болсақ, біз Оның қасына орала алмаймыз деді. Біз Көктегі Әкеміздің қасына оралуымыз үшін, біз Оның жоспарын танып білуіміз керек.

Исаның бізге, біздің осы өмірде алған білім дүниеден кеткен соң, рухани әлемде көмектеседі деді. Ол Оның ілімдері мен өсиеттерін, жер мен көкті, өткенді және біздің ел мен өзге елде болып жатқан нәрселерді біз білгенімізді күтеді. Ол бұл білімді біз ақыл-ойымызбен пайдаланғанымызды қалайды. Біз білім алуға деген ұмтылысымызда, Киелі Рухқа жүгінуіміз керек.

*Даналық қабілет*

Бұл қабілет Көктегі Әкеміздің адамдарға берген білімін олар тиісті түрде пайдалануға көмектеседі. Біз бұл қабілетті өз өмірімізді жақсартып білім алып, өзгелерге даналық кеңес беруде пайдалануымыз керек.

*Оқыту қабілеті*


Оқыту қабілеті інжілді өзгелерге олар түсіне алатындай жеткізіп, оқыту үшін адамдарға көмектеседі. Біз бұл қабілетті тек Исаға сенім артып, оқып және мінажат етіп қана қол жеткізе аламыз.

*Пайғамбарлық қабілет*

Пайғамбарлық қабілет өткеннің барлығын, қазір болып жатқанды, болашақта болатын нәрселерді адамдарға біліп түсінуге көмектеседі. Пайғамбарларға бұл қабілет берілген болатын, бірақ біз де өзіміздің өмірімізді алып жүруіміз үшін, бұл дарынды қабылдай аламыз.

*Аян беру қабілеті*

Киелі рух адамдарға көмек болатын нәрсені аян ретінде береді. Әркім өзінің игілігі үшін аян алатын мүмкіндігі бар. Бірақ бәрімізге ортақ Шіркеу үшін аян тек пайғамбарға беріледі. Шіркеуде жетекшілік



*Жозеф Смит Мормон кітабын Киелі Рухтың күшімен аударды.*

ететін тұлға үшін бізге аян берілмейді. Киелі Рухтың бізге ашып бергеннің барлығы Көктегі Әкеміз бен Исаның өсиеттері мен ілімдеріне сәйкес келеді.

### *Емдеу қабілеті*

Емдеу қабілеті ауру адамдарды сауықтыруға көмектеседі. Біреу өзгені емдеу үшін сенім артады, ал басқасы емді алу үшін сенім артады.

### *Ғажайып жасау қабілеті*

Ғажайып жасау қабілеті адамдарға көмектесу үшін берілген. Көктегі Әкеміз біз өзіміз соған лайық болмасақ та, бізге ғажайып ұлы нәрселерді жасады. Иса Жаңа Өсиет пен Мормон кітабында, Оған сенім артқан адамдардың арасында ғажайып нәрселер болады деген.

### *Ібіліс сол Рухани Күшті боямалауы мүмкін*

Ібіліс рухани қабілетті боямалап оқиғаның себепкері болуы мүмкін. Ол өзін періштеге ұқсас қылып көрсетуі мүмкін. Ол жақсы және дұрыс болып көрінетін зұлым нәрселерді жасауы мүмкін. Ол жалған пайғамбарды шынайы пайғамбар қылып көрсете алады. Ол ғажайып нәрселерді жасап адамдарды алдап түсіре алады. Сикыршылар, медиум, балгерлер мен соларға ұқсас өзгелер де, Исаның ізбасарымыз десе де, олар Ібіліс күшінің жетелеуіндегі адамдар. Біз олардан аулақ жүруіміз керек.

Ібіліс жалған нәрсені шындыққа ұқсас қылып келтіргенде, біз олардың жалғандығын тек Көктегі Әкемізге мінажат етіп қана тани аламыз. Ібіліс пен оның ізбасарлары рухани қабілетті боямалап келтіргенде, біз мейірімді сезімге емес бір түсініксіз сезімге батамыз. Білім қабілеті, ол шынайы рухани дарынды және Ібілістің оларды боямалап келтіргенін ажырата білетін қабілетті көрегендік дейді.

### *Талқылау*

- Қандай рухани қабілеттер бар?
- Біз шынайы рухани қабілеттерді Ібілістің боямалап істегенінен қалай ажыратамыз?

### **Біз өз қабілетімізді жетілдіріп және пайдалануымыз үшін, еңбек етуіміз керек**

Біз тез үйреніп, ауыз бекітіп, мінажат ететін болсақ, бізге қандай қабілеттер берілгенін білетін боламыз. Бізге берілген қабілеттерді Исаның өсиеттерін орындасақ қана пайдалана аламыз. Сонда біз оны басқа адамдарға көмектесу үшін және Иса Мәсіхтің Соңғы Замандағы Әулиелер Шіркеуін тұрғызуға көмектесу үшін пайдалана аламыз. Егер біз



*Иаред бауырымыздың сенімі үлкен болғандықтан, Исаның осы өмірге келер алдында, Оның Өзі келіп көрінді оған.*

берілген қабілеттерді жетілдіріп пайдаланбайтын болсақ, біз оларды жоғалтамыз.

Иса бізге берілген рухани қабілеттерімізбен мақтануымызға болмайды деді. Біз оларды оны қасиет етіп, тұтпайтын адамдарға айтуымызға болмайды. Ол дарын бізге өз игілігіміз үшін және басқа адамдарға бата беру үшін берілген. Біз берілген қабілеттер қасиетті екенін есте сақтауымыз керек. Иса бізге ол қабілеттерді Киелі Рух арқылы береді. Оның бізден өтінгені, бізге берілген қабілеттерін пайдаланып ризашылығымызды білдіру және Оның еркін орындап, оны пайдалану.

### ***Талқылау***

- Бізге қандай қабілеттер қонғанын қайтып білеміз?
- Бізге қонған қасиетті қабілеттерді қалай сақтай аламыз?

### **Киелі Рухтың тартуы бізге пайдалы болуы мүмкін**

Біз әрдайым Исаға мойынсұнып ізгі істер жасауымыз керек немесе Киелі Рухты сезінбейтін боламыз. Біздің ойымыз ізгі ниетті болуы тиіс. Біз бір нәрсені дұрыс жасамаған сәтте өкініп, тәубеге келуіміз керек. Біз Киелі Рухтың айтып жеткізген нәрселерін түсінуіміз керек. Біз Оның берген кеңесіне құлақ асып, орындауымыз керек.

Егер біз шынайы ниетпен Исаға бойсұнатын болсақ, Киелі Рухтың тартуы біздің өмірімізге батасын береді. Бұл бізге осы өмірде бақытты болуға көмектесіп, біздің Көктегі Әкеміздің қасында өмір сүруге дайындайды.

### ***Талқылау***

- Киелі Рух бізге көмектесу үшін біз не істеуіміз керек?

### ***Сілтемелер***

*Киелі Рух бізді ақиқатқа алып келеді*

- 2 Нефий 32:5; Мороний 10:5-7 (Киелі Рух бізге ақиқатты білдіріп айтады.)

*Көктегі Әкеміз бізге Киелі Рухтың тартуын алу мүмкіндігін берді.*

- Істер 10:44-48; 2 Нефий 31:17-18 (Киелі Рухтың тартуы су рәсімі өткен соң беріледі.)
- Мороний 8:25-26 (Бізге Киелі Рух беріледі.)

*Осы қабілетке ие болу үшін біз күнәларымыз үшін өкінуіміз керек*

- Мосия 2:36 (Біз Көктегі Әкеміздің өсиеттерін орындамаған сәтте біз Киелі Рухтың әсерін жоғалтамыз.
- Мороний 8:28 (Біз күнәміз үшін өкінбесек, Киелі Рух бізге көмегін бере алмайды.)

*Біз Киелі Рух арқылы өзге ерекше баталарды қабыл аламыз*

- Марқа 16:17–18; Мормон 9:7–24 (Рухани қабілет Иса Мәсіхтің інжілінің бір бөлігі болып табылады.)
- 1 Қорынтықтар 12:1–11; Мороний 10:8–19; Ілім мен Өсиеттер 46:10–33 (Киелі Рух бізге рухани қабілеттерді береді.)

*Біз өз қабілетімізді жетілдіріп және пайдалануымыз үшін, еңбек етуіміз керек*

- Матай 25:14–30 (Көктегі Әкеміз бізге қабілеттерді өз ісімізде жаратсын деп береді, ал егер біз оны пайдаланбасақ жоғалтамыз оларды.)

*Киелі Рухтың тартуы бізге пайдалы болуы мүмкін*

- Алма 34:37–38 (Біз Киелі Рухтың айтқанын істеп тырысуымыз керек.)






# ИСА МӘСІХТІҢ ШІРКЕУІ

*Алтыншы бөлім*





*Ыбырайым мен Иеміздің арасындағы келісім.*

# ИСА МӘСІХТІҢ ІЗБАСАРЛАРЫ

17 тарау

---

*Иса Мәсіхтің ізбасарлары басқа адамдардан өзгеше. Оның ізбасарлары кім? Олардың айырмашылығы неде?*

## **Исаның ізбасарлары Көктегі Әкемізді жақсы көреді**


Исаның ізбасарлары Оған сенім артып, Оған мойынсұнатын адамдар. Иса үйреткендей, олар Көктегі Әкеміздің жоспарын біліп, Оның ізбасары болғанды қалады. Олар Көктегі Әкемізді жақсы көрді және Ол олардың барлығына жақсы өмір тілегеніне сенді. Олар Иса Көктегі Әкеміздің Ұлы деп, сенді. Олар Иса солардың Құтқарушысы деп, сенді. Иса біздің Көктегі Әкеміздің қасына оралу үшін, барлық мүмкіндікті жасағанына олар сенді. Олар Исаның ізбасары болып, Оған мойынсұнып, өсиеттерін орындаса ғана олардың күнәлары кешіріліп, Көктегі Әкеміздің қасына оралатынына сенді.

Исаның ізбасарлары Құдай мен Исаның олар үшін істегендерінің барлығына Құдай мен Исаға ризашылығын білдіреді. Олар Исаға бағынғысы келді. Олар өздерінің күнәлары үшін өкініп, тәубеге келді. Олар су рәсімінен өтіп, Киелі Рухтың тартуын қабыл алды. Құдай үшін барлық адамдар маңызды екенін олар түсінді. Олар мүмкіндігінше, барша адамдарға көмектесуге тырысты.

Исаның шынайы ізбасарлары қасиетті уәдесінде тұрды. Олар Көктегі Әкемізге Иса Мәсіхтің атын атауға уәде берді. Бұл Шіркеу мүшесі ретінде танылып, Оның барлық ілімдерін қабыл алып, үйреніп және Оны әрдайым есте сақтау дегенді білдіреді. Олар басқа адамдарды жақсы көріп, оларға көмектесуге уәде берді.

Біздің Көктегі Әкеміз Исаға ерген адамдарға қасиетті уәдесін берді. Оның берген уәдесінің бірі, Ол келесі:

1. Оларды Иса Мәсіхтің Шіркеу мүшесі ретінде қабыл алындар.
2. Оларға Киелі Рухтың тартуын беріндер.



*Мұса Харұнға әулиелікті қолын қою арқылы берді.*

3. Оларға керегін беріп, көмектесіңдер.
4. Олар Оның жұмысын атқару үшін, оларға Оның күшін беріңдер.
5. Оларға қазір және мәңгілікке ұлы бата беріңдер.
6. Егер олар әлі де, Исаға бағынып жүрген болса, оларға Оның қасына қайта оралып, өмір сүруге мүмкіндік беріңдер.

### *Талқылау*

- Исаның ізбасарларының өзге адамдардан қандай ерекшелігі бар?
- Исаның ізбасарлары нені істеуге уәде берді?
- Исаның ізбасарларына Көктегі Әкеміз бен Иса нені істеуге уәде етті?

### **Иса әулиелікті шіркеуде соған лайықты ер адамдарға ғана береді.**

Иса Оның жұмысын істеп, Оған көмектесу үшін, Шіркеу мүшелігіне лайықты ер адамға билікті береді. Ол билік әулиелік деп, аталады. Біздің Көктегі Әкеміз ол билікті Исаға берген.

Әулиелікке ие болу үлкен бата. Әулиелік қасиетті билікке жатады. Исаның тек қана шынайы ізбасары ретінде, шындап жұмыс істеген және Оның өсиеттерін орындаған мүшеліктегі ер адам әулиелікке ие бола алады.

Әулиелігі бар кісі Исаның оған істе деген нақты нәрселерді істей алады. Ол басқа адамдарға біздің Көктегі Әкеміз бен Иса туралы айтып, оларды су рәсімінен өткізіп, Киелі Рухтың тартуын бере алады. Әулиелігі бар адам өз отбасындағы адамдар ауырып немесе олардың басқа қиындықтары туындаған кезде, батасын бере алады. Әрдайым адамдар Исаға сенім артып, Оның өсиеттерін орындаған кезде, Иса оларға әулиелік пен басқа да, баталарын береді.

### *Талқылау*

- Әулиелік деген не?
- Неге Иса әулиелікті шіркеу мүшелігіндегі соған лайықты ер адамдарға ғана береді?

### **Көптеген адамдар Иса жерге келмей тұрып, Оған және Оның өсиеттеріне сенім артқан.**

*Адам мен Хауа, олардың кейбір балалары Иса жерге келмей тұрып, Оған және Оның өсиеттеріне сенген.*

Біздің Көктегі Әкеміз Адам мен Хауаға Иса Мәсіхке сеніп, Оның өсиеттерін ұстаныңдар деген. Олар күндердің бірінде Ол жерге келеді деп, айтқан. Адам мен Хауа мойынсұнуға уәде етті. Олар берген уәдесінде тұрды. Олар су рәсімін өтті және олар Киелі Рухтың тартуын алды.

Иса жерге келмей тұрып, Ол Адамға әулиелік берді. Ол Исаға мойынсұнған өзінің әр баласына әулиелікті беруге Адамға Өз рұқсатын берді. Адам өзінің қолын мойынсұнған әр баласының төбесіне қойып, әулиелікті берді. Кейінірек, Адамның балалары өз балаларына да, дәл солай әулиелікті беріп жалғастырды.

### *Талқылау*

- Адам мен Хауа Исаның ізбасары болу үшін не істеді?
- Исаның ізбасарлары әулиелікке қалай ие болды?

*Ыбырайым Исаға сеніп, Оның өсиеттерін орындады.*

Ыбырайым мен оның отбасы Исаға сенді. Олар Ол жер бетіне бір күндері келетініне сенді. Ыбырайым біздің Көктегі Әкемізге Исаға мойынсұнып, Оның өсиеттерін орындаймын деп, уәде берді. Егер Ыбырайым мойынсұнса, Көктегі Әкеміз оның өзіне және оның үрім-бұтағына батамды берем деп, уәде етті. Мына кейбір нәрселерді Көктегі Әкеміз уәде етті:

1. Ол Ыбырайымға, оның үрім-бұтағына әулиелікті берді.
2. Ол Ыбырайымға және оның үрім-бұтағына өмір сүретін жер берді.
3. Ол Ыбырайымның үрім-бұтағын көбейтті.
4. Ыбырайымның үрім-бұтағының көбі Исаның ізбасары болды.
5. Ыбырайымның үрім-бұтағының көбі Исаның жұмысын орындап, өзгелерге Көктегі Әкеміз бен Иса туралы айтып, оқыту үшін тағайындалды.

Ыбырайым өз балаларын Исаға сенуге және Оның өсиеттеріне бағынуды үйретті. Ыбырайым өзінің баласы Ысқаққа әулиелікті берді. Ысқақ өзінің баласы Жақыпқа әулиелікті берді. Кейін, біздің Көктегі Әкеміз Жақыптың атын Исраил деп, өзгертті. Исраилдің он екі ұлы болды. Ол оларды Исаға сеніп, Оның өсиеттеріне бағынуға үйретті. Олардың әулиелігі болды. Исраилдің ұлдарынан тарайтын үрім-бұтағы Исраилдің он екі руы деп, аталды.

### *Талқылау*

- Біздің Көктегі Әкеміз Ыбырайымға не деп, уәде берді?
- Исраил кім болды?

*Исраилдің халқы Исаға сеніп, Оның Өсиеттеріне бағынады*

Исраил мен оның ұлдары азықтың тапшылығынан Мысыр жеріне көшіп қоныстады. Уақыт өте келе, Мысырдағы адамдар Исраилдің үрім-бұтағын ауыр жұмысқа салды. Оларды Мысырда қалдырып құлға айналдырды. Олар Исаның Исраилдіктерге берем деп, уәде еткен жеріне қайтуға тосқауыл қойып жібермеді.

Жылдар өте, Көктегі әкеміз Исраилдің үрім-бұтағын Мысырдан шығару үшін, Мұса атты адамды таңдады. Мұса Мысыр халқынан құтылып шығуға көмектесу үшін, әулиеліктің билігін пайдаланды. Ол оларды Иса уәде еткен жерге алып келді. Ол жер Қанахан деп аталатын. Ол Иордан өзені мен Өлі Теңізден батысқа қарай орналасқан.

### *Талқылау*

- Мұса Мысырдан адамдарды алып шыққанда, Исаның көмегімен қандай күшті пайдаланды?

*Исраил халқы Исаға сенуді тоқтатты*

Көптеген жылдар өте Қанахан жерінде тұрып жатқан Исраил халқы Исаға сенуді және Оның өсиеттеріне бағынуды тоқтатты. Иса оларға пайғамбарларды жіберді және оларды тәубеге келіп, Оның өсиеттеріне мойынсұнуға шақырды. Ишая, Илияс және Еремия Иса жіберген пайғамбарлардың бірі болатын. Өзге пайғамбарлар да, болды.

Бірақ Исраил халқы тәубеге келмеді. Сондықтан, Көктегі Әкеміз бөтен адамдарға келіп жетекшілік етуге жіне олардың жерін жаулап алып көпшілігін басқа елге ыдыратып жіберуге рұқсат етті. Бұл халықты бағынышты қылып Исаны естеріне түсіріп, Оған мойынсұнып бет бұрды. Бірақ, бірнеше жыл бұрын Иса Вифлеемде дүниеге келмей тұрып, Исраил халқы қайта теріс жолға түседі, сондықтан Көктегі Әкеміз Исраил халқын Римдіктерге жеңдіріп, елдерінің талқандалуына жол берді. Олар Исраил жерін бақылауға алып, олардың қасиетті ғимараттарын басып алды.

### *Талқылау*

- Халық Исаға сенуді тоқтатып, Көктегі Әкеміздің берген уәдесін ұмытқан кезде, қандай күйге ұшырады?

*Иса жерге келіп, Өзінің ізбасарларын жинады*

Иса жер бетіне келген кезде, Мен Құдайдың Баласымын деп, адамдарды оқытып үйретті. Ол оларды, егер олар Оның ілімдерін қабыл алатын болса, өздерің істеген күнәларың үшін мәңгілік азапқа салынбайсындар деп, үйретті. Ол оларға Маған сеніп, тәубеге келіндер деді. Ол оларға су рәсімін өгіндер деді. Ол оларға Киелі Рухты көмекке жіберем деп, уәде етті. Ол оларды сүйіспеншілікке және Құдайға бағынуды үйретті. Ол оларды бөтен адамдарды жақсы көріп, оларға көмек көрсету керектігін үйретті.

Исаға сеніп, Оның өсиеттерін қабыл алған адамдар Оның ізбасары болып танылды. Ол өзінің адамдарын ұйымдастырып, аты Иса Мәсіхтің



Шіркеуі деп аталатын топ құрды. Ол Өзінің Шіркеуінде жетекші, не мұғалім болған ер адамдарға әулиелік берді.

### **Талқылау**

- Иса адамдар Оның жолымен жүруі үшін оларға қалай көмектесті?
- Исаның ізбасары болу үшін адамдар не істеулері керек?

### **Исаның ізбасарының бірі болу үлкен құрмет**

Исаның жолына түскен адамдар бақытты. Олар Көктегі Әкеміздің оларға арнаған жоспарын біледі. Олар Көктегі Әкеміз оларды жақсы көретінін біледі. Көктегі Әкеміз олардың Исаға еріп жүргенін қалады, сонда Иса оларға Оның ұдайы қасына оралуға көмектесетінін білді. Олар бақытты болу үшін не істеу керектігін біледі. Олардың оларға көмектесіп, жұбататын Киелі Рухтың тартуы бар. Олардың қиындықтары болған кезде, Иса оларға көмектесетінін біледі. Олар Исаға сенім артып, Оның ізбасары болу үшін Құдай оларға батасын беріп, қолдайтынын біледі.

Исаның ізбасарлары біздің Көктегі Әкеміздің оларға берген көптеген баталары үшін, ризашылығын білдіреді. Олар мінажат еткен кезде, Көктегі Әкеміздің берген баталары үшін, ризашылығын білдіреді.

Исаға ермеген адамдар Оның жолын таңдап ізбасары бола алады. Олар Оның жазбаларын оқып және Шіркеу жетекшілеріне құлақ асып, Ол туралы танып біле алады. Олар Оған сеніп, өкініп, су рәсімінен өте алады. Егер олар Исаға мойынсұнса, Құдай әрдайым Исаның ізбасарларына берген уәдені олар да алатын болады.

### **Талқылау**

- Неге Исаның ізбасары болу құрмет?

### **Сілтемелер**

*Исаның ізбасарлары Көктегі Әкемізді жақсы көреді*

- Жохан 8:12 (Иса біз Оның ізбасары болғанымызды күтеді.)
- 2 Нефий 31:12 (Иса Мәсіхтің істегенін жасап, Оның ізбасары болу бізге өсиет етілген.)
- Мосия 2:41 (Исаның өсиеттеріне мойынсұнған адамдар барша батасын алады.)
- 3 Нефий 18:37 (Иса Өзінің шәкірттері басқаларға Киелі Рухты тарту ететін билік күшін берді.)

*Иса әулиелікті шіркеуде соған лайықты ер адамдарға ғана береді.*

- Мысырдан көшіп шығу 3 (Мұса Көктегі Әкемізден билік күшін алды.)
- Сандар 27:18–23 (Мұса Исаның төбесіне қолын қойып, Көктегі Әкеміздің атынан билік кілтін берді.)

*Көптеген адамдар Иса жерге келмей тұрып, Оған және Оның өсиеттеріне сенім артқан.*

- Жаратылыс 12:1–2 ; 17:1–8 (Исаның ізбасары Ыбырайымға көптеген уәде берілді.)
- Екінші заң 28:9–10 (Құдай Исраил халқына уәде берді.)
- Еремия 23:3–4 (Иса Исраил халқы өкініп тәубеге келген соң, оларды біріктіреді.)
- Езекиел 20:33–36 (Исраил халқы бірігеді.)
- Лұқа 6:13 (Иса Он Екі Апостолды тағайындады.)
- Жохан 15:16 (Иса Апостолдарға билік пен күш берді.)
- 3 Нефий 21:26–29 (Исраил халқы барлық елдерден жиналып бірігеді.)

*Исаның ізбасарының бірі болу үлкен құрмет*

- 2 Нефий 31:13 (Исаның айтқанын істеп Оның ізбасары болған адам арнайы батаға ие болады.)
- Алма 5:57 (Исаның ізбасарлары кіршіксіз адам болып саналады.)
- Мороний 7:48 (Иса Мәсіхтің ізбасарлары Құдайға деген ұқсастығы жақындай түседі.)



*Иса Мәсіх Апостолдарды арнады*

# ИСАНЫҢ ШІРКЕУІ ҚҰРЫЛДЫ

18 тарау

---

*Иса жер бетінде болған кезде Ол шіркеу құрды. Ол қалай аталады? Оның шіркеуін кім әкелді?*

## **Иса Өзі құрған шіркеуді басқарды**

Иса жер бетінде болған кезде, Ол шіркеу құрды. Ол Шіркеу Иса Мәсіхтің атымен аталды. Исаның Шіркеуіндегі адамдарды Әулиелер деп, атайтын. Шіркеуді Исаның Өзі басқарды. Ол оны әкелді. Ол Шіркеуді басқаруға көмектесетін он екі кісіні таңдап алды. Олар Апостолдар деп аталды. Ол Апостолдар да, пайғамбарлар болатын. Иса олардың төбесіне қолын қойып, әрқайсысына әулиелікті тарту етті. Ол Өзінің жұмысын соларға тапсырды. Апостолдар мен пайғамбарлар Иса Мәсіхтің Шіркеуінде жетекшілік етті.

Иса Мәсіхтің Шіркеуінде, төбесіне қол қою арқылы әулиелікті алған ер адам, өзге ізгі адамның төбесіне қолын қойып әулиелікті тарту етеді. Бұл әулиеліктің бір кісіден басқаға берілетін жалғыз жолы болып табылады. Әулиелік сатылмайды.

## **Талқылау**

- Иса Мәсіхтің Шіркеуінде кім жетекшілік етті?
- Исаға көмектескен адамдарды қалай атайды?

## **Ол көкке қайтып оралған соң Иса Мәсіхтің Шіркеуі жер бетінде өз жалғасын тапты.**

Иса көкке қайтып оралған соң да, Оның Шіркеуі жер бетінде жалғасын тапты. Оны Он Екі Апостол басқарды. Апостол өлген соң, Иса оның орнына басқа кісіні тағайындады. Киелі Рух арқылы Иса басқа Апостолдарға жаңа Апостол болып тағайындалатын кісі туралы хабарлайды. Он Екі Апостол басқа ізгі адамдарды таңдап, оларға Исаның Шіркеуіндегі жұмысты орындау үшін әулиелікті тарту етеді. Ол

адамдар жетпістік, бас діни қызметшісі, ағалар, епископтар, мұғалімдер, діни қызметшілері мен дьякон деп аталды. Олардың міндеттері 20 тарауда берілген.

*Иса аян арқылы Шіркеуді басқарды.*

Иса хабарын Киелі Рух арқылы жер бетіндегі адамдарға аян ретінде жеткізеді. Иса пайғамбарлар мен басқа жетекшілерге не істеу керектігін көрсетіп, Өз Шіркеуін басқарып келеді.

Иса көкке қайта оралар алдында, Ол Өз Апостолдарына, Мен әрдайым сендермен біргемін деді. Иса бұдан кейін де, Киелі Рух арқылы басқаратынын білдірді.

### **Талқылау**

- Иса көкке оралған соң Өз Шіркеуін қалай басқарды?

*Иса Мәсіхтің шіркеуіне Оның ақиқат ілімдері кіреді*

Иса Мәсіхтің шіркеуіндегі жетекшілер Исадан Киелі Рух арқылы аян алды. Мысалы, Апостол Пауылға Иса інжілге Исраил халқына ғана емес, барша адамдарды оқыту керектігін айтқан. Иса Апостол Пауылға адамдарға жеткізетін көптеген нәрсені айтты. Иса Жохан Апостолға болашақта болатын нәрселер туралы айтты.

Иса жер бетінде өмір сүрген кезде, Маған сеніңдер, өкініп тәубеге келіңдер, су рәсімін өтіндер деп, адамдарды үйреткен. Ол оларды Көктегі Әкемізді жақсы көріп, Оған мойынсұнуды үйретті. Ол бөтен адамдарға сүйіспеншілікпен қарап, оларға көмекші болу керектігін үйретті.

Иса көкке қайтып оралғаннан кейін де, Исаның үйреткенін Апостолдар да оқытты. Иса Мәсіхтің Шіркеуіне қабылданғысы келген барлық адам Иса Мәсіхке сеніп, күнәларынан арылып, су рәсімін өтуі тиіс. Иса уәде еткендей, олар Киелі Рухтың тартуын алды. Олар Көктегі Әкемізді жақсы көріп, Оған мойынсұнғанды үйренді. Олар бөтен адамдарға сүйіспеншілікпен қарап, қызмет етуді үйренді.

### **Талқылау**

- Адамдар Иса Мәсіхтің Шіркеуіне қосылу үшін не істеулері керек?

*Иса Мәсіхтің шіркеуіндегі адамдар рухани тартуларға ие болады.*

Иса Мәсіхтің Шіркеуіндегі адамдар рухани тартуларға ие болады. Кейбір тартулар, ол науқас адамдарды сауықтыратын сенім, болашақты болжап айтатын мүмкіндік және көріс көру күші.

### **Талқылау**

- Кейбір рухани қабілеттер қандай?

### **Исаның шіркеуі жер бетінде ұзақ уақытқа жойылды**

Иса көкке қайтып оралған соң, Оның Апостолдары Шіркеуді басқарды. Көп адамдар шіркеуге келіп қосылды. Бірақ кейбір адамдар Иса мен апостолдар үйреткен нәрселерге емес жалған дүниеге сене бастады. Мысалы, кейбір кісілер Көктегі Әкеміздің тән мен сүйектен тұратын денесі жоқ деп жеткізді.

Әділетсіз адамдар Шіркеу жетекшілері мен басқа да, мүшелерін құдалаудың астына алды. Әділетсіз адамдар әулиелігі бар Апостолдар мен басқа да жетекшілерді өлтірді. Олар тағы Иса Мәсіхтің шіркеуіндегі көптеген адамдарды өлтірді.

Адамдар Исаның ілімдеріне деген сенім мүлде өшкенше, жалған ілімдерді үйіп-төгіп оқытты. Әулиелігі жоқ бірде-бір адам жер бетінде, Исаның жұмысын атқара алмайды және біздің Көктегі Әкеміздің балаларына Исадан ешқандай мәлімет ала алмайды. Исаның ақиқат ілімдеріне сенуді тоқтатқан, Оның билігін алмаған заманды Жолдан таю деп атайды.

Жолдан тайған кездері, адамдар Исаның құрған шіркеуінен өзгеше шіркеулер құрды. Олар Иса оқытпағанды оқытты. Олардың әулиелігі болған емес. Олардың істеген рәсімдері Исаның шіркеуінің рәсімдерінен мүлде өзгеше. Оларда Исаның берген аяны болған емес. Олар Иса және Оның Апостолдары оқыған сияқты інжілдің барлық өсиеттерін танып білген емес. Пайғамбарлар кезінде, бұның барлығы болады деп айтқан.

### **Талқылау**

- Жолдан таю қалай пайда болды?

### **Иса Өз шіркеуін жерде өз қалпына келтірем деп, уәде етті**

Иса адамдар Оның билігін және ақиқат ілімдерін жоғалтатынын білді. Сондықтан, Ол шынайы Шіркеуді жер бетінде қайта қалпына келтірудің негізін қалады.

Апостол Жохан көрісінде, інжіл жерге қайта оралатын кезді көрді. Ол Исаның адамдарға періштелерді жіберіп, Көктегі Әкеміз туралы шындықты айтып, оқытатынын көрді. Иса біздің Көктегі Әкеміздің барлық балалары інжілді, әулиелікті, баталарды және басқа да олардың

Көктегі Әкеміздің ұдайы қасына оралу үшін, керектінің барлығын қабылдауға мүмкіндіктерінің барына көзін жеткізгісі келді.

### **Талқылау**

- Неге Иса жер бетіндегі Өз шіркеуін қайта қалпына келтірудің негізін қалады?

### **Сілтемелер**

*Иса Өзі құрған шіркеуді басқарды*

- Лұқа 9:1 (Иса Өзінің Апостолдарына күш берді.)
- 3 Нефий 27:8 (Иса Мәсіхтің шіркеуі Оның атымен аталған.)

*Ол көкке қайтып оралған соң, Иса Мәсіхтің Шіркеуі жер бетінде өз жалғасын тапты.*

- Матай 16:16–18 (Исаның өлімінен кейін Петір шіркеудің жетекшісі болып тағайындалды.)
- Матай 28:20 (Иса әрдайым Апостолдармен бірге болуды уәде етеді.)
- Марқа 3:14 (Иса он екі кісіні Апостол қылып тағайындады.)
- Марқа 16:17–18; 1 Қорынтықтар 12:4–11 (Исаның ізбасарлары рухани қабілеттерге ие болады.)
- Лұқа 10:1 (Иса інжілді уағыздап, жеткізетін жетпіс ер адамды таңдады.)
- Жохан 14:26 (Иса әрдайым Киелі Рух арқылы Апостолдардың қасынан табылады.)
- Істер 1:23–26 (Жаңа Апостол басқа өлгеннің орнына таңдалып алынады.)
- Істер 8:18–20 (Петір бір кісіге, әулиелік сатылмайды деді.)
- Істер 10 (Петір аян арқылы інжіл барлық адамдар үшін берілгенін білді.)
- Істер 14:23 (Шіркеудегі үлкен ағалар\*арнау рәсімін өтеді.)
- Ефестіктер 2:19–20 (Апостолдар мен пайғамбарларға көмек болатын Иса Өз Шіркеуінің негізгі іргетасы.)
- Ефестіктер 4:11–13 (Иса қызмет бағытын тағайындайды.)
- Жақш 5:14–15 (Науқас кісі әулиелігі бар адамның батасын ала алады.)

*Исаның шіркеуі жер бетінде ұзақ уақытқа жойылды*

- Амос 8:11–12 (Ер адамдар ақиқатты іздеп ұмтылады, бірақ қайдан іздеп табатынын білмейді.)
- Матай 24:9–12 (Апостолдар өлтірілді.)
- 2 Салоникалықтар 2:3–4 (Жолдан таю болжамы.)
- 2 Петір 2:1 (Жалған пайғамбарлар өтірікке оқытты.)

*Иса Өз шіркеуін жерде өз қалпына келтірем деп, уәде етті*

- Даниял 2:44–45 (Көктегі Әкеміздің патшалығы соңғы заманда құрылады.)
- Істер 3:20–21 (Иса жер бетіне Өзінің інжілін қайта орнатуға қайтып келеді.)
- Аян 14:6 (Інжілді қайта қалпына келтіруге періште көмектесетін болады.)



# ИСА МӘСІХТИҢ ШІРКЕУІ БҮГІН

19 тарау

---

*Иса Мәсіхтің ақиқат інжілін бүгінгі күні қайдан таба аламыз?*

## **Иса Мәсіхтің шіркеуі жер бетінде көп жылдар бойы болмады**

Иса жер бетінде болған кезде, Ол Өз шіркеуін құрды. Ол көкке оралған соң, Оның шіркеуі біраз уақыт жер бетінде жалғасын тапқан болатын. Адамдар Оның үйреткеніне және Оның ақиқат ілімдеріне сенімін тоқтатқан кезде, Иса әулиелік пен Оның шіркеуін жерден қайтып алды.

Көп жылдар бойы адамдарда шынайы інжіл мен Иса Мәсіхтің шіркеуі болмады. Адамдар өздерінің көзқарасы мен Киелі кітаптан алынған кейбір ілімдері бойынша, сансыз шіркеулерді құрды. Бірақ, ол шіркеулерде Көктегі Әкеміздің әулиелігі болған жоқ. Оларда Исаның барлық ілімдері болған емес. Оларда әрдайым Исаның беретін аяны жоқ. Олардың барлық рухани қабілеттері жоқ.

Адамдар Көктегі Әкеміз туралы шындықты білгілері келіп, ерік білдірді. Олар біздің Көктегі Әкеміз бен Исаның ілімдері туралы шындықты іздей бастады. Олардың кейбіреуі шынайы інжіл мен Иса Мәсіхтің шіркеуі жер бетінен ұзақ уақытқа жойылып кеткенін түсінді. Көктегі Әкеміз шынайы інжіл мен Иса Мәсіхтің шіркеуін жер бетінде қайта қалпына келтіретін уақыт келгенін білді.

### ***Талқылау***

- Неге Иса әулиелікті жер бетінен қайтып алды?
- Неге адамдар Иса Мәсіхтің шіркеуінен өзгеше шіркеулерді құрды?

## **Көктегі Әкеміз Өз уәдесінде тұрып, шынайы шіркеуін қайтарды**

Көктегі Әкеміз Өзінің барлық балаларын жақсы көреді. Олар өліп, қайта тірілген соң, Оның қасында өмір сүрулері үшін, не істеулері керектігін Ол танып білгендерін қалады. Иса Мәсіхтің ақиқат Шіркеуі



*Көктегі Әкеміз бен Иса Жозеф Смитке көрінді.*

жер бетінен алынар кезде, Иса пайғамбарлар мен Апостолдарға оны айтқан болатын. Ол Шіркеуді жер бетінде, бір күндері қайта қалпына келтірем деп, Ол уәде еткен. Ол бұны, ақиқат інжілді шынайы қайта қабыл алатын адамдар болған кезде жасады.

*Иса жер бетінде Өз шіркеуін қайта қалпына келтірді*

Иса жер бетінде өмір сүрген кезінде құрған Шіркеуі секілді сол билігі мен батасын орнатып, Өз Шіркеуін жер бетінде қайта қалпына келтірді. Оның өсиеттерін ұстануға әзір әр адам Оның шіркеуінің мүшесі болып қабылдана алады.

*Көктегі Әкеміз шіркеуді қайта қалпына келтіруге Жозеф Смитті таңдады*  
1820 жылы Иса жер бетінде, ақиқат інжіл мен шіркеуді қайта қалпына келтіре бастады. Жозеф Смит деген жас бала шіркеулердің қайсысы Иса Мәсіхтің шіркеуі екенін білгісі келді. Ол Киелі кітапта адам бір нәрсені білгісі келсе, Көктегі Әкемізден сұрап біл дегенді оқыды. Ол біздің Көктегі Әкемізден шіркеудің қайсысына қосылсам болады деген сұрақты қоям деп, шешті. Ол өз үйінің қасындағы орманға барып, Көктегі Әкемізден шіркеудің қайсысына қосылсам болады деп, сұрады. Көктегі Әкеміз бен Иса Мәсіх Жозеф Смитке көрінді. Көктегі Әкеміз Жозефке Исаға құлақ түріп, Оған мойынсұн деді. Иса оған шіркеулердің бірде-біреуіне қосылма деп, айтты. Ол жер бетінде, ақиқат шіркеу жоқ деді.

Ақиқат інжіл мен Иса Мәсіхтің шіркеуі жер бетінен алынғандықтан, Көктегі Әкемізден аян берілген емес. Осы аяннан бастап, көптеген өзге аяндар да, келді. Көктегі Әкеміз жерде Оның өкілі қылып, Жозеф Смитті тағайындады. Иса Жозеф Смит арқылы ақиқат інжілді және Иса Мәсіхтің шіркеуін қалпына келтірді.

*Талқылау*

- Неге Жозеф Смитке көріс көрінді?

*Әулиелік қалпына келтірілді*

1829 жылы жер бетінде әулиелік қалпына келтірілді. Су рәсімін өткізетін Жақия көктен келіп, Жозефтің төбесіне қолын қойып, Жозеф Смитке кейбір әулиеліктің билігін берді. Ол әулиеліктің билігі Харұн Әулиелігі деп, аталады. Су рәсімін өткізетін Жақия, ол осы әулиелік билікті қалпына келтіріп, Исаны су рәсімінен өткізген кісі. Петір, Жақып пен Жохан, Исаның ең алғашқы үш Апостолдары да, Жозефке келіп әулиелік билігін күшейтті. Ол әулиелік билігі Мәліксадық Әулиелігі деп, аталады.

Өзге пайғамбарлар және Мұса мен Илияс та, Жозефке келіп, басқа қасиетті жұмыстарды атқаратын әулиелікті берді. Інжілді оқытып, қасиетті жұмыстарды орындап және жер бетіндегі Шіркеуді қайта басқару үшін, Көктегі Әкемізден билік берілді.

### *Талқылау*

- Жозеф Смит бірінші әулиелікті қалай алды?

#### *Иса Өз шіркеуін қайта құрды*

Аян арқылы Иса Жозеф Смитті бағыттап, Оның шіркеуін қайтадан 6 сәуір 1830 жылы құрды. Иса жер бетінде өмір сүрген кезде, Ол Өз шіркеуін басқарды. Ол бүгін де, Өз шіркеуін басқарып келеді. Оның шіркеуіндегі адамдар әлі де, Әулиелер деп, аталады.

Иса Өз Шіркеуін бүгін Иса Мәсіхтің Соңғы Зандағы Әулиелер Шіркеуі деп, атады. *Соңғы Замандағы* деген сөздер жердегі Иса Мәсіхтің Шіркеуі ең соңғы кезді білдіреді. Иса, бұл шіркеу әлемдегі жалғыз шынайы шіркеу және Ол бұған ризамын деді.

Иса жер бетіндегі шіркеуді басқаратын пайғамбарды тағайындады. Иса сол пайғамбарға жетекшілік етті. Ол сол пайғамбарға шіркеуді басқаратын билік берді. Жозеф Смит Иса Мәсіхтің Соңғы Замандағы Әулиелер Шіркеуінің бірінші пайғамбары болды. Шіркеу пайғамбарын Шіркеу Президенті деп те, атайды. Президенттің қасында көмекші адамдар болады. Оларды кеңесшілер деп, атайды. Пайғамбар өлген кезде, оның орнына басқа пайғамбар тағайындалады.

Иса он екі Апостолды да, шіркеу жетекшілігінде көмектесу үшін таңдады. Президент пен Апостолдарға көмектесу үшін, ер адамдар Жетпістік Кворум мүшелігіне тағайындалады. Басқа тұрарлық ер адамдар мен ер балалар да, әулиелікке ие болып, Шіркеуде қызмет көрсетеді. Оларды алғашқы Иса Мәсіхтің шіркеуінде сияқты бас діни қызметшісі, ағалар, епископтар, діни қызметшілері, мұғалімдер мен дякон деп, атайды.

Иса Жозеф Смитке, Оның шіркеуін қайта қалпына келтіру керек деп, айтты. Шіркеу ауданды алып толық құрылған кезде, ол аудандық қазық\* деп, аталады. Қазықты президент басқарады. Оған екі кеңесші көмектеседі.

Қазық кішігірім аумақтарға бөлінеді. Ол аумақтарды тармақтар\* дейді. Үлкен тармақты басқаратын әулиелік жетекшіні епископ деп, атайды. Оған көмектесетін екі кеңесшісі болады.

Қазық құрылмаған аумақтарда, кіші тармақтардан тұратын аудандар,\* болуы мүмкін. Тармақтарда президент пен екі кеңесші жетекшілік етеді. Інжілге үйрететін көптеген миссионерлері бар аумақты миссия \*деп, атайды.

*Әулиелігі бар ер адамдар кворумдарға құрылады*

Әулиелігі бар ер адамдар кворумдар деп аталатын топтарға құрылады. Әулиелік кворум тобындағы ер адамдар сол әулиеліктегі қызметін атқарып қалады. Олар бір-біріне және басқа адамдарға көмектесу үшін бірігеді.

**Талқылау**

- Бүгін Иса Мәсіхтің шіркеуін басқаратын кім?
- Шіркеуді басқаруға көмектесетін адамдарды қалай атайды?

**Бүгінгі шіркеу Исаның жер бетінде болған кезінде құрған шіркеуге сәйкес құрылған**

*Иса әлі де, шіркеуді аян арқылы басқарады.*

Киелі Рух арқылы Иса пайғамбарларға шіркеуді қалай басқару керектігін айтады. Ол Шіркеудің Апостолдары мен басқа жетекшілерге Өз еркін білдіреді. Аян арқылы Иса Өз шіркеу мүшелерін әрдайым бағыттап отырады.

*Әркім шіркеу мүшесі бола алады*

Әр адам Ол жер бетінде болған кезде, Оның шіркеуіне адамдар келіп қосылған сияқты Иса Мәсіхтің шіркеуінің мүшесі бола алады. Адам Исаға сеніп, өкініп, тәубеге келуі керек. Адам су рәсімін өтуі тиіс. Адам су рәсімін өткен соң, (әйел/еркек) Киелі Рухтың тартуын қабыл алады.

**Талқылау**

- Иса Мәсіхтің шіркеуіне қосылу үшін, біз осы күні не істеуіміз керек?

*Шіркеу мүшелері бүгін рухани қабілеттерді алуда*

Иса әрдайым Өз Шіркеуінің мүшелеріне рухани қабілеттерді береді. Сол рухани күш-қуаттың барлығы бүгін шіркеуде.

**Талқылау**

- Қандай рухани қабілеттер бар? 16 тарауды қара.

*Иса Өзінің ақиқат ілімдерін қалпына келтірді*

Иса Өзі және Оның Апостолдары оқытқан ілімдерді қалпына келтірді. Иса Мәсіхке деген сенімнің негізгі ілімдері, ол өкініп тәубеге келу, су

рәсімін өту және Киелі Рухтың тартуын алу. Иса Өз шіркеуіне берген кейбір маңызды шындықтар.

1. Көктегі Әкеміздің денесі тән мен сүйектен тұрады.
2. Біз Көктегі Әкеміздің рухани балаларымыз. Осы дүниеге келгенге дейін біз Көктегі Әкеміздің қасында рух секілді өмір сүрдік.
3. Біз Адам істегені үшін емес, өзіміз жасаған күнәларымыз үшін жазаланамыз. Кейбір адамдар Адам мен Хауа тиым салынған жемісті жеген соң, олардың балалары дүниеге күнәқар болып келеді деп, сенеді. Ол шындыққа жатпайды. Балалар дүниеге күнәқар болып келмейді. Олар кіршіксіз таза. Сондықтан, олар сегіз жасқа толмай су рәсімін өтпейді.
4. Иса Мәсіхтің Шіркеуінде, арнау рәсімін \* (21 тарауды қара) өткізу үшін, ер адамның әулиелігі болуы тиіс.

### **Талқылау**

- Исаның адамдарға қайтадан берген ілімдері қандай?

### **Иса Мәсіхтің шіркеуі жер бетінде ешқашан жойылмайды**

Қазір бұл Иса Мәсіхтің ақиқат шіркеуі, әулиеліктің билігі мен інжіл қайта қалпына келтірілді және олар жерден ешқашанда, қайтып алынбайды. Көктегі Әкеміз ешқашан жойылмайтын патшалық құрамын деп, айтты. Ол патшалық Иса Мәсіхтің Соңғы Замандағы Әулиелер Шіркеуі. Ол мәңгілікке қалады.

Иса Мәсіхтің Соңғы Замандағы Әулиелер Шіркеуіне көптеген адамдар қосылды. Шіркеу мүшелері әлемнің көптеген елінде бар. Шіркеуге қосылып жатқан адам аз емес. Көктегі Әкеміздің барлық балаларының інжілді естіп, оны қабыл алуға барлық мүмкіндіктері бар.

### **Талқылау**

- Сіз Иса Мәсіхтің інжілін басқа адамдар естіп, Оның шіркеуіне қосылу үшін, қандай көмек көрсетесіз?

### **Сілтемелер**

*Иса Мәсіхтің шіркеуі жер бетінде көп жылдар бойы болмады*

- Ишай 24:5 (Адамдар шынайы ілімдерді өзгерткісі келді.)
- Амос 8:11–12 (Адамдар Көктегі Әкеміздің шынайы сөзін қайдан іздеп табатынын білмейді деді пайғамбар.)
- 4 Нефий 1:26–29 (Адамдар өз шіркеулерін құрды.)

*Көктегі Әкеміз Өз уәдесінде тұрып, шынайы шіркеуін қайтарды*

- Ишая 2:2–4 (Көктегі Әкеміз Өз патшалығын соңғы заманда орнататын болады.)
- 2 Нефий 3:6–15 (Жозеф атты пайғамбар жер бетінде ақиқатты қалпына келтіруге көмектеседі.)

*Бүгінгі Шіркеу Исаның жер бетінде болған кезінде құрған шіркеу сияқты құрылған*

- Істер 3:20–21 (Пайғамбарлар барлық нәрсе қалпына келтіріледі деп, хабарлады.)
- 2 Нефий 29:9 (Иса ертең де, бүгін де, мәңгілікке сол қалпы.)
- Мороний 10:7–19 (Иса сол рухани қабілеттіліктерді ертең де, бүгін де, мәңгілікке береді.)

*Иса Мәсіхтің шіркеуі жер бетінде ешқашан жойылмайды*

- Даниил 2:44–45; Матай 21:43 (Көктегі Әкеміз ешқашан жойылмайтын патшалық орнатам деп, уәде еткен.)

# ӘУЛИЕЛІКТІҢ ҚҰРЫЛУЫ

20 тарау

---

*Көктегі Әкеміздің жұмысын атқару үшін адам билікті қалай алады?*

## **Әулиелігі бар адам Көктегі Әкеміздің ісін атқара алады**

Көктегі Әкеміз әулиелік билігін соған лайық ер адам мен ер балаға Оның жұмысын жер бетінде атқару үшін береді. Ол осы билікті Исаға берді. Иса бұл билікті жер бетіндегі адамға берді. Әулиелігі бар ер адам мен ер бала біздің Көктегі Әкеміз бен Исаның өкілі болып келеді. Олар басқа ер адам мен балалар істей алмайтын нәрселерді жасай алады. Олар миссионер ретінде Иса Мәсіхтің інжіліне оқыта алады. Олар сырқат адамға батасын бере алады. Олар Шіркеудің қасиетті жұмысын атқара алады.

Иса бізге адам үшін, ол өзге ер адамға немесе ер балаға әулиеліктің беру жолы деп, айтты. Әулиелікті ұстанатын адам өз қолын ер адамның немесе ер баланың басына қояды. Содан соң, ол Иса Мәсіхтің және өзі ұстанатын әулиеліктің атынан оған әулиелікті береді.

Тек қана Исаның өсиеттерін орындаған ер адам мен ер бала әулиелікке ие бола алады. Егер ер адам мен ер бала Оның өсиеттерін орындаған болса ғана Оның жұмысын атқаруға Иса рұқсатын береді.

Жер бетінде ер адамнан немесе ер баладан басқа әулиелік жолын дұрыс пайдаланатын ұлы адам жоқ.

## ***Талқылау***

- Әулиелік деген не?
- Әулиелікке кім ие бола алады?

## **Әулиелік екі бөлімнен тұрады**

Әулиелік екіге бөлінеді, ол Харұн Әулиелігі мен Мәліксадық Әулиелігі. Харұн Әулиелігін кейде кіші әулиелік деп, атайды. Мәліксадық Әулиелігін кейде, жоғарғы әулиелік деп, атайды.





*Осы бас конференцияда, шіркеудің төрағалық әулиелік қызметіндегі Бастапқы Президенттігі, Он Екілік Апостолдар Кворумы және Жетпістіктің Кворумдары бейнеленген.*

*Харұн Әулиелігі*

Харұн Әулиелігі пайғамбар Мұсаның бауыры Харұнның құрметіне аталған. Мұсаның кезінде, Харұн деген адам жетекшілік еткен.

Ер адам немесе 12 жасқа толған ер бала Харұн Әулиелігін ұстана алады. Харұн Әулиелігі бар ер адам немесе ер бала адамдарды оқыта алады. Харұн Әулиелігі бар кейбір адам адамдарды су рәсімінен өткізе алады. Олар адамдарға Исаны есте сақтауға көмектеседі. Олар адамдарға әр түрлі көмек көрсете алады.

*Мәліксадық Әулиелігі*

Мәліксадық Әулиелігі Мәліксадық деген адамның атымен аталған. Мәліксадық діни қызметшісі болған адал ұлы адам. Ол Ыбырайымның кезінде өмір сүрген адам. Ол бас діни қызметшісі болған. Оның құрметіне әулиелік деп, аталғанға дейін, ол Мәртебе Құдайдың Ұлынан соң Киелі Әулиелік деп, аталған. Құдайдың атын адамдар көпше түрде пайдаланғандарын тоқтату үшін, Әулиеліктің аты Мәліксадық деп, өзгертілді.

Ер адам Мәліксадық Әулиелігін ұстану үшін, жасы 18 толуы керек. Мәліксадық Әулиелігі бар ер адам басқа адамдарға бата беретін билігі болады. Сол баталарды берген кезде, Иса оларға нені танып біліп, айту керектігін білдіреді.

*Талқылау*

- Шіркеуде қандай екі әулиелік бар?

**Әр әулиелік түрлі қызмет пен билікті қамтиды**

Адам әулиелікті алған кезде, ол әулиелік қызметіне тағайындалып, арнау рәсімін өтеді. Харұн Әулиелігі мен Мәліксадық Әулиелігіне бірнеше қызмет кіреді: Олардың әрқайсысының арнайы міндеттері бар.

Харұн Әулиелігін алған ер адам мен ер бала, діни қызметшісіне тағайындалып арнау рәсімін өткен соң, сол әулиеліктегі кісі мына нәрселерді істеуге билігі бар:

1. Інжілді оқытуға.
2. Су рәсімін өткізуге.
3. Діни антын\*дайындап, бата беріп таратады.
4. Олар Мәліксадық Әулиелігі бар адамдарға шіркеу мүшелеріне көмек көрсетіп, олармен қарым-қатынас орнатуға көмектеседі.
5. Харұн Әулиелігін басқаларға береді.

Мәліксадық Әулиелігі бар ер адамдар мына нәрселерді істеуге билігі бар:

1. Шіркеуде жетекшілік ету.
2. Інжілге оқыту.
3. Киелі Рухтың тартуын беру.
4. Арнайы бата беру.
5. Сәбидің атын қойып, бата беру.
6. Науқас адамды емдеу.
7. Өзгелерге әулиелік беру.
8. Харұн Әулиелігі бар ер адам мен ер балалар істей алатын нәрсенің барлығын істей алады.

### ***Талқылау***

- Мәліксадық Әулиелігі бар адамдардың қандай іс істейтін билігі бар?
- Харұн Әулиелігі бар адамдардың қандай іс істеуге билігі бар?

### **Харұн Әулиелігінің қызметтері мен олардың міндеттері**

Харұн Әулиелігінің міндеттері: ол дьякон, мұғалім, діни қызметшісі мен епископ.

#### *Дьякон*

Шіркеудің мүшелігіндегі ер адам 12 жасқа толысымен дьякон қызметіне тағайындалып, арнайы рәсімін өтіп, әулиелікке ие бола алады. Ол Исаның өсиеттері мен шіркеудің тәртібіне бағынуы тиіс.

Дьякон орындайтын міндеттер:

1. Діни антын тарату.
2. Жетекшілерге көмектесу.
3. Харұн Әулиелігіндегі мұғалімдерге тапсырма берілген кезде, оларға көмектесу.

Дьякон өзге адамға әулиелікті бермейді. Ол су рәсімін өткізбейді. Ол діни антына бата бермейді.

#### *Мұғалім*

Шіркеу мүшелігіндегі ер адам 16 жасқа толысымен әулиелікті алып, мұғалім қызметіне арнау рәсімін өте алады. Ол Исаның өсиеттері мен шіркеудің тәртібіне бағынуы тиіс.

Мұғалім орындайтын міндеттер:

1. Ол шіркеу мүшелеріне дұрыс өмір сүріп, өсиеттерді ұстануға көмектесу.

2. Шіркеу мүшелеріне Исаның өсиеттерін орындауға көмектесу.
3. Мәліксадьқ Әулиелігі бар адамдармен бірге отбасылармен қатынас орнатып, оларға Исаның өсиеттеріне бағыну керектігі туралы айтып, оқытуға көмектесу.
4. Діни антын дайындау.
5. Қажет болған кезде, дьякон істегеннің барлығын істеу.

Мұғалім әулиелікті өзгеге бермейді. Ол су рәсімін өткізе алмайды. Ол діни антына бата бермейді.

#### *Діни қызметшісі*

Шіркеудің мүшелігіндегі ер адам 16 жасқа толысымен діни қызметшісі қызметіне тағайындалып, арнайы рәсімін өтіп, әулиелікке ие бола алады. Ол Исаның өсиеттері мен шіркеудің тәртібіне бағынуы тиіс.

Діни қызметшісі орындайтын міндеттер:

1. Інжілге оқыту.
2. Шіркеу мүшелеріне Исаның өсиеттерін орындауға қолдау көрсету.
3. Су рәсімін өткізу.
4. Діни антына бата беру.
5. Басқа дьякондарды, мұғалімдер мен діни қызметшілерді арнау рәсімінен өткізу.
6. Мәліксадьқ Әулиелігі бар адамдар жиналыста қатыспаған жағдайда, жиналысты басқара алады.

Діни қызметшісі, мұғалім мен дьякон істеген істердің барлығын істей алады. Ол епископқа немесе Мәліксадьқ Әулиелігіндегі басқа да, қызметтерге арнау рәсімін өткізе алмайды.

#### *Епископ*

Епископ бір аумақтағы тармақты басқарады.

Епископтың міндеттері (тармақ президентінің тармақта атқаратын міндеттеріне сәйкес.)

1. Тармақтағы, Харұн Әулиелігіндегі адамдарды басқарады.
2. Тармағында, діни қызметшілерден тұратын кворумды басқарады.
3. Тармақта төрағалық етеді (басқарады).
4. Шіркеу мүшелігіндегі адамдардың абыройын қадағалайтын әділ төреші, олардың нақты баталары мен артықшылықтарына.
5. Ол жетекшілік ететін аудан тармақта, адамдарға рухани жетекшілік пен кеңес қажет болған кезде, оларға кеңес қажет болғанын ол сезген болса, кеңес береді.

6. Төтенше жағдайда, шіркеу мүшелеріне азық, киім және өзге нәрселерді алуға көмектеседі.
7. Адамдардың шіркеуге берген қаржыны және басқа да нәрселерді қабылдап, қамқор етеді.

Шіркеу Президенті қазық президентін ер адамды епископ қызметіне тағайындап, арнау рәсімін өткізу үшін жібереді.

#### *Талқылау*

- Дьяконның, мұғалімнің, діни қызметшісінің және епископтың қандай міндеттері бар?

#### **Мәліксадық Әулиелігінің қызметтері мен олардың міндеттері**

Мәліксадық Әулиелігінің қызметі: ол аға, бас діни қызметшісі, патриарх, жетпістік пен Апостол. Әр қызметтің арнайы міндеттері бар.

#### *Аға*

1. Су рәсімін өткізу.
2. Киелі Рухтың тартуын беру.
3. Кездесулерді өткізу.
4. Бас діни қызметшісі қатыспаған жағдайда, жиналыста төрағалық етеді.
5. Інжілді уағыздау.
6. Науқасқа бата беру.
7. Сәбилерге бата беру.
8. Өзгелерге әулиелікті беріп, оларды аға, діни қызметшісі, мұғалім немесе дьякон қызметтеріне арнау рәсімін өткізеді.
9. Қажет жағдайда, діни қызметшісі, мұғалім немесе дьякон істеген барлық істі істейді.

#### *Бас діни қызметшісі*

Бас діни қызметшісінің міндеті, ол шіркеудегі адамдарға жетекші болып, олардың рухани қалпына жауапты болу. Бас діни қызметшісі қажет болған кезде, ағаның, діни қызметшісінің, мұғалімнің және дьяконның істейтін барлық ісін істейді.

#### *Патриарх*

Патриарх Шіркеу мүшелеріне арнайы бата беретін бас діни қызметшісі. Ол баталар патриархтық баталар деп, аталады. Патриархтық баталар адамдарға Исаның еркін түсініп, оны істеуге көмектеседі.

### *Жетпістік*

Жетпістік Иса Мәсіхтің арнайы әлемге беретін куәгерлері болып табылады. Олар шіркеудің құрылысында, Апостолдардың жетекшілігімен жұмыс істейді.

### *Апостол*

Апостол Иса Мәсіхтің бүкіл әлемнің арнайы куәгері. Апостолдар бүкіл әлемнің шіркеуіндегі істерді бағыттайды. Әр Апостолдың барлық әулиелік билігі бар. Бірақ, тек қана Шіркеу Президенті, ол да Апостол, барлық әулиелік билік кілтін пайдалана алады. Өзге Апостолдар тек қана Шіркеу Президенті ретінде ғана өздерінің билігін пайдалана алады.

### **Әулиелікке әулиелік билік кілттерін пайдалануы үшін берілген өкілеттілік**

Әулиелік Исаның атынан іс атқарып, бізді Көктегі Әкемізге қайтып әкелуге билікке ие. Сол кілттерді ұстаған адам әулиелік билікті қалыпты жүргізеді. Ол кілттер шіркеуде әділ төрағалықта жетекшілік етуге құқық береді. Иеміз Иса Мәсіх барлық әулиелік кілттерді ұстайды. Ол Өзінің Апостолдарына Оның шіркеуін басқаратын қажет кілттерді берді. Тек жоғарғы Апостол, Шіркеу Президенті, сол кілттерді (немесе өзге тұлғаға пайдалануды тапсырады) шіркеуді басқару үшін пайдалана алады. Шіркеу Президенті ғибадатхана, миссия, қазық пен аудан президенттеріне, епископтарға және тармақ президенттері мен кворум президенттеріне әулиелік кілттерді ұстап жітекшілік етуді жүктеді.

Әулиелікті ұстанушылар арнайы рұқсат алмай кейбір нәрселерді істеуге билігі бар. Мысалы, Мәліксадық Әулиелігі бар ер адамдар науқас кісіге бата бере алады және күйеуі немесе әке ретінде, өз отбасына бата бере алады. Бірақ, басқа нәрселерді істеу үшін, кілттерді ұстайтын адамның рұқсатын талап етеді. Мысалы, діни қызметшісі су рәсімін өткізуге құқылы. Бірақ, ол әр адамды өз еркімен епископтың немесе тармақ президентінің рұқсаты берілмей су рәсімінен өткізе алмайды. Шіркеудің құрамында, епископ немесе тармақ президенті Харұн Әулиелігінің кілттерін ұстайды.

### *Талқылау*

- Әулиеліктің кілттері қандай?

### **Әулиелікті ұстаушылар кворумға құрылады**

Әулиелік қызметі бар ер адамдар мен ер балалар топтарға ұйымдастырылады. Ол топтар кворумы деп, аталады. Харұн Әулиелігіне дякон

---

кворумы, мұғалімдер кворумы мен діни қызметшілер кворумы кіреді. Мәліксадық Әулиелігіне ағалар кворумы мен бас діни қызметшілерінің кворумынан тұрады.

Ер адамдар мен ер балалар әулиелік қызметіне арнау рәсімін өткен кезде, ол сол әулиелік қызметіне қабылданған әулиелік кворумының мүшелігіне кіреді. Ол өзге қызметке арналғанға дейін сол кворум құрамында қалады. Кворум жетекшісі кворумның әр мүшесіне көмектеседі.

#### *Дьякондар кворумы*

Дьякондардың кворумына 12 дьяконға дейін кіреді. Егер үлкен тармақта дьякондар 12 адамнан асатын болса, қосымша тағы дьякондар кворумы құрылады. Дьякон кворумын президент пен екі кеңесші басқарады.

#### *Мұғалімдер кворумы*

Мұғалімдер кворумына 24 мұғалім кіреді. Егер үлкен тармақта мұғалімдер 24 адамнан көп болса, тағы бір мұғалімдер кворумы құрылады. Мұғалімдер кворумын президент пен екі кеңесші басқарады.

#### *Діни қызметшілер кворумы*

Діни қызметшілер кворумына 48 діни қызметшісі кіреді. Діни қызметшілер кворумының президенті, епископ немесе тармақ президенті. Ол кворумдағы екі діни қызметшіні өзінің көмекшісі қылып тағайындайды.

#### *Ағалар кворумы*

Ағалар кворумына 96 санға дейін жететін ағалар бар және аудан тармағындағы барлық ағалар соның ішіне кіреді. Егер ол 96 ағалардан да көп болса, қосымша өзге ағалар кворумын құруға болады. Мәліксадық Әулиелігін алмаған ер адамдар қоғамдық шаралар мен жұмыс тапсырмаларының сабағын алу үшін ағалармен кездесе алады.

Ағалар кворумын президент пен екі кеңесші басқарады.

#### *Бас діни қызметшілер кворумы*

Бас діни қызметшілер кворумына қазықтағы барлық бас діни қызметшілер кіреді. Қазық президенті мен оның екі кеңесшісі бас діни қызметшілер кворумын басқарады. Әдетте, топ жетекшісінің төрағалығымен бас діни қызметшілер әр үлкен тармақта бас діни қызметшілер тобын құрады.

### **Талқылау**

- Кворум деген не?
- Кворумға қанша дьякон, мұғалім, аға мен бас діни қызметші кіреді?
- Кворум мүшелері бір-біріне қайтып көмектеседі?

### **Сілтемелер**

*Әулиелігі бар адам Көктегі Әкеміздің ісін атқара алады*

- Сандар 27:18–19; Еврейлерге 5:4 (Әулиелікті ер адамдар Көктегі Әкеміздің белгілеуімен алады.)
- Ілім мен Өсиеттер 1:38 (Әулиелікті ұстанушылар Көктегі Әкеміздің атынан сөйлеп, ісін атқара алады.)
- Ілім мен Өсиеттер 121:34–46 (Әулиелік билігі тек қана әділдікте пайдаланады.)

*Әулиелік екі бөлімнен тұрады*

- Еврейлерге 7; Ілім мен Өсиеттер 84:6–30; 107:6, 13–14 (Мәліксадық Әулиелігі мен Харұн Әулиелігінің түсіндірмесі.)
- Ілім мен Өсиеттер 107:1–4 (Мәліксадық Әулиелігінің аты берілген себеп.)

*Әр әулиелік түрлі қызмет пен билікті қамтиды*

- 1 Қорынтықтар 12:14–31 (Әулиеліктің барлық қызметі маңызды.)
- Ілім мен Өсиеттер 84:26–27; 107:14, 20 (Харұн Әулиелігінің күші мен билігінің түсіндірмесі.)
- Ілім мен Өсиеттер 84:19–22; 107:8, 18–19 (Мәліксадық Әулиелігінің күші мен билігінің түсіндірмесі.)

*Харұн Әулиелігінің қызметтері мен олардың міндеттері*

- Ілім мен Өсиеттер 20:57–59 (Дьякондарға берілген міндеттер.)
- Ілім мен Өсиеттер 20:53–59 (Мұғалімдерге берілген міндеттер.)
- Ілім мен Өсиеттер 20:46–52 (Діни қызметшілеріне берілген міндеттер.)
- Ілім мен Өсиеттер 107:68–74, 87–88 (Епископтарға берілген міндеттер)

*Мәліксадық Әулиелігінің қызметтері мен олардың міндеттері*

- Ілім мен Өсиеттер 20:38–45; 42:44; 107:11–12 (Ағаларға берілген міндеттер.)
- Ілім мен Өсиеттер 107:10, 12 (Бас діни қызметшілеріне берілген міндеттер.)
- Ілім мен Өсиеттер 107:39; 124:91–93 (Патриархтың рөлінің түсіндірмесі.)



- Ілім мен Өсиеттер 107:25, 34, 93–97 (Жетпістіктің міндеттері берілген.)
- Ілім мен Өсиеттер 18:26–33; 107:23, 33, 35, 39, 58; 112:30–32; 124:128 (Апостолдардың міндеттері берілген.)

*Әулиелікке әулиелік билік кілттерін пайдалануы үшін берілген өкілеттілік*

- Ілім мен Өсиеттер 65:2; 81:2; 124:123; 132:7 (Әулиелік билік кілті бар адам ғана пайдаланып, жетекшілік ете алады.)

*Әулиелікті ұстаушылар кворумға құрылады*

- Ілім мен Өсиеттер 107:85–89 (Әулиелік кворумы мен оның көлемі келтірілген.)

# АРНАУ РӘСІМДЕРІ

21 тарау

---

*Әулиелігі бар ер адамдар мен ер балалар қандай іс атқара алады?*

**Әулиелікте, билігі бар ер адамдар Исаның істеген арнау рәсімдерін орындай алады**

Қасиетті арнау рәсімдерін әулиелік билігі бар адамдар орындайды. Су рәсімі, бекітім, қолды төбесіне қою және бата беру мен діни анты секілді кейбір арнау рәсімдері.

Иса жер бетінде болған кезде, Ол адамдарға көмектесу үшін арнау рәсімдерін орындады. Ол сырқат адамдарды емдеп, соқырлардың көзін ашты. Ол керең адамның құлағын ашып, өлгенді қайта тірілтті. Ол Өзінің ізбасарларына діни антын берді.

Иса әулиелікті ұстанған адамдарға арнау рәсімдерді орындайтын билік берді. Әулиелікке тұрарлық ер адамдар мен ер балалар арнау рәсімдерін орындай алады. Олар арнау рәсімдерін орындап, бізге бата беріп, Көктегі Әкеміз сияқты болуға көмектеседі. Арнау рәсімдері бізге Көктегі Әкеміздің ұдайы қасына оралып, өмір сүруге көмектеседі.

Өйткені, Иса бүгінгі күні біз біздің өмірде көптеген баталарды алуымыз үшін, жер бетіндегі ер адамдарға әулиелікті берді. Біз су рәсімін өтіп, Киелі Рухтың тартуын алып, өз отбасымызбен мәңгілікке бекітім жасап, бірге бола аламыз.

Президенттік кворумы өз кворум мүшелеріне арнау рәсімдерін қалай орындау керектігін үйретулері керек. Егер әулиелігі бар ер адам арнау рәсімін қалай орындау керектігін білмесе, ол президенттік кворумынан оны сұрап үйренуі тиіс.

**Талқылау**

- Арнау рәсімдері не үшін орындалады?



*Иса соңғы кешкі ас кезінде, Өз Апостолдарына діни антын берді.*

## Арнау рәсімдер бізге көмектесу үшін орындалады

### *Су рәсімін өту*

Су рәсімі Иса Мәсіхтің інжіліндегі бірінші арнау рәсімі болып табылады. Су рәсімін өтер алдында, адамдар Исаға сеніп, өз күнәлары үшін өкініп, Исаның үйреткенін орындауы керек.

Тек әулиелігі бар адам ғана өзгелерге су рәсімін өткізе алады. Адамға су рәсімін өткізу үшін, ол епископтың немесе тармақ президентінің рұқсатын алуы тиіс. Су рәсімін өткізетін кісі су рәсімін өтетін адаммен бірге суға кіреді. Су рәсімін өткізетін кісі су рәсімінен өтетін адамның атын атап, қысқа дұғаны айтады. Ол адамды түзу тұрғызып, оны суға толығымен батырып, қайта орнына көтеріп тұрғызып, су рәсімінен өткізеді.

Су рәсімін өткізген кезде, айтылатын дұға: «Иса Мәсіхтің берілген билігімен мен (сені/сізді) Әкенің, Оның Ұлы, және Киелі Рухтың атынан су рәсімінен өткіземін. Аумин.»

### *Талқылау*

- Иса Мәсіхтің інжіліндегі бірінші арнау рәсімі қандай?

### *Киелі Рухтың тартуын беру*

Адам су рәсімінен өткен соң, Мәліксадық Әулиелігі бар кісілер қолдарын оның басына қойып, арасындағы біреу арнайы дұғаны айтады. Осы дұғамен олар адамды Иса Мәсіхтің Соңғы Замандағы Әулиелер Шіркеуінің мүшесі қылып, оған «Киелі Рухты қабыл ал» деп, бекітеді. Исаның өсиеттерін әрдайым тырысып, әділ орындаған адам Киелі Рухтың жетекшілігін қабылдайды. Киелі Рухтың тартуы Иса Мәсіхтің інжіліндегі екінші арнау рәсімі болып табылады. Арнау рәсімін орындайтын кісі Киелі Рухтың шабытымен адамға бата береді. Ер адамдар кісіге Киелі Рухтың тартуын беру үшін, епископтың немесе тармақ президентінің рұқсатын алуы тиіс.

### *Талқылау*

- Киелі Рух тартуын кім береді?

### *Әулиелікке арнау*

Адамды әулиелікке арнау рәсімінен өткізу. Оны әулиелігі бар өзге ер адамдар өткізе алады. Олар Харұн Әулиелігін беру үшін, епископтың немесе тармақ президентінің рұқсатын алу керек, ал Мәліксадық Әулиелігін беру үшін, қазық президентінің рұқсатын. Ол ер адам мен ер бала үшін әулиелікке ие болу үлкен құрмет. Әулиелікті алған адам берген уәдесінде тұрса, әулиелік мәңгі сонымен болады.



*Діни антын қабылдау бізге Иса Мәсіхті және Оның  
Өтелуін есімізде сақтауға көмектеседі.*

### *Талқылау*

- Әулиелікті өзге адамға кім бере алады?

#### *Діни анты*

Әулиелігі бар адам нан мен суға арналған дұғаны айтады. Сонда әулиелігі бар сол адам немесе басқа адам шіркеу мүшелеріне нан мен ішетін суды таратады. Бұл діни анты деп, аталады. Діни анты арнау рәсімі.

Нан мен су Исаның тәнін және қанын білдіретін бейнесі болып табылады. Ол біздің орнымызды басып өзінің қасиетті өмірін құрбан етті\*, соны бізге есте сақтауға көмектеседі. Біз Оның бізге деген шексіз сүйіспеншілігін есте сақтауымыз керек. Біз өз күнәларымыз үшін Көктегі Әкеміздің кешірімін алып, бізге Оның қасында өмір сүруге берген мүмкіндікке Иса Мәсіхке ризашылығымызды білдіруіміз керек.

Біз әрдайым діни антын қабылдаған сайын, біз су рәсімін өткен кезде Көктегі Әкемізге берген уәдемізді қайта жаңартамыз. Біз Исаны әрдайым есте сақтап, Оның атын атап, біз әрқашан Оның өсиеттерін орындаймыз деп, уәдемізді қайта жаңғыртамыз. Біз діни антын қабылдар алдында, біз дұрыс істемеген істеріміз үшін өкініп, берген уәдеміз туралы ойлауымыз керек.

Егер біз берген уәдемізді әділ орындайтын болсақ, Көктегі Әкеміз әрдайым бізбен бірге болу үшін бізге Киелі Рухты жібереді.

#### *Нанға берілетін бата*

Бізге Иса діни антына арналған дұғаларды берді. Бұл нанға берілетін дұға:

«О Құдай, Мәңгілік Әке, біз Сенің Ұлың Иса Мәсіхтің атынан дәм алатын бүкіл жандар үшін осы нанға батанды беріп, нұрыңды төге гөр; олар Сенің Ұлыңның тән денесін естеріне алып Сенің алдында куәгер етеді, О Құдай, Мәңгілік Әке, олар өздері Сенің Ұлыңның атын алып, әрдайым есте сақтап, Ол берген өсиеттерді орындауға және Оның Рухы әрқашан олармен бірге болу үшін дайын. Әумин» (I мен Ө 20:77 және Мороний 4)

#### *Суға берілетін бата*

Бұл суға берілетін дұға:

«О Құдай, Мәңгілік Әке, біз Сенің Ұлың Иса Мәсіхтің атынан осы, барлық жандар үшін ішетін суға батанды беріп, нұрыңды төге гөр; оны Сенің Ұлың олар үшін төккен қанды естеріне алып істеп, Сенің алдында

куәгер етеді; О Құдай, Мәңгілік Әке, олар Оны әрдайым Оның Рухы олармен бірге болуы үшін әрқашан есте сақтайды. Әумин» (І мен Ө 20:79 және Мороний 5).

### **Талқылау**

- Діни анты деген не?
- Әулиелігі бар адамдар діни антына бата беріп таратқан кезде, біз не туралы ойлауымыз керек?
- Біз діни антын қабылдаған кезде нені уәде етеміз?

### *Балаларға бата беру*

Әдетте, сәбилер дүниеге келген соң бірнеше апта өтісімен әулиелігі бар ер адам сәбилерге бата бере алады. Оны істеу үшін оларда епископтың немесе тармақ президентінің рұқсаты болуы тиіс. Егер сәбидің әкесінде Мәліксадық Әулиелігі бар болса, сәбиге бата бере алады. Егер оның Мәліксадық Әулиелігі болмаса, ол сәбиге бата беріп немесе бата берген адамдардың ортасында қатыспайды. Ол Мәліксадық Әулиелігі бар кейбір адамдардан сәбиге бата беруін сұрайды. Мәліксадық Әулиелігіне тұрарлық әке немесе Мәліксадық Әулиелігін ұстанатын өзге адам, сәбиді қолына ұстайды, ал Мәліксадық Әулиелігі бар өзге адамдар көмектеседі және мінажат етеді. Мінажатында, ол Көктегі Әкемізге арнап, мәліксадық Әулиелігінің арнау рәсімін орындап отырмын деп, сәбиге ата-анасы таңдаған атын береді. Содан соң, ол Киелі Рухтың шабытымен сәбиге бата береді.

### **Талқылау**

- Мәліксадық Әулиелігі бар кісі сәбиге бата берген кезде, не істейді?

### *Сырқат адамдарға бата беру*

Адамдар сырқаттанған кезде, олар Мәліксадық Әулиелігі бар ер адамнан бата беруін сұрай алады. Біріншіден, әулиелікті ұстаушы адамның біреуі сырқат кісіге май жағады. Ол адамның басына дәріптелген шағын ғана май жағып, қолын соның басына қойып, арнайы дұғаны айтады. Әулиелікті ұстаушылардың біреуі кісінің басына май жағады. Содан соң әулиелікті ұстанушылардың екуі қолдарын кісінің басына қойып, май жағуды бекітеді де, біреуі Киелі Рухтың шабытымен бата береді. Осы әулиелік батаны алған көптеген адам өздерін жақсы сезініп, ауруынан сауығып кетті. Сырқат адамдарға берілетін бата арнау рәсімі болып табылады.

Сырқат адамдарға жағуға пайдаланатын май өзге арнау рәсімінде дәріптеледі. Майды дәріптеу үшін, Мәліксадық Әулиелігі бар адам шағын майы бар ыдысты ашып, арнайы дұғаны айтады.

Ол арнау рәсімін өткізу үшін, Мәліксадық Әулиелігі бар адамға, епископтың, тармақ президентінің немесе қазық президентінің рұқсаты қажет емес.

### **Талқылау**

- Адамдар сырқат болған кезде, кім бата бере алады?

*Әке өз отбасындағы мүшелерге бата бере алады*

Мәліксадық Әулиелігі бар әке өз отбасындағы мүшелерге бата бере алады. Ол оны отбасындағы мүшелері сырқат болғанда немесе арнайы көмек керек болған кезде, істей алады. Бұны істеу үшін, оған епископтың, тармақ президентінің немесе қазық президентінің рұқсаты керек емес. Әке адамның басына қолын қойып, мінажат етеді. Мінажатында, ол Киелі Рухтың оған білдіріп айтқанымен адамға бата береді. Отбасындағы адамдарға берілетін бата арнау рәсімі болып табылады.

### **Талқылау**

- Әке өз отбасындағы мүшелерге қандай уақытта бата бере алады?

### **Кейбір арнау рәсімдер өте маңызды, оны әркім алуы тиіс**

Кейбір арнау рәсімдер адамның Көктегі Әкеміздің қасына оралып, өмір сүру үшін қажет. Олардың екеуі, ол су рәсімі мен Киелі Рухтың тартуының арнау рәсімі. Ер адамдар мен ер балалар әулиелікті алуы тиіс. Өзге арнау рәсімдері, ол біз көмек пен жайлылыққа зәру болған кезімізде, әке өз отбасындағы адамдарға беретін батаны орындайды.

### **Талқылау**

- Қандай арнау рәсімдер бар?
- Әркімнің алатын батасы қандай?

### **Сілтемелер**

*Әулиелікте, билігі бар ер адамдар Исаның істеген арнау рәсіміндерін орындай алады*

- Матай 16:19; Марқа 3:14 (Иса Өзінің Апостолдарына әулиелік берді.)
- Марқа 1:34 (Иса ауру адамдарды емдеп, жіндарды қуып шықты.)
- Істер 19:1–6 (Исаның Апостолдары арнау рәсімдерін орындады.)

*Арнау рәсімдер бізге көмектесу үшін орындалады*

- Матай 19:14–15 (Иса балаларға бата берді.)
- Матай 23:26–28 (Иса Өз шәкірттері үшін арнау рәсімдерге бата берді.)
- Істер 8:17 (Иса Апостолдарға Киелі Рухты берді.)



- Жақып 5:14 (Ағалар сырқат адамның басына дәріптелген майды жағып, бата берулері керек.)
- 3 Нефий 11:23–28 (Су рәсімін өткізетін тәсіл орындалуы тиіс.)
- Мороний 4; 5 (Иса діни антына бата беру дұғасын бұрын өмір сүрген адамдарға берген.)
- Мороний 6:1–3 (Су рәсімін өткізетін адамдарға берілген талаптар.)

*Кейбір арнау рәсімдер өте маңызды, оны әркім алуы тиіс*

- Жохан 3:5; 2 Нефий 31:17–18 (Біз Көктегі Әкеміздің қасына оралуымыз үшін, су рәсімін өтіп, Киелі Рухтың тартуын алуымыз керек.)
- Ілім мен өсиеттер 84:33–42 (Ер адамдар мен ер балалар Көктегі Әкеміздің керемет баталарына ие болу үшін, әулиелігі болуы тиіс.)
- Ілім мен Өсиеттер 124:39; 131:1–4; 132 (Адам мәңгілік өмірге өту үшін, ғибадатханалық арнау рәсімдерін өтуі керек.)

# ИСА МӘСІХТІҢ ЖОЛЫМЕН ЖҮРУ

*Жетінші бөлім*





*Иса су рәсімін өтп, Өзінің Әкесіне багынғанын көрсетті.*

# МОЙЫНСҰНУ

22 тарау

---

*Біздің Көктегі Әкеміз бізге Оның қасына оралып, бақытты болуымыз үшін не істеуіміз керектігін айтты. Біз ол нәрселерді істеуді қайтып үйренеміз?*

## **Біздің Көктегі Әкеміз заңдарды бізді сүйгендіктен берді**

Біздің Көктегі Әкеміз біз осы жер бетінде бақытты болғанымызды күтеді, өйткені Ол бізді сүйеді. Ол тағы біз Оған қайтып оралып, біз Оның көрген қуанышы біздікі де, болғанын қалайды. Оған ұқсас болуымыз үшін Оның берген мүмкіндігін ғана пайдаланып, істей аламыз.

Көктегі Әкеміз біз Оған ұқсас болуымыз үшін, біздің не істеуіміз керектігін біледі. Ол бізге, біз үшін ненің дұрыс екендігін жеткізетін өсиеттерді берді. Ол тағы біз үшін бұрыс болатын істерді де, айтты.

Көктегі Әкеміздің берген әрбір өсиеті біздің игілігімізге беріліп, бізге көмектесетін болады. Біздің өмірде бұл өсиеттер бізге жетекші болуы мүмкін, егер біз оларды орындайтын болсақ, бақытқа бөленеміз.

Біз баршамыз Көктегі Әкеміздің өсиеттерін бұздық. Өйткені, біз Көктегі Әкеміздің өсиеттерін бұзып, күнәға батамыз. Өйткені, біз күнәға батып Көктегі Әкемізден алыстатылдық. Біздің күнәларымыз үшін берілген әділ жаза, біз Көктегі Әкемізден мәңгілікке алыстатыламыз.

Бірақ, Көктегі Әкеміз бізді жақсы көреді. Ол біздің күнәларымыз үшін төлем жолын жазалау арқылы жасады. Ол Өзінің Ұлы Исаны жіберіп, біздің күнәларымыз үшін жазаға тартты. Біз Исаға сеніп, Көктегі Әкеміздің қасына оралуымыз үшін, Иса біздің орнымызды басып, күнәларымызды өтеді. Исаға сену үшін, Оған сенім артып, Оның ізбасары болып мойынсұну. Исаға сенген адам Оның өсиеттерін орындайды. Біздің Көктегі Әкеміздің қасына оралудың бірінші қадамы, ол Исаға шынайы мойынсұнуға тырысып, Оған сену. Егер біздің Исаға деген сеніміміз жалғасатын болса, Ол біздің Көктегі Әкеміздің берген

өсиеттеріне бағына білуді үйретеді, сонда Көктегі Әкеміз біздің күнәларымызды кешіретін болады.

Кейбір Исаның өсиеттері шіркеудегі барша қауымға қатысы бар. Ол оны киелі жазбаларда, Өзінің пайғамбарлары арқылы берді. Ол кейбір өсиеттерді бізге өзіміздің жеке басымызға Киелі Рух арқылы жеткізеді. Мысалы, киелі жазбалар мен пайғамбарлар бізге, барша шіркеу мүшелері өзге адамдарға інжілді оқытып, жеткізуге көмектесуі керек деп, айтқан. Бірақ, Киелі Рух әрқайсысымыз жеке түрде інжілді өз отбасымызда, достарымызға немесе көршілерге қалай оқытып жеткізе алатынымызды айтады. Егер біз киелі жазбаларды танып, пайғамбарларға құлақ салып, тыңдап және Киелі Рухтың сыбырлап айтқанын орындайтын болсақ, біз әрдайым не істеу керектігімізді білетін боламыз.

### **Талқылау**

- Біздің Көктегі Әкеміз бен Исаның өсиеттері бізге деген Олардың сүйіспеншілігін қалай көрсетеді?
- Көктегі Әкеміз бен Исаның бізге айтқанын қайтып білеміз?

### **Көктегі Әкеміздің әр өсиеті маңызды болып табылады**

Біз Исаның берген барлық өсиеттерін орындауға даяр болуымыз керек. Оның барлық өсиеттері маңызды және бізді Көктегі Әкеміздің қасындағы өмірге дайындалуға көмектеседі. Киелі кітапта Нағыман деген кісі туралы әңгіме келтірілген. Ол қатты сырқат болып, Елисей атты пайғамбардан ем алғанды қалады. Ол үйінен кетіп Елисей тұратын елге аттанды. Елисей Нағыманды Иордан деп, аталатын өзенге жіберіп, сол жерде жеті рет суға түссін, сонда ол сауығып кетеді деді.

Нағыман оған айтқанды естіген кезде, қатты ашуланды. Ол өзі тұратын жерде көптеген үлкен өзендердің барын біле тұра, неге Иордан өзеніне ол баруы керектігін ұқпады. Бірақ, Нағыман ашуға салынса да, кейін бағынуды ұйғарды. Өйткені, ол бағынған соң сауығып кетті. Ол бағынбаған күнде, оған ем қонбас еді.

Кейбір адамдар Исаның өсиеттеріне бағыну қиын деп, ойлайды. Бір Нефий атты жас кісі бауырларымен бірге бір қиын нәрсені орындаулары керек болды. Иса оларға Иерусалим қаласына қайтып оралындар да, маңызды жазбаларды алындар деп, айтты. Оның бауырлары оны орындай алмағанын жеткізді. Бұны істеу қиынға соққан болатын. Бірақ, Нефий Исаның айтқанын орындауға тиістімін деді. Оның айтқаны, Иса бізге істе деп, айтқан нәрселерін қаншалықты қиын болып көрінсе де, орындауымыз керек, өйткені Ол оны жасауға көмектеседі.

Иса бізге, біз Оған және Көктегі Әкемізге ұқсас болуымыз үшін, еңбек етуіміз керек деді. Ол бізге оны біз орындай алатынымызды білген соң істе деп, айтты.

Иса күнәсіз таза болғандықтан Көктегі Әкемізге ұқсас. Біз баршамыз күнәға баттық, бірақ біз Исаға сеніп және өкініп, тәубеге келу арқылы Көктегі Әкемізге деген ұқсастығымызды жақындата аламыз.

Кейде біз Исаның өсиеттерін бір себептен ұға алмаймыз. Бірақ, біз Исаға сеніп, жақсы көретін болсақ, біз Оның айтқанын мүлтіксіз орындайтын боламыз. Біз Оның істе деп, айтқанын түсінбеген болсақ та, біз оны орындайтын боламыз. Адам мен Хауа оны істеді. Иса Адам мен Хауаға біздің Көктегі Әкемізге арнап, құрбандық\* шалсын деді. Бір күні Адамға періште келіп, сен неге құрбандық шаласың деп, сұрады. Адам оған білмеймін, Иса соны істе деп, айтты деді. Сонда періште Адамға ол заңның себебін айтып, Адамды інжілге үйретті. Иса Адамға риза болды, өйткені Адам ол заңның себебін білмеген болса да, орындады.

Біз Исаның өсиеттеріне мойынсұнуымыз керек, өйткені біз оны жақсы көреміз және Оған бағынғанды қалаймыз. Біздің Көктегі Әкеміз Исаға мойынсұнғысы келген адамға ризамын деді. Ол Оның балалары Исаға мойынсұнбаған күнде, Ол оларды бір нәрсеге ұрынған кезде, бағынуға мәжбүр етеді. Біздің Көктегі Әкеміз Оның балалары Исаны жақсы көріп, Оған бағынғанын қалайды, өйткені бұл олардың Көктегі Әкеміздің қасына оралудың жалғыз жолы.

### *Талқылау*

- Неге Исаның өсиеттеріне мойынсұну қиын болса да, орындауымыз керек?
- Неге біз өсиеттерді кейде ұқпасақ та, орындауымыз керек?
- Неге біз Оған мойынсұнуды қалағандықтан оны орындау өте маңызды?

### **Біз Көктегі Әкемізді сүйе білген кезімізде, Исаға мойынсұнғымыз келіп, ерік білдіреміз**

Иса Көктегі Әкеміздің істе деген барлық бұйрығын орындады. Иса біздің Көктегі Әкемізге бағынды, өйткені Ол Көктегі Әкемізді жақсы көреді. Көктегі Әкемізге бағынбасын деп, Ібіліс Исаны азғырды. Иса Ібілістің арбауына түскен жоқ.

*Бірінші және ең маңызды өсиет Көктегі Әкемізді шын жүректен жақсы көру*

Көктегі Әкемізді жақсы көрсек, біз Иса істеген секілді Оған бағынғымыз келеді. Біз Көктегі Әкемізді танып білген сайын, біз Оны жан дүниемізбен жақсы көретін боламыз. Ол біз үшін не істегенін және Ол туралы біз білуіміз керек. Біз оны киелі жазбаларды оқып және Иса Мәсіхтің шіркеуіндегі жетекшілердің айтқанын естіп білеміз. Біз Көктегі Әкемізді жақсы көрген кезде, біз Исаны да, жақсы көреміз, өйткені Иса біздің Көктегі Әкеміздің қасына оралу үшін бізге көмектеседі. Біз Исаны жақсы көруге және Оның бұйрығын орындауды үйренеміз. Біздің Көктегі Әкемізге және Исаға деген сүйіспеншілігіміз есейген сайын, Олардың өсиеттеріне бағыну жеңілдей түседі.

*Екінші ұлы өсиет барлық адамдарды жақсы көру*

Иса өзге адамдарды жақсы көріндер және көмектесіндер деді. Өзінді қалай сүйсең, маңайындағы адамды да, солай сүй. Ол бізге олар туралы жамандық айтпаңдар деді. Біз оларды олардың қателіктері үшін кешірімді болуымыз керек. Біз әрдайым өзгелерге көмектесе аламыз.

Біз Көктегі Әкеміз бен Исаны жақсы көрген кезде, біз өзгелерге сүйіспеншілікпен қарап көмектесеміз. Біз Исаны жақсы көріп, өзге адамдарға қызмет еткен кезде, біз Көктегі Әкеміз бен Исаға мойынсұнып жеңілдей түсеміз.

***Талқылау***

- Қандай екі ұлы өсиет бар?
- Исаның қандай үлгісі бізге Көктегі Әкеміздің өсиеттеріне бағынуға көмектесе алады?
- Біз Көктегі Әкеміз бен Исаны қалай жақсы көріп, Олардың өсиеттеріне бағына аламыз?

**Біз әр батаны мойынсұну арқылы аламыз**

Біз Көктегі Әкеміздің өсиеттеріне бағынған кезде, Ол бізге батасын береді. Ол біз мойынсұнған әр өсиетке батасын берем деп, уәде етті. Әрдайым біз өсиетке мойынсұнған сайын, бағынғанымыз үшін батасын аламыз. Егер біз өсиетке мойынсұнбасақ, біз уәде берген батасын аламыз деп, үміттен алмаймыз.

Көктегі Әкеміздің өсиеттеріне бағынғанның арқасында бізге берілген кейбір баталар - ол бақыт, қорқыныштан еркін болу, мықты денсаулық пен көптеген білім мен қабілеттілік. Біз Көктегі Әкемізге ұқсас болып,

Оның қасында ұдайы өмір сүре алатынымыз үшін Оның берген уәдесі ең үлкен бата. Біз ол баталарды Оның барлық өсиеттеріне бағынып қана ала аламыз.

Көктегі Әкеміздің өсиеттерін шынайы орындаған кезде, ең маңызды нәрсені есте сақтау керек, оны тек қана Исаның көмегімен орындай аламыз. Біз Оған мойынсұнбаған күні де, біз Иса Мәсіхке берік сеніп, тәубеге келетін болсақ, біздің Көктегі Әкеміз бізді кешірім етеді. Біз барлығымыз күнәқар болғандықтан, біз Иса Мәсіхтің Өтелуіне үлкен ризашылығымызды білдіруіміз керек. Өйткені Оның Өтелуі, біздің Көктегі Әкеміз бізді кешірім етіп, батасын беріп, біз Оған бойсұнып төзімді болуымызға көмектеседі. Біз өзіміз, Көктегі Әкеміздің батасына ешқашан лайық болмас едік.

### ***Талқылау***

- Сіз Көктегі Әкемізге мойынсұну үшін, қандай баталарға ие боласыз?
- Сол баталарға біз ие болуымыз үшін, Иса бізге қайтып көмектесті?
- Біз Көктегі Әкеміздің ең үлкен тартуын қалай аламыз?

### ***Сілтемелер***

*Біздің Көктегі Әкеміз заңдарды бізді сүйгендіктен берді*

- Жохан 15:10–14 (Егер біз Көктегі Әкеміздің өсиеттеріне бағынсақ, Ол бізді жақсы көретінін білетін боламыз.)

*Көктегі Әкеміздің әр өсиеті маңызды болып табылады*

- 2 Патшалықтар 5:1–14 (Пайғамбар Елисейдің Нағыманға ем алу үшін, не істеу керектігін айтты.)
- 1 Нефий 3:1–7 (Иса бізге өсиеттерді орындауға мүмкіндік берді.)
- 3 Нефий 12:48 (Иса бізге мінсіз болындар деді.)

*Біз Көктегі Әкемізді сүйе білген кезімізде, Исаға мойынсұнғымыз келіп, ерік білдіреміз*

- Матай 22:37–40 (Иса ұлы екі өсиетті берді.)
- Жохан 8:29 (Иса әрдайым Оның Әкесіне ұнайтын істерді істеді.)
- Жохан 14:15, 21– 24 (Егер біз Көктегі Әкеміз бен Исаны жақсы көрсек, біз Олардың өсиеттерін орындайтын боламыз.)
- 1 Қорынтықтар 2:9 (Көктегі Әкеміз Оны жақсы көретін адамдарға керемет баталарды даяр етті.)



*Біз әр батаны мойынсұну арқылы аламыз*

- Нақыл сөздер 3:1– 4; Еремия 7:23 (Көктегі Әкеміз Оған мойынсұнған адамдарға ғана бата берем деп, уәде тетті.)
- 2 Нефий 2:3– 9; Алма 22:14; Мороний 6:4 (Біз тек қана Құтқарушының көмегімен Көктегі Әкеміздің батасына ие бола аламыз.)
- Мосия 2:24 (Көктегі Әкеміздің батасын тек Оған бағынатын болсақ қана аламыз.)
- Мосия 2:41 (Өсиеттерге бағынған адамдар көптеген бата алып, бақытты болады.)

# ҚҰРБАНДЫҚ

23 тарау

---

*Көктегі Әкемізге деген ұқсастығымыз жақындай түсу үшін, Оның жоспарына сәйкес біз біреулерге бір нәрсені беріп, қолғабыс көрсетуіміз керек. Сіз бір нәрседен бас тартып, оны бөтен біреуге берген кезде, сізде бақытты сезім пайда болды ма?*

## **Иса Өз өмірін біз үшін құрбан етті**

Көктегі Әкемізге бағынып, біз жиі құрбан етуге мәжбүр боламыз. Бөтен біреуге тағы бір нәрсені көмек ретінде беріп, біз құрбандыққа барамыз. Иса ұлы құрбандық жасады. Ол біздің орнымызды басып, күнәларымыз үшін азаптан өтті. Содан соң, Ол біздің орнымызды басып, Өз өмірін қиды.

Иса біздің орнымызды басып, Өз өмірін қиды, сондықтан барлығы өліп қайта тіріледі. Біз барлығымыз еш өлмес мінсіз денеге ие боламыз. Бұны қайта тірілу деп, атайды. Тағы, Исаға сенім артып, істеген күнәлары үшін өкінген адам күнәлары үшін кешіріледі, өйткені Иса біздің орнымызды басып, күнәларымызды өтеді, сондықтан олар Көктегі Әкеміздің қасына оралуға мүмкіндік алады.

Адам өмір сүрген кезінен Иса Мәсіхтің кезіне дейін адамдар Көктегі Әкемізге құрбандыққа малды шалатын. Халық табындағы немесе қорадағы малдың арасынан құрбандыққа ең тәуірін таңдап алатын. Олар әрдайым еркек малдың тұңғышы болатын. Малдың ең тәуірін таңдап алған соң, адамдар оны өлтіріп, оның дене бөліктерін Көктегі Әкемізге берілген құрбандық ретінде өртеп жібереді.

Адамдар ол малдарды Көктегі Әкеміздің заңына мойынсұнғандықтан құрбан етті. Сөйтіп, олар өздеріне маңызды бір нәрсесінен бас тартса да, олар Көктегі Әкемізге мойынсұнып бағынуға даяр екендігін көрсетті. Көктегі Әкеміз Өзінің Ұлын олардың орнына құрбан еткенін

олардың естеріне салу үшін, малды құрбандыққа шалсын деп, бұйырған болатын. Иса, Көктегі Әкеміздің тұңғыш Ұлы, бұл дүниеге мінсіз пәк таза болып келді. Ол біздің күнәларымыз үшін Өзін құрбан етті.

Иса Өз өмірін қиған соң, Ол адамдарға бұдан былай малды құрбандыққа шалмандар деп, бұйырды. Ол бізге Оның бізге істеген құрбанын есте сақтауымыз үшін діни антын берді. Діни антының суы мен наны Иса өлген кездегі бізге берген Исаның тәні мен қанын білдіреді.

### *Талқылау*

- Көне заман кезінде малды құрбандыққа шалған. Ол нені білдіреді?

**Көктегі Әкеміздің бізге арнаған жоспарының бір бөлігі құрбандық** Көктегі Әкеміз қазір бізден құрбандық етуді өзге түрде талап етеді. Ол біздің құрбандығымыз шын жүректен және рухани өкінішпен істелсін деп, бізге бұйырды. Ол күнәларымыз бен тәкаппарлығымыздан бас тартуымыз керектігін білдіреді. Бұл Исаны әрдайым есте сақтап, қандай да, бір қиындықтарға қарамастан Оның өсиеттерін орындау дегенді білдіреді. Бұның белгісі:

1. Біз Исаға сенеміз, біз күнәларымыз үшін өкінеміз, біз су рәсімін өтеміз және Исаның өсиеттерін ұстанамыз.
2. Біз өзге адамдар Исаның ізбасары болып, Оның Шіркеуіне қосылу мүмкіндігін алулары үшін, біз Исаға деген сеніміміз туралы айтамыз.
3. Біз Исаның шіркеуінде, Оның еркін орындап, қандай жұмыс болсын, істейміз.
4. Ер адамдар өз отбасы мен өзге адамдар келесі өмірде, Көктегі Әкеміздің қасына қайтып оралуына дайын болу үшін, әулиелікті қабыл алып көмектесуге даяр.

Көктегі әкеміздің қасына оралуымыз үшін, бізден Исаның сұраған барлық нәрсесін беруге даяр болуымыз керек. Апостол Пауыл жер бетіндегі өз уақытымызды пайдаланып, Исаның жұмысына көмектесуіміз үшін, біз мүмкіндігінше барлығын істеуіміз керек деді.

### *Талқылау*

- Бүгін Исаның құрбандығын есте сақтайтыныңызды қайтып білдіре аласыз?

Бір дәулетті адам Көктегі Әкеміздің қасында ұдайы өмір сүру үшін, не істеуім керек деп, ол Исаға сұрақ қойды. Иса оған Көктегі Әкеміздің өсиеттерін орындау керек деп, жауап қатты. Дәулетті адам, мен жас кезімде өсиеттерді орындап, мойынсұнған болатыным деп, жауап берді.



*Өз дүние мүлкін құрбан етіп, Исаның соңынан еріп жүру үшін,  
ауқатты жас әміршінің сенімі жеткіліксіз болды.*

Иса оған, ол орындауға тиіс тағы бір зат туралы айтты. Ол өзінде бардың барлығын сатуы керек. Содан соң, ол табыстың барлығын кедейлерге таратып, Исаның ізбасары болуы тиіс. Дәулетті адам бұны естіп, берген жауабы. Ол барлық дүние-мүлкін беріп, Исаның соңынан еріп жүргенді қаламады.

Ол дәулетті адам мейірімді кісі болатын. Ол шын ниеттен өсиеттерді орындағысы келді. Бірақ, Иса оған бүкіл дүние-мүлкінді сатып, түскен ақшанды мұқтаждарға таратып бер деген кезде, ол Оның соңынан ермеді.

Исаның екі Апостолы, Петір мен Әндір, Исаның ізбасары болу үшін, барлық дүниесін беруге әзір болды. Иса оларға еріңдер соңымнан деген кезде, олар өз жұмыстарын қалдырып, Оның соңынан ерді.

Ыбырайым да, Көктегі Әкеміздің айтқанын орындап, барын берді. Ыбырайым Иса дүниеге келмей тұрып, жер бетінде өмір сүрді. Ол кезде, Көктегі Әкеміздің талабы бойынша, адамдар әлі де, малды құрбандыққа шалатын. Ол Ыбырайымға оның жалғыз ұлын құрбан етуді талап етіп, Ыбырайымның Оған мойынсұнып бағынатынын сынға алып, көргісі келді. Ыбырайым бағынуға даяр болды. Ол құрбандық үстелді дайындап, ұлын сонда жатқызды. Періште келіп оны тоқтатқан кезде, Ыбырайым шынайы өз ұлын құрбан етпек болды. Періште Ыбырайымға ұлынды құрбан етуді қалаған емеспін деді. Көктегі Әкеміздің Ыбырайымға өзінің ең қымбатты жалғыз ұлын бер деп бұйырғанда, ол оны орындауға даяр болғанын Көктегі Әкеміз білді. Ыбырайым Көктегі Әкемізді қатты жақсы көргендіктен, Көктегі Әкеміз бұйырған нәрсенің барлығын орындауға дайын болды. Ыбырайым Көктегі Әкеміз үшін барлығын құрбан етуге даяр болғандықтан Ол оған батасын беріп, бағыштады.

### *Талқылау*

- Қай адамның үлгісі Исаның бер деп, бұйрығын орындап барлық дүниесін беруге әзір емес екенін көрсетеді?
- Қай адамның үлгісі Көктегі Әкеміздің бер деп, бұйырғанның барлығын беріп, орындауға даяр екенін көрсетеді?
- Осындай жағдайда сіз не істер едіңіз?

### **Біз Исаның жұмысын орындау үшін мүлкімізді құрбан етеуіміз мүмкін**

Егер біз Исаның жолымен жүрсек, біздің отбасымыз бізден бас тартуы мүмкін. Біз Оған мойынсұнған кезде, өзге адамдар бізді күлкіге алып



*Ыбырайымның сенімі соншалықты үлкен болғандықтан, ол Иеміздің бұйрығын орындап, өзінің ұлы Ысқақты құрбан етуге даяр болды.*

немесе зиян келтіруі мүмкін. Біз Иса Мәсіхтің шіркеуіне қосылған кезде, жұмысымыздан айырылуымыз мүмкін.

Біз өз қаражатымыз бен өз уақытымызды қолдануға мәжбүр болып, өзге адамдарға Иса туралы айтып, оқытуымыз мүмкін. Біз Шіркеу жетекшілеріне Оның жұмысын орындауға көмектесу үшін, өз уақытымызды жұмсауымыз мүмкін. Біз өз уақытымыз бен қаражатымызды Исаның жұмысын атқарып жүрген отбасымыздағы басқа адамдарға көмектесу үшін пайдалануымыз мүмкін. Көктегі Әкеміз біз Иса туралы куәгерлігімізден бас тартпай, өз өмірімізді соған арнағанымызды қалайды.

### *Талқылау*

- Сізге сіздің сүйікті жеке меншігіңізді бер деп сұраса, сіз қандай күйге түсер едіңіз?
- Сіз Исаның жұмысына қанша рет құрбандық берер едіңіз?

### **Құрбандықтың берілген батасы өзге жолмен келуі мүмкін емес**

Құрбандық бізге риясыз болуға көмектеседі. Біз Көктегі Әкемізге қызмет етіп, өзге адамдарға қолғабыс беруге үйренеміз. Біздің өзге адамдарға істеген нәрселеріміз бізді бақытты қылады. Бұл жер бетінде біздегі бар қандай да бір дүниеге қарағанда, Исаның істе деп бұйырығанын орындау біз үшін өте маңызды екенін білеміз. Біз жеке өзімізді ғана ойламай өзге адамдарға қызмет етудің жақсы екенін түсінеміз. Біз бір нәрседен бас тартып, өз еркімізбен оны құрбан еткен кезде де, Көктегі Әкеміз бізге батасын береді деп, санаймыз.

Өзге адамдар үшін құрбан ету Исаның бізге істегенін жақсы түсінуге көмектеседі. Ол бізді сүйгендіктен Өз өмірін біз үшін құрбан етті. Біз Көктегі Әкемізге және өзге адамдарға бір нәрсені құрбан етсек, оларға деген біздің сүйіспеншілік өседі. Біздің Көктегі Әкеміз бен Исаға деген ұқсастығымыз жақындай түсіп, біз сүйіспеншілікте қалыптаса бастаймыз.

Едәуір жеке меншікке ие болу жаман емес. Көктегі Әкеміз кей уақытта ол заттарды біз өзге адамдарға қолғабыс көрсетуіміз үшін береді. Бірақ ақшаны және өз меншігімізді жақсы көрмеу өте қиынға түседі. Біз оны алу үшін, күш салып еңбек етеміз. Оның кейбіреуі біз өмір сүруіміз үшін қажет нәрселер. Көктегі Әкеміздің Өзінің өзге балаларына көмек ретінде беруге тиіс, бірақ біз бере алмаған нәрселер үшін аландаудың қажеті жоқ.

Иса Мәсіхтің Шіркеуіндегі адамдардың ең басты міндеті, ол Көктегі Әкеміз бен Исаға қызмет ету. Біз Иса Мәсіхтің Шіркеуіндегі жетекшілердің бізге берген тапсырмасын орындайтын болсақ, біздің өз меншігімізге

қарағанда, Көктегі Әкеміз бен Исаны көбірек сүйетінімізді көрсетеміз. Біз өз уақытымызды құрбан етіп, оларға өзгелерді оқытуға көмектесеміз. Көктегі Әкеміздің қасында өмір сүруге лайық болып, керек болған жағдайда Исаға көмектесу үшін, бізден тиістінің барлығын беруге дайын болуымыз керек.

Исаға мойынсұнып, қызмет еткен адамға Ол ұлы бата берем деп, уәде еткен. Ол бізге, біз керемет нәрселерді көруіміз мүмкін емес, біз осы күндері Оған қызмет етіп құрбан ететін болсақ қана, кейін оларға ие боламыз деді.

### *Сілтемелер*

*Иса Өз өмірін біз үшін құрбан етті*

- Лұқа 9:57– 62 (Біздің өміріміздегі қандай да бір нәрселерден маңыздысы, ол Исаға бағыну.)
- Жохан 15:12–13 (Иса Өз өмірін біз үшін қиып, Өзінің бізге деген ұлы сүйіспеншілігін көрсетті.)

*Көктегі Әкеміздің бізге арнаған жоспарының бір бөлігі құрбандық*

- Жаратылыс 22:1–14 (Ыбырайым өзінің ұлы Ысқақты құрбан етем деп, айтты.)
- Матай 4:18– 20 (Иса Петір мен Әндірді Өзінің шәкірті ретінде шақырды.)
- Римдіктер 12:1 (Біз Көктегі Әкемізге қызмет етуіміз үшін, өз уақытымызды пайдалануымыз керек.)

*Біз Исаның жұмысын орындау үшін мүлкімізді құрбан етеуіміз мүмкін*

- Ілім мен Өсиеттер 64:23 (Бұл құрбандық шалу уақыты.)
- Ілім мен Өсиеттер 97:8 (Көктегі Әкеміз өзін құрбандық етуге даяр адамды қабыл алады.)

*Құрбандықтың берілген батасы өзге жолмен келуі мүмкін емес*

- Матай 19:29 (Өзін інжілге арнаған адамға Иса ұлы бата берем деп, уәде берген.)
- Лұқа 12:16– 34 (Біз осы әлемнің дүниесінен көре, біріншіден Көктегі Әкеміздің Патшалығын іздеуіміз керек.)



# ҚҰДАЙҒА СЫЙЫНАТЫН КҮН

24 тарау

---

*Көктегі Әкеміз бізге әр аптадағы бір күнімізді Оған сыйыну үшін арнасын деп, айтты. Біз ол күнді қасиетті күні қылып өткізсек, көптеген батаға ие боламыз.*

**Көктегі Әкеміз бізге көмектесу үшін Құдайға сыйынатын күнді берді.**

Көктегі Әкеміз біздің көптеген қиындығымызды жақсы біледі. Біз күнделікті көп нәрселерді атқаруымыз керек. Біз азық пен киімді табу үшін, көп еңбек етуіміз керек. Біз азығымызды дайындап, сол күні басқа іспен айналысуымыз керек.

Біз сол істермен айналысып жүріп, Көктегі Әкеміз туралы ұмытып кетуіміз хақ. Біз тағы Көктегі Әкеміздің қалаған істерін де, ұмытып кетуіміз мүмкін. Біз күнделікті қозғалыста, Көктегі Әкеміздің ісін емес, өзіміздің қажеттілігімізді көбірек ойлай бастаймыз.

Көктегі Әкеміз Ол туралы ойлайтын уақыттың қажет екенін біледі. Ол бізден нені қажет ететінін білу үшін, бізге уақыт керек. Сондықтан, Ол бізге әр жеті күнде бір күн жұмысымыздан демалып, Ол туралы танып білсін деді.

Көктегі Әкеміз алты дәуір ішінде Иса Мәсіх арқылы жер құрып жасады. Ол сол дәуір уақытындағы күндерді атады. Жетінші күні, Ол жер құру жұмысынан демалды. Ол бізге, біздің күнделікті өмірімізде, жетісінде бір күн демалысқа арнауымыз керек деп, айтты.

**Көктегі Әкеміз бізге Құдайға сыйынатын күнді белгілеп айтты**

Көктегі Әкеміз бізге көне замандағы адамдар аптаның жетінші күнін пайдаланып, Құдайға сыйынатын деді. Ол күні Көктегі Әкеміз жер құрып, жетінші күні өзіне демалыс орнатқаны туралы адамдардың есіне түсіруге көмектеседі.



*Жексенбі Құдайға сыйынатын күн.*

Иса өлген соң, Ол аптаның бірінші күні тірілді. Исаның ізбасарлары бірінші күнді адамдар Исаның қайта тірілген күнін құрмет тұтып, есінде сақтауға көмектесу үшін, Құдайға сыйынатын күні ретінде пайдаланды. Біз ол күнді Иеміздің күні деп, атаймыз. (Исаны кейде Иеміз деп, атайды.) Біз оны тағы да, демалыс күні деп, атаймыз. Бұл жеті күннің өзге күні болса да, көне адамдар бұл күнді жеті күннің бірі қылып, Құдайға сыйынатын күні ретінде пайдаланған. Біз әлі де, алты күн бойы қалыптасқан жұмысымызды істейміз. Жетінші күні біз Көктегі Әкемізге сыйынамыз.

Осы замандағы көптеген адамдар аптаның бірінші күнін, Жексенбіні, Құдайға сыйыну күні ретінде пайдаланады. Көктегі Әкеміз Өз пайғамбарларына, кейбір жағдайда әр елде тұрып жатқан Оның халқы өзге күнді Құдайға сыйыну күні ретінде, пайдалана алады деп, айтты.

### **Біз қасиетті Құдайдың күнін ұстана аламыз**

Біз Құдайдың күнінде көп нәрселерді орындауымыз керек. Ол күні біз істей алатын ең маңызды нәрсе, ол Көктегі Әкеміз бен Исаны еске алып, ойлану. Біз Олардың еркін біліп, оны орындауымыз үшін, сол нәрселер туралы ойлануымыз қажет. Құдайға сыйыну күні біз істейтін кейбір нәрселер, бізге Көктегі Әкемізді есте сақтап тануға көмектеседі, ол:

1. Біздің Көктегі Әкеміз бен Исаны танып білуге көмектесетін киелі жазбаларды оқу.
2. Өзге адамдарға шіркеуді танып, білуге көмектесу.
3. Өз отбасымызда Көктегі Әкеміз бен Исаның бізге білдірген еркін айттып, Олар туралы оқыту.
4. Шіркеуде інжіл туралы оқытатын біріккен жиналыс пен сабақтарда қатысу. Біз Исаның тарихы мен інжілдің басқа ілімдері туралы оқып, Көктегі Әкеміздің бізге жасаған істері туралы бір-бірімізге айттып біле аламыз.
5. Біз басқа күндері істейтін жұмыстан демаламыз.
6. Мінажат.
7. Ауру адамдарға қатысып, оларға өздерін жақсы сезінуге көмектесу.
8. Өз отбасымызда болған кейбір нәрселерді кейін еске түсіру үшін, парақ бетіне түсіріп жазу.

Иса Мәсіхтің Шіркеуінің мүшелері Құдайға сыйыну күні діни антына қатысуы керек. Олар оған қатысып, Иса туралы ойланып, Оның біз үшін істеген істерін естеріне алады. Олар Исаны естеріне алу үшін, Көктегі Әкемізбен байланыс орнатулары керек. Олар діни антын қабылдаған кезде, олар берген қасиетті уәделерін есте сақтаулары керек. Егер олар

Исаға мойынсұнатын болса, Көктегі Әкеміздің уәде еткен нәрселерін есте сақтаулары тиіс.

Құдайға сыйынатын күні біз атқармайтын көптеген істер бар. Біз жұмыс істемеуіміз керек. Демалыс күні не өз отбасың, не қызметшілерің, не малдарың ешқандай жұмыс жасамауы тиіс. Біз Көктегі Әкеміз бен Иса туралы ойлауға кедергі болатын басқа нәрселерді оқып, телеарнадан бағдарламаларды көруді немесе әуен тыңдауды тоқтатуымыз керек. Ол күні біз спорт шараларына қатыспаймыз. Біз қандай да, бір нәрселерді сатып немесе сатып алмаймыз. Ол заттар маңызды болуы мүмкін, бірақ олар осы қасиетті күні кедергі болып, Көктегі Әкеміз бен Иса туралы ойлауға мүмкіндік тудырмайды.

Кейде біз Құдайға сыйынатын күні жұмыс ітейтін жағдай туындайды, бірақ біз ол күні жұмыс істемеуге тырысуымыз керек. Жұмыс істеу тым қатты қажет болған жағдайда, біз жұмыс уақытында, Көктегі Әкеміз бен Исаны ойымызға алып, тырысуымыз керек.

### *Талқылау*

- Құдайға сыйынатын күні біз нені орындауымыз керек?
- Құдайға сыйынатын күні біз нені істемейміз?

### **Қасиетті күнді ұстанғанымыз үшін Көктегі Әкеміз бізге оң батасын береді**

Құдайға сыйынатын күннің мақсаты әрдайым сол бір мақсат болып табылады. Ол күні біз күнделікті орындайтын жұмысымыздан демаламыз. Ол күні біз Көктегі Әкемізді танып, Оның қасындағы өмірге дайындаламыз. Бұл күні біз Көктегі Әкеміздің бізге деген еркін біліп, өз өміріміздің маңыздылығын терең түсінеміз.

Бұл біз үшін мейірімді күн. Ол бізге Көктегі Әкемізді есте сақтау үшін көмектеседі, сол себептен біз осы жер бетіндеміз. Біз Құдайдың күні Көктегі Әкеміздің еркін орындасақ, біз Оның оң батасын аламыз. Біздің отбасымыз бақытқа бөленеді. Біздің денеміз жаңданады. Біз Көктегі Әкемізге және Оның ілімдеріне жақындай түсеміз. Біз апта бойы Киелі Рухтың әсерін қатты сезінетін боламыз. Біз мойынсұнғандықтан, Көктегі Әкеміз біз азық, киім және басқа да, бізге қажет заттарды алуға көмектеседі. Ол бізге Ол туралы көбірек біліп, біз бақытты болуымызға көмектеседі.

### *Талқылау*

- Біз Құдайға сыйынатын күнді қасиетті күн ретінде ұстанатынымыздың кейбір себептері неде?

### *Сілтемелер*

*Көктегі Әкеміз бізге көмектесу үшін Құдайға сыйынатын күнді берді.*

- Жаратылыс 2:2–3 (Көктегі Әкеміз жетінші күні Өзінің жұмысынан демалды.)
- Мысырдан көшіп шығу 20:8 (Көктегі Әкеміз Құдайға сыйынатын күнді қасиеттілікте ұстандар деп, бұйырды.)
- Мысырдан көшіп шығу 35:1–3 (Біз Құдайға сыйынатын күні демалуымыз керек.)
- Марқа 2:27 (Көктегі Әкеміз бізге көмектесу үшін Құдайға сыйынатын күнді берді.)
- Мосия 18:23 (Біз демалыс күнін қасиеттілікте ұстауымыз керек.)

*Көктегі Әкеміз бізге Құдайға сыйынатын күнді белгілеп айтты*

- Істер 20:7 (Апостолдар аптаның бірінші күні діни антына қатысты.)
- 1 Қорынтықтар 16:2 (Адамдар бірінші күннен бастап Құдайға сыйынуға даяр.)

*Біз қасиетті Құдайдың күнін ұстана аламыз*

- Мысырдан көшіп шығу 20:9–10 (Көктегі Әкеміз бізге жетінші күні біз жұмыс істемеуіміз керек деді.)

*Қасиетті күнді ұстанғанымыз үшін Көктегі Әкеміз бізге оң батасын береді*

- Ишая 58:13–14 (Көктегі Әкеміз Құдайға сыйынатын күнді қасиеттілікте ұстауға оң батасын берді.)

# ПӘКТІК ЗАҢЫ

25 тарау

---

*Көктегі Әкеміз бізге балалы болуға қасиетті күшті берді. Ол бізге сол күшті қалай пайдалану керектігін айтты. Егер біз оны дұрыс пайдалансақ, біз өте бақытты боламыз.*

**Көктегі Әкеміз бізге балалы болып, пәктік заңына бағынындар деді** Адам мен Хауа некеге отырған соң, Көктегі Әкеміз оларға балалы болындар деді. Ол Адам мен оның әйелі Хауаға, балалы болындар, сонда көктегі рухтар жерге келіп, тән мен сүйектен жаратылған денеге ие болады деп, айтты. Тән мен сүйектен жаратылған дене Көктегі Әкеміздің бізге берген жалғыз тартуы болып табылмайды. Көктегі Әкеміздің денесі тән мен сүйектен жаратылған, сондықтан Ол Өзінің балалары Өзіне ұқсас болғанын қалады.

Балалы болудың күші өте қасиетті. Көктегі Әкеміз бізге бұл күшті қалай пайдалану керектігін айтатын заңды берді. Бұл заң пәктік заңы деп, аталады. Ол бізге біз тек заңды некеге отырған адаммен ғана жыныстық қатынас арқылы балалы бола аламыз деді. Бұл біз некеге отырмас бұрын жыныстық қатынасқа орын бермеуіміз керек дегенді білдіреді. Ал некеге тұрған соң, заңды өз күйеуің немесе әйеліңмен ғана жыныстық қатынас орын алуы тиіс.

Ананың ішіндегі нәрестені алып тастап түсікті жасау немесе ол іште болған кезде, оны өлім халіне жеткізіп, не өлтіруге дейін барған дұрыс емес. Біздің епископ немесе тармақ президентінің көмегімен мінажат етіп, мұқият қарастырып, ақылдасатын ерекше жағдайлар болады. Біз түсікті жасағысы келген адамға соны жасауға қолдау көрсетпеуіміз керек.

Ата-аналар өз балаларын пәктік заңына оқытып үйретуге міндетті. Ата-аналар өз балаларын өз денесіндегі кейбір дене бітімін ешкімге қол тигізуге рұқсат етілмегенін және олардың денесі қасиетті болып

табылатынын айтып, оларды үйретуге міндетті. Олардың балалары өзгелерден үйренген бұрыс көзқарасы мен сөздерін олар дұрыстауы тиіс.

Балалар есейген сайын, олар Көктегі Әкеміздің бізге балалы болу күшін бергені туралы және ол билікті некеге тұрған соң ғана пайдаланған жөн деп, айтып үйретуге міндетті. Біздің балалар 12 немесе 13 жасқа толған кезде, оларға баланың қалай пайда болатынын түсінуге көмектесуіміз керек. Біз оларды жамандық пен жалғандық ілімдерден қорғауымыз үшін, өнегелікте оқытуымыз керек.

### **Талқылау**

- Неге Көктегі Әкеміз бізге балалы болуға мүмкіндік берді?
- Пәктік заңы деген нені білдіреді?
- Біз балаларымызға олардың денесі туралы нені айтып, оқытуға міндеттіміз?

### **Ібіліс пәктік заңын бұзғысы келеді**

Ібіліс біз Көктегі Әкеміздің қасына оралғанымызды қаламайды. Ібіліс пәктік заңын бұзғысы келеді. Ол балалы болу қасиеттілік күшінің болмағанын қалайды. Ол пәктік заңын бұзу күнәқарлыққа жатпайды деп, ойлағанымызды күтеді.

Ібіліс айла жолдармен бізді пәктік заңынан тайдырғысы келеді. Ол бізді, егер өзге адамдар денемізді көріп, қол тигізетін болса, бұл боларлық нәрсе деп, сендіргісі келеді. Ібіліс бізді жаман ойларға итереді. Ол бізді пәктік арымыздан айыратын суреттерді, киноларды немесе билерді көріндер деп, еліктіріп шақырады. Ол тағы бізді жамандыққа еліктіретін билерде қатысуға, хиқаялар мен күлкі оқиғаларды және әундерді тыңдауға шақырады. Ібіліс біз өз денемізді қасиеттілікте ұстамауымыз үшін барлық құлық істерді жасайды, сонда біз балалы болу күшін дұрыс жолда пайдаланбаймыз.

Кейде Ібіліс бізді біздің сезіміміз арқылы еліктіреді. Біз жалғызсырап немесе бақытсыздықты сезініп шатасқан кезімізді Ібіліс біледі. Ол сол біздің әлсіз сәттерімізді пайдаланып, бізді пәктік заңнан аластатқысы келеді. Ол бізді түрлі жолдарда балалы болу күшін пайдалануымыз дұрыс деп, еліктіргісі келеді. Ол бізді, егер біз пәктік заңды бұзатын болсақ, бізбен ештеңе болмайды деп, сендіргісі келеді.

Бізге Көктегі Әкеміз Ібіліске төтеп беретін күш бере алады. Ол біздің жамандық істегенімізді немесе күнәқар ойға салынғанымызды қаламайды. Ол бізге, біз төтеп бере алатын шамамыздан артық Ібіліске бізді

өз арбауына еліктіруге мүмкіндік бермеймін деп, уәдесін берді. Ол арбауларға төтеп беретін жолды бізге дайындады.

Біз Ібіліске төтеп беру үшін, Көктегі Әкемізден көмек сұрап, мінажат ете аламыз. Біз Көктегі Әкемізге мінажат еткен кезде, Ол бізге Киелі рухты жіберіп, бізге көмектеседі. Киелі Рух бізге, біздің денеміз бен балалы болудың күші қасиетті болып табылатынын ескертіп көмектеседі. Киелі Рух бізге көмектесіп, бұл күшті теріс жолға пайдалануға мүмкіндік бермейді. Ол бізге жақсы нәрсені көруге, оқуға және ойлауға баулайтын нәрселерді таңдауға көмектеседі. Ол бізге пәктік заңның бұзылғаны жақсылыққа апармайтынын және бұл заңды біз орындаған бетте бақытты болатынымызды есімізге түсіріп, көмектеседі.

### *Талқылау*

- Неге Ібіліс біз пәктік заңын бұзғанымызды қалайды?
- Ібілістің арбауына төтеп беру үшін біз не істей аламыз?
- Көктегі Әкеміз бізге, біз пәктік заңын орындауымыз үшін қайтып көмектеседі?

### **Пәктік заңын бұзу өте ауыр күнә**

Бір-бірін құрмет тұтып, сүйген ерлі-зайыптылар арасындағы жыныстық қатынас жақсы және адал болып саналады. Бұл жолды Көктегі Әкеміз бізге балалы болу үшін берді. Олар ерлі-зайыптылар бір-біріне деген сүйіспеншілігін білдіріп, олардың сезімдері бір-біріне жақын болудың тағы бір жолы. Бірақ, некеге тұрмай жыныстық қатынаста болу өте ауыр күнә болып табылады.

Пәктік заңның бұзылуы бізді бақытсыздыққа апарды. Біз Көктегі Әкеміздің айтқанына бағынбағандығымызды ұққан кезде, біз өзімізді кінәлі сезініп, ұятты боламыз. Біз Ол берген қасиетті күшті теріс жолда пайдаланғанымызды түсініп, өзге адамдарды бақытсыздыққа итереміз. Пәктік заңның бұзылуы дұрыс отбасы жоқ сәбиді дүниеге әкелуі мүмкін.

Тек екі күнә пәктік заңды бұзғаннан да, тым қатаң болып табылады. Ол Киелі Рухтан бас тарту мен өлтіру. Пәктік заңды бұзған адамдар кешірім алуы мүмкін. Көктегі Әкеміз егер олар Исаға сенім артып, өздерінің күнәлары үшін өкініп тәубеге келетін болса, Ол оларды кешіремін деп, айтты. Егер пәктік заңын бұзған адам өзінің күнәлары үшін өкініп тәубеге келмесе, Көктегі Әкеміздің қасында өмір сүре алмайды.

Егер кімде кімге күш қолданылып зорланған немесе жыныстық қатысқа салынған болса, ол пәктік заңның бұзылғанына кінәлі емес.



Кешірім тек Исаға деген сенім мен өкіну арқылы келеді. Біздің істеген ісіміз дұрыс емес екенін мойындап, біз шынайы өкініш білдіріп, тәубеге келуіміз керек. Біз теріс жолдан қайтып, қиынға соқса да, Көктегі Әкеміздің алдында күнәларымызды мойындап, біз әулиелік билігі бар тиісті (епископ, тармақ президенті, қазық президенті немесе миссия президенті) тұлғаның алдынан өтуіміз керек. Егер ол Исаға сенім артып, Көктегі Әкеміздің алдында өз күнәларын мойындап, тиісті Шіркеу жетекшінің алдынан өтіп, шынайы өкініп тәубеге келсе, Көктегі Әкеміз оны кешірем деді. Осының барлығын орындап, шынайы өкінбеген адам кешірілмейді.

### ***Талқылау***

- Пәктік заңын бұзғандық неге ауыр күнәға жатады?
- Біз пәктік заңын бұзған кезімізде, қандай күйге душар боламыз?
- Неге біз пәктік заңына бағынуымыз керек?
- Пәктік заңын бұзғанымыз үшін өкініп тәубеге келу үшін, біз не істеуіміз керек?

### **Пәктік заңына бағыну бізді бақытты қылады**

Біз пәктік заңына бағынсақ, біздің балаларымыз бізге елігетіндей жақсы үлгі боламыз. Біз Көктегі Әкемізге мойынсұнсақ, Ол риза болатынын біз білеміз. Біз мойынсұнып бағынатын болсақ, біздің отбасымыз оларды сүйетінімізді біледі, сонда бізде ұятты немесе кінәлі болу сезімі пайда болмайды. Көктегі Әкемізге деген біздің ұқсастығымыз жақындай түседі. Біз пәктік заңына бағынатын болсақ, Көктегі Әкеміз бізге және біздің балаларымызды немесе дүниеге келетін балаларымызға оң батасын береді.

Біздің бойымызға Көктегі Әкемізден берілген күшті пайдалансақ, неке тұрмысы бізге бақыт сыйлайтын болады. Ерлі-зайыпты жұпқа, жыныстық қатынас бақыт әкелуі мүмкін. Бұл олардың бір-біріне деген сүйіспеншілік сезімін жақындатады. Бұл дүниеге келетін балалар, ол Көктегі Әкеміздің бізге берген батасы. Кейде, балалар ата-ананы көптеген әбігерге немесе уайымға салады, бірақ олар да, үлкен қуанышқа әкеледі. Кейбір ұлы бақыттардың бірі біздің өмірдегі білетін, ол балаларымыздың өсіп ер жетуі, білім алып үйленуі және олардың балалы болуы.

### ***Талқылау***

- Пәктік заңына бағынған кезімізде, біз қандай баталарға ие боламыз?
- Неге біз пәктік заңын бұзған кезде емес, бағынған кезде ғана бақытқа бөленеміз?

### *Сілтемелер*

*Көктегі Әкеміз бізге балалы болып, пәктік заңына бағыныңдар деді*

- Жаратылыс 1:28 (Көктегі Әкеміз адам мен Хауаға балалы болыңдар деп, бұйырды.)
- Мысырдан көшіп шығу 20:14 (Көктегі Әкеміз неке адалдығын бұзба деп, бұйырды.)
- Леулік 20:10–23 (Пәктік заңына қарсы күнәлар жазаланады.)
- 1 Қорынтықтар 6:19 (Біздің денеміз қасиетті.)
- Мороний 9:9 (Пәктік барлық өзге нәрселерден де, қымбат.)

*Ібіліс пәктік заңын бұзғысы келеді*

- Матай 5:27–28 (Жамандыққа итеретін істерді біз ойымызға да, алмауымыз керек.)
- 1 Қорынтықтар 10:13 (Арбауларға қарсы тұру үшін Көктегі Әкеміз бізге күш береді.)
- Алма 12:14 (Біз жақсы нәрселер туралы ойлап, айтуымыз керек.)

*Пәктік заңын бұзу өте ауыр күнә*

- Нақыл сөздер 6:25–32 (Пәктік заңның бұзылуы бізді қайғыға ұшыратады.)
- Ишая 1:16–18 (Өкініп, тәубеге келген адамды Көктегі Әкеміз кешірім етеді.)
- 1 Қорынтықтар 6:9 (Пәктік заңын бұзған адам өкініп тәубеге келмесе, Құдайдың ұдайы қасына оралып, өмір сүре алмайды.)
- Алма 39:5 (Тек екі күнә пәктік заңын бұзғаннан да, ауыр болып саналады.)

*Пәктік заңына бағыну бізді бақытты қылады*

- Ғалаттықтар 5:16–24 (Көктегі Әкеміз пәктік заңына бағынған адамға оң батасын берді.)
- 2 Титке (Әділ өмір бізді бақытты қылады.)

# АДАЛДЫҚ

26 тарау

---

*Көктегі Әкеміз Өзінің істеген барлық ісіне адал. Біз өз ісімізде адал болғанымызды Ол күтеді ме?*

## **Көктегі Әкеміз бізге барлық істе адал болындар деді**

Адалдықтың жолы шындықты айту. Адалдықтың жолы алдамау немесе ұрлық жасамау. Шындыққа жатпайтын нәрселерді айтқан кезде, біз алдаймыз. Шындықты жартылай айтқан кезде, біз алдаймыз. Адамдарды еліктіріп, шындыққа сай келмейтін нәрсені айтсақ, біз адал емеспіз.

Адамның рұқсатысыз оның затын алып немесе ұрлап алуға болмайды. Дүкеннен қандай да, біз заттың ақшасын төлемей алу, ұрлыққа жатады. Көктегі Әкеміз бізге ұрлық жасама деп, айтты.

Адал адамдар жұмыс уақытын толығымен істеп, төлем ақысын алады. Адал жұмыс беруші оған істеген қызметкерлердің жұмыс еңбегіне қарай ақы төлемін береді. Адал адамдар өздерінің қызметтері мен өздерінің саудасы үшін, төлемді әділетті түрде алады. Егер біз Көктегі Әкеміздің қасында өмір сүргіміз келсе, біз адал болуымыз керек.

Ібіліс бізді адалдық жолынан тайдырғысы келеді. Біз түрлі жағдайда әділ болмасақ, Ібіліске елігеміз. Ібіліске өтірік ұнайды. Ібіліс арсыздықты ақылдық деп, бізді адастырады. Ол бізді сендіргісі келіп, арсыздық шаттыққа әкеледі деп, ойлағанымызды қалайды. Ол бізге арсыздық күнәға жатпайды деп, сендіргісі келеді. Ібіліс біздің арсыз болғанымызды қалайды, сондықтан біз бақытсыздыққа ұшыраймыз.

Көктегі Әкеміз бізге әрдайым адал болындар деп, үйретті. Біз өтірік айтқан кезде, Ол қайғыға батады. Арсыздық әрдайым қателікке апарды, Ол соны біз білсек деп, күтеді. Арсыздық әрдайым жамандыққа итеріп, бізді қайғыға ұшыратады.

Кейбір адамдар ұрлыққа барады, өйткені олар оған құқымыз бар деп ойлайды. Кейбір жасөспірімдер мектепте жоғарғы бағаны алу үшін алдайды немесе соны өзге оқушылар істегенін көріп жасайды. Кейбір адамдардың асқан шеберлікпен өтірік айтқанын, өзге адамдар байқамай олар туралы жаман ойламайды. Бірде бір себеп өтірік айтып, ұрлық жасауға құқық бермейді. Өтірік үшін ақталатын болсақ, біз арсызбыз.

### *Талқылау*

- Адалдық деген не?
- Әділ болған кезімізде, біз кімге ілесеміз?

### **Барлық істеген ісімізде біз адал бола аламыз**

Бізге адал болу қиын болса да, біз батылдық танытып, шындықты айта аламыз. Егер біз Көктегі Әкемізден сұрасақ Ол бізге адал болуға көмектеседі. Ол бізге Киелі Рухты жіберіп, адалдықты таңдауға көмектеседі. Киелі Рух бізге адал болу істің ең дұрысы екенін білуге көмектеседі.

Біз Исаның ілімдерін түсінген кезімізде, біз барлық ісімізде адал болғанды қалаймыз. Иса бізді, біз Көктегі Әкеміздің балаларымыз және біз баршамыз бауырлар мен әпкелер болып келетініміз туралы оқытып үйретті. Ол бізді, біз адал болсақ қана, шынайы бақытты бола аламыз деп, үйретті. Біздің үйде бізге тиесіл емес зат бар болса, мазамыз кетіп, жанымыз тыныштық таппайды. Егер біз Оған сенім артып, өкініп, шынайы адал болсақ, біз Көктегі Әкеміздің қасына оралып өмір сүреміз және мәңгілік бақытқа ие боламыз деп, Ол бізді оқытып үйретті.

Біз сол барлық нәрсені түсінген кезімізде, біз адалдықты таңдаймыз. Біз өзге адамдарға өтірік айтқымыз келмейді. Біз Көктегі Әкемізге ұнамды болғымыз келеді, сондықтан біз Оның қасына оралып өмір сүре аламыз. Бізді Көктегі Әкеміз кешірім етуі үшін, біз өз қателіктерімізді мойындап, түзегіміз келеді.

### *Талқылау*

- Неге біз сәл болса да, өтірік айтқанымыз үшін өкініп, тәубеге келуіміз керек?
- Біз істеген барлық ісімізде қалай адал бола аламыз?
- Көктегі Әкеміз біз адал болуымыз үшін, бізге қалай көмектеседі?

### **Адалдық бізді бақытты қылады**

Біз адал болсақ, өзімізді жақсы сезінеміз. Көктегі Әкеміз бізбен бірге шаттыққа бөленеді. Жазықты болып сезінбейміз. Біз өзімізді жақсы

сезінеміз, өйткені өзгелерден жасыратын еш нәрсенің жоқ екенін білеміз. Кімде кім біз өтірік айтты деп, жала жапқан сөзіне алаңдауымыздың қажеті жоқ.

Егер біз адал болсақ, Көктегі Әкемізбен біздің ұқсатығымыз жақындай түседі. Оның қасына оралып, өмір сүруге дайын болуымыз керектігін біз білеміз. Егер біз адал болсақ, өзге адамдардың сеніміне кіреміз. Егер біз адал болсақ, Көктегі Әкеміз бізге, біз қалаған дұрыс істерді жасауға қолдау көрсетеді.

### *Талқылау*

- Адал болған кезде, өзімізді қандай күйде сезінеміз?
- Егер әр адам адал болса, әлем қандай болар еді?

### *Сілтемелер*

*Көктегі Әкеміз бізге барлық істе адал болыңдар деді*

- Мысырдан көшіп шығу 20:15–16; Матай 19:18 (Көктегі Әкеміз бізге ұрлық жасамандар, өтірік айтпаңдар деді.)
- Нақыл сөздер 19:5 (Өтірік айтқан жазадан құтылмайды.)
- Жохан 8:44; 2 Нефий 2:18 (Ібіліс өтіріктің әкесі. Ол бізді қайғыға батырғысы келеді.)
- Істер 5:1–10 (Көктегі Әкеміз өтірік айтқан адамды жазаға тартады.)
- Еврейлерге 6:18 (Көктегі Әкеміздің өтірік айтуы мүмкін емес.)

*Барлық істеген ісімізде біз адал бола аламыз*

- Філіпіліктер 4:8 (Барлық шынайы да игі, әділ де таза, істерді іске асыруға тырысайық.)
- Алма 27:27 (Мормон кітабындағы көптеген адамдар өздерінің адалдығымен танымал болды.)

*Адалдық бізді бақытты қылады*

- Нақыл сөздер 19:1 (Өтірікші болғанша, адал болғанның өзі артық.)
- Ілімдер мен Өсиеттер 97:8 (Көктегі Әкеміз адалдықты қабыл алады.)
- Ілім мен Өсиеттер 124:15 (Көктегі Әкеміз адалдықты жақсы көреді және оң батасын береді.)

# ДАНАЛЫҚ СӨЗ

27 тарау

---

*Көктегі Әкеміздің бізге берген ұлы баталарының бірі, ол тән мен сүйектен жаратылған дене. Біз өз денемізге қамқор болуымыз үшін, Ол бізге көмек ретінде, денсаулық заңын берді. Денсаулық заңы туралы білгеніңіз бар ма?*

## **Біздің денеміз қасиетті**

Жер бетіне келудің ең маңызды себептің бірі, ол тән мен сүйектен жаратылған денеге ие болу. Көктегі Әкемізге ұқсас болуымыз үшін бізге дене керек. Біздің Көктегі Әкемізге ұқсас болуымыз үшін біз тек тән мен сүйектен жаратылған денені алып қана, бізге керек нәрселерді таппып, біле аламыз. Біз балалы бола аламыз. Біз қажет арнау рәсімдерден өтіп, Көктегі Әкеміздің ұдайы қасына оралып, өмір сүре аламыз. Бұны біз денеге ие болмай орындай алмас едік.

Өйткені, біздің рух біздің денемізде өмір сүреді, ал дене қасиетті. Иса Мәсіхке сеніп, Оған мойынсұнуға тырыссақ, Көктегі Әкеміз бізбен бірге болу үшін, Киелі Рухты бізге жібереді. Егер біз мойынсұнбай өз денелерімізге қамқор болмасақ, Киелі Рухтың бізбен бірге болуы мүмкін емес.

Біз өлген кезде, біздің рухтар денелерімізден ажырайды. Иса өлген кезде, Оның рухы Оның денесінен ажырады. Үш күн өтісімен, Оның рухы Оның денесіне қайтадан қонып, Ол тірілді. Исаның қайта тірілетін билігі болды және біздің орнымызды басып, Оның жасаған құрбандығы арқылы біз де, өлген соң қайта тірілеміз. Біздің рухтарымыз бен денелеріміз қайтадан бірігетін болады. Біз Көктегі Әкемізге ұқсас болып, Оның ұдайы қасында өмір сүруіміз үшін, біздің тән мен сүйектен жаратылған өлмейтін денеміз болуы керектігін Иса білді.

Көктегі Әкеміз біздің денелерімізге қамқорлық көрсеткісі келеді. Егер біз өз денелеріміздің жақсы қамқоршысы болсақ, біздің деніміз сау және мықты болып, бізге деген Оның еркін орындай отырып, өзге нәрселерді

жасай алатын боламыз. Біз өз денелерімізге қамқор боламыз ба, әлде зиян келтіретін істер жасаймыз ба, баршамыз шешім қабылдап бір байламға келуіміз керек. Осы өмірде және өмір өткен соң да, біздің денелеріміздің орны ерекше екенін біз білеміз. Біз оларға жақсы күтім жасауға тиістіміз. Біз өз денемізге күтім жасамасақ, Көктегі Әкемізді ол бақытты қылмайды.

Ата-аналар өз балаларына, олардың денесі Көктегі Әкеміздің берген қасиетті тартуы және олардың денесі неге маңызды екенін түсіндіріп, оларды оқытып үйретулері керек. Балалар денеге неге күтім жасаудың маңызды екендігін түсінген кезде, олар Ібілістің арбауына түскісі келмей бас тартатын болады.

### *Талқылау*

- Неге біздің денеміз тән мен сүйектен жаратылған?
- Неге біздің денеміз қасиетті болып саналады?
- Неге өз балаларымызға олардың дене күтімінің қажеттілігін айтып, үйрету біз үшін маңызды?

### **Көктегі Әкеміз бізге саулық заңын берді**

Бізге Көктегі Әкеміз біздің денемізге пайдалы болатын және зиян келтіретін кейбір нәрселерді айтты. Ол киелі жазбаларда жазылған және Даналық Сөз деп, аталады.

Көктегі Әкеміз даналық сөзді пайғамбар Жозеф Смитке ашты. Бұл заң. Біз ақыл мен мықты денеге ие болуымыз үшін заңға бағынуымыз керек.

Даналық Сөз біздің денемізге оңды болатын нәрсеге үйретеді. Біздің денемізге жағымды болатын нәрсені ғана ішіп, жеуіміз керек. Біз жеміс, жидек және бидайдан жасалған тағамды жеуіміз керек. Біз ол азықты тым көп жемей қажет мөлшерінде ғана жеуіміз керек. Бізге етті тым көп жеудің қажеті жоқ.

### *Талқылау*

- Азықтың қай түрі біздің денемізге пайдалы?

### **Көктегі Әкеміз біздің денемізге ненің зиян келтіретінін айтты**

Бізді Ібіліс өз денемізге зиян келтіруге итеріп, соған бізді сендіргісі келіп тырысатынын Көктегі Әкеміз біледі. Көктегі Әкеміз біздің денемізге зиян болатын кейбір нәрселерді айтты. Біздің денемізге ішімдік ішу жақсы емес. Көктегі Әкеміз бізге бұйрық беріп ішімдікке жататын сыра, ликер және басқа да, ішімдіктерді ішуге тиым салды. Ол заттар ауруға ұшыратып, үй ішін бақытсыздықтың құлына айналдыруы мүмкін. Адамдар сол заттарды ішкен кезде олардың санасы қара түнекке

батады. Бұл ішімдіктер адамдарды адастырып жиі жамандық істерге итереді. Олар өтірік айтып, барлық ақшасын жұмсап, пәктік заңын бұзуға дейін барады. Әйел жүкті болған кезде ішімдік ішсе, ол сәбиіне зақым келтіруі мүмкін. Ішімдік ішкен адамдардан көптеген қауіпті қиындықтар туындайды.

Көктегі Әкеміз бізге біздің денемізге темекі де, зиян келтіреді деп, айтты. Бізге темекіні тартуға немесе шайнайтын темекіні пайдалануға болмайды. Темекі ауруды шақырып, құрсақта жатқан сәбидің денесіне зиян келтіретінін ғалымдар дәлелдеді.

Көктегі Әкеміз бізге кофе мен шайды да, ішуге болмайды деді. Біз кофе мен шайдың құрамында зиян келтіретін заттар болғандықтан ішпегеніміз дұрыс. Біз тек дәрігердің берген дәрісін ғана пайдаланып, есірткені қолданбағанымыз жөн.

Көктегі Әкеміз бізге ішімдік, темекі және дәрілер бізге көмектесуі мүмкін, егер біз оларды дұрыс қолдана білсек деп, айтты. Ол бізге ішімдікті тек денемізді жуу үшін ғана пайдаланыңдар деді. Темекіні ауру малдың жарақатын емдеуге қолдануға болады. Кейде біз сырқат болған кезде, дәрілер емделуге көмектеседі. Бірақ, біз бұл нәрселерді істер алдында, оларды қалай және қай жерде қолдана алатынымызды ғаламат адамдардан сұрастырып, үйренуіміз керек. Егер оларды дұрыс жолда қолдана алмасақ, олар бізге зиян келтіруі мүмкін.

Біз денемізге зиян келтіретін қандай да, бір нәрсені қабылдамағанымыз жөн. Даналық Сөз бізге көп зиян келтіретін кейбір нәрселер туралы айтады. Бұл маңызды заң.

Даналық Сөзде, біз қолдана алмайтын барлық нәрселер туралы айтылмаған. Даналық Сөзінде бұл туралы ескертулер жоқ болғанмен, біздің санамыз бен денемізге зиян келтіретін нәрселерді пайдаланбағанымыз жөн. Біз өз денемізге басқа жолдармен де, күтім жасауымыз керек, ол оларды тазалықта сақтау үшін, оларды жиі жуып, жеткілікті салмақта шынықтырып және тынықтырып ұстау.

### *Талқылау*

- Біздің денемізге зиян келтіретін кейбір нәрселерді қайтып білеміз?
- Денемізге зиян келтіретін қандай кейбір заттарды қабылдамағанымыз дұрыс?
- Біз Көктегі Әкеміздің берген денсаулық заңын орындап, денемізді қалай шынықтырып, демаламыз?
- Біз денемізді қалай тазалықта сақтаймыз?



### **Даналық Сөзге бағынып біз үлкен баталарға ие боламыз**

Егер біз Даналық Сөзге бағынатын болсақ, Көктегі Әкеміз біздің денеміздің денсаулығын мықты қылып, оң батасын береді. Жер бетінде Оның жұмысын орындауға біздің мүмкіндігіміз кеңейе түседі. Ол бізге, егер біз бұл заңға бағынатын болсақ, біз шаршағандық пен әлсіздікті сезінбей жүретін боламыз деді. Бұл үлкен бата.

Егер біз Даналық Сөзге бағынатын болсақ, Көктегі Әкеміз бізге үлкен даналық білімге де, батамды берем деп, уәде етті. Киелі Рух біз өзге жағдайда білмес көптеген маңызды нәрселерді бізге жеткізіп білдіреді. Ібіліс өз билігін бізге жүргізе алмайды. Егер біз Даналық Сөзге бағынатын болсақ, біздің денсаулығымыз жақсарып, біз Көктегі Әкеміздің ұдайы қасында өмір сүруіміз үшін, дайындықтан өтеміз.

#### **Талқылау**

- Егер біз Даналық Сөзге бағынатын болсақ, қандай баталарға ие боламыз?

#### **Сілтемелер**

*Біздің денеміз қасиетті*

- 1 Қорынтқықтар 3:16–17 (Киелі Рух сендермен бірге.)

*Көктегі Әкеміз бізге саулық заңын берді*

- Соттар кітабы 13:13–14 (Самсон сәби аман-есен дүниеге келуі үшін, Самсонның анасына нақты заттарды жеп, ішуге тиым салынып, бұйрық берілді.)
- Ілім мен Өсиеттер 89:5–17 (Кейбір азық пен сусындар біз үшін пайдалы, ал кейбіреуі зиян.)

*Көктегі Әкеміз біздің денемізге ненің зиян келтіретінін айтты*

- Ишая 5:11–12; Нақыл сөздер 20:1 (Шарап және басқа да ішімдік ішкен қасіретке батады.)
- Ілім мен Өсиеттер 88:124 (Біз қажет мөлшерде дем алып, ерте жатып, ерте тұруымыз керек. Көп ұйқы жақсылық емес.)

*Даналық Сөзге бағынып біз үлкен баталарға ие боламыз*

- Даниял 1:8–17 (Денсаулыққа зиян келетін тамақты жеген басқа адамдарға қарағанда, Даниял мен оның қасындағы адамдар пайдалы азықты жеген соң, олардың денсаулықтары жақсарып, ақыл-парасаты өсті.)
- Ілім мен Өсиеттер 89:1–4, 18–21 (Даналық Сөзге бағыну жарлығы келтірілген.)

# ОНДЫҚ ПЕН ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ

28 тарау

---

*Біз ондық пен қайырымдылықты еркін беріп, ерік білдіруіміз Көктегі Әкемізге Оның бізге берген барлық баталары үшін, ризашылығымызды қайтып көрсетеді?*

## **Көктегі Әкеміз бізге ондықты төлеңдер деді**

Ондық, ол тапқан табысымыздың оннан – бір бөлігін құрайды. Көктегі Әкеміз көне замандағы адамдарға да, ондық төлеңдер деген. Ыбырайым, Жақып және өзге көптеген адамдар осы өсиетке бағынған болатын.

Егер біз табыс тауып немесе ақша алып жатсақ, біз оннан-бір бөлігін ондық ретінде төлеуіміз керек. Егер бізде мал немесе өнім болса да, ондық төлей аламыз. Біз өнімнің оннан-бір бөлігін немесе биыл өсірген жаңа малдың оннан-бір бөлігін береміз. Мүмкін болса, шаруашылық өнім мен малды сатып, Шіркеуге ақшалай бергеніміз жөн. Біз ондықты епископқа немесе тармақ президентіне төлейміз. Егер біз қанша төлеу керектігін білмесек, ондық заңын түсіну үшін, оны епископтың немесе тармақ президентінің көмегін сұрап білуіміз керек.

Ондықты төлеген кезде, біз бүкіл дүние жүзі бойынша інжілді таратуға көмектесеміз. Ондықты Шіркеу ғимаратын тұрғызу үшін, кітаптарды шығару үшін және Исаның ақиқат Шіркеуіндегі өзге қажет нәрселеріне жұмсалады.

Ондықты балалар да төлеуі керек. Олар өздерінің ата-анасының ондықты төлегенін көріп, соны істеуді үйренетін болады. Егер олар ондықты жас кезінен бастап төлесе, олар ересек болған кезде де, өз отбасын құрған кезде де, еркін төлеуді жалғастыратын болады.

## ***Талқылау***

- Бізге ондықты қандай мөлшерде төлесін деді?
- Біз өз балаларымызға ондықты төлеу керектігін қайтып үйрете аламыз?

## **Біз ондықты төлеп, Көктегі Әкемізге өз сүйіспеншілігімізді білдіреміз**

Біз ондықты еркін түрде төлеуіміз керек, сонда Көктегі Әкеміз оны қабыл алып, бізге оң батасын береді. Біз ондықты ерік білдіріп, төлегеніміз жөн.

Егер біз ондықты төлегіміз келмесе, біз Көктегі Әкеміздің бізге берген барлық баталары туралы ойлануымыз керек. Ондықты өз еркімізбен төлеп, біз Көктегі Әкеміз бен өзге адамдарға деген сүйіспеншілігімізді білдіреміз.

### *Талқылау*

- 2 Қорынтықтар 9:6–7оқы.
- Неге ондықты еркін беру өте маңызды?

## **Біз ондықты еркін төлейтін болсақ, Көктегі Әкеміз бізге оң батасын берем деп, уәде еткен**

Біз ондықты төлеген кезде, Көктегі Әкеміз қуанады. Егер біз оны төлесек, Ол бізге батасын берем деп, уәде еткен. Ол бізге, біз олардың барлығымен не істерімізді білмес, көптеген баталар берем деді. Ол бізге, ондықты өз еркімен төлейтін адам, Ол келген күні күнәқар адамдармен бірге тозақ отына түспейді деп, тағы ескертті.

Біз Көктегі Әкемізді танып білуіміз үшін, батасын берді. Біз інжіл туралы көбірек білу үшін, Ол бізге батасын береді. Ол бізге әрдайым інжіл ілімдерімен өмір сүру үшін күш беріп, біздің отбасымызға інжілмен өмір сүруге көмектеседі. Біз өзгелерге інжілді танып білуге көмектескен кезімізде де, Оны бақытты қыламыз.

Біз ондықты берген кезімізде, өз қаражатымызға жетекшілік етуді үйреніп, өз қамымызды ғана көздегенді доғарамыз. Біз әрдайым өз табысымыздың оннан – бір бөлігін алып қоюымыз керек, содан соң, өзімізде қалған қаражатты дұрыс пайдалануға мүмкіндік болып, оны өз қажеттіліктерімізге жеткілікті екенін Көктегі Әкеміздің берген батасынан көреміз.

### *Талқылау*

- Ондықты төлегеннен біз қандай үш батаға ие боламыз?

## **Біз ауыз бекітуден төлеген кезде, өзге адамдарға көмектесеміз**

Шіркеу мүшелері ретінде, біз айына бір күн ауыз бекітеміз. Біз екі асты ауыз бекітіп өткіземіз, бұл соны білдіреді. Біз 24 сағат бойы не тамақ, не су ішпейміз. Ауыз бекіту біздің рухымызды көтеретініне сенеміз.



*Ауыз бекіту мен мінажат ақ батасын береді.*

Көктегі Әкеміз бізге ауыз бекіту күнін атап, одан қайырымдылық беріндер деп, айтты. Бұл қайырымдылық ауыз бекіту күні біз ішпей, жемей әдетте тамаққа жұмсалатын ақшаны үнемдеп, алғанымыздан болуы керек. Біз шамамызға қарай ол ақшадан да, көбірек беруіміз керек. Көктегі Әкеміз бізге оны істегеніміз үшін, оң батасын береді. Бұл қайырымдылық көмекке мұқтаж болған адамдарға азық, баспана, киім және өзге де, заттарды қамтамасыз ету үшін пайдаланады. Біз ауыз бекітуден төлеген кезімізде, біз маңайымыздағы адамдарды сүйе білетінімізді көрсетеміз.

Біз ауыз бекітуден қайырымдылықты епископқа немесе тармақ президентіне береміз, ол бұл ақшаны ерекше мұқтаж немесе кедей адамға көмек ретінде береді. Егер біз мұқтаж адамдарға көмектесетін болсақ, Көктегі Әкеміз бізге батасын береді. Бізге көмек керек болған кезде, Ол біздің мінажатымызға жауап беріп, көмектеседі. Ол бізге інжілді түсінуге көмектесіп, әрдайым бізге жетекшілік етеді.

Шіркеудегі ондық пен қайырымдылықтың пайдаланып, жұмсалуы:

1. Інжілді өзге адамдарға оқыту.
2. Ғибадатханаларды салуға және оның күтіміне, жиналыс үйлері мен Шіркеудің өзге ғимараттарына.
3. Інжіл туралы оқып, Көктегі Әкеміздің жұмысын атқаратын сабақ кітаптары мен Шіркеудегі адамдарға қажет өзге заттарды басып шығару үшін.
4. Өзіне күтім жасай алмайтын мұқтаж адамдарға көмектесу үшін.

### *Талқылау*

- Көктегі Әкеміздің бізге берген барлық батасы үшін, біз ризашылығымызды қалай білдіреміз?
- Неге ауыз бекітуден берген қайырымдылық төлем бізді бақытты қылады?

### *Сілтемелер*

*Көктегі Әкеміз бізге ондықты төлеңдер деді*

- Жаратылыс 14:20; Еврейлерге 7:1–10 (Ыбырайым ондықтың оннан бір бөлігін Мәліксадыққа төледі.)
- Жаратылыс 28:20–22 (Жақып Көктегі Әкеміздің бергенінен оннан бірін Өзіне арнаймын деп, уәде берді.)
- 2 Хроникалық кітап 31:5–6, 12; Нехемия 10:37–39(Исраил балалары ондық пен қайырымдылықты төледі.)

*Біз ондықты төлеп, Көктегі Әкемізге өз сүйіспеншілігімізді білдіреміз*

- Малахи 3:8–10 (Егер біз ондық пен қайырымдылықты төлемесек, біз Көктегі Әкемізді тонағанымыз.)
- 2 Қорынтықтар 9:6–7 (Біз Көктегі Әкемізге ұнамды болуымыз үшін сыйлық беруіміз керек.)

*Біз ондықты еркін төлейтін болсақ, Көктегі Әкеміз бізге оң батасын берем деп, уәде еткен*

- Жаратылыс 14:19–20 (Ыбырайым ондық төлегені үшін, Көктегі Әкеміз ақ батасын берді.)
- Малахи 3:10 (Көктегі Әкеміз бізге қажет болғаннан да, көптеген бата берді.)

*Біз ауыз бекітуден төлеген кезде, өзге адамдарға көмектесеміз*

- Ишая 58:6–11 (Көктегі Әкеміз бізге өзге адамдарға мейрімділік танытып, оларға қажет нәрсені беріндер деді.)



# ОТБАСЫН ҚҰТҚАРУ

*Сегізінші бөлім*







*Отбасылар мәңгі бірге бола алады.*

# ОТБАСЫНЫҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

29 тарау

---

*Неге Көктегі Әкеміз біз осы жер бетінде бір отбасы ретінде өмір сүргенімізді жоспарлады?*

**Көктегі Әкеміз біз бір отбасы болып өмір сүруіміз үшін жоспар құрды**

Біздің жер бетіндегі отбасымыз көктегі отбасымызға ұқсас. Біз осы жерге келер бұрын көктегі отбасының бір мүшесі болғанбыз. Біз Көктегі Әкеміз болып келетін, Құдайдың рухани балалары болғанбыз. Ол бізді сүйіп, бізге қамқорлық көрсетеді. Ол бізге барлық жақсы нәрселерді беріп, біз бір күні Оның ұдайы қасына оралып, өмір сүргенімізді күтеді.

Көктегі Әкеміз Адам мен Хауаны қосып, ең бірінші біртұтас отбасын құрды. Ол оларға балалы болындар деді. Бұл Көктегі Әкеміздің рухани балалары тән мен сүйектен жаратылған денеге ие болады дегенді білдірді. Ол оларға өз балаларының қажеттіліктерін беріндер деді. Ол тағы оларға, өз балаларыңды інжілге үйретіп, оларға інжілдің арнау рәсімдерін алуға көмектесіндер деді.

Көктегі Әкеміз бізді отбасы қылып бірнеше себептен құрды.

Біріншіден, біз ата-анамыздан тән мен сүйектен жаратылған денеге ие болдық. Көктегі Әкеміздің қасында өмір сүруіміз үшін біз не істеуіміз керек, соны білу үшін бізге тән мен сүйектен жаратылған дене қажет болды.

Екіншіден, осы жерде бізге қажетті нәрселерді отбасы қамтамасыз ете алады. Ата-ана өз балаларына азық, киім, баспана, сүйіспеншілік пен өзге қажет болған нәрселермен қамтамасыз ете алады. Кейін, балалар ата-анасы қартайған кезде, оларға күтім жасап, қамқор бола алады.

Үшіншіден, ата-аналар өз балаларын Иса Мәсіхтің інжіліне оқытып, үй-рете алады. Олар өз балаларын Көктегі Әкеміздің өсиеттеріне бағынуды үйрете алады. Олар Исаның бізге қабыл алындар деп, айтқан арнау рәсімдерін, олардың балалары қабыл алғанына сенімді болуы керек.

### *Талқылау*

- Неге Көктегі Әкеміз бізді отбасы ретінде жерге жіберді?
- Қай отбасы ең бірінші болып жерге келді?
- Көктегі Әкеміздің жоспарында біздің отбасымыз біз үшін нені істейді?

### **Көктегі Әкеміз отбасы мүшелері бір-бірімен сүйіспеншілікте өмір сүргенін тілейді**

Біздің отбасымыз осы жер бетінде көктегі отбасына ұқсас болуы әбден мүмкін. Отбасындағылар бір-біріне көмектескісі келіп, бір-біріне ізгі істер айтқысы келіп, сүйіспеншілік сезімдері пайда болады.

Отбасындағы күйеу мен әйел бір-бірін сүйеге тиісті. Олар бір-біріне мейірімді де, жанашыр болуы керек. Олар өзге адамдарға сөз тигізіп, игі іске жатпайтын нәрсені жасаудан аулақ жүруге лайық.

Ата-ана өз балаларына сүйіспеншілікпен қарауы керек. Олар өз балаларын бір-біріне сүйіспеншілікпен қарау керектігін үйретуі керек. Олар балаларын бір-біріне қамқорлық танытып көмек көрсетулері керектігін үйретуі керек.

Балалар өз ата-анасына сүйіспеншілікпен қарауы тиіс. Олар ата-анасын сыйлап, бағынып, оларға көмек көрсетуі керек.

### *Талқылау*

- Ефестіктер 4:29-32оқы.
- Біз, отбасылы шіркеу мүшелері, бір-бірімізге сүйіспеншілікпен қарауымыз үшін, не істей аламыз?
- Неге Көктегі Әкеміз отбасы мүшелері бір-біріне сүйіспеншілікпен қарағанын күтеді?

### **Біз істейтін маңызды жұмыс, ол бақытты да, әділ отбасын өсіру**

Біз істей алатын ең маңызды жұмыстың бірі, ол әділ отбасын тәрбиелеп өсіру. Егер біз отбасымызды Көктегі Әкемізге сүйіспеншілікпен қарап, мойынсұнуды үйрете алмасақ, біздің басқа тараптағы жеткен жетістіктеріміз қаншалықты жақсы болғанымен, біз ең маңызды міндетімізді орындай алмағанымыз. Кейде, біздің балалар Көктегі Әкемізге мойынсұнғысы келмей, сүйіспеншіліктен алшақтайды, бірақ біз

бар күшімізбен Оның жолына салып, оқытуымыз керек. Егер ата-ана өз балаларын дұрыс тәрбиелеу үшін мүмкіндіктің барлығын жасап оқытқан болып, ал олар оған жауапсыздық танытса, Көктегі Әкеміз олардың атан-анасын жауапкершіліктен босатады. Ата-ана әрдайым жақсы ата-ана болып қалуы керек.

Біздің отбасымыз бізге бұл өмірде ұлы бақыт сыйлайды. Біз балаларымызды шіркеудің жақсы мүшесі ретінде тәрбиелеп, олар өмір сүріп жатқан елдің лайық азаматы ретінде өсіру үшін, күш салып еңбек етсек, барлық жақсылықты жасаймыз.

Шіркеудің ең маңызды бөлігінің бірі, ол отбасы. Көктегі Әкеміз отбасыға көмектесу үшін Өз Шіркеуін құрып, Оның қасына оралу үшін, оларға барлық жағдайды жасады. Шіркеу әр отбасы мәңгілік бірге болуы үшін көмектескісі келеді.

Көктегі Әкеміздің жоспарында, отбасы маңызды орында тұрғанын Ібіліс жақсы біледі. Ол біздің отбасымызға зиян келтіретін істерді жасауға итереді.

### *Талқылау*

- Сіз үшін отбасыңыз қаншалықты маңызды болып келеді?

**Көктегі Әкеміз бізге жақсы отбасын қалай құру керектігін айтты** Баршамыз бақытты да, жақсы отбасы болғанын қалаймыз. Отбасыға көмектесетін кейбір нәрселер төменде келтірілген:

1. Отбасы таңғы және кешкі уақытта бірігіп, мінажат етулері керек.
2. Ата-аналар күнделікті бірге мінажат етуі тиіс.
3. Ата-аналар өз балаларына інжілді оқытып, үйретуі керек.
4. Отбасы киелі жазбаларды күнделікті бірге жиналып, оқығаны жөн.
5. Әр демалыс күні отбасы мүшелері бірігіп, шіркеу жиналысына қатысуы керек.
6. Балалар әжептәуір есейіп қалған кезде, олар ауыз бекіту мақсатын ұғу үшін, отбасы айына бір рет бірігіп, ауыз бекіткені дұрыс.
7. Отбасы әр апта сайын, бүкіл жанұяның істеген ізгі істері туралы айту үшін, отбасылық үй кеші\* деп, аталатын кездесуде бас қосулары керек. Олардың арасында, қандай да бір қиындықтары бар біреу болса, оның шешімін табу үшін де бірігіп, талқылауы керек. Бұл кездесуде олар өлең айтып, сабақ алып, киелі жазбаның бірнеше шумақ өлеңін оқып, ойын ойнап, арнайы дайындаған тағамды ішіп, жей алады.
8. Отбасы жұмыс пен оқуды бірігіп істеуі керек.

9. Отбасы мүшелері бір-біріне мейірімді болып, шыдамдылық танытуы керек.

10. Отбасында олардың істеген істері туралы тарихы болуы керек.

Егер біз өзіміз немесе отбасымызбен мінажат етсек, Көктегі Әкеміз біздің қасымыздан табылады. Ол біздің мінажатымызды естіп, бізді жақсылық жолына баулайтын жауабын береді.

### **Талқылау**

- Жақсы отбасы болуымыз үшін қандай істерді істегеніміз жөн?

### **Сілтемелер**

*Көктегі Әкеміз біз бір отбасы болып өмір сүруіміз үшін жоспар құрды*

- Матай 19:3–8 (Көктегі Әкеміздің жоспарында, қосылған еркектер мен әйелдер әрдайым біртұтас жұп болады.)

*Көктегі Әкеміз отбасы мүшелері бір-бірімен сүйіспеншілікте өмір сүргенін тілейді*

- Жаратылыс 2:21–24 (Көктегі Әкеміз Адам мен Хауаны жаратып, екеуін күйеу мен әйел ретінде біртұтас қылып, қосты.)

*Біз істейтін маңызды жұмыс, ол бақытты да, әділ отбасын өсіру*

- Ефестіктер 5:25 (Күйеу өз әйелін сүю керек делінген.)
- Ефестіктер 6:1 (Балалар әке-шешелерінің тілін алындар делінген.)
- Тит 2:4 (Әйел өз күйеуін сүю керек делінген.)
- Мосия 4:14–15 (Ата-анаға өз балаларыңның қажеттілігіне қамқорлық танытып, адал болуды үйретіндер деп, айтылды.)

*Көктегі Әкеміз бізге жақсы отбасын қалай құру керектігін айтты*

- 1 Қорынтықтар 13:1–7 (Біз сүйіспеншіліктің маңыздылығы туралы айттық.)
- Ефестіктер 6:4 (Әкелерге өз баларына шектен тым ұрыспандар деген бұйрық берілді.)

# БІЗДІҢ МІНДЕТ, ОТБАСЫ МҮШЕЛЕРІНЕ КӨМЕКТЕСУ

30 тарау

---

*Отбасындағы әр адамға берілген көмек отбасын қайтып бақытты қылады?*

## **Отбасындағы әр адамның орны бөлек**

Бақытты да, сүйіспеншілік отбасын құру үшін еңбек ету керек. Көктегі Әкеміз отбасындағы әр адамға міндеттер жүктеді. Отбасындағы әр адамның пайдасы тиіп, ашық жарқын, өзгелерге мейірімді болуы керек. Біз бірге мінажат етіп, еңбек етіп, ән айтып ойын ойнаған кезімізде, біздің отбасымыз бақытты бола алады.

Отбасымыздағы өзге адамдарға деген сүйіспеншілігімізде, Көктегі Әкеміздің еркін орындау біз үшін жеңіл болады. Біз өз отбасымызды сүйе білгендіктен, біз оларға деген барлық көмегімізді аяп қалмаймыз. Сүйіспеншілікпен істелінген қиын іс те, жеңілдей түседі. Бұл отбасының игі мүшесі болу үшін уақыт пен еңбек етуді қажет етеді.

## **Талқылау**

- Отбасындағы әр адамның көмегі үйді бақытты орынға қалай айналдыра алады?
- Отбасындағы әр адамның орны неге бөлек болып келеді?

*Көктегі Әкеміз ата-аналарға арнайы міндеттерді жүктеді*

Әке мен ана бірге еңбек етіп, өз балаларына қамқор болып, олардың қажеттіліктерін қамтамасыз етулері керек. Олар өз балаларын інжілге оқытып, үйретулері керек. Олар өз балаларын Көктегі Әкеміздің өсиеттеріне мойынсұнып, мінажат етуді үйретуге тиіс.

Әке мен ана оларға дұрысты көрсетіп оқытса да, кейде олардың балалары теріс жолды таңдайтынын түсінуі керек.

Балалар бір нәрсені дұрыс жасамаса да, ата-аналар оларға қолдау көрсетіп, көмектерін аямауы керек. Ата-аналар әрдайым өз балаларына

---



*Отбасы бірге еңбек еткен кезде береке-бірлігі күшейеді.*

сүйіспеншілікпен қарап, оқытулары керек. Олар өз балаларына жақсы үлгі болып, олар үшін ауыз бекітіп мінажат етуі керек.

Ата-аналар алдындағы отбасын қамтитын кейбір міндеттер:

1. Олар өз балаларын сүйіп, оларды өзге адамдарға сүйіспеншілікпен қарау керектігін үйретуі тиіс.
2. Олар өз балаларын інжілге оқытуы керек.
3. Олар отбасы мүшелерін қалай мінажат ету керектігін үйретуі тиіс.
4. Олар өздерінің ондық пен қайырымдылықтарын төлеп, өз балаларын ондық пен қайырымдылықты төлетіп үйретуі керек.
5. Олар өз балаларын қалай еңбек ету керектігін үйретуі тиіс.
6. Олар үй тазалығын, киім мен азықты қамтамасыз етуі керек.
7. Олар өз балаларын мектепке жіберіп, не болмаса үйде оқытқан кезде, олар оқи біліп, жазып және математиканың негізін оқып, білім алып жатқанына сенімді болғандары жөн.
8. Олардың балалары мамандық алып, өздерінің қажеттіліктеріне жеткілікті табыс табуға дайын болуы үшін, ата-аналар барлық мүмкіндікті жасауы керек.
9. Олар балаларының тапқан табыстарын қалай дұрыс жұмсау керектігін және болашақ қажеттісіне қайтып, үнемдеп жинау керектігін көрсетіп, оларға үйрету керек.
10. Олар өз балаларының ептіліктері мен қабілеттіліктерін жетілдіріп, көмектесулері керек. Ол оқыту, аспапта ойнау, ән айту, заттарды жөндейу мен өзгелерді түсіне білу сияқты мүмкіндіктер болуы мүмкін.

Ата-аналар өз балаларына көмектесу үшін, тер төгіп еңбек етуге даяр болуы керек. Көктегі Әкеміз ата-аналарға олардың балалары бір-біріне мейірімді екеніне көздерінді жеткізіп, олардың тамағы тоқ, киімдері түгел екеніне сенімді болындар деді.

Ата-аналар сырқат болып, жұмысы болмай, басқа да себептер болғанмен, олар осы заттарды қамтамасыз етуге мүмкіндік жасап, алдын ала жоспар құруы керек. Олар оны тапқан табыстан үнемдеп, қосымша азық сақтап, киім мен отынды рұқсат етілген аумақта сақтау арқылы істей алады.

### **Талқылау**

- Ата-аналар өз отбасының қажеттілігін қамтамасыз ету үшін, не істей алады?
- Ата-аналар қандай да, бір қолайсыз жағдайға даяр болу үшін, не істей алады?



*Әкеге жүктелетін міндеттер*

Әулиелікті ұстанушы әке отбасының отағасы. Әке өз отбасында сүйіспеншілік пен мейірімділік көрсетіп, жетекшілік ету керек. Ол өзі үлгі болып, отбасына Көктегі Әкеміздің берген өсиеттерімен қалай өмір сүру керектігін көрсетуі тиіс. Ол тағы өз отбасын інжілге үйретуі керек. Ол отбасын шақырып, таңғы уақыт пен кешкі уақытта отбасымен бірігіп, мінажат етуі керек. Оның әйелі оған қолдау көрсетіп, көмектесуі керек.

Отағасы өз әулиелігін отбасындағы адамдарға бата беру үшін пайдалануы керек. Ол өзінің кіші балаларының атын қойып, батасын бере алады. Оның балалары сегіз жасқа толған кезде, оларды су рәсімінен өткізе алады. Ол өз ұл балаларын әулиелікке арнай алады және оның балаларына қажет болған кезде, оларға арнайы бата береді. Олар сырқат болған кезде де, ол бата бере алады.

Отағасы өзінің әр баласымен жеке түрде уақыт өткізуі керек. Ол олармен сөйлесіп, олардың қажеттіліктері мен қиындықтарын ұғуды үйренуі керек. Ол оларды ынталандырып, оларды сүйетінін айтуы керек. Олар әрдайым туындаған барлық қиындықтарымен оған көмек сұрап келе алатынын, ол өз балаларына айтуы керек.

*Талқылау*

- Әкенің қандай міндеттері бар?
- Ол өз отбасына көмектесу үшін әулиелік күшін қалай қолдана алады?

*Анаға жүктелген міндеттер*

Ананың ең маңызды міндеті, ол балаларды дүниеге әкеліп, оларға күтім жасап, тәрбие беру. Тән мен сүйектен жаратылған денені Көктегі Әкеміздің рухани балаларына беру ол қасиетті міндет. Бұны ана істеген кезде, ол Көктегі Әкеміздің серіктесі болғаны. Балалардың дүниеге келуі берілген барлық баталардың арасындағы ең керемет батасы болып табылады.

Ана сүйе білуі керек. Ол әр баланы інжілге оқытып, үйретуі керек. Ол әр баламен жұмыс істеп, оларға көмектесуі керек. Ана өзінің әр баласына өз маңыздылығын сезінуге және айналасындағы нәрселерді түсінуге көмектесуі керек. Ол осы нәрселерді орындау үшін, өзінің күйеуіне серіктес болып, еңбек етуі керек.

Мормон кітабында, өз аналарының ілімдеріне мойынсұнған бір топ әділ жас жігіттер туралы айтылған. Сол жас жігіттердің аналары оларды адал, батыл және әділ болуды үйретті. Олардың анасы, егер олар Исаға

сенім артатын болса, Көктегі Әкеміз оларға қауіпсіздікті қамтамасыз ететін болады деп, үйретті. Ол жас жігіттер жауынгер ретінде, өз жерін қорғаулары керек болған. Өйткені, сол жас жігіттер өз аналарының ілімдерімен өмір сүріп, сенім артты және олар үлкен қауіп-қатердің алдында өз борышын орындап, батылдық танытты. Әр ана өз баласының өмірінде қатты әсер қалдырады.

### *Талқылау*

- Ананың қандай міндеттері бар?
- Неге ана болуды Көктегі Әкеміздің серіктесі деп, атайды?

### *Жалғыз басты ата-ана болған кезде*

Кей кезде, әке мен ананың біреуі отбасын қалдырады, сонда ол әке де, ана да ретінде еңбек етуі керек. Оны істеу қиынға түсетінін Көктегі Әкеміз біледі. Біз жалғыз басты ата-ана деп, атайтын адам Көктегі Әкемізден көмегін сұраса, Көктегі Әкеміз оған өз отбасына қамқор болуға көмектеседі.

Жалғыз басты ата-ана отбасы мұғалімінің көмегіне жүгіне алады.\* Отбасы мұғалімі шіркеу мүшелігінен, оны шіркеудегі өзге адамдарға көмектесу үшін тағайындайды.

### *Талқылау*

- Жалғыз басты ата-анаға кім көмектесе алады?

### *Балалардың міндеттері*

Балалар өздерінің үйлерін бақытты қылу үшін, ата-аналарына көмектесулері керек. Балалар өз ата-анасына қолғабыс көрсетіп, үй ішін және айналасын тазалап, көмектесулері керек. Олар отбасына ас әзірлеп немесе ыдыс пен киімдерді жуып ата-анасына көмектесе алады. Олар тағы кіші інілері, қарындастары мен сінділеріне қамқорлық көрсетіп, көмектесе алады.

Балалар ата-анасы үйреткен көп нәрселерді біліп, оқуы керек. Олар еңбек етуді үйреніп, жұмысты жақсы орындаулары керек. Олар алған тапсырмасын орындауды үйренулері керек.

Балалар Исаның өсиеттеріне мойынсұнып, орындауды үйренулері керек. Олар отбасы мүшелеріне көмектесуі керек. Көктегі Әкемізге балалардың ұрыс-керісіне разы болмайды. Көктегі Әкеміз балаларға өз ата-аналарыңды құрмет тұтып, оларға бойсұныңдар деді.

Балалар өз ата-анасын сүю керек. Олар ата-анасына бағынып, құрмет тұтуы керек. Балалар олардың ата-анасы сырқат болып немесе олардың

жасы жетіп, өздеріне күтім жасай алмаған кезде, оларға қамқор болулары керек.

### *Талқылау*

- Көктегі Әкеміз балаларға қандай үміт артады?
- Ата-ананың жасы келген кезде, балалар олар үшін қандай іс атқаруға тиіс?
- Балалар өз ата-анасына бойсұнып, құрмет тұту үшін не істеулері керек?

### **Отбасындағы береке-бірлікті өсіру керек**

Осы заманда, көптеген өнегесіз адамдар біздің отбасы туралы түсінігімізді өзгертуге тырысуда. Телеарнада, фильмдер мен журналдарда еркек пен әйел туралы түсінікті және олардың бір-біріне деген қарым-қатынасын оғаш келтіріп көрсетеді. Өнегесіз көзқарасты күлкіге айналдырып, көңіл көтеретін арнайы бағдарламаларда үйретеді. Ұстамсыздық толғандыратын да қызығарлықтай көрсетеді. Балалар өз ата-анасын құрмет тұтпайтын көріністің бейнесі. Жақсы отбасын күлкіге айналдырды. Кейбір кезде, біздің балаларымыз кинодан немесе телеарнадан шынайы үлгіге тұрарлық үйдің өміріндегі жақсылықты ешқашан көрген емес.

Ата-аналар өз балаларын теріс жолға түсіретін фильм немесе телеарнадағы ойын-сауықтарды көруден аулақ ұстап, бар күшін салып қорғауы керек. Олар өз балаларына дұрыс ұғым беріп, неге өнегесіз кино мен бағдарламаларды жөнсіз көруге болмайтынын түсіндіргендері жөн. Ең маңыздысы, ата-аналар өз үйінде әрдайым жақсы үлгі болуға тиіс. Егер балалар үй ошағында күнделікті жақсы үлгі көретін болса, олар мейірімді балалар болып, кейін үлгі болатындай ата-анаға айналады. Егер олар ата-ананың арасында сүйіспеншілік қарым-қатынасын көретін болса, кейін олар да, соған лайық ата-ана болады.

### *Талқылау*

- Біз неге өз балаларымызға көруге құқылы телеарна немесе фильмдерде көрсетіліп, айтылғанды мұқият таңдауымыз керек?

### **Көктегі Әкеміз біз бір-бірімізге көмектескенімізді күтеді**

Отбасындағы әр адам бір-біріне сүйіспеншілікпен қарап, көмектесуі керек. Біз өз отбасымызға және бауырларымыз бен әпкелерімізге көмектесіп, өзге адамдарға да, қолғабыс көрсетуді үйренеміз. Туған-туысқанымыздың біреуі көмекке мұқтаж болған кезде, біз оған көмектесуіміз керек. Біз өзімізді қамтамасыз етуге шамамыз жетіп тұрса, өзгелерден

демеу сұрап бармауымыз керек. Егер біз оны істейтін болсақ, Көктегі Әкеміз ол ісімізге разы болмайды.

Иса барлық адамзатты сүйгендіктен, Ол жер бетіне бізге көмектесу үшін келді. Ол бізді сүйіспеншілікке және баршаға көмек беру керектігіне үйретті. Біз Иса сияқты өзгелерге сүйіспеншілікпен қарасақ, біз оларға көмектесу үшін, қолымыздан келгеннің барлығын істейтін боламыз.

Кейбіреуіміз Көктегі Әкемізге мінажат етіп, өзге адамдарға көмек беруін сұраймыз, бірақ біз оларға қолғабыс беріп қолдамаймыз. Ол дұрыс емес. Көктегі Әкеміз өзгелерге біз арқылы көмектесетінін біз есте сақтауымыз керек. Біз алдымен көмекке мұқтаж адамдар үшін мінажат етіп, кез келген жағдайда біз оларға көмектесе аламыз.

Біз баршамыз өзгелердің көмегін қажет етеміз. Біз бала болған кезімізде, ата-анамыз бізді тамақтандырып, киім алып қамқорлық көрсетеді. Біз есейген кезде, өзге адамдар бізге, біз білуге тиісті нәрселерді оқытып, білім береді. Біз сырқат болған кезімізде, өзге адамдардың көмегіне жүгінеміз.

Біз өзге адамдарға қолғабыс беріп, көмектескен кезімізде, ақ батаға ие боламыз. Бізде өзімізді сезім азайып, біздің сүйіспеншілігіміздің қабілеттілігі өсіп, біздің өз қиындықтарымыздың салмағы тым ауыр болып көрінбейді. Көктегі Әкеміз Оның қасында өмір сүргісі келетін әр адамға, Өзінің барлық балаларын сүйіп, оларға көмектесуі керек деді.

### *Талқылау*

- Көктегі Әкеміз өзге адамдарға көмектесу үшін, неге біздің қажет етеді?
- Біздің көмегіміздің пайдасын кім көреді?

### *Сілтемелер*

*Отбасындағы әр адамның орны бөлек*

- Мысырдан көшіп шығу 20:12; Ефестіктер 6:1 (Біз ата-аналарыңды құрмет тұтыңдар дейміз.)
- 2 Нефий 1:14–32; Алма 36–42 (Мормон кітабындағы пайғамбарлар олардың балаларына дұрыс істі істендер деп, нұсқау берді.)
- Мосия 4:14–15; Ілім мен Өсиеттер 68:25–28 (Ата-ана өз балаларының өміріне қажеттіліктердің барлығын қамтамасыз етіп, оларды дұрыс жолға салып оқытуы керек.)

*Отбасындағы береке-бірлікті өсіру керек*

- 2 Тимотеге 3:1–4 (Соңғы заманда, қара ниеттілер көбейеді, біз соған дайын болуымыз керек.)

*Көктегі Әкеміз біз бір-бірімізге көмектескенімізді күтеді*

- Лұқа 22:27; Матай 20:26–28; Жохан 13:15–16 (Иса шынайы қызметтің үлгісін көрсетті.)
- Колостықтар 3:18–20 (Отбасы мүшелерінің бір-бірінің алдындағы міндеттер.)
- Мосия 2; Қолостықтар 3:23–24; Матай 25:32–46 (Өзге адамдарға қызмет еткен Көктегі Әкемізге қызмет еткенімен бірдей.)

# БІЗДІҢ МІНДЕТ, ІНЖІЛДІ ТАРАТУ

31 тарау

---

*Көктегі Әкеміздің барша балалары інжілді естуі үшін, біз қайтып көмектесе аламыз?*


**Көктегі Әкеміз Оның барлық балалары інжілді танып, білгенін күтеді**

Көктегі Әкеміз Өзінің барлық балаларын сүйеді. Біздің әрқайсысымыз Ол үшін маңызды орындамыз және әркім Оған ұқсас бола алады. Ол бізді Оның қасына оралғанымызды қалайды және Ода бар шаттық пен даңқты бізге де, тілейді.

Көктегі Әкеміз әркімнің Оның қасына оралуға мүмкіндігі болу үшін жоспар құрды. Жоспар Иса Мәсіхтің інжілі деп, аталады. Інжілді танып білген кезде, бізге ол қаншалықты маңызды екенін білеміз. Біз жер бетіне не үшін келгенімізді білеміз. Біз өлген соң, қайда баратынымызды да білеміз. Көктегі Әкеміздің қасына оралуымыз үшін не істеуіміз керектігін білеміз.

Иса Мәсіх біздің рухани бауырымыз. Ол біздің Көктегі Әкеміздің рухани тұңғыш ұлы. Ол жер бетіне біздің Көктегі Әкеміздің Жалғыз Туған Ұлы ретінде келді. Ол бізді соншалықты қатты сүйгендіктен біздің орнымызды басып, құрбан болды. Ол бізді Көктегі Әкеміз біз танып білгенімізді қалайды деп, оқытты. Бізге көмектесу үшін Ол Өз шіркеуін құрды. Ол Оның жұмысын орындау үшін, Өз әулиелігін жер бетіндегі адамдарға берді.

Иса Мәсіхтің Соңғы Замандағы Әулиелер Шіркеуі Көктегі Әкеміздің әулиелігі мен Оның жоспары бар жер бетіндегі теңі жоқ жалғыз шіркеу. Көктегі Әкеміз күллі жұрт Оның жоспарын танып, қабыл алғанын күтеді. Шіркеудің шынайы арнау рәсімдері бізге Көктегі Әкеміздің ұдайы қасына оралып, өмір сүруіміз үшін қажет.



*Иса Өз Апостолдарына інжілді кұллі әлемге уағыздаңдар деп, бұйырды.*

Көктегі Әкеміз Өз Шіркеуіндегі әр адамға інжілді өзгелерге айтып, жеткізіндер деді. Адам сияқты барлық пайғамбарлар өз уақытының көп бөлігін інжілді өзге адамдарға оқыту үшін жұмсады. Олар бізге шіркеудегі әр адам миссионер болуы керек деген. Бұл біз су рәсімінен өткен кезде берген уәдеміздің бірі болып табылады. Біз шамамыз келгенше, адамдарға Иса туралы айтуға уәде бердік.

### *Талқылау*

- Неге барша қауым інжілді естуі керек?
- Інжілді барша қауымға оқытып жеткізуге кімнің міндеті болып табылады?

Шіркеудегі әр отбасы інжілге оқытудың маңызды екенін түсінуі керек? Біз інжілдің жоспары маңызды екенін түсінеміз. Біз өзгелерге жеткілікті қамқорлық танытып, олар Көктегі Әкеміздің жоспарын түсінуі үшін, қажеттінің барлығын жасап, көмектесуіміз керек.

Өзге адамдар інжілді танып, білу үшін отбасы мүшелері көп нәрселерді жасап, көмектесе алады. Осы кейбір нәрселерді:

1. Өзге адамдарға жақсылық жасау.
2. Інжіл ілімдеріне мойынсұнғандықтан сіз бақытты екеніңізді, басқа адамдарға айту.
3. Інжілді достарыңыз бен көршілеріңізге түсіндіру. Оларды Шіркеудің жиналысына өзіңізбен бірге шақыру.
4. Адамдарды үйге шақырып, отбасылық үй кешін өткізу немесе оларды миссионерлер оқыта алатын кезде бірге өткізу.
5. Миссионерлерге інжілді білгісі келген өз достарыңыздың немесе туыстарыңыздың мекен жайы мен олардың аты-жөнін беру.
6. Балаларға миссионер ретінде қызмет ету маңызды екенін айтып жеткізу. Олардың миссияға барулары үшін ақшаны үнемдеп, жинауларына көмектесу.
7. Оңдықты төлеу.
8. Миссионерлік қорға ақшалай жәрдем беру.

### *Талқылау*

- Шіркеу мүшелігіне кірмеген адамға інжілді қалай айтып жеткізесіз, соны ойлаңыз.
- Өзге адамдар інжілді танып білу үшін, сіздің отбасыңыз қандай іс атқара алады?



## **Сіздің отбасыңыз шіркеудің миссионерлік жұмысында маңызды бір бөлігі бола алады**

Біздің Шіркеу көптеген елге мыңдаған миссионерді інжілді уағыздау үшін жіберді. Олардың көпшілігі 19 бен 25 жас аралығындағы жас жігіттер мен жас қыздар. Миссионер ретінде, үлкен кісілер де, қызмет етеді. Олар біздің Көктегі Әкемізге қызмет еткісі келетін адал, бойсұнаттын Шіркеу мүшелері.

Көп миссионер керек. Сіздің отбасыңыз отбасындағы адамдарды миссияға дайындау үшін, осы маңызды жұмыста қатыса алады. Ата-аналар өз балаларына інжіл куәгерлігін алу үшін көмектесіп, оны өзгелерге қалай түсіндіру керектігін үйрете алады. Олар өз балаларын барлық мәдениетте сүйіспеншілікпен қарауды үйрете алады. Ата-аналар да, өз балаларын өсіріп ер жеткізген соң, миссияға бару үшін, өздерін дайындау керек.

Көптеген адам інжілді естіген емес. Кейбір адамдар миссионерлер бара алмайтын елдерде өмір сүреді. Ол адамдардың інжілді естіп, қабыл алуына мүмкіндіктері болуы керек. Көктегі Әкеміз сол мүмкіндіктің жолын ашады. Біз сол елдердің тұрғындарын оқыту үшін, ел билігі миссионерлерге елге кіретін рұқсатын берсін деп, Көктегі Әкемізге мінажат етіп, сұрауымыз керек.

### ***Талқылау***

- Шіркеудегі қандай отбасылар өз міндетін орындап, барша қауымға інжілді оқытып үйретеді?
- Неге осы заман көптеген миссионерлерді қажет етеді?

## **Інжіл туралы айтқан адам ақ батасын алады**

Егер біз өзгелерге жеткілікті назар аударып, оларға інжілді айтып жеткізетін болсақ, Көктегі Әкеміз бізге оң батасын береді. Біз Оның өсиеттеріне мойынсұнып, інжілді қабыл алған адамдарға бақыт әкелгеніміз үшін, Ол бізге оң батасын береді. Ол бізге, егер біз Оның бір баласына ғана інжілді танып білуге және Оның қасына оралуға көмектесетін болсақ, біз бақытты боламыз деді. Егер біз Оның көптеген баласына Оның қасына оралу үшін көмектесетін болсақ, біздің қуанышымыздың шегі болмас.

### ***Талқылау***

- Өзге адамдар інжілді қабыл алысымен қандай баталарға ие болады?
- Сол баталардың біреуін сіз бастан кешірдіңіз бе?

### *Сілтемелер*

*Көктегі Әкеміз Оның барлық балалары інжілді танып, білгенін күтеді*

- Матай 24:14 (Інжіл күллі елге уағыздалуы керек.)
- Марқа 16:15–16 (Иса Өзінің Апостолдарына інжілді әр адамға уағыздап, жеткізіндер деді.)
- Істер 5:42 (Алғашқы Апостолдар інжілді барша қауымға уағыздады.)

*Сіздің отбасыңыз шіркеудің миссионерлік жұмысында маңызды бір бөлігі бола алады*

- 1 Тимотеге 4:12 (Жас жігіттер өзге адамдарға үлгі болуға лайық.)
- Мосия 4:15 (Өз балаларыңды бір-біріне сүйіспеншілікпен қарауды үйретіндер.)

*Інжіл туралы айтқан адам ақ батасын алады*

- Ілім мен Өсиеттер 18:15–16 (Біз адамға інжілді қабыл алуға көмектесіп, онымен бірге үлкен қуанышқа бөленеміз.)

# ОТБАСЫ МӘҢГІ БІРГЕ ӨМІР СҮРЕДІ

32 тарау

---

*Жер бетіндегі өмір өз мәресіне жеткенде, отбасылар қайтып мәңгілік бірге бола алады?*

## **Отбасылар мәңгілік бірге болуы үшін Құдай жоспар құрды**

Жер бетінде, отбасы ең маңызды топқа жатады. Жер бетіндегі отбасымыз біздің көктегі отбасымызға ұқсас. Көкте біз баршамыз бауырлар мен әпкелер болғанбыз. Біз Құдайдың балалары болдық. Құдай біздің көктегі үйдің жетекшісі болған. Біз көктегі ата-анамыздың сүйіспеншілігі мен нұсқауын алдық.

Құдай жер бетіне әрқайсысымызды отбасы қылып жіберді. Ол ата-аналар жер бетінде болған кезде Оның әр баласына қамқор болсын деп, оларға міндет жүктеді. Ата-аналар өз балаларын сүйіп, оларды азық пен киім және үй ошағымен қамтамасыз етуі тиіс. Олар өз балаларына Құдай туралы айтып, Оған қалай ұқсас болу керектігін оқытуы керек.

Құдай отбасыларға мәңгілік бірге болуына мүмкіндік берді. Ол Өз Шіркеуінің жетекшілеріне отбасыларды мәңгілікке бірге біріктіру билігін берді. Бұл біріктіру байланысын бекітім деп, атайды. Бұл бекітім тек ғибадатханада өткізіледі. Шіркеудің лайық адамдары ғана қасиетті ғибадатхананың ғимаратында өте алады. Еркек пен әйел ғибадатханада, ерекше әулиелікке ие бекітім жасай алатын билігі бар адамның қолынан бекітімнен өткен кезде, олар өлген соң, мәңгілік ерлі-зайыпты болып қалады. Егер олар ғибадатханада берген уәдесінде тұрса, олардың некесі мәңгілік жалғасын табады. Ол мәңгілік неке деп, аталады.

Егер еркек пен әйел ғибадатханада бекітім алмаған болса, олардың біреуі дүние салған соң, некесі аяқталады. Егер біз ғибадатханада бекітім жасап, өміріміздің соңына дейін Иса Мәсіхке еріп адал болсақ, біздің отбасымыз мәңгілік бірге болады.



*Портландагы гыбадатхана, Орегон, АҚШ.*

Егер ерлі-зайыптылар Исаның адал ізбасарлары болса, олар ғибадатханаға барып, бекітім жасай алады. Онда әулиелік ұстанушы арнайы билігі бар адамдарды бір-бірімен бекітіп, біріктіре алады. Ол олардың балаларын да оларға бекітіп, біріктіре алады. Егер олар ең басынан бастап, ғибадатханада некеге отырған болса, олар бір-бірімен бекітілген соң, мәңгілік бірге бола алады.

Құдай барлық Оның балалары жоспар бойынша, ғибадатханада бекітім алып, үлгі болатындай отбасын өсіргісі келеді. Ата-аналар, балалары үйленген кезде, ғибадатханаға келіп бекітім алуға дайын болу үшін, олар өз балаларын дұрыс жолға салып, үйретулері керек. Егер еркек пен әйел ғибадатханада бекітім алған болса, олардың дүниеге келген барлық балалары олардың бекітімінен соң, автоматты түрде ата-анасына бекітіледі.

### **Талқылау**

- Біз отбасымызбен мәңгілік бірге болуымыз үшін, Құдай бізге қандай мүмкіндікті жасап берді?
- Неге ғибадатханада бекітім алу біз үшін өте маңызды?

### **Шіркеудің адал мүшелері ғана ғибадатханаға кіре алады**

Қасиетті ғибадатханалар. Иса Мәсіхтің Соңғы Замандағы Әулиелер Шіркеуінің мүшелері Иса Мәсіхке деген адалдығымен және Оның заңдарын орындаған адамдар ғана ғибадатханаға кіре алады. Ол адамдар ғибадатханаға кіру үшін лайық. Ғибадатханаға барар алдында, ол адам бір жыл бойы Шіркеу мүшелігінде болуы керек. Ер адам Мәліксадық Әулиелігін алуы тиіс.

Олар ғибадатханаға кіруге лайық екендігін дәлелдеу үшін, еркек пен әйел епископ немесе тармақ президентінің алдынан өтіп, сөйлесуі керек. Егер епископ немесе тармақ президенті ол адамды лайық деп таныса, оған ғибадатханалық кепілдеме деп, аталатын құжатқа қолын қойып, береді. Содан соң қазық президенттігінің мүшесі немесе миссия президенті ол адаммен жеке түрде сұхбат өткізуі керек. Егер ол адамды лайық деп санаса, ол да, ғибадатханаға баратын кепілдемеге өз қолын қойып береді. Ол адам ғибадатханаға бару үшін, сол ғибадатханалық кепілдемені қабыл алуы керек.

Төменде епископ немесе тармақ президенті шіркеу мүшесі ғибадатханаға баруға лайықты екендігін біліп, шешім шығару үшін, қоятын сұрақтар келтірілген:

1. Сіз Құдайға, Оның Ұлы, Иса Мәсіхке және Киелі Рухқа сенесіз бе?
2. Сіз Иса Мәсіхтің Соңғы Замандағы Әулиелер Шіркеуінің Президентін пайғамбар, көріпкел немесе аян ұстаушы ретінде қолдайсыз ба? Оны жер бетіндегі әулиеліктің барлық кілтін қолдану билігіне ие жалғыз адам деп, қабыл аласыз ба?
3. Сіз өз табысыңыздың оннан бір бөлігін шіркеуге толығымен төлейсіз бе?
4. Даналық Сөзді сақтайсыз ба?
5. Өзге адамдармен адал болуға тырысасыз ба?
6. Сіз Шіркеу алдындағы өз міндетіңізді орындауға тырысып, жиналыстарға қатысып өсиеттерге сәйкес өмір сүресіз бе?
7. Сіз пәктік заңға сәйкес өмір сүресіз бе?
8. Сіздің жасаған салмақты күнәңіз болып, оны тиісті әулиелік жетекшілігіне ашып айтпай жүрген сырғыңыз бар ма?

Ғибадатханаға кіру тек әулиеліктің биік дәрежесі. Біз ғибадатханада Құдай алдында берген әр қасиетті уәдемізді орындап, соған лайық болуымыз керек. Ғибадатханада істеген бекітім қасиетті екенін біз есте сақтауымыз керек. Бұл отбасымызбен мәңгілік бірге бола алатын жалғыз жол. Бұл Құдайдың бізге дайындаған барлық батасын алатын жалғыз ғана жол. Біздің ғибадатханаға барып, бекітім алуға деген ынтымамыз біздің мәңгілік бақытымыз үшін өте маңызды болып келеді.

### *Талқылау*

- Ғибадатханаға кім бара алады?
- Ғибадатханаға кіруге лайық болу үшін адам қандай заттарды істеу керек?
- Неге ғибадатханаға барып, бекітім алу біз үшін өте маңызды?

### **Отбасыңды мәңгі бірге өмір сүру үшін дайындау**

Ғибадатханада алынған бекітім отбасына мәңгілік бірге өмір сүру мүмкіндігін береді, бірақ біз бұл үлкен батаға ие болғымыз келсе, біз істеуге тиісті басқа да, заттар бар. Біздің Исаға деген сеніміміз адал болу керек. Біз ғибадатханада берген уәдемізде тұруымыз керек. Біз отбасында мейірімді жан болуды үйреніп, бір-бірімізге сүйіспеншілікпен қарап қызмет етуіміз керек. Киелі Рух біздің барлық ісімізде, бізге оң жолын көрсетсін деп, Құдайға сыйынуымыз керек. Біз әрдайым отбасымызға Құдайдың ұдайы қасында өмір сүруге лайық болу үшін көмектесуіміз керек.

### *Талқылау*

- Ғибадатханада бекітім алып, мәңгілік бірге өмір сүру үшін отбасын нені орындауы керек?

### **Құдай бізге біздің ата-бабамызды құтқарып қалу мүмкіндігін жасады**

Құдайдың сан жетпес балалары Оның інжілін естімей дүние салды. Құдайдың қасында өмір сүру мүмкіндігін алу үшін, олар өздерінің күнәлары үшін кешірім алып, арнайы рәсімнен өтуі тиіс. Құдай Өзінің барлық балаларын сүйеді және барлығын Өзінің қасына қайтып алғысы келеді. Сондықтан, Ол олардың орнына орындайтын інжілдің арнайы рәсімдерін берді. Ол жұмыс ғибадатханада орындалуы тиіс.

Ғибадатханада дүние салған адамдар үшін орындалатын кейбір арнау рәсімдер, ол су рәсімінен өткізу мен Киелі Рухты тарту ету және отбасын мәңгілікке біріктіру бекітімі болып табылады. Өйткені, бұл арнау рәсімдер қайтадан Құдайдың қасына оралып, өмір сүргісі келген адамдардың барлығына қажет және біз бұл жұмысты ата-бабамыз үшін орындай аламыз.

#### ***Талқылау***

- Інжіл туралы естімей дүние салған адамдар Құдайдың қасына оралу үшін қажет арнау рәсімдерді қайтып ала алады?
- Дүние салған адамдар үшін арнау рәсімдері жұмысы орындалып жатқанын қадағалап, жауап беретін кім?

### **Өлген адамдар үшін арнау рәсімдерді тірі жүргендер орындайды**

Біздің өлген туған туысқанымыз үшін, арнау рәсімдер жұмысы орындалуы үшін, біз істей алатын кейбір заттар бар. Біз оларды, олардың аты-жөні, туған күні мен өлген жерін теңдестіруіміз керек. Егер біз ол мәліметтерді анықтай алмаған болсақ, біз оны жазба түрде отбасын қаншалықты танысақ, соншалықты анықтай аламыз (әкесі, анасы және олардың балалары).

Бұл жұмыста біз дүние салған ата-бабамыздың аты-жөнін анықтап, олар туралы генеалогия деп, аталатын барлық ақпаратты немесе отбасы тарихын жинауымыз керек.

Сіз мәліметті толтырып жаза алатын, ата-тегі кестесі мен отбасы тобының жазбасы деп, аталатын екі үлгі берілген. Сіз ол үлгілердің көшірмесін әулиелік жетекшіңізден ала аласыз. Сол мәліметтерді толтыруыңыз үшін ол сізге біреуді көмекке шақырады. Сіз ол мәліметті өзіңіз аласыз немесе ғибадатханаға жібересіз, ол жерде арнайы рәсімдер орындалатын болады.

Егер біздің бір туысқанымыз туралы осы өмірде бір мәлімет болмаса, біз оны үкімет ақпаратынан таба аламыз, мүмкін зират басынан алынған мәліметтен біздің ата-бабамыз қалдырған шіркеу жазбаларынан немесе басқа да, ақпаратты алуға мүмкіндік бар жерден ала аламыз.

Егер біз туған туысқанымыз үшін арнау рәсімдерді орындауға лайық болсақ, біз ғибадатханаға бара аламыз. Егер біз бір жағдаймен ғибадатханаға бара алмасақ, өзге адамдар олар үшін арнау рәсімдерін орындайтын болады. Біз ғибадатханаға жиі барып, өлген адамдар үшін арнау рәсімдерді орындауымыз керек.

### *Талқылау*

- Біз дүние салған туған туысқанымыз үшін, ғибадатханада арнау рәсімдерін өткізу үшін, ең алдымен не істеуіміз керек?
- Арнау рәсімдерін орындау үшін қандай мәліметтер қажет?
- Біздің дүние салған туған туысқанымыз үшін арнау рәсімдерін кім орындай алады?

### **Жеке бас тарихының маңыздылығы**

Біздің отбасымыздың бір мүшесі өзі туралы жазғанын оқыған кезімізде, біз ол адамды жақсы танып, жақсы көреміз. Біз дүние салған туған туысқанымыз туралы мәлімет жинап, ол үшін арнау рәсімін орындай отырып, біз өз өміріміз туралы да мәлімет жазуымыз керек. Біз өз ата-анамыз туралы, өзіміздің туған күнімізді және сол уақытта өз өмірімізде болған оқиғаны да, жазғанымыз жөн. Біздің балаларымыз бен немерелеріміз біз туралы мольнан мәлімет алып, біздің істеген жақсылықты біліп шабыттана, олар да соны істеу үшін, біз өз ойымызды парақтың бетіне түсіруіміз керек.

Құдай Адамға өз өмірің туралы балаларыңа жазып қалдыр деп, айтты. Пайғамбарлар да жазба жазып қалдырды, біз де солай істеуіміз керек. Біз Адам мен пайғамбарлардың жазған жазбасын оқып, олардың Құдайдан алған баталары мен өсиеттері туралы білеміз. Ол бізді дұрыс жолға салып көмектеседі. Біз өз балаларымызға біздің өмірді жазба түрде жазуға көмектесуіміз керек.

### *Талқылау*

- Неге Құдай Өз халқына өзінің өмірін жазба түрде жүргізсін деді?
- Сіздің жеке өз жазбаларыңыз сіздің балаларыңыз бен немерелеріңізге қандай ақ батасын бере алады?



### *Сілтемелер*

*Отбасылар мәңгілік бірге болуы үшін Құдай жоспар құрды*

- Матай 18:18 (Жер бетіндегі байланыс, тиісті билік арқылы көкпен байланыс орнатады.)
- Матай 19:4-6 (Құдай қосқанды ажыратпасын.)

*Шіркеудің адал мүшелері ғана ғибадатханаға кіре алады*

- Ілім мен Өсиеттер 88:119–121 (Ғибадатханаға кіру үшін біз өз күнәларымыз үшін өкініп, тәубеге келуіміз керек.)

*Отбасыңды мәңгі бірге өмір сүру үшін дайындау*

- 1 Петір 3:1-9 (Күйеу мен әйел бір-біріне ілтипат көрсетіп, бірге өмір кешіндер делінген.)

*Құдай бізге біздің ата-бабамызды құтқарып қалу мүмкіндігін жасады*

- Малахи 4:6 (Адамдар өз ата-бабалары мен олардан кейін өмір сүретін отбасы туралы ойлай бастайды.)
- Еврейлерге 11:40 (Біз бізге дейін дүние салған адамдарсыз мәңгілік мақсатқа жете алмаймыз.)

*Өлген адамдар үшін арнау рәсімдерді тірі жүргендер орындайды*

- 1 Қорынтықтар 15:29 (Көне замандағы Апостолдар кезінде, өмір сүрген адамдар өлген адамдардың орнын басып, су рәсімін өтті.)

*Жеке бас тарихының маңыздылығы*

- Малахи 3:16 (Кітапта Құдайды сүйген адамдардың аты жазылып, сақталған.)

# ИСА МӘСІХТІҢ ЕКІНШІ КЕЛУІ

*Тогызыншы бөлім*





*Иса Мәсіхтің Екінші Келуі жақындап қалғанын көптеген белгілер білдіреді.*

# ИСА МӘСІХТИҢ ЕКІНШІ КЕЛУІ

33 тарау

---

*Иса Мәсіх жер бетіне қайта келеді. Ол келер кезде, қандай белгілер болады және Ол келетін кезде, Оны қарсы алу үшін, біз қандай дайындық жасай аламыз?*

**Иса жер бетіне қайтып келем деп, уәде берді.**

Иса қайта тірілген соң қырық күн өтісімен, Ол Өзінің Апостолдарымен Зәйтүн Тауы деп, аталатын жерде кездесті. Исаның көкке оралатын уақыты келді. Ол Көктегі Әкеміздің еркін толығымен орындады. Оның Апостолдары Исаның көкке көтерілгенін көрді. Апостолдар көкке қарап тұрған кезде, екі періште келіп, оларға Иса жер бетіне қайтып оралады деп, айтты. Сол кезден бастап, Исаға адал болған адамдар Оның қайтып оралуына үміт артады. Оның қайтып оралуын Мәсіхтің Екінші Келуі деп, аталады.

Екінші Келуінде, Иса көктен ұлы күш билігімен түседі. Ол жер бетін барлық күнәдан тазартады, сонда Ібілістің күші жойылып, халық азат болады. Иса Оған адал болған барша қауымға мың жыл бойы жетекшілік етеді.

**Талқылау**

- Иса жер бетіне қайта келетінін біз қайтып білеміз?

**Иса бізге Оның келер алдында не болатынын айтты**

Иса бізге Ол келер алдында болатын көптеген нәрселерді айтты. Ол нәрселер Оның екінші келуінің белгілері. Ол бізге сол белгілерге қарап, Оның келуіне дайын болыңдар деді. Ол бізге, сол болып жатқан нәрселерді көрген кезімізде, біз Ол кенеттен келетінін анық білетін боламыз. Бірақ біз Оның келетін уақытын нақты біле алмаймыз.

Егер біздің Исаға деген сеніміміз адал болып, киелі жазбаларды танып білетін болсақ, біз Исаның келер алдында болатын белгілерді анық білетін боламыз. Исаның жер бетіне қайтып келер алдында көптеген нәрселер болады. Олардың кейбіреуі өтті, кейбіреуі осы күндері өтуде, ал қалғаны болашақта болып өтеді.

Исаның Екінші Келуіне дейін інжіл бүкіл жұртқа таратылатын болады. Бұл көптеген адамдарды бақытты қылып, бағыштайтын болады. Болатын өзге нәрселер біздің сенімімізді сынаққа алады. Онда үлкен күнәкарлық, жер сілкініс пен өзге де, апат жойқыны болады.

*Жер беті үлкен қайғы-қасіретке ұшырайтын болады*

Иса бізге, біз жер бетінде көптеген күнәкарлық пен соғыс және қайғы-қасірет болған кезде, Оның қайтып келуіне аз уақыт қалғанын анық білеміз деп, айтты. Бұл қайғылы апат күніне айналады. Ол күні жер сілкініп, жойқын дауыл соғып, дерт пен ашаршылық келеді. Жердегі егіннің барлығын бұршақ жойып құртады.

Көптеген адамдар Көктегі Әкемізді ұмытып, Ібіліске бет бұрады. Адамдар бір-біріне суып, өзара мейірімсіз болып, өзгелерге қиянат жасай бастайды. Жер бетінде сансыз соғыс өтеді. Ұлттар бір-бірімен тартыса бастайды. Бұл соғыс соңғы ұлы соғыс орнына айналғанға дейін жалғасады, ол жер бетіндегі соғыс тарихында ең жойқын соғыс болып танылады. Сол кезде Иса қайтып келеді.

*Інжіл қалпына келтірілді*

Иса қайтып оралғанға дейін інжіл жер бетінде қалпына келтіріледі деп, пайғамбарлар айтқан болатын. Пайғамбар Жозеф Смит арқылы інжіл қалпына келтірілді. Біз Көктегі Әкеміздің қасына қайтып оралу үшін, біз танып істеуге тиісті інжілдің әр ілімі жер бетінде қайта қалпына келтірілді.

Иса бізге, Оның кейін келгенін Мормон кітабы басылып әлемге берілген кезде, білетін боласыздар деді. Бұрынғы заманда, пайғамбар Ишая мен Езекиел Мормон кітабы туралы айтқан болатын. Пайғамбар Жозеф Смит Мормон кітабын ағылшын тіліне аударды. Содан бері ол көптеген тілдерге аударылды. Бұл Исаның келер алдында, әлемдегі барлық елге берілетін болады.

*Израил үйінің қайта жиналуы*

Біздің Көктегі Әкеміз, Израил үйінің\* ұрпақтары інжілді естіп қабыл алып, Иса келген кезде, Оны қарсы алуға дайын болуы керек деді.

Інжілді қабыл алған адамдар барша қауымды інжілге үйретіп, ғибадатханаларды тұрғызып, дүниеден кеткен кісілер үшін арнау рәсімдерін орындауы керек.

Исраил үйіндегі көптеген адамдар не қандас арқылы немесе қабыл алу арқылы Иса Мәсіхтің інжілін қабыл алған соң, Шіркеу мүшелігіне кіреді. Қасиетті жер Ыбырайымнан тараған ұрпақ жиналуы үшін бағышталған. Ыбырайымның ұрпағына белгілі араб, еврей және өзге адамдар кіреді. Мормон кітабының ұрпағы Америка адамдары, олар да інжілді қабыл алып, адал да мықты адамдарға айналып, Ыбырайымның ұрпағына кіреді.

*Інжіл бүкіл әлем бойынша таратылатын болады*

Иса бізге, Оның ізбасарлары інжілді бүкіл әлемге уағыздап, жеткізген кезде, біз Оның келуіне аз уақыт қалғанын білетін боламыз деді. Шіркеу қалпына келтірілген кезден бері миссионерлер басқа елдерге інжілді тарату үшін жіберілді. Көптеген миссионерлер осы күні інжілді әлемнің әр жерінде таратуда. Шіркеудің әр мүшесі інжілді туған туысқанға және достарға таратуды өтінеді, олардың кейбіреуі інжілді тарату үшін және барша қауым ол туралы естіп, білу үшін өзге елдерге аттанады.

*Ілиястың келуі*

Киелі кітапта пайғамбар Малахи Иса екінші рет келер алдында, жерге пайғамбар Ілияс келеді деп, айтты. Ол отбасыларды мәңгілік бірге бекітетін билікті қайтарады. Ол адамдарға өз ата-бабалары мен олардың ұрпақтары туралы біліп, оларды құтқарып қалуға мүмкіндік берді. Сәуірдің 1836 жылы Ілияс Пайғамбар Жозеф Смитке келіп, қайта қалпына келтіру билігін ұстатты. Ілияс келгеннен бері, жер бетіндегі бүгінгі күні де, ғибадатханада отбасылар бірге біріктіру бекітімін ала алады.

*Жаңа Иерусалим қаласы тұрғызылады*

Иса бізге, Оның Шіркеуі Иерусалим деген қалада тұрғызылған кезде, Оның қайтып оралатын күніне жақындап қалғанын білетін боламыз деді. Иса ол қалада Өзім жетекшілік етем және ол жерде адал адамдар ғана өмір сүреді деп, айтты. Ол бізге бұл қала қай жерде тұрғызылатынын айтты. Ол Құрама Штатының Миссури штатында орналасатын болады.

Бұл Исаның жақын арада қайтып оралатындығы туралы көрсетілген кейбір белгілер. Киелі жазбалар бізге өзге белгілер туралы айтады. Біз көптеген белгілерді көрген болсақ та, Исаның қайтып оралатын уақыты бізге белгісіз.

**Талқылау**

- Исаның екінші келуіне аз уақыт қалғанын қайтып біле аламыз?
- Исаның екінші келуінің белгілері қандай?

**Бізді күнәқарлық пен қайғы-қасірет қоршаса да, біз бейбітшілік пен үміт болмысында, өмір сүре аламыз**

Біз Исаның екінші келуіне даяр болуымыз керек. Оның қайтып оралуына дайын болудың жолы ол күнделікті Оның ілімдеріне мойынсұну. Біз осы күні Оның Шіркеу Президенті арқылы бізге берген өсиеттері мен нұсқауларына мойынсұнғанымыз жөн. Киелі Рух біздің ойымыз бен іс-әрекетімізді әрдайым дұрыс бағытқа салуы үшін, соған біз лайық болуымыз керек. Иса бізге, Ол келген кезде, біз дайын болсақ, бізге қорқатын еш нәрсе жоқ деп, айтқан. Біз бақыттымыз және біз Оның қасында болғанды қалаймыз. Ол келген кезде адал адамдар қалады. Олар жер бетінде өмірін жалғастырады, ал олардың ұрпағы күнәдан таза болып өседі. Иса олардың қасында болып, батасын беріп, оларға жетекшілік етеді.

Иса жер бетіне қайтып келген кезде, азғындық жасаған адамдар Оның қаһарына ұшырайды. Мәсіхке сеніп бұл дүниеден кеткен адал адамдар қайта тіріліп, Ол көктен қайтып келген кезде, Онымен кездеседі. Азғындық пен заңсыздық жасаған адамдар 1,000 жылдар өтпей өз көрінен көтеріле алмайды. Бұл 1,000 жылдық мерзімі Мың жылдық\*ретінде белгілі.

Иса жер бетінде өмір сүрген кезде, Ол әлемнің Құтқарушысы болып келгенін аз ғана адам білген болатын. Иса қайта келген кезде, әркім Ол Иса Мәсіх, Құдайдың Ұлы, әлемнің Құтқарушысы екенін білетін болады.

**Талқылау**

- Бізге Исаның екінші келуін білуге қандай белгілер көмектеседі?
- Иса қайтып оралған кезде, жер бетіндегі Оған адал адамдарға не болады?
- Сол кезде, жер бетінде тіршілік етіп жүрген күнәқар адамдар қандай жағдайға ұшырайтын болады?

**Сілтемелер**

*Иса жер бетіне қайтып келем деп, уәде берді.*

- Матай 24:36, 42–44 (Бізге Исаның қайтып келетін күні мен уақыты да белгісіз.)

- Матай 26:64 (Иса аспандағы бұлттармен келеді.)
- Жохан 14:2–3 (Иса қайтып келемін деп, уәде берді.)
- Істер 1:11 (Періштелер Апостолдарға Иса қайтып оралады деді.)

*Иса бізге Оның келер алдында не болатынын айтты*

- Матай 24 (Исаның Екінші Келуіне дейінгі болатын белгілердің түсіндірмесі берілген.)

*Бізді күнәқарлық пен қайғы-қасірет қоршаса да, біз бейбітшілік пен үміт болмысында, өмір сүре аламыз*

- Зәкәрия 14:9 (Иса қайтып келген соң, Ол жер бетінде билігін жүргізеді.)
- Матай 13:40–43 (Азғындық пен заңсыздық жасайтындар тозақ отына түседі, ал әділдер құтқарылады.)



# МЫҢ ЖЫЛДЫҚ

34 тарау

---

*Мың жылдық нені білдіреді? Жердегі Мың жылдық кезіндегі өмір қандай болады?*

**Жердің Мың жылдық ағымында әділ адамдар өмір сүретін болады** Иса қайтып оралған соң, Ол 1,000 жыл бойы әлемде Өз билігін жүргізеді. Бұл дәуір кезеңі Мың жылдық деп, аталады.

Мың жылдықта бейбітшілік пен әділдіктің уақыты орнайды. Мың жылдық басталар алдында, Иса жерді күнәдан тазалап шығады. Барлық азғындық пен заңсыздық жасағандарды тозақтың отына лақтырады. Ол уақытта жер бетінде тек адал адамдар ғана өмір сүру үшін қалады. Мың жылдықтың соңына дейін Ібіліс адамдарға деген басымдылық күшін жоғалтады.

Пайғамбар Жозеф Смит адамдар көктен жер бетіне Мың жылдық ағымында жиі келеді деп, айтты. Олар ғибадатханалық жұмысты орындап, миссионерлік істе көмектесетін болады.

## *Талқылау*

- Мың жылдық нені білдіреді?
- Мың жылдық кезеңінде кімдер өмір сүретін болады?
- Өзіңіз сол азғындық жоқ жерге ұқсас өмірді көз алдыңызға елестетіп көріңізші.

## **Мың жылдықта екі үлкен жұмыс атқарылатын болады**

Ең бірінші атқаратын үлкен жұмыстың бірі, ол тірі адамдар мен дүниеден кеткен адамдар үшін ғибадатханада арнау рәсімдерін орындау. Қайта тірілген адамдар жер бетіндегі тірі адамдарға, өздерінің дүниеден кеткен туысқандарының аты-жөнін тауып, жазбадағы қателіктерді түзеп, көмектесетін болады.

Отбасыларды біріктіру бекітімін жасау үшін қажет болған барлық арнау рәсімдер ғибадатханада орындалатын болады. Отбасылар ұрпақтан ұрпаққа жалғасын тауып, кері Адамға қарай барлық жолдар бірігетін болады.

Екінші үлкен жұмыс, ол інжілді тарату. Әркім інжілді естіп, қабыл алуға мүмкіндік алады. Мың жылдық басталған кезде, Исаның Шіркеу мүшелігіне кірмеген кейбір адал адамдар да, жер бетінде тіршілігін жалғастырып, өмір сүреді. Түбінде, барша қауым Исаны Құтқарушы ретінде танып, айтатын болады.

### *Талқылау*

- Мың жылдықта қандай екі үлкен жұмыс атқарылатын болады?

### **Мың жылдықта өмір қандай болады**

Мың жылдықта жердегі өмір Адам мен Хауа өмір сүрген Еден Бағына ұқсас болады. Онда шайқас болмайды. Иса Шіркеуде де, үкіметте де, Өзі төрелік ететін болады. Барлық заңдардың негізін ақиқат пен адалдық ұстанымдар құрайтын болады. Оған екі астана кіретін болады. Біреуі Иерусалим болады. Екіншісі Солтүстік Америкадағы Жаңа Иерусалим астанасы.

Адамдар тыныштық пен сүйіспеншілікте өмір сүретін болады. Осы кезде бір-біріне жау болған барлық жануарлар тату-тәтті қатарласып, бірге жататын болады. Олар ешқандай зұлымдық пен қиянат жасамайтын болады.

Онда дерт пен өлім деген болмайды. Адамдар егде жасқа келген кезде, қазіргідей, олар өлімге душар болмайды. Сендерге мына құпияны айтайын: бәріміз бірдей өлмейміз, бірақ бәріміз түгелдей өзгереміз.

Бұл Мың жылдықта өмір сүру үлкен құрмет. Біз қазіргі кезде ұқпаған нәрселер, сол уақытта түсінікті болады. Осы заманға ұқсас өмір ұзақ болып, тек сүйіспеншілік пен бейбітшілік өмірімінен ерекшеленетін болады. Адамдар бала тәрбиелеп, өсімдік пен егін сеуіп, үй тұрғызып өз тіршіліктерін жалғастыратын болады.

### *Талқылау*

- Мың жылдықта жер бетінде қандай өзгерістер болады?

### **Мың жылдық соңындағы ақырғы шайқас**

Мың жылдықтың соңында, Ібіліс зынданынан қайта босатылып, жер бетіндегі күшіне ие болады. Кейбір адамдар оған сенім артады. Ібіліс

өз ізбасарларын жинап, Исаның сенушілерімен шайқасатын болады. Осы ұлы соғыста, Ібіліс пен оның ізбасарлары біржола күйреп, жойылатын болады. Шайқас бітісімен, адамдар өздерінің іс-әрекеттері бойынша сотталып, үкімі кесіліп, патшалықтары анықталып, сонда өмір сүретін болады.

### *Талқылау*

- Мың жылдықтың соңында қандай оқиға болады?

### *Сілтемелер*

*Жердің Мың жылдық ағымында адал адамдар өмір сүретін болады*

- Ишая 14:7 (Жер бегіндегі азғындық пен заңсыздық еркінсінеді.)
- 2 Нефий 30:10 (Күнәға батқандар тозақтың отына жанатын болады.)

*Мың жылдықта екі үлкен жұмыс атқарылатын болады*

- Еремия 31:34 (Адамдар өзге кісілерді Иса туралы айтып оқытпайды, өйткені Оны барша қауым танып, білетін болады.)

*Мың жылдықта өмір қандай болады*

- Ишая 2:3–4 (Онда әлемнің екі астанасы болады және әлем бейбітшілікте өмір кешеді.)
- Ишая 11:6–9 (Жануарлар тату-тәтті қатарласып, бірге жататын болады.)
- Аян 20:1–3 (Ібілісті шынжырлап тастайды.)

*Мың жылдық соңындағы ақырғы шайқас*

- Аян 20:7–10 (Соңғы шайқастағы Ібіліс пен оның ізбасарларының біржола күйреуі.)

# ӨЛІМНЕН КЕЙІНГІ ӨМІР

*Онышы тарау*





*Біз дүниеден кеткен соң, рухани әлемінде өзіміздің жақын  
адамдарымызбен қайта қауышатын боламыз.*

# ӨЛІМНЕН КЕЙІНГІ ӨМІР

35 тарау

---

*Біз келесі өмірге дайындықты қалай жасай аламыз?*

## **Дүниеден кеткеннен кейінгі рухани өміріміз**

Біз Көктегі Әкеміздің рухани балаларымыз. Бұрында, біз көкте Оның қасында рухтар ретінде, тәндік денесіз өмір сүрдік. Бұл біз осы жер бетінде дүниеге келіп, тән мен сүйектен тұратын денеге ие болу, Көктегі Әкеміздің жоспарының бір бөлігіне кіреді. Біздің рухымыз біздің жер бетіндегі өмірімізде, біздің тәндік денемізге өмір сыйлайды.

Көктегі Әкеміздің бізге арнаған жоспарының бір бөлігі дүниеге келу болғанға ұқсас, Оның бізге арнаған жоспарының өзге бір бөлігі, ол өлім болып табылады. Біз бұл дүниеден кеткен соң, біздің рухымыз біздің денемізді қалдырады. Рухсыз дене өледі және оны көрге салады.

Бірақ, біздің рухымыз дүниеге келгенге дейін өмір сүрді, сондықтан олар дүниеден кеткен соң өмір сүруін жалғастырады. Біз дүниеден кеткен соң, біздің денеміз көрде жатқан кезде, біздің рух рухтар әлеміне кетіп қайтып тірілгенді күтеді.

Рухтар әлемінде біздің рухымыз сол жер бетінде өмір сүрген тән мен сүйектен жаратылған бейне қалпында қалады. Біз осы жердегі қалпымыздағы күйде қаламыз. Біз осы жердегіге ұқсас ойлап, сол нәрсеге сенетін боламыз. Кімде-кім осы өмірде адал болған адал болып қалады. Кімде-кім арсыз болған әлі де әділетсіз болып қалады. Біз дүниеден кеткен соң, жер бетінде болған сол табиғат құштарлығымыздың қалауы да, болады.

## ***Талқылау***

- Рух келгенде біздің денеміз қайда болды?
- Біз дүниеден кеткен кезде оларға не болады?
- Рухани денелер қандай болады?

## **Рухани әлем жұмыстың, оқудың және күтудің орны болып табылады**

Біздің Көктегі Әкеміздің пайғамбарлары рухани әлемі туралы бізге көп нәрселер айтты. Орынның бірі жұмақ деп, аталады. Адам өлген соң, інжілді қабыл алып Исаның адал ізбасары болған кісінің рухы жұмаққа барады. Ол адамдар бақытты да, мейірімді болатын жер. Онда олар қиындық пен қайғы-қасірет және дерттен азат. Олар онда өзгелерді інжілге үйретіп немесе өздері ол туралы толық білім алып оқу сияқты көптеген тұрарлық нәрселерді жасай алады.

Өзге орын рухани түрме деп, аталады. Онда адамдардың үш түрі кіреді. Онда осы өмірде күнәқар болғандар, жақсы өмір сүріп інжілді қабыл алмағандар және ешқашан інжілді естіп, тануға мүмкіндігі болмаған адамдар кіреді.

Көктегі Әкеміздің пайғамбарлары бізге рухани әлемде өлген адамдардың рухтарына інжілді үйрету үшін, әділ адамдардың арасынан миссионерлер жіберілетін болады деген. Көптеген адам өкініп інжілді қабыл алды. Біздің Көктегі Әкеміздің ғибадатханасында, тірі адамдар үшін қажетгі құтқару арнау рәсімдері орындалады. Туған-туысқандар мен шіркеудің өзге мүшелері олар үшін арнау рәсімдерін орындайтын болады. Сонда олар рухани түрмеден шыға алатын болады. Осылайша, біздің Көктегі Әкеміз Оның барлық балаларының жер бетіндегі өмір сүрген уақытына қарамастан інжілдің батасын алуға мүмкіндік береді.

Түбінде, рухани әлеміндегі барша қауым қайта тірілетін болады. Қайта тірілген соң, рух пен дене қайта қауышады. Дене көрде жатып, шіріп, күлге айналса да, ол мінсіз өлмейтін денеге айналады. Жазбаларда, біздің бір тал шашымыз түспей барлық заттарымыз мүлтіксіз, тиісті қалпына келеді деп, жазылған.

Қайта тірілген соң, дене мен рух бірігіп, қайтып ешқашан ажырамайды. Оның сүйіспеншілігі мен Оның біздің орнымызды басып, істеген ұлы құрбандығы арқылы Иса бір кездері осы жер бетінде өмір сүрген әр адамдарға қайта тірілу керемет сыйлығын берді.

### ***Талқылау***

- Рухани әлемнің қандай екі бөлімі бар?
- Жұмаққа кімдер барады? Жұмақтағы рухтар не істейді?
- Қандай рухтар түрмеге жіберіледі? Онда қандай жағдайлар болады?

### **Біз баршамыз қиямет соты күні сот алдынан өтетін боламыз**

Біздің мәңгілік өміріміздің ішінде бізді сансыз рет соттады. Біз Көктегі Әкеміздің қасында өмір сүрген кезімізде, біз жер бетіне барып денеге ие болуға лайық екенімізді көру үшін, бізді сот алдынан өткізді. Біз осы жерде су рәсімін өту үшін лайық екенімізді көру үшін сот алдынан өттік. Ер адамдардың әулиелікке лайық екенін көру үшін сот алдынан өтеді. Біз ғибадатханаға кіріп, арнайы батаны алуға лайықты екенімізді көру үшін, сот алдынан өттік. Біз дүниеден кеткен соң, біздің жер бетіндегі өмірімізге сәйкес бізді соттап, бізге үкім шығарылады.

Біз қайта тірілген соң, біз Көктегі Әкеміздің алдында соңғы рет сот алдынан өтеміз. Бұны қиямет соты деп, атайды. Осы соңғы сот біз мәңгілік өмір сүру үшін қайда баратынымызды шешеді. Біздің әрбір жағымсыз айтқан сөзімізге, ісімізге, ойымызға сай қиямет сотында жауап береміз. Бізді біздің Исаның ілімдеріне деген адалдығымызға қарап, үкім шығарады. Бізді осы жер бетінде және солай көкте де, жүргізген жазба кітабы бойынша, үкім шығарылады. Көктегі Әкеміз сотты Исаға тапсырды.

Иса бізді сүйеді, сондықтан Ол бізді өткерген өмірімізге сай үкім шығарады. Біздің әрбір жағымсыз айтқан сөзіміз, ісіміз, ойымыз жазба кітабында жазылып, сақталған. Иса біздің ісіміздің барлығын біледі және Оның алдына келген кезімізде, біз де оны есімізге түсіретін боламыз.

#### ***Талқылау***

- Бізге үкім шығарылатын кейбір уақыттың аты.
- Біздің қандай істеріміз үшін бізге үкім шығарылады?

### **Біздің өлімнен кейінгі болатынды біз өзіміздің күнделікті ісімізбен бекітеміз**

Егер біз өмірімізде адал болсақ, біз өзімізді Көктегі Әкеміздің ұдайы қасында өмір сүруге дайындап, жер бетіндегі әділ жолындағы адамдар боламыз. Егер біз Көктегі Әкеміздің өсиеттеріне мойынсұнбайтын болсақ, біз Исаның сотына келген кезде, біз өзімізді жаман күйде сезінетін боламыз.

Пайғамбарлар бізге, біздің әрбір жағымсыз айтқан сөзіміз, барлық ісіміз бен бұрыс ойымызға сәйкес бізге үкім шығарылады деді. Олар күнәқар адамдар Исаның алдына келіп, кінәлі да ұятты болып, Оның қасынан аулақ болып, қарасын батырғысы келеді деп, айтты.

Қиямет Соты келген күні осы жер бетінде өмір сүретін әр адам не мәңгілік азап шегеді, не мәңгілік өмірді иенденетін болады. Біз үшін сол



күн бақытты болу үшін, оған дайындалуымыз керек. Біз Көктегі Әкеміздің алдында тұрып, Оның бізге шығарған үкімін арымыз таза, адал күйімізде есту мүмкіндігін алғымыз келеді.

Біз соңғы сот туралы ойлануымыз керек. Біз Иса Мәсікке адал болып, өміріміздің соңғы күніне дейін өзіміздің күнәларымыз үшін шынайы өкініп, тәубеге келуіміз керек, сонда біз сот күні дайын боламыз. Тек солай ғана, сол күн келген кезде, біз барлық күнәміздан азат бола аламыз. Егер біз Исаға сеніп, барлық күнәларымыз үшін өкініп тәубеге келетін болсақ, Көктегі Әкеміз біздің күнәмізді кешірім етіп, күнәларымыздан арылуға көмектеседі. Егер біз Исаға адал болсақ, біз ізгі істерді дұрыс оймен жасап, әдепті сөйлеп, қасиетті өмір сүретін боламыз. Бізді теріс жолға итеріп, бұрыс ойға салатын адамдар мен кітаптардан және қандай да бір жағдайдағы орындардан аулақ болғанымыз жөн.

Біздің Көктегі Әкеміз әрқайсысымызды жақсы көреді, сондықтан Оның қасына қайтып оралуымыз үшін, қасиетті өмір сүруге шақырды. Егер біз Оның қасында және біз жақсы көретін жақсы адамдармен бірге өмір сүргіміз келсе, біз Иса Мәсікке сеніп, Оның берген бұйрығын орындауымыз керек. Біз отбасыларға бұл өмірді дұрыс өмір сүруіне көмектесуіміз керек. Біздің Көктегі Әкеміз бізге көмектесетін болады. Ол бізге інжілді беріп, бізге жол көрсетті де, бізге Одан көмек сұрап, әрдайым Оған мінажат ете аласыңдар деді.

### *Талқылау*

- Неге біздің күнделікті ісіміз бен ойымыз маңызды орын алады?
- Өз ойларыңызды, сөздеріңізді және істеріңізді жақсарту үшін не істейсіз?
- Неге біз мінсіз болуымыз үшін, бізге Көктегі Әкеміздің көмегі қажет?
- Неге Көктегі Әкеміздің қасында өмір сүруге лайық екендігіміз тек қана Иса Мәсікке деген адал сеніміміз арқылы бізді әшкерелейтін болады?

### *Сілтемелер*

*Дүниеден кеткеннен кейінгі рухани өміріміз*

- Лұқа 23:43 (Иса айқыш ағашындағы қылмыскерге, бүгін-ақ менімен жұмақта боласың деп, уәде берді.)
- Алма 40:11 (Біз дүниеден кеткен соң, біздің рух Көктегі Әкемізге қайтып оралады.)

*Рухани әлем жұмыстың, оқудың және күтудің орны болып табылады*

- 1 Петір 3:18–20 (Инжіл түнектегі адамдарға уағыздалды.)
- Алма 40:12–14 (Адал адамдар жұмаққа барып бақытты болады, ал күнәқар адамдар тозаққа түсіп қасіретке ұшырайды.)

*Біз баршамыз Қиямет Соты күні сот алдынан өтетін боламыз*

- Істер 17:31; Римдіктер 14:10 (Иса Мәсіх бәрімізді бір күні әшкерелейтін болады.)
- Аян 20:12 Бізді жер мен көкте сақталған кітап арқылы соттайтын болады.)

*Біздің өлімнен кейінгі болатынды біз өзіміздің күнделікті ісімізбен бекітеміз*

- Матай 25:31–46 (Иса Мәсіх бізді біздің ісімізге сәйкес соттайтын болады.)
- 2 Нефий 29:11 (Бізді жазба кітабы арқылы соттайтын болады.)
- 2 Нефий 31:19–20 (Біз мәңгілік өмірге иемденуіміз үшін, өміріміздің соңына дейін күнәларымыз үшін өкініп, Иса Мәсіхке адал болуымыз керек.)
- Жақшп 6:9 (Біз тәубеге келмесек, біз ұятты да, кінәлі болып тұрамыз.)
- Алма 12:14 (Біздің айтқан сөздеріміз бен ой істеріміз теріс болса, соған сәйкес бізге үкім шығарылады.)



*Ақыр соңына дейін сеніміне адал болған адамдар Көктегі  
Әкеміз бен Иса Мәсіхпен биікке көтерілетін болады.*

# МӘҢГІЛІК ӨМІР

36 тарау

---

*Қиямет Сотынан соң біз қайда барып өмір сүреміз?*

**Біздің әрқайсысымыз бізге дайындап қойған орынға барамыз**

Иса біздің Көктегі Әкеміз бізге өмір сүретін көптеген орын дайындап қойды деп, оқытты. Біздің Иса Мәсіхке деген адалдығымызға қарай әрқайсысымыз төрт орынның біреуіне ие боламыз. Біз біздің ісімізге сәйкес дайындаған патшалыққа баратын боламыз. Онда төрт орынға целестиал патшалығы, террестриал патшалығы, телестиал патшалығы мен сыртқы түнек кіреді.

*Целестиал Патшалығы*

Ол жерде Көктегі Әкеміз бен Иса тірі. Ол біз көз алдымызда елестете алмайтын өте керемет және адамдар бақытты болатын орын. Сол патшалықта өмір сүрген адамдар Көктегі Әкеміз бен Исаны сүйіп, Оларға мойынсұнатын болады. Олар өздерінің барлық күнәлары үшін өкініп, Исаны Құтқарушы ретінде қабыл алуы қажет. Олар су рәсімінен өтіп, Киелі Рухтың тартуын қабыл алуы керек. Олар Иса біздің Құтқарушымыз болып табылатынын Киелі Рухтан куәгерлігін алуы тиіс.

Жоғарғы сатыдағы целестиал патшалығындағы өмірді биікке көтерілу\* немесе мәңгілік өмір деп, аталады. Осы целестиал патшалығында өмір сүру үшін, адамдар ғибадатханада некесін кийіп, олар ғибадатханада берген қасиетгі уәдесінде тұруы тиіс. Олардың Оған деген ұқсастығы жақындап, Көктегі Әкемізде бардың барлығы оларда да болады. Олар Көктегі Әкеміздің істегенін істеу үшін, олардың рухани балалы болып, олар үшін жаңа өмір құрып жарата алады. Ғибадатханада неке құрмаған адамдар целестиал патшалығының өзге бір бөлігінде өмір сүре алады, бірақ олар биікке көтерілмейді.

### *Террестриал Патшалығы*

Бұл целестиал патшалығынан кейінгі екінші сатыдағы патшалық. Иса террестриал патшалығына келген болса да, ол жердегі адамдар Көктегі Әкеміздің қасында өмір сүре алмайды және Ода бардың барлығы оларда болуы мүмкін емес. Террестриал патшалығына келгендер адал адам болғандар. Олардың кейбіреуі Шіркеу мүшелері және мүшелікке кірмегендері де бар. Онда Исаны жер бетінде қабыл алмай, бірақ кейін рухани әлемде қабыл алған адамдар болады. Ол жерде өмір сүретін адамдар мәңгілік отбасының бір бөлігі бола алмайды, бірақ мәңгілік жалғызсырап өмір сүретін болады. Біздің Көктегі Әкеміз ол адамдар қабыл алуға даяр бақытты сыйлайтын болады.

### *Телестиал Патшалығы*

Бұл целестиал патшалығы мен террестриал патшалығы сияқты керемет патшалығына жатпайды. Не Көктегі Әкеміз, не Иса ол жерде өмір сүретін адамдарға келмейді. Ол адамдарға періштелер келетін болады және олар Киелі Рухтың әсерін алады. Телестиал патшалығында, жер бетінде де рухани әлемінде де, інжіл мен Иса туралы куәгерлікті қабыл алмаған адамдар өмір сүреді. Олар Мың жылдықтың ақырына дейін сол рухани түрмеде өздерінің күнәлары үшін жапа шегетін болады. Тек сонда ғана олар қайта тірілетін болады.

Ол осы жер бетінде болған айлакерлер, ұрылар, қанішерлер, жалған пайғамбарлар, зинақорлар мен қасиеттіні күлкіге айналдырғандар. Олар Исаның ілімдерін емес, осы дүниенің сенімдерін еркін қабылдаған адамдар. Сансыз адамдар осы патшалықта өмір сүретін болады. Біздің Көктегі Әкеміз ол адамдар қабыл алуға даяр бақыт сыйлайды.

### *Сыртқы түнек*

Сыртқы түнекте Ібіліс пен оның ізбасарлары өмір сүретін болады. Онда Ібіліспен бірге өмір сүруді қалаған адамдар тұрады. Оларға кешірім болмайды. Ол адамдар Ібіліс пен оның соңынан ілескен рухтармен бірге мәңгілік тозақта азап шегіп, қайғыда өмір сүретін болады.

### *Талқылау*

- Біз Көктегі Әкемізге ұқсас болуымыз үшін, қандай патшалыққа дайын болуымыз керек?
- Көктегі Әкеміздің қасында өмір сүруге лайық болуымыз үшін, біз осы жер бетінде қандай істерді орындауымыз керек?

### **Көктегі Әкеміз бізді Целестиал Патшалығындағы мәңгілік өмірге дайындау үшін бізге інжілді берді**

Көктегі Әкеміз әрқайсысымызға Оның қасындағы мәңгілік өмірді иемденуге мүмкіндік берді. Мәңгілік өмір Көктегі Әкеміз бен тірі Исаның өміріне ұқсас. Біздің Көктегі Әкеміз мінсіз. Ол барлық нәрсені біледі. Ол барлық нәрсеге билігін жүргізеді. Ол барлығына төрелік етеді. Ол мәңгіліктің ақиқаты мен заңына сәйкес өмір сүреді.

Иса біздің Көктегі Әкемізге мойынсұнды, сондықтан Ол Көктегі Әкеміздің ұдайы қасында өмір сүреді. Егер біз Исаның берген тәлімдеріне сәйкес тіршілік етсек, біз Көктегі Әкеміз бен Иса сияқты өмір сүретін боламыз. Көктегі Әкеміздің қасындағы мәңгілік өмірді Ол бізге бере алатын керемет сыйлық болып табылады. Бұл өзге нәрселерден көре бізге шексіз бақыт сыйлайды.

Інжіл бізге, біз баршамыз танып біліп, соны барлығымыз орындап, мәңгілік өмірге иемденуіміз керек дейді. Бұл бізге Көктегі Әкеміз бен Исаны танып білуге көмектеседі. Бұл бізді Олардан үлгі алып өмір сүру керектігін үйретеді. Мінажат етіп, киелі жазбаларды оқитын болсақ, біз Оларды жақсырақ танып білетін боламыз. Біз Оларды танып, сүйетін болсақ, біз Олардың сөзіне бағынатын боламыз. Біз мойынсұнған кезде, біздің Оларға деген ұқсастығымыз жақындап, Олардың ұдайы қасында өмір сүруге лайық боламыз.

#### ***Талқылау***

- Мәңгілік өмір деген не? Оны кімдер алады?
- Біздің мәңгілік өмірге деген дайындығымызда інжілдің қандай көмегі бар?

### **Біз інжілді таңдап мойынсұнған кезде Көктегі Әкеміз бізге көмектесетін болады**

Көктегі Әкеміз біз інжіл жолымен өмір сүріп, мәңгілік өмірге иемдену баршамыз үшін мүмкін екенін біледі. Біз Оның балалары болғандықтан, Оған ұқсас болуымызға күш жігерлігіміз бар. Ол әрқайсысымыздың кемшілігін біледі және қандай нәрселер бізді еліктіретінін де біледі. Ол бізге жер бетіне келуге рұқсат етті, сондықтан бізге осы уақыт пен осы орын мейірімді істер істеп, үйрену мүмкіндіктерін берді.

Енді бізге сол мәңгілік өмірді иемдену үшін, қажет нәрсенің барлығын істеудің уақыты келді. Көктегі Әкеміз бізді жақсы көреді сондықтан біз сол жетістікке жеткенімізді күтеді. Ол Оның қолынан келгеннің барлығын бізге жасады. Ол бізге, біз оқып, өсуге мүмкіндігіміз болу үшін,

жерді берді. Ол бізге, Өзінің Ұлын, Иса Мәсіхті, бізге Құтқарушымыз ретінде бізді інжілге оқыту үшін жіберді. Ол бізді Оның атына мінажат етуге шақырды. Ол бізге, біздің жолымызды бір бағытқа салатын Киелі Рухты тарту етті. Енді біз тек жақсы істерді жасауымыз керек. Егер біз Иса Мәсіхке сеніп, Оған мойынсұнатын болсақ, Ол бізге күш беріп, біздің өмірде кездесетін арбаулар мен өзге қиындықтардың кедергісін етуге көмектесетін болады.

Көктегі Әкеміз бізге інжілді қабыл алыңдар деді. Ол үшін біз ең алдымен Иса Мәсіхке сенуіміз керек. Содан соң, біз өз күнәларымыз үшін өкініп, су рәсімін өтіп, Иса Мәсіхтің Соңғы Замандағы Әулиелер Шіркеуінің мүшесі ретінде бекітім алуымыз керек. Бекітім алған соң, біз әулиелігі бар адамнан Киелі Рухтың тартуын аламыз. Киелі Рух біздің әрқайсысымызға Исаның еркін жеткізіп, мәңгілік өмірге иемденуіміз үшін, біз қалған өмірімізде Оған мойынсұнып қызмет етуіміз керек дейді.

Көктегі Әкеміздің ұдайы қасына қайтып оралу үшін көмектесетін өсиеттерге мойынсұнғанымызды Иса біздің баршамыздан талап етеді. Онда пәктік, ондық төлемі, ұсыныстар, Даналық Сөзге бағыну, әрдайым адал болу және Демалыс күннің қасиеттілігін сақтау заңдары кіреді.

Біз Көктегі Әкемізге ұқсас болуымыз үшін, біз ғибадатханада ақтыққа иену сияқты белгілі арнау рәсімін қабыл алуымыз керек.\* Біз өз отбасымызбен мәңгілік бірге болуымыз үшін, сол жерде біріктіру бекітімін алуымыз керек. Содан соң, біз дүниеден кеткен туған-туысқанымыздың аты-жөні туралы мәліметтерді іздеп, олар үшін ғибадатханада арнау рәсімдерін өткізу үшін, тапқан мәліметтерімізді Шіркеуге беруіміз керек.

Иса бізге көптеген нәрсені орындандар деді. Ол өзге адамдарға інжілді тарату, өзгелерге сүйіспеншілікпен қарап, көмектесіп, оларға жақсы үлгі болу.

Біз Көктегі Әкемізге берген уәдемізде тұрып, әрдайым Шіркеу жиналысында қатысып, отбасымызды інжілге үйретіп, күнделікті киелі жазбаларды оқып, оны талқылап, әрдайым отбасымен және өзіміз жеке мінажат етуіміз керек.

Егер біз Иса Мәсіхке деген сеніміміз адал болып, Оның берген өсиеттерін орындап ынталансақ, біз Көктегі Әкеміз сияқты мәңгілік өмірге иемденетін боламыз.

Көктегі Әкемізге ұқсас жоғарғы сатыға шыққандай боламыз. Біз биікке көтерілгенімізше, төменнен бастап әр сатыға жоғарлауымыз керек. Пайғамбар Жозеф Смит бізге, егер біз Көктегі Әкемізге ұқсас болғымыз

келсе, біз Оның сезімін, ойын, ісін танып білуіміз керек деп, айтты. Ол туралы осы нәрселерді түсінген кезде, біз Оған қалай ұқсас болу керектігін білу үшін, Ол туралы басқасын да, білетін боламыз.

Бұл бізге Көктегі Әкеміздің біз сияқты адам болып, жер бетінде өмір сүрген кезін есте сақтауға көмектесетін болады. Ол қиындық кедергісінен өтіп, біздің Көктегі Әкеміз болды. Біз де, соны осы жер бетінде істеуіміз керек. Алайда, пайғамбар Жозеф Смит бізге бұл дүниеде біз танып білуге тиістінің барлығын біле алмаймыз деді. Біз бұл өмірді аяқтаған соң, Көктегі Әкемізге қалай ұқсас болу керектігін білу үшін, бізге азғана уақыт қажет болады.

Біз Көктегі Әкеміздің өсиеттерін орындап үйренген кезде, біз Оның қасына қайта оралғанда, қандай бақытты болатынымыз туралы ойланайық, Ол бізге біздің өмірімізге риза болғанын айтады, сонда біз Оған ұқсас болып, Онымен бірге мәңгілік өмір сүре алатын боламыз.

### *Талқылау*

- Неге біздің әрқайсысымызға Көктегі Әкемізге ұқсас болу мүмкіндігі берілді?
- Біз Көктегі Әкеміз сияқты өмір сүруіміз үшін, қандай нәрселерді істеуіміз керек?
- Көктегі Әкеміз бізге Ол сияқты болуымызға қайтып көмектеседі?
- Біздің Көктегі Әкеміздің сізге жақсы іс істедіңіз және Ол сізді жақсы көретінін айтқанын естіген болсаңыз, сіз өзіңізді қандай күйде сезінер едіңіз, соны елестетіп көріңізші.

### *Сілтемелер*

*Біздің әрқайсысымыз бізге дайындап қойған орынға барамыз*

- Жохан 14:2 (Иса Оның Әкесінің үйінде бізге орын дайындап қойды.)

*Көктегі Әкеміз бізді Целестинал Патшалығындағы мәңгілік өмірге дайындау үшін бізге інжілді берді*

- Мосия 4:26–27 (Біз мәңгілік өмірді иемденуіміз үшін, бізге не істеу керектігін айтты.)
- Алма 34:32–34 (Көктегі Әкеміздің қасында өмір сүру үшін дайындалатын уақыт келді.)

*Біз інжілді таңдап мойынсұнған кезде Көктегі Әкеміз бізге көмектесетін болады*

- Матай 25:23 (Көктегі Әкеміз шағын істе сенімді болған адамды үлкен істің басына қоятын болады.)



# ДІН РӘМІЗДЕРІ

---

Көктемнің 1842 жылы Пайғамбар Жозеф Смит *Чикаго Демократ атты газетінде редактор болып жұмыс істейтін Джон Вентвордқа хат жолдады*. Ол хаттың ішінде Шіркеудің алғашқы көптеген маңызды оқиғасы жазылған болатын. Тағы ол құжатта Соңғы Замандағы Әулиелер сенімінің 13 мәлімдемесі келтірілген. Олар төменде келтірілген Дін Рәміздері ретінде белгілі.

Дін Рәміздері шіркеудің ресми құжаты және соңғы күндердің киелі жазбалары ретінде қағидаға айналдырылған. Олар Шіркеу мүшелеріне Шіркеудің негізгі сенімдерін ұғуға көмектесіп, осы сенімді өзге адамдарға түсіндіретін сенімнің анық мәлімдемесі. Алайда, олар Шіркеу ілімдерінің толық мәлімдемесі емес. Тірі пайғамбарлар арқылы Шіркеу үздіксіз аян алып және рухтандырылып жетекшілік етеді.

- 1** Құдайға, Мәңгілік Әкеге, Оның Ұлы Иса Мәсіхке және Киелі Рухқа біз сенеміз.
- 2** Адамдардың Адамның күнәға батқаны үшін емес, өздерінің күнәлары үшін жазаға тартылатынына біз сенеміз.
- 3** Мәсіхтің өтелуі арқылы барлық адамзат Інжіл заңдары мен арнау рәсімдеріне бағына отырып, құтқарылатынына біз сенеміз.
- 4** Інжіл ілімінің ұстанымдары мен арнау рәсімдерінің негіздері ол: біріншіден – Иеміз Иса Мәсіхке сену; екіншіден— Тәубеге келу; үшіншіден– Күнәлардан арылу үшін су рәсімінен өту; төртіншіден – адамның басына қолды қойып, Киелі Рухты тарту ететініне біз сенеміз.
- 5** Інжіл дінін үгіттеп, арнау рәсімінің жұмысын атқару үшін, пайғамбарлық арқылы әулиелік билігіне иеленгендер қолдарын адамның басына қойып, адамды Құдай арқылы шақыратынына біз сенеміз.

- 6** Біз ең әуелгі Шіркеуде болған ұйымға сенеміз, дәлірек айтқанда: апостолдарға, пайғамбарларға, пасторларға, ұстаздарға, Інжіл дінін таратушыларға және тағы басқасына.
- 7** Тіл дарындылығына, пайғамбарлыққа, аяндарға, терең зеректікке, сауықтыру күшіне, тіл аударма қабілетіне және тағы басқа да сыйына біз сенеміз.
- 8** Киелі кітапта Құдайдың сөзі жазылып, шамамен дұрыс аударылғанына біз сенеміз, тағы біз Мормон кітабы Құдай сөзі деп, сенеміз.
- 9** Құдай ашқан барлық ашылымдарға, Оның қазіргі ашылымдарының бәріне біз сенеміз және Оның әлі де, Құдай Патшалығына қатысты талай ұлы және маңызды нәрселер ашатынына да, біз сенеміз.
- 10** Исраилдің дәлме-дәл жиналатынына және Он Бұрынның қалпына келетініне; Сионның (Жаңа Иерусалим) Америка континентінде орнығатынына; Мәсіхтің жер бетінде тікелей патшалық құратынына және жер жаңарып, өзінің жұмақтық даңқына бөленетініне біз сенеміз.
- 11** Біз Құдіреті күшті Құдайға өзіміздің ар-ожданымыздың үніне сәйкес бас ие алатын артықшылығымыз бар екенін жария етеміз және барлық адамдарға дәл сол артықшылықты береміз: олардың қалай, қайда және неге болсын бас ию өз еркі.
- 12** Біз патшаларға, президенттерге, басқарушыларға, сот өкіметі басқармасына бағыну керектігін және заңды құрмет етіп, ұстанып, қолдайтынымызға сенеміз.
- 13** Біз адал, шынайы, пәк, қайырымды, ізгілікті болуға және барлық адамдарға жақсылық жасауға тиіс екенімізге біз сенеміз, шын мәнінде біз Пауылдың өсиеттерін ұстанамыз деп айта аламыз, біз бәріне сенеміз, біз бәріне үміт артамыз, біз көп нәрсені басымыздан өткердік және біз бәріне де, төзетінімізге сенеміз. Егер ізгілікті, ғажап, құрмет етуге лайық немесе мақтауға тұрарлық бір нәрсе болса, біз соған ұмтыламыз.

Жозеф Смит

# СӨЗДІК

---

**Харұн Әулиелігі** Көктегі Әкеміз жер бетіндегі адамдарға әрекет етіп, Оның атынан Оның балаларын құтқару үшін берген екі әулиелік билігінің кішісі болып табылады. Бұл кіші әулиелік Мұсаның бауыры Харұнның атымен аталған және үлкен немесе Мәліксадық Әулиелігінен айырмашылығы бар. Харұн Әулиелігіне дякон, мұғалім, діни қызметшісі мен епископ кіреді.

**Жолдан таю** (1) Көктегі Әкемізден бас тарту рухани күйі. (2) Ол Көктегі Әкеміздің ілімдері мен Оның әулиелігі жер бетінде болмаған заман.

**Апостол** Мәліксадық Әулиелігінің қызметкері. Апостолдар бүкіл әлемдегі Иса Мәсіхтің арнайы куәгерлері болып табылады.

**Өтелу** Адамның күнәсінан және адамның Көктегі Әкемізден аластатылғанынан, тәндік өлім мен рухани өлімінен азат ету үшін, Құдайың күллі күнәқар адамзатқа шығарған әділ үкімін Иса Өз мойнына алып, қаһарлы жазасын тартты.

**Су рәсімін өту** Бұл інжілдің қажет арнау рәсімі, онда адам Көктегі Әкеміздің өсиетін қабыл алып Оған мойынсұнады, сонда Көктегі Әкеміз оны Өз Шіркеуіне қабылдап, оны кешірім етуге және оны күнәларынан азат етуге уәде береді. Бұл арнау рәсімі суға батырған кезі өлім, ал судан көтерілген сәті, қайтып жаңа өмірге келгеннің белгісі болып табылады. Бұл арнау рәсімді Көктегі Әкеміз үшін әулиелікті ұстанатын өкіл орындайды.

**Өлген адамдар үшін су рәсімін өткізу** Көктегі Әкеміздің ғибадатханасында өлген адамдардың орнына тірі адамдар су рәсімінен өтеді.

**Су рәсімі** Адамды су астына батырып жерлеп, оны судан алып шығып, жаңа өмірге келтіру. *Су рәсімін өткізу сөзін* қара.

**Епископ** Харұн Әулиелігі төрағалық етеді және Шіркеудің барлық мүшелерінің пендешілік пен рухани амандығына жауап беретін билігі бар адам.

**Мормон кітабы** Бұл кітапқа Көктегі Әкеміздің Америка континентінде өмір сүрген адамдарға арнаған ілімдері мен киелі жазбалары кіреді.

**Тармақ** Ағаш діңгегінің бейнесі Шіркеудің үлкен отбасындағы бөліктерді немесе ұйымды білдіреді. Көктегі Әкеміздің өкілетті

қызметшілерінің үкіметіне кіретін бөлімшелер географиялық шекарада өмір сүріп, бірге кездесіп жүрген шіркеу мүшелерінен құрылады.

**Целестиал патшалығы** Бұл патшалықта тек сеніміне адал болған адамдар Көктегі Әкеміздің қасында өмір сүріп, Ода бардың барлығы оларда да болады.

**Шіркеу** *Иса Мәсіхтің Соңғы Замандағы Әулиелер Шіркеуін* қара.

**Келісімдер** Көктегі Әкеміз бен адам арасындағы қасиетті уәделер.

**Дьякон** Жас ұл бала 12 жасқа толған соң, оның лайықтығын ескере отырып, оған алғашқы Харұн Әулиелік қызметі беріледі. Бұл оларға кейбір міндеттерді орындауға билік береді.

**Аудан** Шіркеу миссиясындағы тармаққа бөлінетін аудан немесе бөлімшелер. Оны президент пен оның екі кеңесшісі реттеп отырады.

**Ілім мен Өсиеттер** Бұл киелі жазбалар кітабына Көктегі Әкеміздің осы замандағы адамдарға арнаған сөздері кіреді.

**Аға** Мәліксадық Әулиелік қызметі 18 жастан бастап, соған лайық ер балаларға беріледі. Бұл оларға кейбір арнау рәсімдерді өткізіп, өзге адамдардың өмірінде бата беру билігін береді.

**Ақтыққа иену** Ғибадатханаларда биікке көтерілу үшін қажет Көктегі Әкемізден берілетін баталар.

**Мәңгілік Әке** Біз Көктегі Әкемізге беретін өзге атауымыз.

**Мәңгілік өмір** Бұл тек мәңгілік өмірге қатысты емес, бұл тағы Көктегі Әкемізге лайық өмір сүру және Оған деген ұқсастығымызды жақындату дегенді білдіреді. Бұл тағы биікке көтерілу дегенді білдіреді.

**Мәңгілік неке** Егер біз Көктегі Әкеміздің қасында өмір сүруге лайық болсақ, ғибадатханада бекітілген неке дүниеден кеткен соң да, жалғасын табады.

**Биікке көтерілу** Целестиал патшалығындағы ең биік дәрежедегі өмір. Биікке көтерілген адамдар Көктегі Әкеміз сияқты болады.

**Адамның күнәға батуы** Адам мен Хауа тиым салынған жемісті жеген соң, олардың өмірі өзгеріске ұшырады. Көктегі Әкеміз оларды Өзінің қасынан қуып шығып, пенделік өмірге кіріптар етті. Бұл күллі адамзатқа дүниеге келуге және өлуге мүмкіндік берді.

**Отбасылық үй кеші** Отбасылық үй кеші әрдайым дүйсенбінің кешінде өтеді, ол уақытты олар ән айтып, інжілді оқып, өздерінің түрлі

қиындықтарын талқылап, ойын ойнап және отбасы ретінде басқа да нәрселерді істеп өткізеді.

**Ауыз бекіту** Ауыз бекіту кезіндегі екі астан үнемделген ақшаны қайырымдылық жәрдем ретінде беру. Ол мұқтаж адамдарға көмектесу үшін Шіркеуге беріледі.

**Көктегі Әке** Пенде адамның келбетіне ұқсас, бірақ қайта тірілген тән мен сүйегі бар мінсіз тірі жан. Ол біз мінажат ететін біздің рухани Әкеміз болып табылады. Оның құдіреті күшті және мәңгі өмір сүреді. Ол бізді сүйеді, өйткені біз Оның балаларымыз. Біз тағы да, Оны Көктегі Әкеміз деп, атаймыз.

**Киелі Рухтың тартуы** Әрдайым Киелі Рухтың әсеріне құқылы болу. Ол су рәсімін өткен соң беріледі.

**Құдай** Ең биіктегі тірі жан және күллі әлемнің билеушісі. Әлбетте, *Құдай* деп, Көктегі Әкемізді атайды, бірақ кей кезде жазбаларда Исаны да, солай атайды.

**Інжіл** Иса Мәсіхтің ілімдерін орындаған адамға Көктегі Әкеміздің қасына оралып, өмір сүруге мүмкіндік беріледі.

**Көк** Ол Көктегі Әкеміз өмір сүретін жер. Кейде бұл орынды біз жер бетіне келгенге дейін рухтарымыз өмір сүрген және олар дүниеден кеткен соң оралатын жер деп, белгілеп пайдаланады (рухани әлем). Ол жерде сеніміне адал болғандар қайта тірілген соң, мәңгілік өмір сүретін орын (целестиал патшалығы) деп те, атайды.

**Көктегі Әкеміз** *Көктегі Әкеміз деген сөзді* қара.

**Бас діни қызметшісі** Рухани істерге жауап беріп, жетекшілік ететін Мәліксадық Әулиелігіндегі қызметші.

**Киелі Рух** Ол рухани, тәндік денесі жоқ тұлға, оның мақсаты біздің Көктегі Әкеміз бен Исаның айтқандарын және олардың ісін куәгерлік ету. Біз Көктегі Әкеміздің Рухы бізбен бірге деген кезде, біз Киелі Рухқа айтып сүйенеміз.

**Отбасы мұғалімі** Шіркеудегі отбасының біреуіне әулиелігі бар екі ер адам бекітіледі. Олар ол отбасыға рухани жағынан және олардың қажеттісіне көмектеседі.

**Исраил үйі** Исраил болып танылған Жақыптың он екі ұлдарының нағыз ұрпағы немесе қабылданған ұрпақтары (Жаратылыс 32:28қара).

**Иса Мәсіх** Көктегі Әкеміздің ең үлкен рухани Ұлы, жер Жаратушы, біздің Құтқарушы мен Өтелуші. Ол жер бетіне келіп, құллі адамзаттың күнәсі үшін Өзін құрбан етті. (Арнайы тарауларды қара 3,11және12.)

**Әулиелік кілттер** Әулиелік рәсімдерді орындау үшін рұқсат етілген құқық.

**Пәктік заң** Көктегі Әкеміздің өсиетіне сай, тек қана некелескен адам жыныстық қанынаста бірге бола алады.

**Ие** Құдайдың берілген аты. Бұл кей кезде Көктегі Әкемізге, ал кей кезде Иса Мәсіхке қатысты.

**Мәліксадық Әулиелігі** Екі үлкен әулиелік құрамына аға, бас діни қызметшісі, патриарх, Жетпістік және Апостол қызметшілері кіреді.

**Мың жылдық** Иса жер бетіне қайтып келген кезде, мың жыл бойы бейбітшілік орнайды, соны Екінші Келуі деп, атайды.

**Миссия** (1) Шіркеуі бар әлемнің бір аумағында миссионерлік жұмыс не атқаруда немесе ол жұмыс енді басталуда. Әдетте, ол шағын өлшемдегі аудандарға бөлінеді. (2) Шіркеу жетекшісі арнайы бір кезеңде, інжілді таратып, қызмет етуге шақырады.

**Жаңа Иерусалим** Америка Штатындағы Миссури штатында жаңа Мың жылдық дәуірі басталар алдында қала тұрғызылады. Иса Мың жыл бойы жер бетіндегі Көктегі Әкеміздің патшалығында, Өз үкіметінде төрағалық етеді.

**Арнау** Әулиелік қызметі, соған лайық болған адамның басына қолды қою арқылы беріледі.

**Қызмет** Әулиелік билігінің ұстанымы. (Дьякон, Мұғалім, Діни қызметшісі, т.б. қара.)

**Арнау рәсімі** Рәсім әулиеліктің билігі арқылы орындалады.

**Сыртқы түнек** Ол Ібіліс пен оның ізбасарлары өмір сүретін орын. Ол жерде өмір сүргендер Киелі Рухты пайдалана алмайды және шындық пен жарықты көрмейді.

**Жұмақ** Ол адал рухтар өмір сүретін рухани әлемнің бір бөлігі.

**Патриарх** Мәліксадық Әулиелігінің қызметшілігіндегі бас діни қызметшісі қызметіндегі адамның басына қолды қою арқылы патриарх қызметіне арналды содан соң, ол адам патриархтық бата деп, аталатын ерекше батаны Шіркеу мүшелігіне лайық адамдарға береді.

**Инжу Қазынасы** Киелі жазбалар кітабына Мұсаны, Ыбырайымның және Жозеф Смиттің жазбалары кіреді. Шіркеу мүшелері бұл кітапты өте бағалы тасты білдіретін атаумен қарастырады.

**Тәндік өлім** Біздің денеміз бен рухымыз бір-бірінен ажыраған кезде, өлім сынағынан өтеміз.

**Діни қызметшісі** Харұн Әулиелігінің қызметі ер бала 16 жасқа толған соң, оның лайықтығына сәйкес беріледі. Бұл оларға су рәсімін өткізуге, Харұн Әулиелігіне арнау рәсімдері мен діни антына бата беруге және өзге де, міндеттерді орындауға билік береді.

**Әулиелік** Бұл билікті Көктегі Әкеміз ер адамдарға Оның жұмысын жасап, Оның сөзін жеткізу үшін береді. Әулиелік екі бөлімнен құрылады: үлкен немесе Мәліксадық Әулиелігі және кішісі немесе Харұн Әулиелігі.

**Пайғамбарлық** Әдетте, болашақта болатын оқиғаны шабыттандырып, пайғамбар сөздері.

**Пайғамбар** Ол адамды Көктегі Әкеміз тағайындайды, ол адам Онымен байланыста болып, Оның сөзін сөйлейді.

**Кворум** Ол әулиелік қызметіндегі ер адамдар мен ер балалардан құралған топ. Әр кворумда президент пен екі кеңесші жетекшілік етеді.

**Тәубеге келу** Күнәсі бар адам күнәларынан арылу жолын өтіп, кешірім алу процессі. (*14 тарауды қара.*)

**Қайта тірілу** Бұл дүниеден кеткен соң, мәңгілік өмір сүретін денені құру үшін, тән мен рух қайта қосылады.

**Аян** Көктегі Әкеміз арқылы берілген білім адамға әдетте, өткен күніне, осы қазір немесе болашаққа қатысты нәрселер Киелі Рухтың шабытымен келеді.

**Демалыс күні** Иса бұл күнді Көктегі Әкемізге мойынсұнып, қызмет ететін демалыс күні деп, атады. Жексенбі әлемнің көптеген жерінде өтеді.

**Діни анты** Исаның біздің күнәміз үшін Өтелуін есте сақтау үшін, Шіркеу мүшелері Оның тән денесі мен қанын нан мен су белгісінде, арнау рәсімінде қатысады.

**Құрбандық** (1) Көне заманда, малды құрбан шалып, Көктегі Әкеміздің заңына мойынсұнған. (2) Осы заманда, ол қымбат бір нәрсені құрбан ету, мысалы, уақытыңызды, қаражат немесе өзге адамдарға көмектесу.

**Әулие** Бұл атаумен, Исаның ақиқат Шіркеуінің мүшелігіндегі адамдарды атайды.

**Құтқарушы** Қандай да бір басқа жамандықтан құтқаратын адам. Иса біздің Құтқарушымыз, өйткені Ол бізді тәндік өлім мен рухани өлімнен құтқарды.

**Бекіту** Бұл арнау рәсімі ғибадатханада өтеді, онда еркек пен әйелді немесе ата-ана мен олардың балаларын мәңгілікке біріктіреді.

**Екінші келуі** Біздің Құтқарушымыз, Иса Мәсіхтің Мың жылдықтың басталуына немесе мың жыл бейбітшілік дәуіріне қайтып оралуы.

**Көріпкел** Ол болашақты алдын ала көре білетін адам, өйткені оған Көктегі Әкемізден келеді. Көріпкел пайғамбарға ұқсас.

**Жетпістік** Мәліксадық Әулиелігінің қызметшісі. Бұл қызметтегі ер адам Иса Мәсіхтің ерекше куәгері және Шіркеу Апостолдарының жетекшілігінде көмектеседі.

**Жан** Адам секілді (тән мен рух бірге). Кей кезде, бұл сөзді адамның рухын белгілеу үшін пайдаланады.

**Рух** Тән денеге өмір береді. Бұл осы өмірге келгенге дейін тіршілік етіп, өлген соң да өмірін жалғастыратын тән дененің бір бөлігі. Рух пен тән қайтып ешқашан ажырамауы үшін, қайта тірілетін күні қосылады.

**Рухани түрме** Рухани әлемінің бір бөлігі, онда адамдар дүниеден кеткен соң, рухтардың үш түрі барады: ол осы өмірде күнәқар болғандар, жақсы өмір сүріп інжілді қабыл алмағандар және ешқашан інжілді естіп, тануға мүмкіндігі болмаған адамдар. Түбінде, ол адамдардың барлығы қайта тірілетін болады.

**Рухани әлем** Ол дүниеден кеткен соң, күллі адамзаттың рухтары қайта тірілгенге дейін баратын орын.

**Рухани өлім** Көктегі Әкемізден алыстатылып, ажыраған күй.

**Қазық** Тағайындалған әулиелік жетекшілердің жетекшілігіндегі, толығымен ұйымдастырылған Шіркеудегі географиялық аумақтағы шіркеу мүшелерінің ұйымы. Ол үлкен тармақтар мен шағын тармақтар, деп аталатын кішігірім бөлімшелерге бөлінген.

**Мұғалім** Харұн Әулиелігінің қызметі 14 жасқа толған жас ер балаға беріледі. Бұл атау Шіркеу мүшелерін оқытатын осы қызмет міндеттерінің біреуінен пайда болды.



**Телестиал патшалығы** Бұл адамдар қайта тірілген соң, баратын үш даңқты патшалық арасындағы ең төмен сатысы. Бұл патшалық айлакерлер, ұрылар, қанішерлер, зинақорлар мен өзге күнәқар адамдарға арналған.

**Ғибадатханалық кепілдеме** Бұл Шіркеудің ғибадатханаларының біріне адамға кіруге рұқсат берілген қағаз. Ол қағазды алу үшін, Шіркеу мүшесі соған лайық болуы тиіс. Ол адамның лайықтығына куәгер болған тиісті әулиелік жетекшілердің қолы қойылған кепілдеме.

**Ғибадатхана** Қасиетті ғимаратты Құдайдың үйі деп, атайды. Онда қасиетті арнау рәсімдері мен мәңгілікке неке құру арнау рәсімдері орындалады.

**Он тайпа** Исраилдің (Жақып) он екі ұлдың оны тұтқынға түсіп, осы күнге дейін сол он ұрпақтың жер аударған жағы адамзатқа белгісіз.

**Террестриал патшалығы** Бұл патшалықтың даңқы целестиал патшалығынан төмен, ал телестиал патшалығынан жоғары сатыда. Ол Көктегі Әкеміздің барлық талабын орындамаған, бірақ өмірде әділ болған адамдарға арналған орын.

**Иса Мәсіхтің Соңғы Замандағы Әулиелер Шіркеуі** Осы заманда пайғамбар Жозеф Смит арқылы қалпына келтірілген Иса Мәсіхтің Шіркеуінің ресми толық атауы. Бұл шіркеуді кейде Мормон Шіркеуі деп те, атайды.

**Ондық** Біздің барлық табыстан Шіркеуге берілетін оннан бір бөлігі.

**Үлкен тармақ** Қазық ішінде шіркеу мүшелерінен құрылған топ, оларға епископ пен оның екі кеңесшісі жетекшілік етеді.

**Даналық Сөз** Көктегі Әкеміздің өсиеті бізге нені ішіп, нені жеуге болмайтынын жеткізеді. Онда анық, бізге ішімдік ішуге, темекі тартуға, шәй мен кофе ішуге тыйым салынғаны айтылған. (*27 тарауды қара.*)

**Сион** Иса жер бетіне қайтып оралып, Мың жылдық кезеңінде Өз билігін жүргізетін Жаңа Иерусалимның өзге атауы.

# СУРЕТТЕРДІҢ ТІЗІМІ

---

1 бет: Көктегі өмір, Джерри Харстоннан.

6 бет: Көктегі өмір, Джерри Харстоннан

10 бет: *Құдай Иса Мәсіх*, Дел Парсоннан.

17 бет: *Адам мен Хауа Бақта*, Лоуэлл Брюс Беннеттен.

18 бет: *Жануар мен құстардың жаратылысы*, Стэнли Галлиден.

22 бет: *Адам мен Хауа құрбандық үстел алдында тізерлеп, Құдайға сыйынуы*, Дел Парсоннан.

38 бет: *Пайгамбар Жозеф Смит*, белгісіз суретшіден (Данкуарт А. Уеггиландтан қосымша жазылған); *Бригам Янг*, Джордж М. Оттингерден; *Джон Тейлор*, А. Уествудтан; *Уилфорд Вудрафф*, Н. Е. Питерсоннан; *Лорензо Сноу*, Левис А. Рамсейден; *Джозеф Ф. Смит*, А. Салзбронинден; *Хибер Дж. Грант*, С. Дж. Фокстан, *Джордж Алберт Смит*, Ли Гринн Ричардстан; *Дэвид О. Маккей*, Алвин Гиттинстан; *Джозеф Филдинг Смит*, Шауна Клингерден; *Гарольд Б. Ли*, Дэвид Арнсбрактан; *Спенсер В. Кимбалл*, Жудиф Мерден.

47 бет: *Барлығынан Биік*, Дел Парсоннан.

48 бет: *Туылған күн*, Тед Хеннингерден.

50 бет: *Он екі жасар Иса Ғибадатханада*, Карл Блоханнан. Хиллингдон Фредериксборгтың Ұлттық Тарихы Мұражайының рұқсатымен келтірілген.

56 бет: *Мәсіх Гетсимани бағында*, Гарри Андерсоннан.

58 бет: *Әділетсіз үкім*, Гарри Андерсоннан.

61 бет: *Мәсіх Иаирдың қызын қайта тірілтті*, Грег К. Олсеннен.

62 бет: *Иса Мәсіх*, Гарри Андерсоннан.

72 бет: *Алма Су рәсімін Мормон суларында өткізді*, Арнолд Фрайбергтен.

80 бет: *Жозеф Смит Алтын Тілімшелерді Аударды*, Дейл Килбоурннан.

82 бет: *Аға Джаред Иенің Саусақтарын Көрді*, Арнолд Фрайбергтен.

85 бет: *Таудағы айтылған өсиет*, Гарри Андерсоннан.

86 бет: *Ыбырайым Мамре Орманында*, Гарри Андерсоннан.


88 бет: *Мұса Әулиелікті Харұнга тарту етті*, Гарри Андерсоннан.

- 94 бет: *Мәсіх Он Екі Апостолды арнады*, Гарри Андерсоннан.
- 100 бет: *Екінші көріс*, Дейл Парсоннан.
- 116 бет: *Соңғы ас*, Карл Блоханнан. Хиллингдон Фредериксборгтың Ұлттық Тарихы Мұражайының рұқсатымен келтірілген.
- 124 бет: *Су рәсімін өткізетін Жақия Исаны су рәсімінен өткізді*, Грег К. Олсен. © 1988 Грег К. Олсен.
- 132 бет: *Мәсіх пен Дәулетті Жас Жігіт*, Генрих Хофманнан.
- 134 бет: *Ысқақты құрбан ету*, Джерри Харистон.
- 138 бет: *Діни анты жиналысы*, Скотт Сноудан. © 1991 Скотт Сноу.
- 172 бет: *Барыңдар да, Күллі Елді Оқытып, Үйретіңдер*, Грант Ромней Клоусоннан. Гарри Андерсонның түпнұсқасынан алынған.
- 183 бет: *Екінші Келуі*, Гарри Андерсоннан.
- 184 бет: *Екінші Келуінің көрінісі*, Грант Ромней Клаусоннан. Гарри Андерсонның түпнұсқасынан алынған.
- 194 бет: *Рухани Әлем*, Дейл Парсоннан.
- 200 бет: *Атаусыз*, Дэн Бакстердан.
- 287 бет: *Мәсіх балалардың қасында*, Гарри Андерсоннан.

### **Көрнекі құралдар (Түрлі-түсті суреттер бөлігі)**

1. *Пайғамбар Ишая Мәсіхтің дүниеге келетіні туралы хабарлайды*, Гарри Андерсоннан.
2. *Жақия Исаны су рәсімінен өткізді*, Гарри Андерсоннан.
3. *Мәсіх Петір мен Әндірді шақырды*, Гарри Андерсоннан.
4. *Мәсіх Он Екі Апостолды арнады*, Гарри Андерсоннан.
5. *Мәсіх балалардың қасында*, Гарри Андерсоннан.
6. *Таудағы айтылған өсиет*, Карл Блоханнан. Хиллингдон Фредериксборгтың Ұлттық Тарихы Мұражайының рұқсатымен келтірілген.
7. *Мәсіх Гетсимани бағында*, Гарри Андерсоннан.
8. *Әділетсіз үкім*, Гарри Андерсоннан.
9. *Қайта тірілу*, Гарри Андерсоннан.
10. *Қол-аяғыма қараңдар*, Гарри Андерсоннан.
11. *Иса Мәсіхтің Америкаға келуі*, Джон Скоттан.
12. *Жозеф Смит Киелі кітаптан даналықты іздеуде*, Дейл Килбоурнан.
13. *Бірінші көріс*, Дейл Парсоннан.
14. *Жозеф Смит алтын тілімшелерді қабыл алды*, Кеннет Райлиден.
15. *Су рәсімін өткізетін Жақия Жозеф Смит пен Оливер Каудериді Харұн Әулиелігіне арнады*, Дейл Парсоннан.
16. *Мәліксадық Әулиелігін қайта қалпына келтіру*, Кеннет Райлиден.

# КӨРНЕКІ ҚҰРАЛДАР



## СУРЕТТЕРДІҢ МАЗМҰНЫ 1–16

1. Ишая, Көне Өсиеттегі Пайғамбарлардың бірі, Иса Мәсіхтің келуін хабарлаған.
2. Су рәсімін өткізетін Жақия Иордан өзенінде, Исаны су рәсімінен өткізді.
3. Иса Петір мен өзгелерді соңымнан еріндер деп, шақырды.
4. Иса он екі Апостолды арнады.
5. Иса балаларды жақсы көрді және оларға батасын берді.
6. Иса адамдарды Інжілге оқытып, үйретті.
7. Гетсимани бағында, Мәсіх қайғырып, ішкі қиналыста күллі адамзаттың күнәсі үшін өтелді.
8. Иса айқыш ағашта күллі адамзаттың күнәсі үшін Өзін құрбан етті.
9. Үшінші күні, Мәсіх көрден көтеріледі.
10. Қайта тірілген Мәсіх жараларын Өзінің Апостолдарына көрсетеді.
11. Қайта тірілген Мәсіх Америкадағы Өз жұртына келді.
12. Иса Мәсіхтің Шіркеуінің қайсысы шынайы деп, Құдайдан сұра деген Жақыптың 1:5–6 айтқан жолдау Жозеф Смитті шабыттандырды.
13. Жозеф Смиттің мінажатына Көктегі Әкеміз бен Иса Мәсіх келді.
14. Періште Мороний Жозеф Смитке Мормон кітабы жазылған алтын тілімшелерді тапсырады.
15. Су рәсімін өткізетін Жақия Жозеф Смит пен Оливер Каудериге Харұн Әулиелігін тарту етті.
16. Петір, Жақып пен Жохан Жозеф Смит пен Оливер Каудериге Мәліксадық Әулиелігін тарту етті.

ИСА МӘСІХТІҢ  
СОҢҒЫ ЗАМАНДАҒЫ  
ӘУЛИЕЛЕР ШІРКЕУІ

